2. Смысл и этнокультурный концепт. Концептосфера представляет собой определенным способом структурированную совокупность концептов. Взаимоотношение системы концептов и системы языковых знаков понимается по-разному: одни исследователи утверждают, что все концепты имеют языковую объективацию, другие допускают параллельное существование довербальных и вербализованных концептов. В самом общем виде **смысл** можно определить как *явленный мотив*. Такое определение подходит ко всем

явлениям этнолингвокультуры: к словам, фразам и к жизни вообще. Если я знаю, зачем я живу, значит, я понимаю смысл собственной жизни. Дискурсивный смысл языковых единиц может быть коммуникативным и этимологическим.

Коммуникативный смысл слова определяется контекстом и ситуацией. Воспринять смысл слова в коммуникативном акте значит понять, что именно стоит за словом, чем мотивируется выбор слова для данной коммуникативной ситуации.

Так, в описаниях святилища Геры павлин воспринимается как священная птица. В дискурсивном пространстве Индии он использовался в качестве символа некоторых богов (обычно они изображались сидящими на павлинах; например, индийский бог войны Картикейя). Нередко павлин служил олицетворением бесконечного разнообразия, веселого Духа. В Китае он олицетворял красоту и достоинство, наделялся способностью изгонять злые силы. В исламе павлин считался символом Космоса или воплощением небесных тел Солнца и Луны. В западной лингвокультуре павлин символизировал храбреца, убивающего змея. Более того, мерцающими красками перьев своего хвоста он якобы превращал змеиный яд в солнечную субстанцию. В раннем христианстве мясо павлина считалось нетленным (символ нетленности тела Христа). Следовательно, слово, извлеченное из дискурсивной ситуации, лишается дискурсивного смысла и связи с породившим его модусным концептом.

3. Смысл и значение как этнокультурологические категории. Прежде всего, отметим, что смысл отличается от значения своей лично ориентированной природой. При этом выясняется, что сам по себе он не всегда оказывается предметным. Нередко смысл выражается образными или понятийными средствами.

Например, один из самых важных смыслов – потребность любить – вовсе не предполагает предметный образ какого-либо человека (в противном случае каждый заранее бы знал своего спутника жизни). Подлинный смысл порождается не только разумом, но и неконтролируемыми глубинами души, затрагивая (помимо нашего осознания) наши *чувства* и *волю*. Причем смыслы не всегда осознаваемы: большинство из них таится в бессознательных глубинах человеческой души. И все же они объединяют людей в едином пространстве этнолингвокультуры, стимулируют их мысли и чувства.

Главная демаркационная линия, пролегающая между значением и смыслом, образуется их *отношением* к речемыслительной ситуации, в соотношении с которой значение одного и того же слова обретает разный смысловой оттенок. Ср.: Д. Кугультинов

*И сотни раз различные уста
Одно и то же произносят слово,
И на устах у каждого из ста
Оно значенье изменяет снова...
Оттенков множество в себе тая,
Звучание не больше, чем одежда...
У каждого из слов душа своя,
На душу говорящего похожа.*

Итак, смысл представляет сферу актуального познания, поскольку заключает в себе интенционально обусловленное (отражающее речевое намерение говорящего) отношение языкового знака к познаваемому предмету в сложившейся речемыслительной ситуации. В связи с этим перспективной для теоретической семантики может стать, как нам представляется, концепция интенциональности, зародившаяся в русле феноменолого-экзистенциалистской традиции (Ф. Брентано, Э. Гуссерль, М. Хайдеггер, Ж.-П. Сартр). В содержании понятия интенциональности Э. Гуссерль выделял прежде всего смысловой аспект восприятия того или иного объекта. Благодаря интенциональности сознание – не просто переживание, а переживание, обладающее смыслом. Поскольку единицами мышления являются смыслы, а единицами сознания – значения, то в учении Э. Гуссерля граница между смыслом и значением практически сглаживается.

Сбалансировать ситуацию пытается отечественная психолингвистика, выделяя в смысле субъективную (личностную, индивидуальную) доминанту, которая, собственно, и

противопоставляет смысл значению. Однако такое противопоставление значения и смысла не является единственно приемлемым для данного направления. А. А. Худякову, например, оно не представляется достаточно аргументированным [10, 23]. Автор убежден в том, что с лингвистической точки зрения смысл и значение противопоставлены друг другу на иных основаниях и относит их к одной сфере – сфере речемышления, находящейся в центре внимания лингвокогнитивистики, в рамках которой категория смысла интерпретируется в разных аспектах: логико-семиологическом (Ю. С. Степанов) и логико-семиотическом (И. И. Ревзин).

Особенно плодотворными в методологическом аспекте являются логико-семиологический и логико-семиотический подходы в их сочетании с *концепцией рефлексии*, разработанной в трудах Э. Гуссерля. Согласно его учению, сознание есть «обобщающее название для любых «психических актов» или интенциональных переживаний» [11, 64].

Соответственно, акт рефлексии интерпретируется как *переживание* особого рода. Благодаря рефлексивным актам «поток переживаний вместе с соответствующими событиями (моментами переживания, интенциональностями)» схватывается и анализируется нашим сознанием с одновременным выбором мотивационного признака для соответствующей номинации. Установки Э. Гуссерля «Видеть детали!» и «Назад, к самим предметам!» способствуют появлению так называемого эйдетического созерцания. Так, предметный смысл любого культового здания (собора, костела, мечети) обуславливается его предназначением служить морально-нравственным оплотом человеческой жизни. В связи с этим под эйдетическим созерцанием следует понимать рождение в переживании смыслового образа предмета, определение смыслового горизонта переживания, составляющих собой суть рефлексии. Рефлексивность языкового сознания порождает, прежде всего, тексты образно-поэтического характера. Ср.: «Собор Архистратига Михаила и прочих Сил Бесплотных» *весь серебром сияет, будто зима святая, – осеняет все святости* (И. С. Шмелев, «Лето Господне»). Поэтизация образа собора актуализирует концепт святости. В основе славянской святости лежит идея служения идеалу вплоть до отречения от личного. Это некое вхождение в тайну, состояние души. «Святость у русских – религиозное чувство поклонения тому, что дает избавление, спасает и защищает, – подчас незаметно обыденное служение осуществленной идее, то есть не личная, как на Западе, а соборная святость, которую чтят» [12, 149–150].

Согласно Гуссерлю, рефлексия состоит в перемене взгляда от предмета на его переживание. Феноменологическая рефлексия, таким образом, направлена не на сознание как нечто законченное и застывшее, а на сам процесс формирования и сущностной взаимосвязи переживаний. Обладание смыслом, – пишет Э. Гуссерль, – фундаментальная черта любого сознания, которое в силу этого является не только переживанием вообще, но переживанием *осмысленным*. Для интерпретации осмысленного переживания используются понятия *ноэзиса* и *ноэмы*. По Гуссерлю, интенциональность существует в виде двуединой структуры: акта полагания (ноэзиса) и предметного смысла (ноэмы). Ноэма (греч. *νόημα* – «мысль», лат. *cogitatum*) – мысленное представление о предмете, или, другими словами, предметное содержание мысли, носитель смысла. В когнитивной лингвопоэтике ноэма является смысловой единицей восприятия текста. В сущностном единстве интенционального переживания ноэма служит элементом некоторого ноэзиса (греч. *νόησις* – «мышление», лат. *cogitatio*). В феноменологии, ноэзис – это некий предметный смысл. Он является результатом активной деятельности сознания и импликации дискурсивно-модусных концептов, порождаемых восприятием, воспоминанием, фантазией, желанием, удовольствием, оценкой, решением и т. д.

Итак, ноэзис – само переживание, взятое независимо от всякого стоящего за ним бытия; ноэма же обладает «содержанием», ей присущ предметный смысл. Иными словами, ноэма является интенциональным коррелятом ноэзиса. Человек *переживает* в том числе и по поводу своей рефлексии *над переживанием*, вследствие чего ноэзис переходит в ноэму, а ноэма – в ноэзис. В структуре ноэмы можно выделить 1) *ядро*, 2) *характеристики ядра (способ данности и модальности бытия)* и 3) *подразумеваемый предмет*. Ядро ноэмы – не просто

предмет, а определенное его видение, то есть это, можно сказать, «интенциональный предмет», предмет, представленный в переживании сознания, свойства которого в ином переживании могут видоизменяться. В этом плане ядро ноэмы изменчиво, непостоянно. Оно способно видоизменяться в зависимости от характера и ракурса переживания.

Дело в том, что рефлексия, с точки зрения Гуссерля, – это схватывание не каких-либо произвольных свойств объекта знакообозначения, а схватывание предметного смысла номинируемого объекта. Так, слово *раб* в еврейской лингвокультуре пишется и понимается по разному. В одних случаях под словом *раб* подразумевается человек, который делает то, что ему приказывают, не понимая даже прагматической сути дела. Он просто марионетка и исполнитель. В исламе раб – прекрасный, Избранный, Любимец Аллаха. Ср.: И я свидетельствую, что наш Господин, наш Пророк, любимец, предводитель и совершенный пример для подражания – Мухаммад – прекрасный раб Аллаха и Его Посланник, Избранный из всех творений и Любимец Аллаха [islam-today.ru/veroucenie/poslannik-allaha-kak-primer-idealnogo-celoveka/].

А в православном дискурсе *раб* – это прообраз смирения и поклонения Богу. Он может быть личностью и иметь волю. Но при всем этом такой человек добровольно подчиняет свою волю Иисусу Христу. Павел называет себя *рабом* Христа, потому что смирил себя под крепкую руку Божью. А Иисус говорит: «*Я уже не называю вас рабами, ибо раб не знает, что делает господин его; но Я назвал вас друзьями, потому что сказал вам все, что слышал от Отца Моего*» (Библия. От Иоанна, гл. 15). Смысловое содержание приведенных контекстов обусловлено рефлексией, связанной с предметно-чувственным восприятием речевой ситуации. В конечном счете, дискурсивная рефлексия есть осознание предметного мира культуры (в данном случае – религиозного сознания).

Можно сказать, что рефлексивный смысл рождает внутреннюю форму слова – то субъективное понимание объективного смысла вещи, благодаря которому общение может приобрести общезыковогой характер. Так, читая у М.Ю. Лермонтова «*Есть сила благодатная В созвучье слов живых, И дышит непонятная, Святая прелесть в них*», мы прекрасно понимаем, что поэт размышляет о речемыслительной гармонии поэтической речи, которая выражается в «созвучии живых слов», излучающих неуловимую рассудком «святую прелесть».

Итак, *смысл* всегда обусловлен речемыслительной ситуацией, дискурсивным контекстом [13]. В этом аспекте он принадлежит, прежде всего, дискурсу, является первичным по отношению к значению, которое, напротив, внеконтекстно, неситуационно. *Значение* принадлежит языку, производно от смысла, социально институционализировано и формулируется (в отличие от смыслов, создаваемых всеми и каждым) исключительно составителями словарей [14, 93]. Значение абстрагируется от смысла и связывает идиолект с национальным кодифицированным языком. Иными словами, смысл принадлежит *речевому сознанию* индивида, а значение – *сознанию языковому* всего этнокультурного сообщества.

Список литературы

- 1 Алефиренко Н.Ф. 1) Лингвокультурология. Ценностно-смысловое пространство языка. Учебное пособие. 6 изд. – М.: Флинта: Наука, 2017. – 399 с.; 2) Дискурсивно-модусный концепт как источник фраземосемиозиса // Актуальные проблемы филологии и педагогической лингвистики. – Владикавказ, 2016. – № 3 (23). – С. 7-12.
- 2 Корнилов О.А. Языковые картины мира как производные национальных менталитетов. – М., 2003. – 349 с.
- 3 Франкл В. Человек в поисках смысла. – М., 1990. – 368 с.
- 4 Богин Г. И. Система смыслов в тексте как пространство значащих переживаний // Philologica. – 1995. – № 8. – С. 7-11.
- 5 Фреге Г. Смысл и денотат // Семиотика и информатика. Вып. 8. – М., 1977. – С. 181–210.
- 6 Бубер М. Я и Ты. М., 1993. – 175 с.

7 Laing R. D. Interpersonal perception: A theory and a method of research / R. D. Laing, H. Philipson, A. R. Lee. N.Y., 1966.

8 Voegelin E. Hitler and the Germans / Transl., ed., and with an Introduction by D. Clemens and B. Purcell. Columbia and London, 1999. – 349 p.

9 Лосский Н. О. Ценность и Бытие. – М.: АСТ, 2000. – 482 с.

10 Худяков А. А. В поисках смысла. СПб., 2010. – 290 с.

11 Гуссерль Э. Собр. соч. Т. 1. – М., 1994. – 192 с.

12 Озерова Е.Г. Русский лирикопрозаический текст: дискурсивно-когнитивный аспект: Монография / Е.Г. Озерова. – Белгород: Изд-во НИУ «БелГУ». – 276 с.

13 Султаньяев О.А. Слово в контексте: по материалам произведений Ч. Валиханова. – Кокшетау, 2001. – 217 с.

14 Колесов, В.В. Язык и ментальность. – СПб., 2004. – 240 с.

Н.Ф. Алефиренко

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПОСТМОДЕРНИЗМ – ЭПИСТЕМА ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҒЫЛЫМ ТІЛІ

Жаңа лингвистикалық эпистемалды-лингвистикалық постмодернизмді қалыптастырудың авторлық нұсқасы ұсынылған. Лингвистикалық эпистем – бұл ғылымның дамуында тұтастай дәуір (а) әлемнің лингвистикалық бейнесін қалыптастыратын жасырын және терең ойлау үлгісі; (б) ғылыми және танымдық белсенділіктің кейбір өзіндік стратегиясы (оның зерттеу тәжірибесінде лингвистикалық қоғамдастықты басқаратын әдістемелік принциптердің жиынтығы). Автор гипотезаны ұсынады: тіл ғылымын сипаттайтын парадигмадан айырмашылығы лингвистикалық эпистема ғылыми дискурстың лингвистикалық семантикалық негіздерінің жаңа көзқарасын анықтайтын құнды семантикалық көздеріне аударылады. Бұл дәлелденді: қазіргі заманғы лингвистикалық эпистеманың негізгі қасиеттері дефункционализм, фрагментация және конструктивизм қағидаттарында қарастырылады.

N.F. Alefirenko

LINGUISTIC POSTMODERNISM AS AN EPISTEME AT THE MODERN SCIENCE OF LANGUAGE

The author's version of the formation of a new linguistic episteme - linguistic postmodernism – is presented. The linguistic episteme represents an entire epoch in the development of science in the form of (a) a hidden and deep-seated model of thinking that forms the appropriate linguistic picture of the world; (b) some original strategy of scientific and cognitive activity (a kind of set of methodological principles that guide the linguistic community in its research practice). The author puts forward a hypothesis: unlike the paradigm that characterizes the science of language, the linguistic episteme is focused on its value-semantic sources, which determine a new view of the linguistic semantic foundations of scientific discourse. It is proved that the main properties of the modern linguistic episteme are considered in the aspect of the principles of defundamentalism, fragmentation and constructivism.

Қ.Ө. Айтмухаметова
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы
Астана, Қазақстан
kuralai13kz@mail.ru

ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ИМИДЖДІК ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Мақала мемлекеттік қызметшілердің тілдік құзыреттілігін және коммуникативтік имидж мәселелерін қарастыруға арналған. Онда мемлекеттік қызметшінің имиджі көп жағдайда оның кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігіне байланысты екендігі көрсетілген. Оң имиджді қалыптастыру факторы ретінде мемлекеттік қызметшінің тілдік құзыреттілігі, яғни сөз мәдениеті ерекше атап өтіледі. Сонымен қатар мақалада тілдік құзыреттілік мемлекеттік қызметшілерді кәсіби дайындаудағы негізгі құрамдас бөлігі екендігі қарастырылады.

Тірек сөздер: тілдік құзыреттілік, тілдік норма, тілдік тұлға, коммуникативтік құзыреттілік, имидж, сөз мәдениеті, кәсіби қарым-қатынас.

Кәсіби білікті маман тілдік қарым-қатынастың әр түрлі формаларын жете меңгеруі тиіс. Бұл – нарық пен демократияға бет бұрған заманның талабы. Әсіресе, нарық заманының адамы тілдік қатынаста тек өз саласымен шектеліп қалмай, шаршытоп алдында пікірталасқа түсудің және іскерлік келіссөз жүргізудің логикалық, әлеуметтік, психологиялық жақтарынан хабардар болуы керек. Осы жайттарды дұрыс меңгергенде ғана тілдік құзыреттілік пен нормаларды, стильдік амал-тәсілдерді мүмкіндігінше тиімді пайдалануға болады. Филологиялық зерттеулерде «адам мен тіл біртұтас құбылыс, оларды бөлек зерттеуге болмайды» деген тұжырымды ойлар жалғасуда. Осындай зерттеулердің негізінде жиырмасыншы ғасыр тілдік тұлғаға деген қызығушылықтың бірден өсуімен ерекшеленеді. Тілдік тұлға қалыптастыру проблемасы қоғамның сұранысына және құндылықтардың өзгеруіне қарай пайда болды. Тұлғаның өзіндік қасиеті, яғни имиджі – бұл жеке адамның өз басына ғана тән, қайталанбас қасиеті, оның тұлға болып қалыптасуы, өсуі, басқа адамдарға ұқсамауы. Имидждің қалыптасуы тұлғаның танымдық, коммуникативтік, конструктивтік жақтарынан көрінеді.

Адамды, оның жан дүниесін тілінен тыс зерттеуге болмайтынына, сондай-ақ тілді де адам арқылы, адамның жан дүниесі арқылы зерттемей болмайтынына назар аударып адам өз сөзінің иесі, өз сөзінің қожасы болса, тілдің иесі де, қожасы да халық деген ұстанымды негізге алады [1, 105].

Елімізде қазақ тілін оқытумен айналысатын түрлі ұйымдар мен мекемелер, орталықтар бар. Олар тілді оқытудың бағытын өздері дұрыс және қажет әрі тиімді деп тапқан жүйесін қолдануда. Тілді оқытуда жүргізіліп жатқан әдістемелердің ішінен деңгейлеп оқыту жүйесіне қатысты кейбір ұғым-түсініктердің мазмұнына кеңірек тоқталмақпыз. Тіл үйренуде құзыреттіліктің негізгі үш түрі айқындалған. Олар: коммуникативтік құзыреттілік, тілдік құзыреттілік және әлеуметтік-мәдени құзыреттілік.

Тілдік құзыреттілік – тілді арнайы заңдылықпен қызмет жасайтын жүйе деп түсініп, осы жүйенің көмегімен басқа адамның ойын түсіну және ауызша, жазбаша түрде өзіндік пайымдауларын жеткізе білу қабілеті.

Коммуникативтік құзыреттілік – бұл тілді қарым-қатынас кеңістігі ретінде түсініп, іс-әрекеттің белгілі бір саласында қарым-қатынастың мақсаты мен жағдаятына сай үйреніп жатқан тіл құралдары арқылы сөйлеу әрекетін меңгеру қабілеті.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік – тіл халық мәдениетінің құрамдас бөлігі, мәдениетті тасымалдаушы құрал деп түсініп, үйреніп жатқан тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін, әдет-ғұрпын, әлеуметтік стереотиптерін, тарихын қоса меңгеріп, қарым-қатынас барысында оларды қолдана білу қабілеті [2,138].

«Тілдік құзырет» ұғымының аясына көптеген түсініктер кіретінін осы салада еңбек етіп жүрген оқытушы-зерттеушілердің әр алуан жіктелуінен көреміз. Дегенмен, кейінгі 10-15 жыл көлемінде ғылымда өріс алған антропоэзектілік парадигмасына сай, еліміздегі білім беру жүйесінде орнығып үлгерген Жалпыеуропалық тілдерді меңгеру стандартында белгіленген тұжырымдарды негізге алудың тиімділігін уақыт көрсетіп отыр. Онда *тілдік құзыреттілік лингвистикалық, социолингвистикалық және прагматикалық құзыреттілік* түрлеріне жіктелген. Мұндағы бірінші топ іштей *тілдің құрылымына* қатысты бөліктерге сәйкес, *фонологиялық, лексикалық, грамматикалық және семантикалық біліктілік* деп бөлінеді және тіл үйренуші оның бастапқы сатысын немесе қарапайым түсініктерді бастауыш және орта мектепте меңгеруі тиіс. Енді *лингвистикалық біліктіліктің* аталған құрамдас бөліктеріне жеке-жеке тоқталайық.

Лексикалық біліктілікті тілдің сөздік құрамын білу және оны сөйлеу барысында мақсатына сай, орнымен қолдана алу.

Грамматикалық біліктілікке грамматикалық бірліктерді (жалғау, жұрнақтардың дыбыстық нұсқаларын және мағыналарын) ажырата білу, сондай-ақ тілдің ішкі, өзіндік заңдылықтарына сәйкес жұмсай білу мүмкіндігі жатады. Бұл – ауызша сөзжұмсамда ерекше назар аудартатын, тіл ұстанушыдан үлкен жауапкершілікті талап ететін мәселе. Тәжірибеде бір жұрнақты орынсыз қолдану сөйлеушінің жалпы тілді меңгеру дәрежесін айғақтап тұратын жағдайлар кездесіп жатады.

Семантикалық біліктілікке тіл ұстанушының белгілі бір мағынаны жеткізу жолдарын білуі, жекелеген лексемалардың валенттілік /тіркесімділік/ қасиеттерінен туындайтын мағыналық реңктерді ажырата алуы және жақсы түсінуі, оларды сөзжұмсамда еркін қолдануы жатады. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін үйренушінің тілдік санасында лексикалық, грамматикалық семантикамен қатар прагматикалық мән жөнінде де түсініктер қалыптасуы шарт.

Фонологиялық біліктілік тіл үйренуші жаттанды сөздерді дұрыс айтқанымен, әсіресе, қазақ тілінің төл фонемаларын дыбыстауында акцент айқын байқалады, бұл қатысымшының үндестік заңын меңгермегендігін көрсетеді. Қазіргі адамтану бағытындағы зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес, *тілдік біліктіліктің* басқа да түрлері болатынын атап айтуымыз керек. Оларға прагмалингвистикалық және социолингвистикалық біліктіліктерді жатқызуға болады.

Прагмалингвистикалық біліктілік дискурс ұғымымен тығыз байланысты түсініледі. Тіл үйренуші әңгіменің ыңғайына қарай тез бейімделеді, қажетті тілдік құралдарды, соның ішінде фразеологизмдерді де тез арада тауып, орынды пайдаланады.

Социолингвистикалық біліктілікке белгілі бір тілдік ұжымда қалыптасып орныққан заңдылықтарды біле отырып, тілді өз әлеуметтік рөлі мен міндеттеріне сай қолдана білу дағдысы жатады.

Тіл әлеуметтік мәдени феномен болғандықтан, мұнда *сөздің коммуникативтік сапаларын* меңгеру үлкен маңызға ие. Олар іштей *құрылымдық* (сөз дұрыстығы, тазалығы, байлығы) және *функционалдық* (сөз дәлдігі, түсініктілігі, мәнерлілігі, орындылығы, бедерлілігі, қисындылығы) болып бөлінеді.

Мемлекеттік қызметтің жұмыстары кәсіби мамандардың бір-бірімен тиімді қарым-қатынасқа түсуі, іскерлік келіссөз жүргізуі арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да мемлекеттік қызметшінің қарым-қатынасқа түсе білу дағдыларын меңгеру арқылы жеке имиджін қалыптастыру қажет, оған тілдесім тұрғысынан келу керек. Еркін ойлайтын, батыл шешім қабылдайтын, өз білімін қызметінде қолданатын, өз іс-әрекетіне жауап беретін жан-жақты тұлға қалыптастыруды, сондай-ақ интеллектуалдық деңгейінің өсе түсуін, рухани дүниесінің баюын, шығармашылық қабілетінің дамуын, ішкі мүмкіндіктерінің ашылуын мақсат етіп қойған дұрыс. Ал сөздік қоры бай, қатысымдық біліктілігі жоғары

коммуниканттың деңгейі де жоғары болады. Сондықтан магистранттарға тілді мамандыққа қатысты оқытудың оңтайлы жақтары едәуір. Атап айтатын болсақ, магистранттар болашақ қызметіне байланысты жинаған сөздік қорын жұмыс орнында қолданып, лауазымына сәйкес ой-пікірлерін дәлелді әрі нақты жеткізу дағдылары қалыптасады, яғни ресми стильде еркін қарым-қатынасқа түсе алады.

Іскерлік келіссөздер – екі жақтың бірдей қызығушылығы болған жағдайда тараптар арасындағы белгілі бір нәтижеге, келісімге келу құралы.

Келіссөздердің өткізілу кезеңдері олардың тиімді жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Келіссөз жүргізер алдында оның моделін білу қажет:

- Өзіңіздің берілмейтініңізді білдіру сәті, жағымсыз жағдайлардан сәтті шыға білу;
- Келіссөздердің қиындығына байланысты жасалу жобаларын және алдын ала бағдарламаларын жасау;
- Талқыланатын мәселені нақты білу өте маңызды, себебі келіссөздердің тиімді нәтижесі мәселені жақсы түсінуіне байланысты қабылданады;
- Өзіңізге дискуссия, дау туғызады деген сұрақтардың, компромистік жоғары және төмен деңгейін анықтау.

Келіссөз мына бөліктерден тұрады:

- Танысу. Қарым-қатынасты қалыптастыру;
- Қатынас барысын бақылау;
- Мәселені талдау;
- Мәселені шешу;
- Байланысты аяқтау.

Сұқбат берушілердің, іскерлік келіссөзге қатысушылардың сөздеріне талдау жасай білу – келіссөз жүргізу мәдениетін меңгерудің бір жолы. Жиналыс, конференцияларда, дәрістерде сөйлеген немесе радио, теледидардан тыңдаған сөйлеушілердің сөздерінің мазмұнына ғана көңіл аударып қоймай, материалдарды беру тәртібіне, тілдік шеберліктеріне, шешендік әдістеріне де көңіл бөлген жөн. Сонымен қатар, бұқаралық коммуникацияда не ұнайды, не ұнамайды, қандай әрекеттері, қандай тәсілдері, қай сөздері сәттілікке жеткізді, қайсысы сәтсіздікке ұшыратты дегендерге талдау жасаған дұрыс. Әсіресе, сөйлеушінің серіктесімен қарым-қатынасына, өзін-өзі ұстауына назар аудару керек.

Сөйлеушінің қызметі қандай сатылардан тұрады, сөйлейтін сөзді қалай орналастыру керек, тыңдаушылармен кездесуге қалай дайындалу керек, аудиторияны меңгерудің қандай амалдары бар екенін жақсы білу қажет. Шешендік өнердің тарихында әйгілі шешендер өзімен көп жұмыс істеген, сөйлеуге тыңғылықты дайындалған. Күнделікті дайындықтың нәтижесінде сөйлеушінің кәсіптік шеберлігі артады, өзіне деген сенімі нығаяды.

Халықаралық қатынастар саласында негізінен ресми-іскерлік стиль қолданылады. Ресми-іскерлік қатынас деп адамдардың кәсібі, мамандығымен байланысты қызмет орындарында, мәдени-көпшілік мекемелерде жүзеге асатын қарым-қатынастың түрін айтамыз. Мұндай орындардағы қарым-қатынастың түрі ресми сипатта болады. Мемлекеттік қызметшілердің, оқытушы мен магистранттың және келіссөздер жүргізу барысындағы елшілердің арасындағы қарым-қатынас ресми-іскерлік қарым-қатынасқа жатады.

Жалпы сөз мәдениеті, мәнерлі сөйлеу туралы ілім Еуропа елдерінде көне грек, көне рим заманынан бастау алады. Ғылымға белгілі, шешендік өнердің алғашқы теориясы мен практикасын жасаушылар көне грек ілімпаздары – Аристотель, Георгий, Трасимах, Сократ, Платон, Теофраст т.б. Олар жазу мен сөйлеу стилінің сыртқы белгілеріне: анықтығы, тазалығы, әсемдігі, қысқалығына тоқталып, бұл белгілерді адамды сендірудің әдіс-тәсілдері ретінде қарастырады.

Халқымыздың «жүзден біреу – шешен, мыңнан біреу – көсем» деген мақалынан шешендік өнерге үлкен көңіл бөлінетіні аңғарылады. Ерекше шешендік қабілеті бар кісілер елді аузына қаратып сөйлеген. Халық оларды ұйып тыңдаған. Әрине шешеннің де шешені бар. Қазақта ондай адамдарды «Тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызып, қас шешендер сөз айтар» деген. Шешендік өнер қазір де жоғары бағаланады. Тіл өнеріне, сөйлеу мәнеріне қойылатын талаптар шешендік өнерге де қойылады. Шешендік өнер –сөз мәдениетінің ең жоғарғы сатысы.

Сөйлеу барысында көбіне кездесетін кемшіліктердің бірі – сөз арасына *жаңағы, яки, яғни, және, мінекей, жалпы, маған, иә, мәселен, әлгі* т.б. сөздерді орынсыз қыстыра беру. Сонымен қатар, *значит, так, пока, уже, допустим, вообще, и, в общем, после* т.б. сияқты сөздерді қайталай беру сөз мәдениетінің нормаларын бұзу болып саналады.

Тілдік тұлға ұғымының өзі оны сипаттаудың лингво-психологиялық аспектісін білдіреді, соған сәйкес имидждің қалыптасуы лингвистика, психология т.б. бірқатар пәндердің тоғысында өтуі мүмкін.

Тұлғаның тілдік даму мәселесінің аспектісі ретінде өзара байланысты екі бірліктен тұратын тілдік қабілет: орта, оқу, тәрбие және табиғи алғышарттар, мидың және жүйке жүйесінің туа біткен анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері қарастырылады.

Тілдік қабілеттің тілдік, сөйлеу және интеллектуалдық компоненттерді қамтитын өзіндік құрылымы болады. Көптеген ғалымдар тілдік сезгіштіктің екінші түрін тілдік ереже мен норманы білуге негізделген, саналы түрде жалпылау деп түсінеді. Осыған сәйкес, тілдік қабілет биологиялық жолмен емес, қарым-қатынас кезінде қалыптасатындығы белгілі болады [3, 127].

Осы тектес тұжырымдармен сабақтастырып қазақ тіл біліміндегі сөз мәдениетін зерттеуші Н. Уәли: «Сөз мәдениеті әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стильдік, орфографиялық, орфоэпиялық нормаларын меңгеру, бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасау мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу» деп анықтайды [2].

Тілдік тұлғаны зерттеуші ғалымдардың бірі В. В. Виноградовтың «Саясаттың тарихы туралы» деп аталатын еңбегінде сөз болады [4].

Тіл зерттеушісі Ю. Н. Карауловтың ойынша, тілдік тұлға қалыптастыруға қажет талаптар мыналар:

- өз ана тілінде жүйелі, анық, түсінікті сөйлеу;
- сөздің тілдегі орфоэпиялық, грамматикалық, лексикалық нормаларға сай құрылуы;
- сөздің бейнелі бояуы, сөздің тыңдаушының қажетіне сай болуы т.б. [5, 35-37].

Лингвист ғалым Г. И. Богин тілдік тұлға қалыптасуының бес деңгейін анықтады. Олар: «Жеті жаста тілдік тұлға қалыптасуының бірінші деңгейі – дұрыстық деңгей пайда болады», – дейді. Бұдан әрі, «бұл деңгей өзге деңгейлердің қалыптасуына жол ашады. Екінші деңгей іштей ойлау қабілетінің дамуын арттырып, осы деңгей көлемінде сөйлеуге іштей дайындалуды іске асырады. Үшінші деңгей сөздік қордың толығы, көптеген грамматикалық форманы меңгеруді қалыптастырады. Төртінші деңгей мәтін мазмұнына таңдау бостандығы мен көзқарас кеңдігін қамтамасыз етеді. Тілдік тұлғаның шығармашылығының толығы, оның келешекте жүзеге асуы мен мәтінге сын көзбен қарау. Бесінші деңгей тілдік талғамдық қатынастың бірлігі» [6, 68] деп бөледі.

Тілдік тұлғаны қалыптастыру ұлттық тілдік ортадан басталады. Оның дамуына сыртқы және ішкі фактор әсер етеді. Әлеуметтік фактор сыртқы факторға, ал психология, биология ішкі факторларға жатады. Әлеуметтік фактор ретінде отбасы, қарым-қатынас жасайтын ортасы, қызметі, бұқаралық ақпарат құралдары, мәдениет орындарын айтуға болады. Ішкі факторлар ретінде темперамент басымдылығы, икемділік, экстрроверттік немесе интроверттік, жыныстық және жас ерекшелігінің көрсеткіші алынады.

Ю. Н. Караулов тілдік тұлғаны «оның тілі арқылы көрінетін психологиялық, этикалық, әлеуметтік және т.б. компоненттердің жиынтығынан тұратын адам» [5, 86] деп түсіндірді.

Тілдік тұлға туралы болжам оның эрудициясының кеңдігі, сөз байлығы, шешендік өнерді толық меңгеруі негізінде қалыптасады. Тұлғаның құрылымының үлкен және кіші

қырлары болуы мүмкін. Тұлғаның үлкен қырының өлшемдеріне ақыл-ой, дүние туралы білім, өмірлік тәжірибе, ес, мәдени ортадағы өзін көрсетуі жатады. Тілдік тұлғаның кіші қыры түрлі коммуникативтік жағдайда басынан өткізетін сезімнен, эмоциядан тұрады. Аталған өлшемдердің әрбірі жеке тұлғаның сөзінде түрлі көрініске ие болады.

Тілдік тұлға тілдік қазынаны пайдаланумен бірге жаңа үлгілерді жасайды [2, 93]. Тілдік тұлғаны зерттеу тілдік ұжымда немесе жеке тілдік тұлғаның сөзінде қолданылатын тілдік құралдарды сипаттаумен шектеліп қалмауы тиіс, керісінше, бұл құбылыстың прагматикалық, когнитивтік, этнопсихологиялық аспектілерін ескеру қажет. Аталған аспектілердің әрқайсысы сөйлеушінің тілінен көрініс табады және оған қайталанбас өзіндік ерекшелік береді.

Ғалымдардың осы тұрғыда айтқандарын жүйелей келгенде, тілдік тұлғаға «тілді жетік меңгерген, тілдік құралдарды үйлесімді пайдаланып, өзінің рухани, мәдениеттанымдық, ғылыми сұранысын қанағаттандыра алатын, болашақ кәсібіне байланысты ресми қарым-қатынас тілін меңгерген тұлға» деген анықтама беруге болады.

Тілдік имиджі қалыптасқан тұлға әдеби тілді меңгеру деңгейіне байланысты төрт типке бөлінеді:

- 1) әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынатын тип. Бұлар элитарлы тілдік тұлғалар;
- 2) әдеби тілдің ауызша, жазбаша нормаларын сақтай білетін, ара-тұра кодификацияланған нормадан қате жіберетін, сөйлеу тілі мен кітаби тіл элементтерін кей тұста айқын аңғара алмайтын мәдени-типтік орташа тип. Сан жағынан басымы да осы орташа тип;
- 3) негізінен әдеби сөйлеу тілін қолданатын, арасында қарапайым сөйлеу тіліне тән элементтерді қосып сөйлейтін тілдік-мәдени тип. Сан жағынан, шамамен, орташа типтен кейінгі орында;
- 4) қарапайым сөйлеу тілімен сөйлейтін, бейәдеби элементтер мен диалектизмдерді қолдана беретін коммуниканттар [2, 95].

Сонымен, адам жоғарыдағы белгілерге қоса адамгершілік, ерік-жігер сияқты қасиеттерге бай, білімді де белсенді болса, оны тұлға деп санауға болады. «Имидж» ұғымы тілді тұтынушының білімі мен қарым-қатынас барысында тілдік құралдарды орындай пайдалана алу қасиеттерімен байланысты да түсіндіріледі.

Маман іс-әрекет субъектісі болумен қатар, коммуникативтік актінің ұйымдастырушысы ретінде көрінеді. Кәсіби қарым-қатынас жасау коммуникативтік дағдылардың дамуын көрсетеді. Мамандар қарым-қатынас жасай алуы, достық қарым-қатынасты сақтауы тиіс, сөйлесіп отырған әріптесімен тіл табыса білуі керек, басқа адамды тыңдай және түсіне білуі тиіс. Өзінің әлеуметтік қызметінде белгілі бір ақпаратты, білімді, мәдениетті, тәжірибені жеткізеді. Байқағыштық, эмпатия, рефлексия, шыдамдылық адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға, алға қойған мақсатқа жетуге мүмкіндік береді.

Сонымен, тілдік имиджі қалыптасқан тұлға өз ойын дәл, түсінікті жеткізу үшін біліммен қаруланып қана қоймай, тілдік құралдарды ұтымды пайдалана білуі қажет. Тілдік құралдар тұлғаның сөз мәдениетінен көрініс табады. Сөз мәдениеті – тілдік тұлғаның тіл қолданысындағы білім, білік, дағдыларының бірлігі. Ал сөз мәдениетінің биік шыңы имидж көрсеткіші болып табылады.

Қарым-қатынас түрлерінің ішінде іскерлік келіссөз жүргізудің әдіс-тәсілдерін меңгерту сабақтарының орны ерекше. Себебі мемлекеттік басқару саласы іскерлік және халықаралық келіссөздер жүргізумен ерекшеленеді. Іскерлік келіссөздердің теориялық және практикалық жолдарымен магистранттарға Тілдік құзыреттілік сабағы аясында кездесулер, келіссөздер жүргізу, сұхбат беру және көпшілік алдында сөйлеу техникалары үйретіледі. Сабақ барысында теориялық материалдар ұсынумен қатар, түрлі инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы практикалық тапсырмалар орындалуы қажет.

Мемлекеттік тілді оқытуда тіл үйренушінің кәсіби саласына бағыттап оқытудың тиімділігі тәжірибеде байқалуда. Осындай тиімділіктерді ескере келе, мемлекеттік қызметшілерге жүргізілетін тілдік және біліктіліктерін арттыру курстарында қазақ әдеби тілінің ресми-іскерлік стилін оқыту негізге алынғаны жөн. Қазіргі кезде мемлекеттік қызметшілердің оң имиджін қалыптастырып, тұлға ретіндегі әр түрлі қабілеттерінің

жетілуінің басты факторы – оларды адамдармен тіл табыса жұмыс істеуге бағыттайтын, қоғамдағы бәсекелестікке бейімдейтін коммуникативтік құзыреті. Мұнда тұлғаның қарым-қатынас мәдениетіне, көпшілік ортасында өзін-өзі ұстау әдебіне, сөйлеу мәнеріне, этикеттік нормаларды дұрыс қолдана білуіне назар аударылады.

Сондықтан да мемлекеттік қызметшінің сөз мәдениетін көтеру арқылы жеке тілдік имиджін қалыптастыру қажет, оған тілдесім тұрғысынан келу керек. Мемлекеттік қызметші еркін ойлайтын, батыл шешім қабылдайтын, өз білімін кәсіби қызметінде кеңінен қолданатын, өз іс-әрекетіне жауап беретін жан-жақты имидж қалыптастыруды және интеллектуалдық деңгейінің өсе түсуін, рухани дүниесінің баюын, шығармашылық қабілетінің дамуын, ішкі мүмкіндіктерінің ашылуын мақсат етіп қойған дұрыс. Ал сөздік қоры бай, қатысымдық біліктілігі жоғары маманның деңгейі әрдайым жоғары болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Экспериментальная психология: Практикум: Учебное пособие для вузов//Т.Г.Богданова, Ю.Б.Гиппенрейтер, Е.Л.Григоренко и др.; Под ред. С.Д.Смирнова, Т.В.Корниловой. – М.: Аспект Пресс, 2002. – 383 с.

2 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ...дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 328 б.

3 Бодуан, Ж.П. Управление имиджем компании. Паблик рилейшнз : предмет и мастерство / Ж.П.Бодуан ; пер. с фр. А.В. Полунина. – М.: ИМИДЖ-Контакт: ИНФРА, 2009. – 260 с.

4 Виноградов В. В. Саясаттың тарихы туралы. – М., 1996. – 265 б.

5 Караулов Ю. Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Издательство ЛКИ, 2010. – 264 с.

6 Богин Г. И. Некультурная коммуникация // Человек говорящий: Язык, культура, познание. – М.: Институт языкознания РАН, 1995. – С. 70-85.

К. У. Айтмухаметова

ЯЗЫКОВАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ КАК ИМИДЖЕВЫЙ ФАКТОР ГОСУДАРСТВЕННОГО СЛУЖАЩЕГО

Статья посвящена проблемам языковым компетенциям и коммуникативным имиджем государственных служащих. В статье представлена языковой имидж государственных служащих во многих случаях связанно с профессионально-коммуникативным компетенциям. В основном языковая компетенция и культура речи государственных служащих рассматриваются как фактор формирования положительного языкового имиджа. Также в статье рассматривается языковая компетенция – одна из наиболее важных составляющих профессиональной подготовки государственных служащих.

К. U. Aitmukhametova

LANGUAGE COMPETENCE AS IMAGE FACTOR OF THE CIVIL SERVANT

Article is devoted to problems to language competences and communicative image of civil servants. In article it is presented language image of civil servants in many cases it is connected with professional and communicative competences. Generally language competence and the standard of speech of civil servants are considered as a factor of formation of positive language image. Also in article is considered the language competence – one of the most important components of vocational training of civil servants.

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ АУДАРМА ҮДЕРІСІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Мақалада фразеологизмдердің бір тілден екінші тілге аударылуының теориялық және практикалық мәселелері қарастырылады. Лексика-фразеологиялық аударма жасауда фразеологизмдердің құрылымдық және семантикалық тұрғыдан толық, жартылай, қатысты фразеологиялық эквивалент пен фразеологиялық аналогия түрінде берілетіндігі нақты талдаулар негізінде дәйектеледі. Жалпы лексика-фразеологиялық аударма түпнұсқа және аударма тілдегі семантикалық тұрғыдан бір-біріне сәйкес келетін фразеологиялық балама табу арқылы ерекшеленетіндігі айқындалады. Тілдік таңбалардың мағынасы адресант-сана мен адресат-санада бірдей ұғынылуы тиіс. Бұл – тілдік коммуникацияның ойдағыдай өтуінің алғышарттарының бірі. Яғни аудармашының тілдік біліммен қатар, аялық білім жүйесін меңгеру қажеттілігі айтылады.

Кілт сөздер: фразеологизмдер, аударматану, фразеологиялық аналогия, толық фразеологиялық эквивалент, жартылай фразеологиялық эквивалент, қатыстық фразеологиялық эквивалент.

Жалпы лингвистика мен аударма ісі өзара байланыста ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қарастырыла бастады. Аударма ісін байланысты Ә. Сатыбалдиев, С. Талжанов, З. Тұрарбеков, А. Алдашева, Ж. Жақыпов, Ж. Сәмитұлы сынды ғалым-зерттеушілердің еңбектері жарық көрді. Аударматану мәселесіне арналған бұл еңбектерде көркем аудармаға басымдық беріледі. Фразеологизмдерді бір тілден екінші тілге аудару қазақ аударматану саласындағы өзекті мәселелердің бірінен саналады. Өйткені әрбір тілдік жүйедегі фразеологизмдер семантикалық сипаты мен атқаратын стилистикалық қызметі жағынан әртүрлі болады. Белгілі бір фразеологизм құрамындағы сөздердің өзара тіркесімділігінің өзі әр тілде әртүрлі болып келеді. Мұны лексика-фразеологиялық аударма жасау барысында байқауға болады. Жалпы лексика-фразеологиялық аударма түпнұсқа және аударма тілдегі семантикалық тұрғыдан бір-біріне сәйкес келетін фразеологиялық балама табу арқылы ерекшеленеді. Бұл бағытта зерттеу жүргізген М. Қаратаев, І. Кеңесбаев, М. Балақаев, Ғ. Мұсабаев сынды ғалымдардың есімін айта аламыз. Сондай-ақ, М. Жанғалин, Қ. Сағындықов, Қ. Шәріпов, І. Жарылғапов, С. Талжанов, Ә. Сатыбалдиев сынды ғалымдардың ғылыми ой-пікірлері қазақ аударма ғылымының қалыптасып, дамуына едәуір ықпалын тигізді (Ө. Айтбаев).

І. Кеңесбаев қазақ тіл біліміндегі фразеологизмдер жүйесін екінші тілге аудару үдерісі арнайы тілдік зерттеу нысанына айналуы тиіс деген пікір айтқан болатын. Қазіргі таңда көптеген тұрақты сөз тіркестерінің бір тілден екінші бір тілге сөзбе-сөз аударылатындығын байқаймыз. Мысалы: *ни рыба, ни мясо – балық та емес, ет те емес; черепаший шаг – тасбақа аяқ; the apple of one's eye – «көзінің ағы мен қарасы»; kill two birds with one stone – екі қоянды бір таяқпен ұрып өлтіру (бір оқпен екі қоянды өлтіру); cat and dog life – ит пен мысықтай өмір (ит пен мысық сияқты өмір сүру).*

Ө. Айтбаев фразеологиялық бірліктерді бір тілден екінші тілге аударудың күрделілігі туралы айта келіп, Қ. Сағындықовтың пайымдауларынан мынадай екі түрлі тұжырым жасауға болатындығын көрсетеді: «Идиомдардың, біріншіден, қазақ тіліндегі баламасын табуға болады екен. Екіншіден, орыс тіліндегі тұрақты фразеологиялық тіркестердің біразын қазақ тіліне аударғанда барлық жағынан дәлме-дәл, эквивалентті болып келеді. Бұларды кейде я аударма деп, я төл тіркес деп ашып айту қиынға соғады» (1, 72-73). Бұған дәйек ретінде Қ. Сағындықовтың келтірген мысалдарын береді: *беречь как зеницу ока – «көздің қарашығындай*

сақтау»; в мутной воде рыбу ловить – «лай судан балық аулау»; в прятки играть – «жасырынбақ ойнау»; волк в овечьей шкуре – «қой терісін жамылған қасқыр»; волосы встают дымом – «төбе шашы тік тұру»; как небо от земли – «аспан мен жердей» немесе «көк пен жердей»; черепаший шаг – «тасбақа аяң».

Фразеологиялық бірліктерді бір тілден екінші тілге аударудың қаншалықты қиын процесс екендігі түсінікті, дегенмен фразеологиялық бірліктерді дұрыс аудару жазушының өзіндік стилі мен шеберлігіне, сол халықтың ұлттық дүниетанымы мен психологиясын, ұлттық мәдениеті мен ділін қаншалықты меңгергендігіне де тікелей байланысты болып келетіндігі сөзсіз. Фразеологизмдер жүйесінде, әсіресе, идиомалар сөзбе-сөз аударуға көнбейді, өйткені идиомалық тіркес құрамындағы сөздер о бастағы лексикалық мағынасынан айырылып, образды түрде астарлы мағынаны білдіреді. Олай болса идиомаларды бір тілден екінші тілге аударуда оның семантикалық баламасын іздеу өнімді тәсіл саналады. Мысалы: *Ақ маңдай, аппақ жұмыр мойнына, қолаң жібек шашына бетінің ұлбіреген қызылы соншалық жарасып тұр* (М.Ә. Абай жолы). Аударма нұсқасы: *Открытый лоб, мягкая линия белоснежной шеи, густые волосы, черные волнами падающие на спину, – все сливалось в один чудесный облик.* Аударма мәтінде *қолаң шаш, ақ маңдай* тұрақты тіркестері аударма тілінде еркін тіркес (*густые волосы, открытый лоб*) түрінде аударылған. Түпнұсқа мәтінде берілген фразеологиялық тізбектер аударма мәтінде өзінің экспрессивтілігін жойғанмен, *мягкая линия белоснежной шеи* (аппақ жұмыр мойны) аударма нұсқасы мен түпнұсқадағы фразеологиялық бірлік мағынасының толық семантикалық эквивалент құрайтындығын айта кеткен жөн.

Кеңес тілші-ғалымдары С. Влахов пен С. Флорин фразеологиялық бірліктерді түпнұсқа мәтіннен екінші тілге аударудың мынадай жолдары бар екендігін көрсетеді:

- аударма тілдегі вариантын беру арқылы;
- аударма тілдегі эквивалентін беру арқылы аудару;
- аударма тілдегі өзге тілдік бірліктермен беру арқылы аудару.

Фразеологизмдерді бір тілден екінші тілге аударуда тілдік эквиваленттіліктің өзін С. Влахов пен С. Флорин *толық фразеологиялық эквивалент, жартылай фразеологиялық эквивалент, қатыстық фразеологиялық эквивалент және фразеологиялық аналогия* деп қарастырады. Енді осылардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып өтейік:

1 *Толық фразеологиялық эквивалент.* Фразеологиялық бірлік контекстен тыс түпнұсқа мәтіндегі денотатты, коннотатты мағыналарды иеленуі тиіс. Мұндай фразеологиялық бірлік образдылығы толық сақталған, түпнұсқадағы тілдік бірлікпен дәлме-дәл келетін, мағыналық жағынан да, стильдік, метафоралық, эмоцияналды-экспрессивті реңкі жағынан толық сәйкес келетін, компоненттік құрамы мен лексика-грамматикалық көрсеткіштері бірдей болуы қажет. Демек түпнұсқа мәтіндегі фразеологиялық бірлік аударма тілдегі фразеологизммен абсолютті түрде толық эквиваленттілікке құрылуы тиіс. Мұнда тек ұлттық колорит болмауы керек.

2 *Жартылай фразеологиялық эквивалент.* Түпнұсқа тілден аударма тілге алмастырылатын фразеологиялық бірліктің бірнеше вариантының ұшырасуы, яғни түпнұсқа тілдегі фразеологизмдер құрамындағы сөз-компоненттері аз болса, аударма тіліндегі сөз-компоненттерінің көп болуы немесе керісінше жағдай орын алады. Жартылай фразеологиялық эквиваленттілікті фразеологизмдерге тән көпмағыналылық құбылысынан байқауға болады. Жалпы аударма процесінде аударманың *жартылай фразеологиялық эквивалент* тәсілі арқылы аудару жиі кездеседі. Мәселен, *the massacre of the innocents* (известный библеизм), толығымен орыс тіліндегі *«избиение младенцев»* тұрақты тіркесіне сәйкес келеді, дегенмен орыс тіліндегі бірлік жартылай фразеологиялық эквивалент саналады.

3 *Қатыстық фразеологиялық эквивалент.* Семантикалық тұрғыдан сәйкес келгенімен, синтаксистік құрамы, синонимдік компоненттері, морфологиялық құрылысы жағынан өзгешелеу болып келеді. Мәселен, қандай да бір заттың дәлме-дәл ұқсастығын бейнелеп көрсетуде орыс, болгар және француз халқы *«как две капли воды»*, неміс пен чех халқы *«два яйца»*, ағылшын халқы *«две горошины»*, ал қазақ халқы *«аузынан түскендей»*, *«егіз қозыдай»* деген сияқты ұлттық колориті бар фразеологиялық бірліктерді, сонымен қатар калька тәсілі арқылы

жасалған «екі тамшы судай» фразеологиялық теңеу қолданылады. Берілген образдардың арасында ешқандай сәйкестік жоқ, дегенмен бұл образдар аударма үдерісінде семантикалық эквиваленттілікті дәл бере алады.

4 *Фразеологиялық аналогия.* Түпнұсқа мәтіндегі фразеологиялық бірлікке аударма тілінде дәлме-дәл келетін тұрақты тіркестер болмаған жағдайда автор өз нұсқасын ұсына алады. Бұл аударма процесінде окказионалды немесе индивидуалды фразеологизмдердің туындауына алып келеді. Егер оқырман аударма мәтінді оқи отырып аудармашының ұсынған тілдік бірлігін еш кедергісіз түсініп, қабылдай алса, онда автор аударылған тұрақты тіркестің фразеологиялық мағынасын оқырманға жеткізе алды деген сөз. Автордың қаламынан туған окказионалды фразеологизмдер тілдік жүйедегі фразеологиялық бірліктердің барлық табиғи көрсеткіштерін иеленеді, тек жалпыхалықтық қолданысқа түсе алмайды (2, 184-185).

Белгілі бір тілді тұтынушы тілдік бірліктердің мағынасын жақсы білуге, тілдік бірліктерді бір-бірімен байланыстырып, санадағы ұғымдық мазмұнды жеткізе алуы тиіс. Тілдік таңбалардың мағынасы адресант-сана мен адресат-санада бірдей ұғынылуы тиіс. Бұл – тілдік коммуникацияның ойдағыдай өтуінің алғышарттарының бірі. Яғни аудармашының *тілдік біліммен* қатар, *аялық білім жүйесін* меңгеру қажеттілігі туындайды. Демек тілдік қатынастың негізі саналатын адресат пен адресанттың ақиқат шындықты ортақ ұғымда, орайлас мағынада қабылдайтындығы негізге алынуы тиіс. Аударма процесінде аялық білім жүйесін ескеру қажеттілігі туралы А. Мейе: «Қандай да бір тілде сөйлеуші халықтың өмір сүру жағдаятын ескермей тұрып, тілдік жүйені түсіну мүмкін емес», – дегенді айтқан еді [3, 56]. Мәселен, «сау бол!» деген тілдік бірліктің қандай жағдайда, қандай ортада, қоштасудың қаншалықты уақытқа созылатындығы, қандай адамдарға қарата айтылатындығы, қандай ишарат түрімен сәйкесетіндігі туралы арнаулы ақпараттың болмауы салыстырмалы түрде алғанда пайдасыз екендігі айтылады.

Проспер Мерименің «Қиямет түні» (Хроника времен Карла IX) атты романын орыс тілінен қазақ тіліне аударған Ә. Жұмабаевтың аударма нұсқасына назар аударайық:

- *Қаласаңыз, бал ашайын? – деді Мила Мержиге.* (- Хотите, я вам погадаю? – спросила Мила у Мержи).

- *Рақым етіңіз, – деді жігіт сол қолымен сыған әйелін қыпша белінен құшақтап, оң қолын оған қарай соза берді.* (- Пожалуйста, – ответил Мержи, обняв левой рукой за талию цыганку, меж тем как ладонь правой подставил ей для гаданья).

Осы контекстегі «талиа» сөзін аудармашы «қыпша бел» түрінде береді. *Қыпша бел* тұрақты тіркесі қазақ халқының тілдік санасында сұлулық символына айналған. Ал осы шығарманың орысша нұсқасында цыған қызының сұлулығы туралы ешнәрсе айтылмайды. Аудармашының образды түрде қолданылған нұсқасы деуге болады. Сондай-ақ, аудармашы орыс тіліндегі «пожалуйста» бірлігінің қазақша нұсқасын контекстке орай «рақым етіңіз» түрінде қолданғаны дұрыс деп санаймыз. Тілдік жүйеде жеке қолданыста «оқасы жоқ» түрінде қолданылатын болса, контекстке орай «рақым етіңіз» түрінде қолданылып тұрғаны оқырман қауымға түсінікті.

-*Осыдан екі сағат тұрын аттанып кеткен. Біз оларды отқа үйітіп жібермей тұрғанда, со неменің күллі гугеноттарымен бірге тайып тұрғаны жөн болар еді.* (- Два часа, как убрался. И пусть бы он убирался к черту со всеми гугенотами, пока мы их всех не сожжем).

Орыс тіліндегі *пока всех не сожжем* синтаксистік конструкциясы *отқа үйіту* сынды тілдік бірлікпен аударылып берілген. Семантикалық тұрғыдан алғанда *сжечь* – отқа жағу, *обжечь* – күйдіру, *палить* (гуся, шкуру) – қазды не теріні үйіту сияқты мағыналарды білдіреді. Жалпы алғанда үйіту процесі жүн, қылшық, мамық қалдықтарын күйдіру мақсатында жүргізіледі. Мәселен, бас-сирақ үйіту, құстың қауырсынын жұлғаннан кейін үйіту т.б. Демек аудармашы отқа үйіту бірлігін адамдарды отқа жағып жіберу емес, отқа күйдіру мақсатында арнайы қолданған деуге болады.

Мержи жсауап орнына, оның көзінің отын жарқ еткізіп жағынан тартып жіберді. (Здоровая оплеуха была единственным ответом, который в данную минуту нашелся у Мержи. Сила и неожиданность удара заставили трактирщика отступить на два шага).

Здоровая оплеуха тіркесі «көзінің отын жарқ еткізу» деп аударылған, тек бұл жердегі мәселе жағынан шапалақпен тартып жібергенде көзден оттың жарқ етпеу не етпеуінде болып тұр. Әдетте қатты ауыр соққы алғанда көзден от жарқ ете (вспышка секілді) қалады. Сол себепті шапалақпен тартып жібергенде қаншалықты дәрежеде көзден оттық жарқ ете қалуы сенімсіздік тудырады.

Сақалды басыммен ант етейін, мен оған қатты қуанып тұрмын! – деді шарапханашы беті были етпейді. – Әзәзіл де ұрлықшы қатындармен шатыспауыңыз керек еді. – Бірақ, – деді ол даусын бәсеңдетіп, қуға қу қызыл іңірде жолығады. (- Я от души рад этому, провалиться мне на месте! – нагло воскликнул хозяин. – Это вас научит, каково якшаться с ведьмами и воровками. Впрочем, прибавил он, понижая голос, – рыбаки рыбака видит издалека. Вся эта палачная пожива: еретики, колдуны и воры всегда вместе хороводятся). Контекстегі бүкіл ойдың мазмұнын толық семантикалық сәйкестікке құрылған «*қуға қу қызыл іңірде жолығады*» сияқты тілдік бірлікпен білдіреді. Яғни аудармашы өзінің тілдік білімімен қатар, түпнұсқа және аударма мәтіндегі мақал-мәтелдің функционалды қолданысын дұрыс айқындаған.

Өзге тілді мәтінмен жұмыс істеп отырған аудармашы алдында сол ұлтқа тән рухани және материалдық құндылықтарды бейнелейтін мәдени таңбаларды түсінбеу қиыншылығынан мәтін мазмұнын қабылдауда кедергілерге ұшырайды. Мәдениеттің ұлттық ерекшелігін танытатын мұндай тілдік бірліктер *мәдени скрипт* (А. Вежбицкая), *лакуна* (Ю. Сорокин, И. Марковина) түрінде танылады. Мұндай мәдени лакуналарды аудару үшін аудармашының тілдік құзыреттілігін, ұлттық мәдениет мен реалийлерін белгілі бір деңгейде меңгеру қажеттілігін көрсетеді, олай болмаған жағдайда мәтіндегі мәдени лакуналардың кездесуі ақпарат мазмұнын толық түсінуге кедергі жасайды. Осы себепті А. Алдашева аудармашының тәржімашылық қызметіне мынадай талаптар қояды:

- жалпы бағдарлы ақпаратты білу;
- екі тілдің лексика-грамматикалық құрылымын жетік меңгеру [4, 74].

Интерес к социолингвистическим исследованиям не является случайным. С одной стороны, он возник в связи с необходимостью научной разработки принципов языковой политики и языкового строительства, с другой – как реакция на «внутрилингвистическую ориентацию структурного языкознания, исключавшего из рассмотрения социальный контекст языка» [21, 5-22]. Исследователи в области социолингвистики часто сталкиваются с проблемами синонимии, оказавшейся достаточно распространенной, особенно, во вновь создаваемых научных областях. Установить ее источники, сферы наибольшей активности и предпочтительной употребимости, наполняемость синонимических рядов – задача, актуальная для современного языкознания, имеющая теоретическое и практическое значение. Это позволит подойти по-новому к самой проблеме термина. Весь этот круг лингвистических проблем в терминологии призваны решить социолингвистические исследования [22]. Следует отметить, что среди казахстанских языковедов социолингвистический аспект исследований был присущ работам А. Байтурсынова. В своих трудах, ученый отстаивал два основных принципа: – максимальное использование внутренних языковых ресурсов родного языка; – учет опыта терминологического творчества в плане классификаций грамматических категорий ведущих мировых языков [23]. Кроме того, ученый справедливо полагал, что каждая дисциплина, каждая отрасль науки должна иметь свою систему и понятия, соответствующие этой системе.

Но, чтобы предвидеть развитие терминологии в будущем, следует тщательно изучить историю появления и развития, как отдельных терминов, так и целых терминологических систем, т.е. широко развернуть их диахронное исследование. С помощью диахронических исследований, в том числе с привлечением данных смежных с лингвистикой наук, таких, как история науки и техники, всеобщая история, можно установить время и особенности зарождения и развития терминологии, выявить общие тенденции ее развития, факторы, определяющие это развитие, тенденции в отношении к специальной лексике и порядку ее упорядочения [24, 54]. В этой связи возникает интерес к выявлению терминологической лексики как к средству выражения, хранения и передачи специальной информации, а также к изучению механизмов образования терминов, репрезентирующих понятия и категории соответствующих концепций.

Согласно точки зрения С.В. Гринева [22, 188], отправной точкой диахронических исследований должно являться время появления терминологической лексики. Известно, что понятия, появившиеся одновременно с возникновением науки, как следствие, влекут за собой появление терминов, выражающих эти понятия. Здесь следует обратить внимание на то, что независимо от того, к какой терминосистеме относятся термины, старой или новой, они представляют собой единицу языка науки и техники и выполняют ряд важнейших функций, без реализации которых в современную эпоху невозможен научно-технический прогресс. Это такие функции, как номинативная функция, информативная функция, коммуникативная функция, эвристическая функция.

Изучение состояния языка для специальных целей без обращения к диахроническому аспекту, согласно мнению ведущих зарубежных лингвистов (R.Temmerman, Pascaline Dury,

Aurélie Picton, Marie-Thérèse Cabré, I. Desmet и др.) не дает возможности достоверно точного выявления, как тенденции, так и истории развития специальных понятий языка той или иной отрасли. Именно диахронный аспект изучения позволяет проследить историю терминологического приращения, а также синонимической вариативности. [24, 287].

Диахронический объем терминов может быть использован как инструмент изучения языков для специальных целей (далее – ЯСЦ), иначе, языков профессиональной коммуникации. Последний также может быть применен как инструмент сравнения меж различными языками: явления, которые возникают, к примеру, в ограниченный временной отрезок, в рассматриваемой нами терминосистеме, будут ли они теми же, для того же периода общеупотребительного языка?

Несмотря на то, что в течение последних 20 лет ряд исследований был посвящен диахронному анализу, все же ЯСЦ в диахронии мало изучен. Для терминологов понятие «диахрония» в ЯСЦ, также как и в классическом языке непременно ассоциируется с работой над отжившими, «архаичными» феноменами языка. Перспектива диахронного изучения терминологии, по мнению Condamine, заключается в том, что «La variation temporelle, pourrait être intégrée de façon plus systématique aux recherches faites sur la construction et sur tout la mise à jour de ressources terminologiques» – «Временная изменчивость может быть интегрирована более систематическим образом в исследования, выполненными конструктивно и особенно, в приведении в порядок, т.е. унификации источников терминологии» (*перевод наш, Б.Г.*). «La dimension diachronique peut être utilisée comme un outil d'apprentissage des langues de spécialité» – «Диахронический объем может быть применен в качестве инструментария изучения профессиональных языков» (*перевод наш, Б.Г.*) [131].

За вариативный подход в изучении языков для ЯСЦ выступает I. Desmet [25, 61]. В рамках данного подхода она предлагает изучать специальную лексику в разрезе коммуникационных свойств научного и технического знания, функции, которые выражаются различными типами вариативности. Изучать терминологию в данном ракурсе означает интеграцию контекстуальной, ситуативной, стилистической (т.е. функциональной), внешней (т.е. с точки зрения вариативности языковых фактов), диалектальной вариативности. Диалектальная вариативность предполагает диатопический, диастратический, и конечно же, диахронический подход изучения терминологии. Так, согласно Р.Теммерман: «Afin de comprendre la catégorisation et la dénomination, une analyse historique des unités de compréhension est indispensable». Nous avons pu constater que dans le langage des sciences de la vie, le choix d'une dénomination est rarement arbitraire et que la catégorisation est un processus, i.e. qu'elle se caractérise par des propriétés temporelles [26, 34]. Чтобы понять процессы категоризации и номинации, исторический анализ понимания единиц имеет важное значение. Мы смогли установить, что в научном языке, выбор номинирования редко бывает необоснованным, что категоризация, это процесс, который находится в зависимости от характеристик времени (*перевод наш, Б.Г.*) [27, 34].

В рамках современного терминоведения появилась возможность исследовать языковые явления с точки зрения взаимосвязи языка, мышления, познания, переработки и хранения информации, т.е. в когнитивном аспекте. Под влиянием когнитивной лингвистики, цели терминоведческих исследований переместились с изучения специфических свойств термина на его внутреннюю природу, обусловленную связью с профессиональной коммуникацией, профессиональным познанием и профессиональной деятельностью, на проблему представления знаний в термине. Впервые в терминоведении выдвинута проблема связи специального наименования с типом профессиональной языковой личности.

По мнению Л.А. Манерко, когнитивный подход к изучению терминов представляет собой качественно новый уровень исследования, учитывающий единую когнитивную методологию изучения явлений когниции и дискурса для обеспечения новых ракурсов их понимания и объяснения [27].

Преимущества когнитивного подхода заключаются в том, что он «делает возможным анализ возникновения и эволюции специального знания в широком цивилизационном

контексте, позволяет вскрыть причины и механизмы динамических процессов в сфере терминологической номинации с учетом меняющихся когнитивно-коммуникативных потребностей людей. Все это углубляет научное понимание исторических процессов в терминосистемах, выявляет динамику сложного соотношения специальных структур знания (и сознания) со структурами языковыми» [28, 75]. Как считает большинство исследователей, во-первых, когнитивный аспект позволяет увидеть, что термин можно изучать не только сам по себе как объект описания, но и в том виде, в каком он представляется исследователем. Во-вторых, когнитивное терминоведение примиряет исследователей с идеей о сложности и противоречивости термина. Оно нацеливает терминологов на изучение внутренних закономерностей конкретных свойств термина. В-третьих, когнитивные исследования в области терминоведения способствуют осмыслению новых, более глубоких проблем термина, в число которых входит проблема отношения человека к окружающему миру и его стремление обозначить в языке результаты своего познания [29].

Рассмотрение термина как когнитивно-дискурсивной единицы языка дает возможность воспринимать вариативность термина не как нарушение нормы, а как свидетельство развития терминологии. Когнитивный подход позволяет отобразить отношения между синонимичными терминами, увидеть схожие черты и выявить особенное в каждом из них.

Как отмечает В.М. Лейчик, «необходимо шире использовать успехи таких перспективных областей, как когнитивный подход, включая когнитивную семантику, как теория ЯСЦ, в сочетании с дальнейшим изучением содержания и структуры тех специальных сфер, которые обслуживаются этими языками» [30, 124].

На основании вышеизложенного можно сделать вывод, что несмотря на длительные традиции изучения природы терминов и терминологических систем в языкознании, и несмотря на то, что целый ряд сущностных характеристик термина и терминологической системы уже были выделены и описаны в структурной лингвистике, в когнитивно-дискурсивной парадигме знания эти понятия получают новое и более глубокое освещение. Это происходит потому, что здесь они рассматриваются как подводящие итоги длительным познавательным процессам в определенной предметной области.

Таким образом, можно с уверенностью утверждать, что когнитивное терминоведение относится к числу наиболее перспективных направлений терминологических исследований, и важно оно сегодня «не только для изучения особенностей развития научного познания, но и для изучения путей развития человеческой культуры и цивилизации в целом» [31, 57].

Когнитивный подход к изучению электротехнической терминологии, осуществляемый в рамках настоящего диссертационного исследования, позволяет проследить закономерности ментальных процессов, описать терминосистему в когнитивном плане. Для исследования электротехнической терминологии в работе применена комплексная методика, включающая моделирование терминологии и построение вариативных моделей с последующим их семантико-когнитивным и семантико-фреймовым анализом.

Список литературы:

- 1 Винокур Г.О. Филологические исследования: лингвистика и поэтика. – М.: Наука, 1991. – 451 с.
- 2 Жубанов Х.К. Исследования по казахскому языку. – Алматы, 1966. – 273 с.
- 3 Толикина Е.Н. Синонимы или дублиеты? // *Исследования по русской терминологии*: сб. статей / под ред. В.П. Даниленко. – М.: Наука, 1971. – 232 с.
- 4 Марчук Ю.Н. Лексическая многозначность и перевод // *Перевод и когнитология в XX веке*: сб. статей по матер. VIII междунар. науч. теорет. конф. – М.: МГУ, 2015. – С. 23-28.
- 5 Рождественский Ю.В. Лекции по общему языкознанию. – М.: Высшая школа, 1990. – 381 с.
- 6 Гринев-Гриневиц С.В. Терминоведение: учебное пособие для студ. высш. уч. заведений. – М.: Центр «Академия», 2008. – 304 с.

- 7 Сборник основных постановлений, приказов и инструкций / под ред. Е.И. Войленко – М.: Высшая школа, 1965. – Ч. 1. – 432 с.
- 8 Маслов Ю.Р. Введение в языкознание. – М.: Высшая школа, 1975. – 325 с.
- 9 Закиев М. Термины их упорядочивание («Сүзлек составында терминнар һәм аларны тәртипкә китерү») // Магариф. – 1997. – №1. – С. 32-35.
- 10 Татаринев В.А. Общее терминоведение: энциклопедический словарь. – М.: Московский лицей, 2006. – 528 с.
- 11 Афанасьев В.Г. Системность и общество. – М.: Политиздат, 1980. – 368 с.
- 12 Шемакин Ю.И. Тезаурус в автоматизированных системах управления и обработки информации. – М.: Воениздат, 1974. – 188 с.
- 13 Кобрин Р.Г. Современная научно-техническая революция и ее влияние на развитие языка // В кн.: Онтология языка как общественного явления. – М.: Изд-во Наука, 1983. – 309 с.
- 14 Ахманова О.С. Экстралингвистические и внутрилингвистические факторы в функционировании и развитии языка // Вопросы языкознания. – 1963. – №4. – С. 45-49.
- 15 Арнольд И.В. Лексикология современного английского языка. – М.: Высшая школа, 1996. – 295 с.
- 16 Будагов Р.А. Язык, история и современность. – М.: Просвещение, 1971. – 269 с.
- 17 Филин Ф.П. К проблеме социальной обусловленности языка // Язык и общество: сб. науч. тр. – М.: Наука, 1968. – №3. – С. 5-22.
- 18 Поливанов Е.Д. Статьи по общему языкознанию. – М.: Наука, 1968. – 376 с.
- 19 Дешериев Ю.Д. Социальная лингвистика. – М.: Наука, 1977. – 382 с.
- 20 Ткачёва Л.Б. Терминологическое обеспечение информационных процессов // Динамика систем, механизмов и машин: матер. VII междунар. науч.-техн. конф., посв. 65-летию ОмГТУ. – Омск: Изд-во ОмГТУ, 2007. – С. 212-213.
- 21 Швейцер А.Д. Предисловие к книге: Белл, Роджер Т. Социоллингвистика: Цели, методы и проблемы. – М.: Междунар. отнош., 1980. – 320 с.
- 22 Гринев С.В. Введение в терминографию. – М.: Московский лицей, 1993. – 309 с.
- 23 Бейсембаева Г.З. Диахронный аспект формирования и становления терминосистемы электроэнергетики // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. Серия гуманитарных наук. – 2016. – №6(112). – С. 287-294.
- 24 Condamines A., Rebeyrolle J., Soubeille A. Variation de la terminologie dans le temps: une méthode linguistique pour mesurer l'évolution de la connaissance en corpus. – Lyon, 2004. – 557 p.
- 25 Desmet I. Terminologie, culture et société. Éléments pour une théorie variationniste de la terminologie et des langues de spécialité, Les Cahiers du Rifal. – Paris, 2007. – 296 p.
- 26 Temmerman R., Campenhout M. Van. Dynamics and Terminology. An interdisciplinary on monolingual and multilingual culture – bound communication. – Amsterdam; Philadelphia: Jeans Benjamins Publishing Company, 2014. – Vol. 16. –305 p.
- 27 Манерко Л.А. Истоки и основания когнитивно-коммуникативного терминоведения // Лексикология. Терминоведение. Стилистика: сб. науч. тр., посв. юбилею В.М. Лейчика. – М.: Рязань, 2003. – С. 120-126.
- 28 Голованова Е.И. Предмет и задачи когнитивно-исторического терминоведения // Научно-техническая терминология. – 2007. – Вып. 1. – С. 12–13.
- 29 Алексеева Л.М., Мишланова С.Л. О тенденциях развития современного терминоведения // Актуальные проблемы лингвистики и терминоведения: междунар. сб. науч. тр., посв. юбилею проф. З.И. Комаровой. – Екатеринбург, 2007. – С. 8-11.
- 30 Лейчик В.М. Терминоведение. Предмет, методы, структура. – М.: КомКнига, 2009. – 256 с.
- 31 Гринев С.В. Когнитивное терминоведение // В кн.: Научно-техническая терминология. – М.: Московский Лицей, 2002. – Вып. 1. – 315 с.

G.Z. Beisembaeva

MODERN LINGUISTIC APPROACHES TO THE STUDY OF TERMINOLOGY

The study found that cognitive terminology is one of the most promising areas of terminology research. At the present time, cognitive terminology is an important aspect not only for studying the features of the development of scientific knowledge, but also for studying the ways of development of human culture and civilization in general. In addition, the cognitive approach to the study of electrical terminology, carried out within the framework of our study, allows us to trace the patterns of mental processes, describe the terminology in a cognitive way. Consideration of the term as a cognitive-discursive unit of language makes it possible to perceive the variability of the term not as a violation of the norm, but as evidence of the development of terminology. Under the influence of cognitive linguistics, the goals of terminological studies have shifted from studying the specific properties of the term to its internal nature, conditioned by the connection with professional communication, professional knowledge and professional activity, and the problem of representation of knowledge in the term. It is the cognitive aspect that is prevalent for our research, since it enables us to study the electrical terminology through a comprehensive methodology, including modeling terminology and constructing variational models with their subsequent semantic-cognitive and semantic-frame analysis.

Г.З. Бейсембаева

ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ ЗЕРТТЕУГЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Зерттеу барысында когнитивтік терминологияны зерттеудің ең перспективті бағыттарының бірі болып табылатынын анықтады. Қазіргі кезде когнитивтік терминология ғылыми білімнің даму ерекшеліктерін зерттеу үшін ғана емес, жалпы адам мәдениеті мен өркениеттің даму жолдарын зерттеу үшін маңызды аспект болып табылады. Сонымен қатар, біздің зерттеулер аясында жүзеге асырылатын электрлік терминология зерттеуге танымдық көзқарас, бізге танымдық тұрғысынан терминдік жүйені сипаттау, психикалық процестердің заңдылықтарын бақылауға мүмкіндік береді. Терминнің когнитивті-дискурстық тіл бірлігі ретінде қарастыруы терминнің ауытқуын норманы бұзу ретінде емес, терминологияны дамытудың дәлелі ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Когнитивті лингвистика әсерінен, терминологияның зерттеу мақсаты салдарынан мерзімді мәселеде білім өкілдік кәсіби қарым-қатынас, кәсіби білім мен кәсіби қызметпен муфтаға, оның ішкі табиғатта мерзімі нақты қасиеттерін зерттеуге көшті. Бұл біздің зерттеулеріміз үшін таралған когнитивтік аспект, өйткені ол электронды терминологияны кешенді әдіснама арқылы зерттеуге мүмкіндік береді, оның ішінде модельдік терминологияны және кейінгі семантикалық-танымдық және семантикалық кадрлық талдауымен вариационды модельдерді құру.

ӘОЖ 801. 54 (5Б)

А.А. Букаева

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан
anar-bukaeva@mail.ru

А. ӘБДІРАХМАНОВ, О. СҰЛТАНҒАЙЕВ СӨЗДІГІНДЕГІ ТҮР-ТҮСКЕ ҚАТЫСТЫ ТОПОНИМДЕР

Мақалада тіліміз бен тарихымыздың құнды қазынасы, мәдени мұраларымыздың қайнар көзі болып табылатын ономастиканың бір саласы топонимдер туралы айтылып, олардың түр-түсті білдіретін сын есімдер арқылы жасалу ерекшеліктеріне тоқталып, елді мекен атаулары құрамындағы түр-түстің беретін мағынасы жайлы ой қозғалады.

Түйін сөз: колоративті лексика, ороним, агрооним, ойконим, гидроним, дромоним, лимноним, комоним, сын есім, атау, қызыл түс

Кез келген елдің жер-су атаулары оның тарихы, ұлттық коды ата-бабадан қалған асыл мұрасы екендігі белгілі. Ғылыми еңбектерде жер-су атаулары топонимдер деген термин арқылы беріледі. Топоним өз ішінен зерттелетін географиялық нысандардың көлеміне не мөлшеріне қарай макротопонимдер, мезотопонимдер, микротопонимдер деп топтастырыл жүр.

Қазақ тіліндегі топонимика мәселесімен айналысып жүрген ғалымдар: Ғ.Қ. Қоңқашпаев, Е. Қойшыбаев, Т. Жанұзақов, А. Әбдірахманов, Ә.Т. Қайдаров, В.Н. Попова, О.А. Сұлтаньяев, Қ. Рысбергген, Н.Баяндин т.б. Сондай-ақ, Г.Б. Мәдиева, С.Қ. Иманбердиева, Д.Б. Мадиевалардың «Ономастика: зерттеу мәселелері» атты еңбектерінде топонимдердің зерттеу нысаны бүге-шігесіне дейін топтастырылып қарастырылған. Ғалымдар топонимдерді алдымен **ороним** (жер үсті қабатындағы нысандар атауы), **спелеоним** (жер асты қабатындағы нысандар атауы), **хороним** (аймақ атауы), **агрооним** (жер бөлімшелерінің атауы), **гидроним** (су нысандарының атауы), **эक्клезионим** (монастырь, шіркеу атауы), **ойконим** (елдімекен атауы), **дромоним** (кез келген байланыс жолдары атауы), **некроним** (жерлеу орындары атауы), **дримоним** (орман, алқап, тоғай атауы) деп бөлсе, **гидронимдерді** өз ішінен **потамоним** (өзен атауы), **лимноним** (көл, көлшік атауы), **гелоним** (саз, батпақ атауы), **океаноним** (мұхит не оның бөліктерінің атауы), **пелагоним** (жер үсті қабатындағы нысандар атауы) деп бөлсе, **ойконимдерді астионим** (қала атауы), **урбаноним** (қала атауы), **комоним** (ауыл атауы) деп жүйелеп топтастырған [1, 11]

Топонимдер туралы этнограф А.Сейдімбеков: «Белгілі бір өңірдің топониміне қарап, сол өңірді мекен еткен ұрпақтың тарихы туралы, тіршілік көзі жайында, ой-өресі хақында, тіптен сезім сұлулығына дейін тамаша хабардар болып, белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Ең бір елеусіз деген географиялық атаудың астарында тұтас романға бергісіз шытырман тарих тұнып жатуы кәдік», – дейді [2, 72.]. Ғалымның бұл пікірінен топонимдердің қалыптасуына әсер ететін факторларды анықтауға болады. Атап айтар болсақ, біріншіден, сол елді мекен орналасқан жердің табиғаты, екіншіден, сол елді-мекеннің тарихы, үшіншіден, жергілікті халықтың басқа этноспен қарым-қатынасы, бесіншіден, сол елді мекеннің салт-дәстүрі арқылы ұлан байтақ қазақ даласындағы жер-су атауларының яғни топонимдердің қалыптасуына әсері ерекше. Бұл туралы доцент Р.Ж.Қияқова «Атаулар сыры: гидронимдер су нысандарының атауы» атты мақаласында: «Топонимдердің барлық салалары тереңірек зерттеліп жатыр. Ендеше топонимдерді ұлттың тарихи шежіресі десек қателеспейміз. ...Кез келген жер-су әрі басқа да атаулар әр ұлттың өзіндік ерекшелігін танытуы тиіс. Егер ұлт өзінің кодын, генетикалық жадын сақтап қалмаса, тамырын құрт байлаған бәйтерек сияқты салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ел, жер тарихына сүйенбеген халық ұзаққа бармайды... », – деп атап өткен [3, 299]. Халық тілі мен мәдениетінің байлығы, мәңгілік тарихи мұрасы не десе, сол жердің жер-су атаулары деп жауап берер едік. Себебі жер-су атаулары – халқымыздың этномәдени құбылыстарын зерттеу үшін құнды дерек. Жер-су атауларының қалыптасуы мен дамуында лингвистикалық фактормен қатар табиғат құбылыстарының, жер бедері мен көрік келбетінің ерекше сипаты, көріністері, қоғам өміріндегі тарихи, әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер елді мекен атауларында көрініс берері сөзсіз.

Ал біздің қарастыратынымыз – А.Әбдірахманов пен О.А. Сұлтаньяевтың «Көкше өңірінің жер-су атаулар сөздігіндегі» түр-түске байланысты топонимдердің берілуі.

Колоративті лексика – қазақ тіл білімінде ерекше назарға ілінген мәселелердің бірі. Түр-түстердің шығу төркіні жайлы мәселеге байланысты ғалымдар тарапынан әр түрлі көзқарастар айтылып, қилы-қилы болжамдар жасалған. Жер-су аттарында жиі кездесетін түр-түс атаулары сол ұғымдардың әртүрлі табиғи жағдаймен сәйкестігін, географиялық ерекшелігін, бағыт-бағдарын, орын-жайын анықтауға қатысты қолданылады.

Қазақ тіліндегі жер-су атауларының құрамында кездесетін түр-түс аттары көптеген жағдайда дүниенің төрт бұрышын, батысы мен шығысын, оңтүстігі мен солтүстігін, сондай-

ақ белгілі бір географиялық нысанның, екінші бір нысанға қатыстығын, алыс-жақын, жоғары-төмен болып орналасуын анықтауы тек қазақ тіліне немесе тек қазақ халқына ғана тән ерекшелік деп қарауға болмайды. Бұл бүкіл түркі әлеміне ортақ көне замандардан келе жатқан космогониялық, геосимволдық дәстүр болып табылады [5, 1].

Қазақ халқының құрамындағы ру типалары мен адам аттарына назар аударсақ бұл салада да бір түстің өте жиі қолданылатынын көреміз. Топонимдер мен этнонимдерді зерттеуші ғалымдар түр-түстің табиғатына көптен бері ерекше назар аударуда. Оны бұл салада да ауыспалы мағынада, заттанған геосимволикалық мәнде қолданылатынын анықтаған болатын [10, 113].

Осындай қолданыстарды біз А.Әбдрахманов пен О.А. Сұлтаньяевтың «Көкше өңірінің жер-су атаулар сөздігіндегінен» байқадық. Мысалы, топоним түрлерінің (жер, су, тау, қала, мекен, дала т.б.) бәрінде де кездесетін «Ақ» компонентті жер – су атауларына тоқталсақ, ақ сөзі түркі тілдерінде ақ//ах//ағ//а: қ формасында қолданылып, бір-біріне жақын үш топтағы мағынаны аңғартады: 1) «ақ» деген негізгі түстік мағына («белый»); оның төңірегіне: ақшыл, көздің ағы, жұмыртқаның ағы, (керегі жоқ)т.б. мағыналар туған; 2) «ақ» сөзінің ауыс мағыналары: кіршіксіз таза, кінәсіз, ақжүрек, адал; 3) керемет, тамаша, ғажайып. Біз қарастырып отырған сөздікте осы ақ сөзімен берілген, мысалы, «Ақбалтыр», «Ақбалшық», «Ақбалшыққазған», «Ақбас», «Ақбұлақ», «Ақбура», «Ақдала», «Ақдөн», «Ақкөл», «Аққозы», «Аққұдық», «Аққуыс», «Ақмола», «Ақсораң», «Ақсу», «Ақтас», «Ақтасты», «Ақтау», «Ақтөбе», «Ақтөбеми», «Ақтомпақ», «Ақтұзсай», «Ақтүйе», «Ақтүйесай», «Ақшарбақ», «Ақшоқ», «Ақшоқы» деген бірнеше топонимдерді кездестірдік. Осы сөздіктегі Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы, Көкшетау – Омбы автомобиль жолының бойында кездесетін елді мекен атауы **Ақтүйесай** ойконимнің бір түрі комонимге: «Ақ / сын есім / + түйе / зат есім / + сай / зат есім / сөздерінің бірігуінен жасалған. Қазақ тілінде түйетайлы деген сөз бар, мағынасы *тіп-тік емес, ылдилау, еңістеу жер* дегенді білдіреді. Бұл жерде, шынында да, түйетайлы болып келген сайлар бар. Ендеше атаудың құрамындағы *түйе* сөзі *жантақтау, ылдилау, тік емес* дегенді білдіреді. Жері шаң басып, соры шығып ағарып жатады. Атаудың *мағынасы топырағы ағарып, ылдилап жатқан сай*», – дегенді меңзейді» [9,15]. Сондай-ақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Ақжар ауданы, Тельман атындағы совхоздың бөлімшесі **Ақбалтыр** ойконимнің бір түрі комоним туралы атаудың қойылуы жайында мынадай дерек бар деп тарихқа шолу жасай отырып: «Соғыстың сұрапыл жылдарында тап осы алқапта егін салатын. Қол күшіне иек артқан кезең емес пе, ауылдың қыз-келіншектері қоңыр күзде етектерін белдеріне қыстырып алып, қол орақпен піскен егінді орып, баулайды. Сонда ақ балтырлары жалт-жұлт етіп, су бетінде шоршыған ақ сазандай көз қариды. Содан осы өңір Ақбалтыр атанып кеткен». Ал Т.Қажыбаев «Атау-тарих, абайла!» деген мақаласында: «Бұл жерде жіңішке ақ қайыңдар да шоқ-шоқ болып өседі. Сондықтан мұндай жас қайыңдардың діңі ақ балтырға ұқсап, самсап тұрған көрініске байланысты атау болуы да мүмкін», – дейді [9,11].

Сонымен қатар ғалымдардың сөздігінде ала сын есімімен «Алаайғыр», «Алабие», «Алабота», «Алакөл» деген гидронимнің бір түрі лимноним, пелагоним және ойконимнің бір түрі комонимдер берілген. Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданында орналасқан лимноним **Алабие** – төбе. «Ала / сын есім / + бие / зат есім / сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы *бұл төбеде ала биеге байланысты бір оқиға болғанын* білдіреді» [9, 17].

Сол сияқты Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданындағы Алабота совхозының оңтүстік-батыс жағында 18 км жерде орналасқан ұзындығы – 2,3 км. лимноним **Алакөл** – көл атауы. «Ала / сын есім / + көл / зат есім / сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы *көл бетінің бір жерінде қамыс-қоғасы көрініп жатса, бір жері жылтырап жатқанын, яғни ала болып жатқанын* білдіреді. Елді мекен атауы көл атына қойылған» [9,17].

Қазақ әдет-ғұрпында, салт – дәстүрінде қасиеттілікті білдірумен қатар, қайғы-қасіретпен ассоциацияланатын қара түс жайлы Б.Р.Хасенов пен А.С. Әділова «Түр – түс атауларының шығуы туралы» мақаласында Қара түсті М.Қашқаридың сөздігінде қарақ сөзінен шығып, көздің қарашығы, көз мәнінде түсіндірілгендігін айтады [4,6]. Қазақ халқының ежелгі

дүниетанымында дүниені төрт бұрышты деп түсініп, әр тұсқа өзіндік таңбалық түс бергені белгілі. Солтүстікті бейнелейтін қара түс те А.Әбдрахманов, О.А. Сұлтаньяевтың «Көкше өңірінің жер-су атаулар сөздігіндегінен» орын алып қара түсі өзінің алғашқы сын есімдік мағынасында берілген. Аталмыш сөздікте бір ғана қара түспен он жеті елді мекен атауы берілген: «Қараағаш», «Қарабие», «Қарабұлақ», «Қарағай», «Қаракөл», «Қарақамыс», «Қарамырза», «Қараөзек», «Қараөткел», «Қарасай», «Қарасор», «Қарасу», «Қаратал», «Қараауылтау», «Қараүңгір», «Қарашілік», «Қарашоқ». Ойымызды нақтылау үшін, бірнеше топонимге тоқталайық. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданында орналасқан **Қарақамыс** ойконимі «Қара / сын есім / + қамыс / зат есім / сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы *бұл жерде қара құрақ құралас қамыс өсіп тұратынын* білдіреді» [9,65]. Сол сияқты, Зеренді және Щучье аудандарының аралығында Дороговка селосының шығыс жағында 12 км. жерде орналасқан гидронимнің бір түрі лимноним – **Қараүңгір** туралы «тұйық көл, қара / сын есім / + үңгір / зат есім / сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы *көл маңында қарайып жатқан үңгір бар екендігін* білдіреді» [9,66].

Халқымыздың «Қой сүйеді баласын «қоңырым» деп,
«Ештеңені білмейтін момыным» деп ...»

басталып, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен төрт түліктің баласын сүюі деген жырында кездесетін қоңыр түс те осы сөздікте берілген. Солтүстік Қазақстан облысы Ғ. Мүсірепов ауданында орналасқан гидронимнің бір түрі лимноним **Қоңырсу** көлі, «Қоңыр / сын есім / + су / зат есім / сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы *көлдегі су асты-үсті өсімдігі көп болып, балдырлары қоңыр болып су бетіне шығып жататын көрінісін* білдіреді» [9,71].

Сондай-ақ, сөздікте қызыл арқылы да бірнеше топонимдер берілген, мысалы, «Қызылағаш», «Қызылбалшық», «Қызылегіс», «Қызылқайнар», «Қызылкебеже», «Қызылсая», «Қызылсор», «Қызылтаң», «Қызылтас», «Қызылту», «Қызылұйым», «Қызылшоқ», «Қызылшілік». Қызыл түске байланысты ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер бар. Нақтырақ тоқталар болсақ, Б.Р. Хасенов, А.С. Әділовалардың мақаласында белгілі топонимист Е.Қойшыбаевтың *қызыл* сөзін тіліміздегі *қысыл* (*тар, қысылу*) етістігімен байланыстырады. Ғалымның мұндағы сүйенетін дерегі-Жоңғар және Іле Алатауларындағы шатқал аты-*Қызылауыз* («узкие ворота» мағынасында), деп көрсетеді де, көптеген ғалымдардың пікіріне сүйенсек, *қызыл* сөзінің түбірі- *қыз*: бірде етістік («краснеть», «пламенеть»), бірде сын есім мағынасында («красный», «багровый») екі ұдай қолданылған екен деген тұжырымға келіп, сын есім мағынасында қолданылғандығын дәлелдеу үшін *қызар* етістігін алып, *боз - бозар, көк - көгер, ақ - ағар* моделі бойынша талдаса да жеткілікті. Бұл жердегі түбір тек зат есім немесе сын есім ғана болуы керек. Сонда қазіргі қазақ тіліндегі *қызыл* сөзінің құрамындағы *о* бастағы дербестігін жойған «қыз» түбірінің төркіні айқындалмақшы. Ол тек қызыл түстің ғана емес, тіпті алабұртып, қызу қанды, сұлу реңді мағынасындағы «қыз» сөзінің шығуына да негіз болса керек деген кейбір пікірге тоқталады [4,7].

Ал біз қарастырып отырған топонимист ғалымдар А.Әбдрахманов, О.А. Сұлтаньяевтың «Көкше өңірінің жер-су атаулар сөздігіндегі» елді мекендер атауының құрамындағы қызыл түсті үш мағынада: бірінші өзінің алғашқы сын есімдік мағынасында болса, екінші кеңес одағының елдік белгісі және жас деген мағынада берген.

Зеренді, Щучье аудандарында орналасқан «**Қызылағаш** – шоқ ағаш, жер, Қызыл / сын есім / + ағаш / зат есім / сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Қызылағаш қайыңның бір түрі болса керек, өйткені жас қайыңды *қызылдау* деп те атайды, ал бұл сөздің де түбірі – *қызыл*. Сонда атаудың мағынасы *қайыңды шоқ ағаш* дегенді білдіреді» [9,75]. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданында орналасқан дримоним «**Қызылшоқ**– шоқ ағаш, Қызыл / сын есім / + шоқ / зат есім / сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы *қызылдаудан /жас қайыңнан/ құралған шоқ ағаш* дегенді білдіреді» [9,77]. Сөздікте берілген дримонимдер атауындағы қызыл түс жас деген ауспалы мағынада беріліп тұр. Ал келесі ойконимдердің бір түрі комоним **Қызылту** «Қызыл / сын есім / + ту / зат есім / сөздерінің бірігуінен жасалған

атау. Кеңес Одағының елдік белгісі – қызыл туға байланысты қойылған атау» [9,77]. Сол сияқты, Еңбекшілдер ауданында орналасқан «**Қызылұйым** елді мекені – Қызыл / сын есім / + ұйым / зат есім / сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы *советтік қызыл серіктік, бірлестік* дегенді білдіреді» [9,77]. Бұл комонимдер құрамындағы қызыл түс кеңес үкіметімен байланыста берілген. Зеренді ауданында орналасқан **Қызылегіс** комонимі «Қызыл / сын есім / + егіс / зат есім / сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы *қызылдардың егіні* дегенді немесе *бидайы қып-қызыл болып шығатын егістік жер* дегенді де білдіреді» [9,76]. Сонымен қатар Зеренді ауданындағы елді мекен **Қызылқайнар** құрамындағы «Қызыл / сын есім / + қайнар / зат есім / сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы *қайнар бұлақ басының топырағы қызылтым екендігін* білдіреді» [9,76].

Қазақ тілінде де, жалпы түркі тілдерінде де, сындық мағынада қолданылатын *сары* түстің негізгі түстік мағынасымен қатар көптеген ауыс мағыналары да бар екені белгілі. Профессор Р.Сыздықова «сары алтын» тіркесіндегі сары сөзінің мағынасы қоспасыз, таза деген пікір айтса, [8] ал топонимист Е.Қойшыбаев «сар» сөзі топонимдік атаулармен тіркескенде көбінесе «айқын, кең, негізгі, басты» деген мағынада жұмсалатындығына тоқталады [7].

Біз қарастырып отырған А.Әбдрахманов, О.А. Сұлтаньяевтың «Көкше өңірінің жер-су атаулар сөздігінде» **Сарыбалшық** деген жер атауы және **Сарықопа** деген көл атауы берілген осы атаулар құрамындағы сары түстің мағынасы сақталған. Сөздіктегі **Сарыадыр** елді мекен құрамындағы түс атауы сары деген сөз мағынасы сары дөң, сары дала дегенді білдіреді. Е.Қойшыбаевтың пікірінше кең деген мағынаны береді. Ал осы комоним құрамындағы Адырдың Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде мынадай мағыналарын түсіндіріп көрсеткен: Адыр зат есім. 1. Бір-біріне ұласып тұтасып жатқан биік қырқа, дөңес жер. Алыста, көз ұшында, адырдың бөктерінде әлде бір қарауытқан томар секілді бірдеңелер көрінеді. (Ж.Аймауытов, Шығ.) Міне анау адырдан асқан жиырма шақты кісі Әділ ауылына қарай қатты кетіп барады. (Ш.Құдайбердиев, Шығ) Қатпарлы адыр бер жақта, Қордай тауы ар жақта, Қу шоқыдан көрінер, Қарасаң шығып жан-жаққа (К.Әзірбаев, Таңд.шығ) 2. Геогр. Орта Азия мен Қазақстанның оң түстігіндегі шөл және шөлейттегі дөңесті және белесті аласа таулар. Айналасынан 100-400 метр биік болады. Көбіне оқшауланып келетін сайлы-жыралы, төбелі-жонды бөктерлерді де адыр деп атайды. (Қ.Құрманов, физ.геогр.) 3. Алыс. Адам өмірінің бір келесі, кезеңі. Айырылмай жиырма бестің жалынынан, Алпыстың қарайды асқақ адырынан. Ақылмен сезім отын тұтастырып, Байсалды бір танбайды қалыбынан. (С.Мәуленов, Алыс кетіп.) [11,94].

Сол сияқты, Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданындағы гидронимнің бір түрі комоним «**Сарықопа** Сары / сын есім / + қопа / зат есім / сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Бұл жақта *қопа* деп қамыс, қоғасы қалың, асты қарыс болып келетін көл-көлшіктерді айтады. Атаудың *мағынасы бұл көлдің топырағы немесе шөп-қоғасы, қамысы сарғайып жататынын* білдіреді» [9,103].

Ал Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданындағы **Сарыбұлақ** комонимі құрамындағы «Сары / сын есім / + бұлақ / зат есім / сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы *бұл жерде маңындағы топырағы сарғайып жататынын бұлақ болғандығын* білдіреді» [9,102]. Сол сияқты, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданында және Зеренді ауданында кездесетін гидронимнің бір түрі лимоним «**Сарықамыс** – көлі құрамындағы сары / сын есім / + қамыс / зат есім / сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Атаудың мағынасы *қамысы қалың және биік болғандықтан, оның орта шені әсіресе қыста сарғайып тұратынын* білдіреді» Аталған комоним мен лимоним атаулары құрамындағы сары түс атауы өзінің алғашқы сын есімдік мағынасында берілген [9,102].

Ойымызды қорыта келе, топонимист ғалымдар А.Әбдрахманов, О.А. Сұлтаньяевтың «Көкше өңірінің жер-су атаулар сөздігіндегі» топонимдер құрамындағы түр-түс атаулары олардың тек қана түр-түсіне байланысты емес, заттың көлеміне, сапасына, басқа да қасиеттеріне байланысты аталғандығын байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ., Мадиева Д.Б. Ономастика: зерттеу мәселелері – Алматы, 2016. – 160 б.
- 2 Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер: Сұлулық туралы сырлар. – Алматы, 1981. – 240 б.
- 3 Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-нің Хабаршысы. – №2. – 2017
- 4 ҚарМУ Хабаршысы № 4.– 2012.
- 5 <https://ds02.infourok.ru/uploads/doc/03c0/000581ff-bc00d1f0.docx>
- 6 Қажыбаев Т. «Көкшетау правдасы» газеті. – 5.07.89.
- 7 Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – А.: Мектеп, 1985.
- 8 Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді- Алматы, 1980. – 125 б.
- 9 Әбдрахманов А., Сұлтаньяев О.А. Көкшетау өңірінің жер-су атаулар сөздігі - і. Көкшетау, 2015 – 152 б.
- 10 Қайдаров Ә., Өмірбеков Б., Ақтанбердиева З. Түр-түстердің тілдегі көрінісі-Алматы, 1992. – 160 б.
- 11 Қазақ әдеби тілінің сөздігі – 15 томдық/1 том Алматы , 2006. – 94 б.

А.А. Букаева

**ЦВЕТООБОЗНАЧАЮЩИЕ ТОПОНОМИИ В СЛОВАРЕ
А.АБДРАХМАНОВА, О. СУЛТАНЬЯЕВА**

В статье рассматриваются топонимы являющиеся одним из разделов ономастика как источник культурного наследия, ценного наследия языка и истории, особенность цветообозначающих топонимов, образованных имен прилагательными, идет речь о значении цвета в составе наименования населенных пунктов

A.A. Bukayeva

**COLOR TOPONYMY IN THE DICTIONARY
OF A. ABDRAKHMANOV, O SULTANYAEV**

The article deals with the valuable treasures of our language and history, about the toponymics of one of the onomastics, which is the source of our cultural heritage, and emphasizes the peculiarities of their use in the form of adjectives, and gives the impression that the meaning of color in the names of the localities.

ӘОЖ 821.512. 122.0

Ж.А. Жақыпов

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті

Астана қаласы, Қазақстан

zhan.zhak58@gmail.com

**ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫН ТІЛДІК-ЖАНРЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУДЕ
М. ӘУЕЗОВ ҮЛЕСІН БАҒАМДАУ**

Мақала «Қазақ фольклорын тілдік-жанрлық зерттеу» ғылыми жобасына орай жазылды. Мұндай зерттеу рухани жаңғыру барысыныда ұлттық кодты айқындау үшін қажет.

Фольклорлық жанрлардың тілдік ерекшеліктерін айқындаудың деңгейі анықталады. Фольклорды зерттеген әдебиеттанушылардың еңбектері тілтану тұрғысынан бағаланады. Тілтанушылардың фольклорды зерттеуге қосқан үлесі көрсетіледі. Академик М. Әуезовтің осы бағытқа қосқан үлкен үлесі бағамдалады.

Мақала «Қазақ фольклорын тілдік-жанрлық зерттеу» ғылыми жобасына орай жазылды.

Кілт сөздер: фольклорды тілдік-жанрлық зерттеу, лингвофольклортану, фольклорлық мәтін, фольклор тілі, интертекстуалдылық.

Фольклор жанрларын әдебиеттанулық-фольклортанулық тұрғыдан зерттеу отандық филологияда да, шетелдік филологияда молынан зерттелген. Дегенмен қай ұлттың болсын фольклорлық жанрлары жіктеудің универсалды критерийлерінің орнықпағаны байқалады. Дүниежүзілік филологияда жанрды айқындау, негізінен, әдебиеттану тұрғысынан қаралады. Ал фольклорлық жанрлардың тілдік белгілері назардан тыс қалған. Соңғы 25 жыл көлеміндегі ағылшынтілді ғылыми әдебиеттерді шолғанда, фольклор тілін арнайы зерттеу нысанына ілікпегені байқалады. Ағылшын тілінде фольклорға арналған тоқсандық басылымнан байқалғаны фольклорды этнографиямен байланыстыру үрдісі байқалды, тіл мәселелеріне жанама назар аударылады, түркітілдес халықтардың салт-ғұрпын фольклорлық тұрғыдан қарайды [1; 2; 3; 4]. ХХІ ғасырдағы немістілді филологиялық әдебиеттерді шолғанда байқағанымыз да осы шамада. Немістілді әдебиеттерде фольклор ғылымының жалпы мәселелеріне байланысты еңбектерде [5; 6], халықтың салт-ғұрпымен фольклорды байланыстыра қарағанда [7], тіл, әдебиет, фольклорды жалпылай қамтыған әдебиеттерде [8] лингвистикалық аспектісіне назар аударады. Алайда бұлардың қай-қайсында болсын фольклорды тілдік-жанрлық тұрғыдан зерттеу дәстүрге еңбегені айқын көрінеді. Еуропа фольклортануы контекстінде қарағанда да, фольклорды тілдік-жанрлық тұрғыдан зерттеу әлемдік филология ғылымы үшін маңызды іс болмақ.

Орыстілді ғылыми әдебиеттерде фольклордың жанрлық мәселелері көркем әдебиеттегі тек пен түр санаттары тұрғысынан жіктеледі. Орыс фольклортануының жолбасшыларының бірі В.Я. Пропп көркем әдебиет пен фольклордың айырмашылығын ескеру керек екенін айта отырып жазған мына бір пікірі әлі де қолданыс үстінде: «Жанр – понятие чисто условное, и о его значении надо договориться. ... Общеизвестно, что роды поэзии – это область эпоса (точнее – повествовательной поэзии и прозы), драмы и лирики. Роды распадаются на виды, и эти виды мы называем жанрами» [9, 35]. Орыс филологиясында жанрды әдеби тектің өмір сүру формасы [10, 26], болмысты бейнелу тәсілі [11, 33-34] ретінде қарау бар, Сондай-ақ, фольклордың да көркем туындылар жүйесі екенін ескерсек, «В литературоведении это понятие определяется совокупностью поэтической системы. Это можно применить и к области фольклора. В широком смысле этого слова жанр может быть определен как ряд или совокупность памятников, объединенных общностью своей поэтической системы. Так как фольклор состоит из произведений словесного искусства, прежде всего необходимо изучить особенности и закономерности этого вида творчества, его поэтику. ... Под поэтикой понимается совокупность приемов для выражения художественных целей и эмоционального и мыслительно» [9, 36]. Мұнан фольклордың өмір сүру формасы, болмысты бейнелу тәсілі, поэтикасы тілдік таңба арқылы жүзеге асатындықтан, оны тілдік-жанрлық тұрғыдан зерттеудің мәні зор деген қорытындыға келуге болады.

Орыс филологиясында жеке ғылыми пән ретінде лингвофольклористика енгізіліп, оның құзыретіндегі мәселелер шеңбері мыналарды қамтиды: фольклор тілінің жалпыхалықтық тілдің басқа формаларымен салыстырғандағы табиғаты; поэтиканың генетикалық негіздері; фольклор деңгейіндегі поэтика мен тілдің байланысының сипаттары; тарихи стилистика проблемаларын қоса алғандағы фольклорлық стилистиканың маңызы; халық шығармашылығының психолингвистикалық аспектісі; фольклор тіліндегі ерекшелік мен жалпылықтар, варианттылық пен инварианттылық; ауызша поэтикалық шығармашылықтағы «көрінеу» және «көмес» деңгейлер [12]. Көрініп тұрғандай, мұндай фольклорды тілдік-жанрлық тұрғыдан зерттеу мәселесі күн тәртібіне қойылмаған. Демек, қазақ фольклорын тілдік-жанрлық тұрғыдан зерттеу өзекті тақырып болмақ.

Фольклорлық жанрлар жүйесі қазақ филологиясында да елеулі шамада зерттелді. Бұл жерде қазақ әдебиет теориясындағы пайымдарға тоқталу артық болатындықтан, тек фольклортану аясындағы жанр мәселесінің түйінді-түйінді тұстарына тоқталған жөн.

Фольклорлық шығармаларды жанрларға жіктеу А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышынан» (1926) басталады. Ғалым ауыз әдебиетін жанрларға бөлгенде «жұмсалатын орнына» сүйенеді де сауықтама және сарындама деп екі салаға бөледі. Бұл екі саланы онан ары тарауларға, тарауларын тармаққа, бұтаққа бөледі [13, 232-261]. Х. Досмұхамедұлы ауыз әдебиетінің түрлерін жіктеуді мақсат еткен «Қазақ халық әдебиеті» (1928 жыл) очеркі қазақ фольклорының жанрларын біршама түгендеген еңбек болды. Кейінгі кезге дейін елеусіз қалып келе жатқан этнографиялық аядағы шағын жанрларды, тіпті, фразеологизмдерді Х. Досмұхамедұлы фольклор жанрларының жүйесіне енгізген [14].

Қазақстанда фольклор жанры дейтін ұғымға теориялық тұрғыдан келген ғалым Б. Уахатов болды. Оның анықтауынша: «Жанр – белгілі бір қоғамдық қызмет атқаратын және соған лайықты мазмұны бар, әбден қалыптасқан көркемдік форма» [15, 75]. Фольклор жанрларының теориясын қазақ филологиясында жүйелеген ғалым С.А. Қасқабасов болды. Ғалымның: «... фольклор жанрларын зеттегенде екі нәрсе қатар ескерілуі қажет. Ол: а) фольклордың сөз өнері ретінде әдебиетпен туыстығы, жақындығы; ә) фольклорды әдебиеттен алшақтататын ерекшеліктер» [16, 23] – деген тұжырымы оны тілдік-жанрлық тұрғыдан зерттеуге әдістанулық ыңғай болуға лайық. Өйткені «фольклордың поэтикасы мен әлеуметтік-тұрмыстық функциясы оның жанрларын сипаттап, әдебиеттен ерекшелендіріп тұрады» [16, 25]. Сонда, С. Қасқабасовтың пікірінше: «Жанр дегеніміз – оқиғаны, сюжеттік материалды белгілі бір мақсатпен тұтас мазмұнды, идеялы шығармаға айналдырудың әдісі, жолы, құралы» [16, 28]. Ғалымның осы зерттеуінде жанрлардың мәтініндегі тілдік ерекшеліктерге аз да болса тоқталатын тұстары бар. Алайда, халық прозасын арнайы нысан еткендіктен болар, ол жанр санатына сюжетті тірек ететіні байқалады. Көріп отырғанымыздай жанрларды айқындауда тілдік факторларға тиісінше назар аударылмайды.

Қазақстандық тілтанушылардың осыған байланысты еңбектері де бар. Бұл мәселеге іргелі зерттеу жасаған – профессор Е.Қ. Жұбанов. Оның еңбектерінде эпос тілін зерттеудің интралингвистикалық аспектілері толық қамтылады: «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының тілдік ерекшеліктері; эпикалық жырлардың тілдік-көркемдік ерекшеліктері; ауыз әдебиетінің тілі мен қазақ әдеби тілінің қатынасы; ауызша сөздің диалектіден үстем формалары, «Ауызекі поэзия тілін зерттеудің лингвистикалық аспектілері» қарастырылады, ал паралингвистикалық, экстралингвистикалық аспектілерді қарастыруды, тіл мен жанрдың байланысын ашуды ғалым мақсат етпеген [17]. Г. Қосымова қазақ эпосындағы фразеологизмдердің лексика-семантикалық, лексика-грамматикалық сипаттары талданды [18], А.Ж.Мухатаева қазақ эпосын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеді [19]. Жекелеген фольклорлық шығармалардың тіліне арналған еңбектерде тілдік фактілер талдауға алынып, негізінен, сипаттамалық әдіспен ғана зерттелді [20] немесе мәтінде сөздерге және оның пішіні мен мағынасына қатысты кездескен жекелген фактілер талқыланды [21].

Ауыз әдебиетінің жанрларының (ертегі, лиро-эпос, айтыс) тіліне арналған зерттеулерде дәстүрлі құрылымдық әдістер [20], лингвомәдениеттанулық, оның ішінде этнотілтанулық, тұрғылар қолданылды. Тілдік бірліктердегі ұлттық колорит лингвистикалық тұрғыдан талданды [22].

Ж.А. Жакыповтың жетекшілігімен «Қазақ лингвофольклортануы (эпос материалындағы зерттеу)» тақырыбында ғылыми жоба іске асырылды. Осы Жобамен жұмыс істеу барысында фольклорды зерттеудің лингвистикалық ыңғайлары белгіленді. Қазақ лингвофольклортануы жеке ғылыми пән ретінде ғылыми айналымға енгізілді. Қазақ батырлық жырларының негізінде фольклорлық мәтіндердің интралингвистикалық, паралингвистикалық парадигмалары талданды, фольклорлық шығармалар мәтінтану тұрғысынан зерттелді [23]. Алайда бұл зерттеу эпос жанрына ғана негізделді.

Көріп отырғанымыздай, бұл еңбектерде фольклор жанрларының бір түрі тілдік айғақтар табылатын мәтін ретінде нысанға алынады да әр ғалым әр түрлі тұрғыда зерттейді.

Осы тұрғыдан келгенде, М.О. Әуезовтің лингвофольклортанудағы үлесін айқындау – қазақ лингвофольклортануының бір міндеті болмақ.

Қазақ фольклортану ғылымын дамытуға айрықша үлес қосқан М. Әуезовтің еңбектерінде лингвофольклортануға сүйеніш болатын пікір-пайымдар, талдаулар мол кездеседі. М.О. Әуезовтің мұндай еңбектерінің бірі де бірегейі – «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры». Ғалым еңбегінің атауында «эпос» пен «фольклорды» екіге жіктейтін сияқты болып көрінеді, алайда бұлай деп атаудағы мақсат «эпостың» ауқымын айрықша көрсету болса керек.

Бұл еңбекте ғалым ең алдымен тұрмыс-салт фольклорына тоқталады, оның этнологиялық, әдеби сипаттарын ашады. «Басқа халықтар сияқты, қазақтардың үйлену салт жырлары ритаулдық-тұрмыстық мән-мағынасына қоса ойын-тойда айтылады да солардың ішінде, әсіресе «Жар-жар» мен «Бет ашар» сән-салтанат тұсында да, әзіл-қалжың ретінде де орындалады. Оларда жас жұбайларға деген тілек-бата айтылады, күлкілі теңеулер, тапқыр ишара емеуріндер мол ұшырасады,... [25, 36-37]». Осы пікірдегі «сән-салтанат тұсында, әзіл-қалжың ретінде» айтылатындығы жырдың тілдік-стилдік ерекшеліктерін бағамдауға нұсқаса, «күлкілі теңеулер, тапқыр ишара емеуріндер» тілдік айғақты талдауға нұсқап тұр.

Фольклорлық шығармалардың лексикалық құрамын зерттеу де лингвофольклортанудың негізгі міндеттерінің біріне жатады. Фольклорлық шығармалардың лексикалық құрамының өзгешелігі жанрлық ерекшеліктермен байланысты екендігі байқалады. Мәселен, М.О. Әуезов: «Нағыз халық өлеңдеріндей емес, «бата» мен «жарапазанда» құраннан алынған сөздер, арабизмдер көп ұшырасады [25, 48]», – деп көрсетеді.

Коммуникативтік тіл білімінде сөйлеудің стратегиясы мен тактикасы ерекше қаралады. М.О. Әуезовтің фольклортанулық зерттеулерінде белгілі бір жырды айтудағы стратегия мен тактиканы, троптарды пайдаланудың осыған қатысы бар екенін пайымдайтын тұстар бар. Мысалы: ... «Естіртудің» образдық құрылысында пернелеу, тұспалдау басым. Мұнда поэтикалық образ үшін табиғат құбылыстары, жануарлар, тарихи тұспалдар алынады. Қайғылы хабар содан кейін барып естіртіледі [25, 46].

Когнитивтік тіл білімінің жетістіктерін пайдалану – лингвофольклортанудың бір міндеті. Фольклордағы әлем суреті, дүниетанымдық санаттарды лингвистикалық зерттеу жаңа да маңызды нәтижелер береді. Ал дүниетанымдық негіздерді М.О. Әуезов сияқты ғалымдардың пайымдауларынан молынан табуға болады. Мәселен: «Анимизм қалдықтары, яғни кез келген құбылыстың жаны бар деп түсінушілік қиял-ғажайып ертегілердің бәрінде де ұшырасады. Қиял-ғажайып ертегілерден ежелгі адамдардың космогониялық ұғым-наымдарын ғана танып қоймаймыз, сонымен бірге мал баққан тайпа өмірінің экономикалық тұрмысын, тіпті көптеген ертегі кейіпкерлерінің әлеуметтік негізін аңдап отырып ишараны да табамыз» [25, 50], – деген пікірден біз мифологиялық, жалпы дүниетанымдық жайттардың жөн-жобасын байқаймыз.

Мәтінді лингвофольклортанулық тұрғыдан зерттеуде интралингвистикалық бір аспектіге синтаксистік түзілістер жатады. «Жар-жар» мәтінінің синтаксистік түзілісі туралы: «Жар-жардың» әр шумағы образдық-синтаксистік параллелизмге құрылады және алғашқы екі жол тікелей жанастылығы жоқ жайларды баян етеді де, сондағы образбен терең мағыналы түрде астасып жатқан соңғы жолдарда ғана негізгі мән ашылады [25, 38]», – деген пікірі теориялық бір заңдылық болатынына сенім зор.

Фольклорлық шығармалардағы «образдық-поэтикалық желі» туралы идея М.О. Әуезовке тиесілі. Бұл желі таза, бірыңғай әдебиеттанулық ыңғайда айқын көріне алмайды. Лингвистикалық зерттеуге тартқанда ғана бұл толымды болып шығады. Мәселен, ғалымның: «Жоқтаудың» образдық-поэтикалық желісінде салыстырыла алынған бейнелер мен теңеулер көп ұшырасады, өлген адамды мадақтағанда бояуы қалың эпитеттер мен метафоралар қолданылуы шарт [25, 47]», – деген сияқты пікірлері көркем мәтінді лингвистикалық талдау пәнінің тұрғысынан кешенді зерттеуге жол көрсетіп тұр.

Лингвофольклортануда фольклорлық мәтін мәселесі ерекше орын алады. Фольклорлық мәтінтануда тұрмыс-салт жырларын зерттеуде М.О. Әуезов айтқан «тұрақты текст» мәселесі айрықша назар аударуды қажет етеді [25, 37].

Фольклорлық мәтіннің түзілімі жөнінде М.О. Әуезов нақты тоқтамдар жасады. Соның бірі – фольклорлық мәтіннің жанрлық тұрғыдан құрастырылуы туралы мәселе. Мәселен, ірі

эпикалық туындылардың құрамында тұрмыс-салт жырларының келуі фольклор мәтіндерін тілдік-жанрлық тұрғыдан зерттеу міндетін алға тартады: «Эпостық дастандардың шығу тегі сөз болғанда олар тұрмыс-салт жырларының негізінде туды деп айтуға кәміл болады» [25, 64]. Ғалым келтірген мына сияқты айғақтар лингвофольклортанулық тұғырлауды қажет етеді: «Естірту» эпоста да ұшырасады. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы Тазшаның сұмдық түс көріп естіртуі. «Ер Сайын» жырында 40 жігіттің Сайын қаза тапқанын естірту үшін Аю Бикешке айтқан хикаясы [25, 46]»; «Дастан («Қозы Көрпеш-Баян сұлу». – Ж.Ж.) он бір буынды кара өлең ұйқасымен шығарылған. Бірақ эпикалық баяндау сарынына тұрмыс-салт жырларының үлгілері жиі араласып отырады. Қазақ фольклорының шағын формаларын өз бойына дәл осы дастандай мол жинаған көне шығарма жоқ болар. ... Бұлардың бәрі-бәрі дастанның сюжеттік желісіне қабыса кірігумен бірге дербес көркем шығармаға тән қасиеттерді де танытады [25, 72].

Интертекстуалдылық құбылысы қазір көркем әдебиеттегі постмодернизм құбылысымен байланыстырылады. Бұл құбылыстың тілдік көріністері лингвистер тарапынан келтірінді құрылымдар ретінде қарастырылып келеді. Ал фольклорлық шығармалардағы интертекстуалдылық арнаулы зерттеу нысанына іліге қойған жоқ.

М.О. Әуезовтің еңбектерінен әр түрлі халықтардың фольклорларының арасында интертекстуалдылық байланыс бар екенін байқауға болады. Мұның тілдік репрезентациясын зерттеу – лингвофольклортанушылардың алдында тұрған бір міндет.

М. Әуезовтің фольклордағы интертекстуалдылық құбылысын әлемдік фольклордың контекстінде қарап, әр халықтың, соның ішінде қазақтардың, өз танымы мен болмысына орайластыруы ретінде қарайтыны байқалады. Ғалымның мына бір пікірлері осыны байқатады: «... басқа халықтардан алмасып алынған сюжеттік желілер өңделіп сұрыпталады, өзгереді, жаңа халықтық негіз табады, яғни сол ертегілердің қазақша айтылған нұсқалары туады. Сол нұсқаларға қазақ халқының тарихы мен мен тұрмысына хас ұғым-нанымдардың, әралуан әлеуметтік топтардың дүниетануы мен дүниеге көзқарасының экономикалық-әлеуметтік ерекшеліктерінің ықпалы тигендігі де даусыз» [25, 49].

М. Әуезов пайымдауынша, интертекстуалдық сюжеттік байланыстар мына жайттан байқалады: «Сюжеттің кейде үзік-үзік болып бөлінетіндігі де байқалады. Мұндай жағдайда алмасқан сюжет қазақ нұсқасына тұтас күйінде емес, жекелеген сарындар мен ситуациялар түрінде енеді. Сюжеттің осындай жекелеген элементтерінің тіпті қазақтың төл ертегілерінің желісіне еніп кететін кездері де болады. Мәселен, қиял-ғажайып ертегілерде жалмауызға қоса перілер мен диюлар (араб-парсы ертегілерінен ауысқан) да жүреді. Сол сияқты, орыс ертегілеріне мейлінше хас аю, түлкімен бірге үй хайуанаттары, қойшы қоса жүреді. Соңғылар – қазақ ертегілерінің кейіпкерлері. Олар алмасып алынған сюжетке қазақтық нәр-нақыш беріп тұр» [25, 49].

Фольклордағы интертекстуалдық құбылыстардың бірі әр халықтың ауыз әдебиетінде ортақ кейіпкерлердің болуы: «Бұл кейіпкерлермен қатар қазақ ертегілерінде арыстан, аю, жолбарыс, түлкі де жүреді. Бұл ертегілерді қазақтың төл ертегілері деп атауға болар еді. Бірақ онда бұл хайуанаттар орыс ертегілеріндегідей сипаттарымен бейнеленген. Сондықтан бұл жәйттер алмасып алынған деп түйін жасауға әбден болады. Хайуанаттар жайындағы ертегілер – бар халықтың фольклорындағы ең ежелгі әрі ортақ түр. Оны тіпті санскриттік Панчантрадан да табамыз. Сондықтан хайуанаттар жайындағы ертегілер араб-иран фольклорынан алмасып алынған деуге де болар еді. Бірақ оларда бұл ертегілердің тақырыбы онша дамып өрбімеген, айталық, орыс ертегілеріндегіден әлдеқайда аз. Аю, түлкі, жолбарыс жайындағы ертегілердің жалпы сипаты, олардың юмористік, кейде мысалдағыдай болып келетін өзгешелігі қазақ ертегілеріне орыс фольклоры әсер еткенін, тіпті кейде тікелей алмасып алу болғандығын дәлелдейді. Бұл ертегілерге қой, түйе сияқты және басқа да қазақ тұрмысына хас кейіпкерлердің кіргізілуі – қазақ фольклоры енгізген, өңдеген өзгерістер» [25, 52].

М.Әуезов еңбектерінің қазақ фольклорын жанрларға жіктеуде, олардың ерекшеліктерін сипаттауда орны бөлек. Фольклорлық жанрлардың тіл қолданыстағы ерекшеліктерін іздеуде оның мына сияқты пікірлерін тірек етуге болады. Мәселен, аңыздардың тілдік ерекшеліктерін

зерттеуде «Қорқыт атын торығып түңілудің, өмірден безудің символы етіп көрсету» туралы [25, 56], «Қазақ халқы өзінің бүкіл тарихы жолында Асан есімін өктемдікке қарсылықтың символындай сезгені» [25, 57] туралы пікірлерін нақты айғақ ретінде пайдалануға болады.

Жұмбақтар мен мақал-мәтелдердің тілдік түзілісі жөнінде ғалымның пікірлері де әдістанулық тірек бола алады. «Қазақ мақал-мәтелдерінің, жұмбақтарының дені өлең түрінде келеді. Және сондағы сөздердің өзара үндесіп, үйлесіп, ассонанс, аллитерациялардың мол болатындығына қайран қаласың. Мағына-мәні де мейлінше терең болады: мәселен; «Сұлу – сұлу емес, сүйген - сұлу», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ». Мұнда ішкі ұйқастар да күшті [25, 62].

«Жалпы жұмбақты – сөз образының кілті есебінде тануға болады»/294/; «Сөз мағынасын «топтап, жалпылап» «жалқылап, саралап, тармақ-тармағына бөліп» айтады, «әр алуан түрде суреттейді», «көрінісіне қарап сипаттайды», «дыбысына қарай бейнелейді» [25, 296], «қосарлап, парлап айтылатыны» /296/, «Осы жайлардың барлығын жұмбақ және де ақындық сөзбен, теңеу салыстырумен келтіреді» [25, 298] деген айғақтары – жұмбақ жанрын тілдік зерттеуде басшылыққа алуға болатын айғақтар.

Эпстық жырларда жиі кездесетін «Қазан» топонимінің этимологиясын да осы еңбектен табамыз [25, 66].

М.О. Әуезовтің фольклорлық шығармаларды бағалауда бірінші орынға оның тілін қоятыны байқалады. Мәселен, «Қыз Жібек» жырын ең үздік шығарма ретінде бағалауына тілдік айғақтар тірек болған: «Қазақтың өткеннен қалған эпостық мұрасының ішінде «Қыз Жібек» жыры асқан көркемдігімен ерекшеленіп, оқшау танылады. Дастанның мол да алуан түрлі формасы оның күрделі де шебер композициялық құрылысымен үйлесе үндесіп келген. Жырдың тілі де өте шебер. Тамаша бейнелі, өрнек-нақышқа бай. Жырдың бейнесі нағыз ұлттық образ болып кетуінің сыры да осында» [25, 74].

Пайдаланылған әдебиет:

- 1 Georges, Robert A., and Michael Owen Jones. *Folkloristics, an Introduction*. Bloomington: Indiana University Press, 1995.
- 2 1964. *Texture, Text, and Context*. *Southern Folklore Quarterly* 28:251-65.
- 3 Georges, Robert. 1980. *Toward a Resolution of the Text/Context Controversy*. *Western Folklore* 39:34-40.
- 4 James Alexander Kapaló. *Text, Context and Performance: Gagauz Folk Religion in Discourse and Practice*. Brill. 2011
- 5 Anette Kabanov "Ol'ga Michajlovna Frejdenberg, 1890-1955: eine sowjetische Wissenschaftlerin ...", Wiesbaden, 2002.
- 6 Hermann Bausinger: *Zur Kritik der Folklorismuskritik*. In: Hermann Bausinger (Hg.): *Populus Revisus*. Tübingen 1966, S. 61–75.
- 7 Die Türken von Vidin: Sprache, Folklore, Region, Gyula Nemeth, Budapest Akademiai Kiadó, 1965.
- 8 Sprache, Literatur, Folklore bei Vuk Stefanović Karadžić: Beiträge zu einem Internationalen Symposium, Göttingen, 8.-13. Februar 1987.
- 9 Пропп В.Я. Фольклор и действительность. – Москва: Издательство «Наука», 1976. – С. 35.
- 10 Утехин Н.П. Жанры эпической прозы. – Ленинград: Наука, 1982.
- 11 Кравцов Н.И., Лазутин С.Г. Русское устное народное творчество. – Москва: «Высшая школа», 1977.
- 12 15. «Язык фольклора: Хрестоматия / Сост. А,Т. Хроленко.»: Москва: Флинта, Наука, 2005.
- 13 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. // Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – Б. 137-298.
- 14 Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы : Ана тілі, 1991.
- 15 Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: «Ғылым», 1974.

- 16 Қасқабасов С. Шығармалары. Т.1. Жаназық. *Әр жылғы зерттеулер*. – Астана: Фолиант, 2011.
- 17 Жұбанов Е. Қазақ ауыз әдебиеті және әдеби тіл» // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары (Мақалалар жинағы). – Алматы, 1981. – Б. 145-157; Ауызекі поэзия тілін зерттеудің лингвистикалық аспектілері. // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы, 1977, № 4. – Б. 61-68; Эпос тілінің өрнектері. – Алматы, 1978.
- 18 Кусимова Г. Қазақ эпосындағы фразеологизмдердің лексико-грамматикалық ерекшеліктері // Қазақ тіліндегі сөз тудыру проблемалары: Жоғары оқу орындарының профессорлары мен оқытушыларының ғылыми мақалалар жинағы (Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді Абай атындағы педагогика институты) Алматы, 1985. – Б. 58-66; Сонікі: Қазақ эпосындағы фразеологизмдердің семантикалық ерекшеліктері // Совет дәуірінде қазақ әдеби тілін нормаландыру мәселелері: Жоғары оқу орындарының профессорлары мен оқытушыларының ғылыми мақалалар жинағы (Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді Абай атындағы педагогика институты) Алматы, 1985. – Б. 26-33.
- 19 Мухатаева А. Ж. Этнолингвистические изучение лексикки казахского эпоса // Автореф. дис. ... кад.фил. наук. Алма-Ата, 1989.– 32 с.
- 20 Құсманова К. «Біржан-Сара» айтысының тілдік ерекшеліктері. – Өскемен, 2004.
- 21 Ғұмарова М. «Қыз Жібек» лиро-эпосының ғылыми басылымын баспаға әзірлеу тәжірибесінен // Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі. Алматы, 1983. – Б. 128-149; Сонікі: Уәлиханов жинаған «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» нұсқасының тексі жайлы // Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі. Алматы, 1983. –Б. 113-128; «Қамбар батыр» эпосының ғылыми басылымын баспаға әзірлеу тәжірибесінен // Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі. Алматы, 1983 –Б. 87-113.
- 22 Құсманова К. Айтыс өлеңдерінің лингвомәдениеттанымдық сипаты: мәдени кеңістіктегі ұлттық стереотиптер: филол. ғыл. д-ры ... дис. автореф. – Алматы, 2010.
- 23 Қазақ лингвофольклортануы. Ұжымдық монография. – Астана: ЕҰУ, 2017.
- 24 Хайдеггер М. Время и бытие: Статьи и выступления: Пер. с нем. – М.: Республика, 1993. – 447 с.
- 25 Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962.

Ж.А. Жакупов

ДЕФИНИЦИЯ ВКЛАДА М. АУЭЗОВА В ЯЗЫКОВО-ЖАНРОВОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ КАЗАХСКОГО ФОЛЬКЛОРА

Статья написана в рамках научного проекта «Языково-жанровое исследование казахского фольклора».

Языково-жанровое исследование казахского фольклора является наиболее актуальным вопросом выявления национального кода в процессе духовного обновления казахстанского общества, что указано в программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

В статье определяется уровень языково-жанрового исследования казахского фольклора. Оценивается вклад литературоведов и лингвистов в такие исследования. В объект изучения в трудах казахских ученых-филологов привлекается, в основном, один из видов фольклорных жанров. Жанр фольклора исследуется в качестве текста с характерными языковыми особенностями, и каждый ученый делает это по-своему. То есть, не ставится цель исследовать в комплексном плане жанры фольклорных текстов, следовательно, постановка новой цели и новых задач языково-жанрового исследования становится необходимостью. В решении таких задач неоценимый вклад внесет труды академика М.О. Ауэзова.

Zh.A. Zhakupov

DEFINITION OF THE CONTRIBUTION OF M. AUEZOV TO LINGUISTIC-GENRE STUDY OF KAZAKH FOLKLORE

The article is written in the framework of the scientific project "Language and Genre Study of Kazakh Folklore". It comes as no surprise that, linguistic-genre study of Kazakh folklore is regarded as the most urgent issue of identifying the national code in the process of spiritual renewal of Kazakhstan society, which indicated in the program article "Course towards the future: modernization of Kazakhstan's identity "

The level of linguistic-genre research of Kazakh folklore is determined in the given article. Moreover, the contribution of literary scholars and linguists to such studies is assessed. Basically, one of the types of folklore genres is considered as the object of the study in the works of Kazakh scholars, philologists. The genre of folklore is explored as a text with characteristic linguistic features, and each scientist does it his own way. That is, the goal is not to investigate the genres of folklore texts in a complex plan, therefore, setting a new goal and new tasks of linguistic-genre study becomes a necessity. The works of Academician M.O.Auezov are made an invaluable contribution in solving such problems.

УДК 462.811.1/9

Н.З. Жуманбекова

Евразийский национальный университет им. Л. Гумилева

Астана, Казахстан

Nurkesh2009@mail.ru

PHRASEOLOGISCHE MODIFIKATIONEN UND IHRE KOMMUNIKATIV- PRAGMATISCHEN FUNKTIONEN IM ZEITUNGSTEXT

*Der Artikel ist dem Problem der phraseologischen Modifikationen in den Zeitungstexten gewidmet. Unter den phraseologischen Modifikationen verstehen wir okkasionelle, situative und textuelle Veränderungen der Form und des Inhalts der festen Wortverbindungen. Die Phraseologen (D.Dobrovol'skij, 2009; S.Ptaschnyk, 2009) betrachten okkasionelle Modifikationen im Vergleich zu usuellen Phraseologismen und phraseologischen Varianten. Am Beispiel der Idiom-Passivierung zeigt D.Dobrovol'skij die Modifikationen der Idiomstruktur. In der Forschungsarbeit werden semantische Voraussetzungen und semantisch-syntaktische Bedingungen dafür überprüft. In der Forschung werden verschiedene Fälle der okkasionellen Modifikationen der Phraseologismen analysiert, z.B. die Ersetzung des Substantivs **Gras** auf **Grab** in den Wendungen ins **Gras** beißen- ins **Grab** beißen.*

Schlüsselwörter: Phraseologische Modifikation, okkasionelle, situative und textuelle Veränderungen, kommunikativ-pragmatische Funktion der Zeitungstexte

In der Fachliteratur der letzten Jahre sind die neuen Trends in der Phraseologieforschung zu beobachten. Dabei werden nicht nur die strukturellen Besonderheiten der Phraseologismen unter dem vergleichenden Aspekt, sondern auch die funktional-pragmatischen Potenzen der festen Wendungen im Text untersucht.

Die theoretische Grundlage der Forschung basiert sich auf die Tradition der kognitiven Phraseologieforschung. Die Problematik der phraseologischen Modifikationen wird in einigen Forschungsarbeiten der Linguisten seit etwa vier Jahrzehnten diskutiert [1, 11-28], [2], [3, 61-93], [4] [5, 541-554].

Unter den phraseologischen Modifikationen verstehen wir okkasionelle, situative und textuelle Veränderungen der Form und des Inhalts der festen Wortverbindungen in den Zeitungstexten. Sie

dienen als Mittel des normativen intentionalen Gebrauchs und bereichern den Wortbestand. Sie sind außerdem ein effektives und expressives pragmatisches Stilmittel.

Die Phraseologen betrachten okkasionelle Modifikationen im Vergleich zu usuellen Phraseologismen und phraseologischen Varianten. Am Beispiel der Idiom-Passivierung zeigt D. Dobrovolskij die Modifikationen der Idiomstruktur. Die Bedingungen für die Passivierung der Idiome nach D. Dobrovolskij sind:

1. Allgemeine semantische Voraussetzung
2. Semantisch-syntaktische Bedingungen

Weitere Ergebnisse werden so formuliert „Das syntaktische Verhalten der teilbaren Idiome erinnert vielmehr an das syntaktische Verhalten nichtidiomatischer Wortverbindungen, während die nichtteilbaren Idiome hinsichtlich der transformationellen Bedingungen eher den Wörtern ähnlich sind.“ [3, 61-93].

In der Forschungsarbeit werden semantische Voraussetzungen und semantisch-syntaktische Bedingungen dafür überprüft. Von verschiedenen Fällen der okkasionellen Modifikationen der Phraseologismen zeigen folgende Beispiele, *ins **Gras** beißen- ins **Grab** beißen*. Hier beobachten wir die Ersetzung des Substantivs **Gras** auf **Grab**, was zur Verstärkung des pragmatischen Effekts führt.

Das Ziel der Forschungsarbeit besteht in der Aufdeckung relevanter Bedingungen für die phraseologischen Modifikationen in den Zeitungstexten.

Ausgehend aus dem Ziel wurden folgende Forschungsaufgaben gelöst:

- 1) Die strukturell-semantische Klassifikation der Phraseologismen dargestellt;
- 2) Phraseologische Modifikationen in der Deutschen Allgemeinen Zeitung präsentiert;
- 3) Die kommunikativ-pragmatischen Potenzen der Phraseologismen in der Deutschen Allgemeinen Zeitung kurz beschrieben.

Als Forschungsmaterial dienten Zeitungstexte der DAZ vom Oktober- und November-Ausgaben 2016, Sammlung von Phraseologismen aus der Deutschen Allgemeinen Zeitung.

Bei der Untersuchung der Verwendung und Modifikation 60 phraseologischer Ausdrücke aus den 50 Zeitungsartikeln es auf, dass sich Phraseologismen in unterschiedlicher Weise variieren. Hier unterscheiden wir strukturelle Modifikationen und semantische Modifikationen. Phraseologische Modifikationen (PM) haben nach dem semantischen Kriterium zwei Untertypen:

- a) PM mit der Erhaltung der denotativen Bedeutung;
- b) PM mit der teilweisen Erhaltung der denotativen Bedeutung.

Strukturelle phraseologische Modifikationen sind die lexischen und syntaktischen Veränderungen der Ausdrücke und ihre Funktionen im Text.

Der Phraseologismus *sich (Dativ) ein Bild von jmdm./etwas machen* – sich über jmdn., etwas informieren und eine Meinung bilden (Duden Redewendungen, 2008) wird im Kontext als *ein Bild über Kasachstan machen*. Die Präposition *über* wird anstelle der Präposition *von* gebraucht. Die Semantik des Ausdrucks verändert sich nicht und bedeutet *sich über jmdn., etwas informieren und eine Meinung bilden*.

Der nächste Typ der Modifikation ist die Ersetzung des verbalen Komponents im Phraseologismus:

Der Austausch des Verbs *brennen* durch das Verb *wegbrechen* wird dem Textproduzenten erlaubt, den Sinn der phraseologischen Basis derart umzugestalten, dass sie mit der Intention des Artikels übereinstimmt, vgl.: *bricht der Boden unter seinen Füßen weg*- jmd ist aufgeregt, besorgt - *jmdm. brennt der Boden unter den Füßen* (ugs.) jmdm. wird es an seinem Aufenthaltsort zu gefährlich; jmd. spürt, dass er in Gefahr ist.

Im Zeitungstext verwendet der Autor diese Wendung wie folgt: “Immer genau dann, wenn Jakob seinem Traum besonders nahe zu kommen scheint, *bricht der Boden unter seinen Füßen weg* und er fühlt sich gezwungen, in der Heimat zu bleiben.“

Eine ähnliche, kontextbezogene Substitution findet man im nächsten Zeitungsartikel “Gefangen zwischen Heimat und Ferne“ von Anne Grundig.

Durch den Austausch der verbalen Komponente (*stecken* statt *setzen*) wird diese Substitution in den Phraseologismen *mit dem Kopf stecken* – *sich (Dativ) etwas in den Kopf setzen* etwas unbedingt

tun, haben, durchsetzen wollen; fest entschlossen sein, etwas zu tun, kreativ an den Kontext angepasst:

„Er lernt sogar die Sprache der Indianer Südamerikas und schmiedet Pläne, mit seiner großen Liebe Jettchen den Westen aufzubrechen. *Mit dem Kopf steckt* Jakob längst in der Ferne, während seine Füße in der Heimat verankert sind.“

Die kontextuellen Anpassungen können infolge einer Erweiterung realisiert werden. So finden wir die Modifikationserweiterung des Phraseologismus *festen Fuß fassen* im Zeitungsausdruck als *seine Füße sind in der Heimat verankert*.

Der Phraseologismus *festen Fuß fassen* bedeutet „sich nach einer geraumen Zeit in einer neuen Umgebung integrieren (und durchsetzen); sich einen festen Platz schaffen; sich nach einer gewissen Zeit an eine neue Umgebung gewöhnen; heimisch werden.“

Durch die Erweiterung des Konstituentenbestandes passt sich die phraseologische Modifikation *seine Füße sind in der Heimat verankert* dem Zeitungstext an, indem er auch die Bedeutung „heimisch werden“ unterstreicht:

„Mit dem Kopf steckt Jakob längst in der Ferne, während *seine Füße in der Heimat verankert sind*.“

Die Reduzierung der phraseologischen Basis hat auch ihre Funktion. Zum Beispiel, der Phraseologismus *jmdm (mit Rat und Tat) zur Seite stehen* wird als modifizierte Parformel *Seite an Seite* im Text verwendet. Die Semantik des ersten Ausdrucks -jmdm. mit Ratschlägen und Hilfeleistungen helfen- übernimmt im Kontext durch die elliptische Zwillingsformel die Funktion des Adverbs:

„*Seite an Seite* mit anderen sowjetischen Nationalitäten haben die Sowjetdeutschen alles für den Sieg hergegeben – sowohl an der Front als auch im Hinterland.“

Phraseologische Modifikationen und ihre kommunikativ-pragmatische Funktionen in der Deutschen Allgemeinen Zeitung. Die Phraseologismen haben in den Presstexten verschiedene Funktionen und bieten spezifische Möglichkeiten zum Textaufbau an. In diesem Teil der Forschungsarbeit wurde das phraseologische Bild der Zeitung „DAZ“ bestimmt, kommunikativ-pragmatische, funktional-kommunikative und textbildende Potenzen der Phraseologismen in der Deutschen Allgemeinen Zeitung festgestellt. Außerdem ist die Klassifikation der strukturellen Modifikation der Phraseologismen (lexische und grammatische Variationen) und ihre kontextuellen Modifikationen präsentiert.

Was strukturelle und semantische Besonderheiten phraseologischer Modifikationen angeht, steht an erster Stelle hinsichtlich der Produktivität die Austauschbarkeit von lexikalischen Konstituenten. Zahlreich sind situative Bildungen, wo das austauschbare Lexem in der Semantik in gewisser Weise konkretisierend wirkt. Die modifizierten Phraseologismen erhalten somit eine etwas andere bildliche Motiviertheit und stehen zur Basiseinheit im Verhältnis der Synonymie.

Dies lässt sich an der situativen Bildung illustrieren: *ein Bild über Kasachstan machen* gegenüber der kodifizierten Form *sich (Dativ) ein Bild von jmdm./etwas machen* – sich über jmdn., etwas informieren und eine Meinung bilden [6].

Oder: *sich in tiefe Schulden verstricken* gegenüber der kodifizierten Form *bis an den/über den/zum Hals in Schulden stecken* - stark verschuldet sein [6].

Textbezogene austauschbare Konstituenten der Phraseologismen bilden ein charakteristisches Merkmal der Darstellungsart. Das Wesen solcher Realisierung der Phraseologismen besteht darin, dass die jeweilige austauschbare Konstituente in ihrer eigentlichen Bedeutung verwendet wird und nur aus dem gegebenen Text zu verstehen ist, z.B.:

1) Phraseologische Modifikation *ein Bild über Kasachstan machen*“ im Vergleich zu der Phraseologische Modifikation *ein Bild von etw machen*:

„Während meiner vier Monate als Austauschstudentin in Almaty letztes Jahr sowie meines jetzigen Sommerpraktikums bei der Deutschen Allgemeinen Zeitung habe ich die Gelegenheit wahrgenommen, mir aus einem interkulturellen Blickwinkel *ein Bild über Kasachstan zu machen*.“

Einer großen Frequenz erfreuen sich textgebundene Modifikationen, die in der Erweiterung bzw. Präzisierung der Konstituenten bestehen. Die Erweiterung kann in Form einer

Zusammensetzung erfolgen, wo die erste Komponente der Zusammensetzung eben situativ- oder textgebunden ist:

2) Phraseologische Modifikation *sich mit dem Kopf stecken* im Vergleich zu der Phraseologischen Modifikation (*Dativ*) *etwas in den Kopf setzen* (etwas unbedingt tun, haben, durchsetzen wollen; fest entschlossen sein, etwas zu tun)

„Er lernt sogar die Sprache der Indianer Südamerikas und schmiedet Pläne, mit seiner großen Liebe Jettchen gen Westen aufzubrechen. *Mit dem Kopf steckt* Jakob längst in der Ferne, während seine Füße in der Heimat verankert sind.“

3) Phraseologische Modifikation *seine Füße sind in der Heimat verankert* (an diesem Ort heimisch werden) im Vergleich zu der Phraseologischen Modifikation *festen Fuß fassen* (sich nach einer geraumen Zeit in einer neuen Umgebung integrieren (und durchsetzen); sich einen festen Platz schaffen; sich nach einer gewissen Zeit an eine neue Umgebung gewöhnen; heimisch werden;

4) Phraseologische Modifikation *der Boden unter seinen Füßen wegbrechen - jmdm. brennt der Boden unter den Füßen (ugs.)* im Vergleich zu der Phraseologischen Modifikation jmdm. wird es an seinem Aufenthaltsort zu gefährlich; jmd. spürt, dass er in Gefahr ist [6].

„Immer genau dann, wenn Jakob seinem Traum besonders nahe zu kommen scheint, *bricht der Boden unter seinen Füßen weg* und er fühlt sich gezwungen, in der Heimat zu bleiben. Die Tragödien des Lebens – Tod, Krankheit, Verlust – haften wie Ketten an seinen Füßen.“

Die quantitative Analyse der phraseologischen Einheiten vom Typ der Paarformeln hat ergeben, dass sie in den Zeitungstexten nach verbalen Phraseologismen noch eine Gruppe bilden. Die funktionale Charakteristik der Paarformeln in den Texten der Presse wird in der Forschung als verstärkend bezeichnet.

Diese allgemeine Charakteristik ist aber im Weiteren zu präzisieren, denn sowohl der Bestand der Paarformeln, d.h. ihre Arten als auch ihre funktionalen Leistungen weisen in verschiedenen Textsorten zusätzliche Merkmale auf. Zu den textbildenden Leistungen der Paarformeln in den verschiedenen Genres der Presse gehört die Ausnutzung der Modellierbarkeit. Neben kodifizierten Zwillingsformeln werden situative Paarformeln gebildet:

1) Phraseologische Modifikation *Seite an Seite* im Vergleich zur Phraseologischen Modifikation *jmdm. (mit Rat und Tat) zur Seite stehen* - jmdm. mit Ratschlägen und Hilfeleistungen helfen (Duden - Redewendungen, 2008) wird im Text so verwendet:

„Das Jahr 2015 stand ganz im Zeichen der Gedenkfeier „70 Jahre Sieg über den Nationalsozialismus“: Zeitzeugen erinnerten sich an die entsetzliche Zeit vom 22. Juni 1941 bis 9. Mai 1945, in der die Sowjetunion um Leben und Tod gegen die Nationalsozialisten kämpfte. *Seite an Seite* mit anderen sowjetischen Nationalitäten haben die Sowjetdeutschen alles für den Sieg hergegeben – sowohl an der Front als auch im Hinterland.“

2) Phraseologische Modifikation *Hand in Hand* im Vergleich zu Phraseologischen Modifikation *Hand in Hand arbeiten* wird in der Kurzform gebraucht:

„Dabei ist auch die gute Zusammenarbeit mit der Krankenhauseelsorge des Diakonie Krankenhauses Kirn wichtig. „Ich bin froh, dass das problemlos funktioniert. Wir arbeiten *Hand in Hand*“, so Schmelzer, die zudem tatkräftig von ihrer Stellvertreterin, Manuela Späth, unterstützt wird.“

Die Konstituenten dieser Paarformeln befinden sich in den meisten Fällen im Verhältnis der Ergänzung, der Präzisierung oder Synonymie. Vgl. *Freude und Stolz; fest und widerruflich; interessant und rege; blühen und gedeihen; entwickeln und stärken*.

Die angeführten und andere Fälle führen zum folgenden Schluß, dass die pragmatisch bedingten Besonderheiten der phraseologischen Modifikationen die textbildende Funktion erfüllen. Sie sind eine der Unterstützungsmittel für die Textkohärenz, bilden ein bestimmtes emotives Kolorit und verleihen der Mitteilung die Expressivität.

Список литературы

- 1 Burger, Harald: Funktionen von Phraseologismen in den Massenmedien. In: Aktuelle Probleme der Phraseologie. Bern: Peter Lang, 1987, S. 11-28. ISBN 3-261-03715-6
- 2 Burger, Harald: Phraseologie. Eine Einführung am Beispiel des Deutschen. Berlin: Erich Schmidt Verlag, 2003. ISBN 3-503-06170-9
- 3 Dobrovolskij, Dimitrij/ Piirani, Elisabeth. (2009) Zur Theorie der Phraseologie. Kognitive und kulturelle Aspekte. S.61-93- Stauffenburg Verlag Brigitte Narr GmbH
- 4 Ptaschnyk Stefaniya. 2009. Phraseologische Modifikationen und ihre Funktionen im Text: Eine Studie am Beispiel der deutschsprachigen Presse (Phraseologie und Parömiologie 249). Hohengehren: Schneider.
- 5 Sabban, Annette (1999): Okkasionelle Variationen von Phrasemen im Spannungsfeld zwischen Zeichenbeschaffenheit und Kontextbezogenheit. In: *Nouveaux Cahiers d'Allemand. Revue de linguistique et de didaqtique* 17/3, 541-554
- 6 DUDEN 11 = Wermke, Matthias et al. (Hrsg.) (2002): Duden. Redewendungen, 2., neu bearbeitete und aktualisierte Auflage. Mannheim: Dudenverlag.

Н.З. Жуманбекова

ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИЕ МОДИФИКАЦИИ И ИХ КОММУНИКАТИВНО-ПРАГМАТИЧЕСКИЕ ФУНКЦИИ В ГАЗЕТНОМ ТЕКСТЕ

Под фразеологическими модификациями понимаются окказиональные явления устойчивых сочетаний. Они служат средством выразительности в текстах газет и обогащают словарный состав.

*В данной статье представлен краткий анализ более 60 фразеологических единиц в их окказиональном варианте, которые соотнесены с единицами, зафиксированными в словаре. Окказиональные модификации фразеологических единиц отобраны из текстов немецкоязычной газеты *Deutsche Allgemeine Zeitung*, издаваемой в Казахстане.*

*Встречаются фразеологические вариации различных типов: модификации вербальных (*wie jmdm. unter die Arme greifen*), субстантивных (*ein unbeschriebenes Blatt sein*), адъективных (*das blaue Gold*, к ним отнесены и парные сочетания *mit Ach und Krach*), и компаративных фразеологизмов (*wie angewurzelt stehen*) в текстах *Deutsche Allgemeine Zeitung*.*

N.Z. Zhumanbekova

PHRASEOLOGICAL MODIFICATIONS AND THEIR COMMUNICATIVE AND PRAGMATIC FUNCTIONS IN THE NEWSPAPER TEXT

Phraseological modifications are understood as occasional phenomena of stable combinations. They serve as means of expressiveness in the texts of newspapers and enrich the vocabulary.

*This article presents a brief analysis of more than 60 units in their idiomatic occasional embodiment, which are correlated with the units fixed in a dictionary. Occasional modifications of phraseological units are selected from the texts of German-language newspaper *Deutsche Allgemeine Zeitung*, published in Kazakhstan.*

*There are phraseological variations of various types modifications verbal (*wie jmdm unter die Arme greifen*), nominal (*ein unbeschriebenes Blatt sein*), adjectives (*das blaue Gold*) and it assigned and paire combination (*mit Ach und Krach*), and comparative phraseological units (*wie angewurzelt stehen*) in texts of *Deutsche Allgemeine Zeitung*.*

Л.Ә. Ибраймова¹, А. Б. Шормакова²
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті¹
Еуразия гуманитарлық институты²
Алматы, Қазақстан
*lira.ibraymova@mail.ru*¹, *Ashormak@mail.ru*²

ТІЛДІК САНАНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

Мақалада тілдік сананы зерттеудегі ғылымда қалыптасқан кейбір қарама-қайшылықтар туралы сөз болады. Сонымен қатар оның ғылыми қолданысы мен түрлері ажыратылады. Тілдік сананы жіктеуде кейбір сұрақ тудыратын көзқарастарға талдау жасалған. Тілдік сананың негізгі тірегі – тіл. Психоллингвистикалық қана емес этнолингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық феномен болып табылады. Олардың әрқайсысы өз зерттеу нысаны бойынша түрлі аспектіде қарастырады.

Тірек сөздер: тілдік сана, таным, қатысымдық сана, аялық білім, когнитивтік сана, қатысым, сөйлесім әрекеті, сөйленім.

Тіл мен ойлау, тіл мен сана арасын ажырататын көзқарастар ғылымда аз айтылмаған. Психоллингвистикада тіл – ойлау – сөйлеу ұштағанында қарастыруы көп зерттеулерге арқау болған. Тіл, сана ұғымдары көне заманнан бері айтылып келе жатқанымен, әлі күнге дейін сан қырлы табиғатымен өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Тілдік сана мен оны құрайтын құрамын (образ, концепт, фреймдер т.б.) зерттеу ұлттық-мәдени және ділдік ерекшеліктерді қарастырумен барабар. Тілдік сана ұғымы психологияда, философияда, лингвомәдениеттануда, психоллингвистика мен когнитивтік лингвистикада, мәдениетаралық қатысым салаларында қарастырылады. Бұны зерттеу антропоцентризмдік парадигмада аса өзекті болып табылады. Адамның санасындағы тілді зерттеуге, басқаша айтқанда, танымның субъектісіне басымдылық беріледі.

«Тілдік сана» ұғымын орыстың психолог, әрі педагог ғалымы П.Я.Гальперин енгізген. Психологиялық тұрғыдан тіл – сананың феномені. Шыққан тегі психология мен лингвистиканың ұштасуынан болып, психоллингвистиканың негізгі зерттеу нысанының біріне айналды. Әлеуметтік лингвистика тұрғысынан тілдік сана ұлттың санасының құрамдас бөлігі болып, этностың қоршаған ортаға бейімделуі, кәсіпті тұлғаның тілдік санасының өзгеріске ұшырау сипаты ретінде қарастырылады. Этнолингвистика тілдік сананы ұлттық сана ұғымына байланыстырды.

Сонымен тіл мен сананы зерттеу мәселесі төмендегідей жағдайлардан туындады:

- тіл мен ойлауды зерттеуге деген қызығушылықтан басталды;
- психоллингвистиканың сана мен тілдік сананы ажырату мәселесін қарастыруы;
- кәсіби тілдік сана мен жалпы тілдік сана туралы мәселелер;
- кәсіпті адамның тілдік санасын анықтау маңыздылығынан.

Тілдік санадан басқа сананы қатысымдық (коммуникативтік) және когнитивтік сана деп бөледі [1].

Когнитивтік сана (танымдық сана) адамның бүкіл ойлау әрекеттерін біріктіреді. Тілдік сана мен когнитивтік сана арасындағы байланыс ділдік құрылымдардың тіл арқылы объективтенетіндігімен (кейде ділдік құрылымдар вербалдана бермейді) түсіндіріледі. Д.Б.Гудков тілдік сана мен когнитивтік сананы қабылдау деңгейі мен шынайы құбылыстарды бағалау мен категориялауға қатысты ажыратады. Түрлі тілдік ұжымға жататын сөйлеушілердің тілдік санасы тіл арқылы көрінеді [2, 97]. Сөйлеушінің ішкі әлемінің барлығы санасымен өлшенеді.

Тілдік сананы «әлемнің тілдік бейнесі» ұғымымен синоним ретінде қарастыру да бар. Әлемнің тілдік бейесі – тілдік тұлғаның санасына жазылған білімнің бір түріне жатады. Сондықтан екеуін синоним ретінде қарау теріске шығарылады.

Тілдік сананың ауқымы кең. Психолингвистикалық талдау бойынша ол сөйлесім әрекеті үдерісіне жауап береді. Когнитивтік лингвистика бойынша тілдік құрылымдардың тілдік сана арқылы бейнеленуі болмақ.

Тілдік сана когнитивтік санамен бірдей емес. Когнитивтік сана ой елегінен өткізілмеген деңгейдегі, имплицитті түрде когнитивтік бірліктер мен құрылымдармен жұмыс жасайды. Когнитивтік сана эксплицитті формаға когнитивтік құрылымдар сананың айқынды жеріне шыққан кезде ғана ие болып, тілдік деңгейде кодталады. Эксплициттенген сана әлеуметтік тәжірибе, адамзат мәдениетінің айтылу формасы ретінде болады. Бірақ бұл мағына тілдік мағынамен сәйкес келмейді.

И.С.Стернин тілдік сананы «сөздің туындауы мен оны қабылдау, тілдің санада сақталуы сияқты психикалық механизмдердің жиынтығын, яғни адамның сөйлеу әрекеті үдерісін қамтамасыз етіп отыратын психикалық механизмдер» ретінде түсіну керек дейді [3, 159]. Сонымен қатар ол тілдік сананы қатысымдық сананың бір бөлшегі ретінде қарайды. «Қатысымдық (коммуникативтік) сана – бұл адамның бүкіл қатысымдық әрекеттерін қамтамасыз ететін қатысымдық білім мен қатысымдық тетіктердің жиынтығы. Бұл сананың қатысымдық мақсаттары, қатысымдық, тілдік категориялардың жиынтығы, сонымен қатар қоғамда қалыптасқан қатысымның нормалары мен ережелері» [1]. Осы тұста ол тілдік сана мен қатысымдық сананың ара-жігін ашуда, мысалы, «таңертең, түсте, кешке амандасу тілдік сананікі болса, ал кіммен қалай, қандай интонацияда амандасуды қатысымдық сананікі» дейді. Қатысымдық сананың аясы өте тар. Өйткені бұған мысал тек амандасу-қоштасу формасында ғана болып тұр. Адам өмірі қатысымнан (коммуникациядан) ғана тұрмайды. Жазу, оқу, көру сияқты ақпарат қабылдау көздері арқылы сананың жұмысын жүргізе алады. Жазу, оқу, көру, тыңдаудан қатысым болатыны рас. Бірақ әркез кері байланыс орнамайды. Қатысым орнау үшін кері байланыс болуы шарт.

И.С.Стернин бөліп көрсеткен сананың түрлері мыналар:

- ойлау әрекетінің нысаны бойынша: саяси, ғылыми, діни, экологиялық, тұрмыстық, топтық, эстетикалық, экономикалық т.б.;
- субъектіге қатысына қарай: гендерлік, жас ерекшелігі, әлеуметтік (кәсіби, гуманитарлық, техникалық), жеке, қоғамдық, топтық, т.б.;
- сананың қалыптасу деңгейіне қарай: дамыған, дамымаған;
- сананың негізіне жататын принциптер бойынша: ғаламдық, демократиялық, консервативтік, прогрессивтік, кертартпа сана;
- санамен қамтамасыз етілетін білім-дағдысы бойынша: креативті, техникалық, эвристикалық т.б. [1].

Сананы осылай топтастыру да, біздіңше, біржақты емес. Сананың қалыптасу деңгейі мен субъектіге қатысына қарай түрлеріне келісеміз. Ал қалған түрлері адам санасында алғашқылары білім түрінде болса, соңғы екеуі санаға әсер ететін сыртқы факторлар болуы мүмкін. Білім түрлерін төмендегідей жіктеген болатынбыз:

- жалпы білім немесе энциклопедиялық білім;
- аялық білім;
- жаңа білім;
- қорытынды білім [4, 74].

Субъектіге қатысына келгенде «тілдік тұлға» ұғымын, оның құрылым-сипатын немесе деңгейін айтпай кетуге болмайды. Кейбір зерттеулер бойынша үшке бөлінеді: «вербалды-семантикалық (тілді білуі); когнитивті (ұғым, идеялар, концепттер, прагматикалық (мақсат-мұраттар, уәждер, қызығушылықтар). Тілдік тұлғаның мазмұнына: 1) дүниетанымдық – өмірлік мән мен құндылықтар жүйесі; 2) мәдени – мәдениетті меңгеру деңгейі; 3) тұлғалық – әрбір адамда болатын жеке, терең құрам [5, 157]. Тілдік тұлғаның мұндай сипаттарының толысуы сананың қатысы арқылы болатыны даусыз.

Жаратылысында тіл мен сана бірінсіз бірі болмайды. Тіл ойды тікелей жарыққа шығарудың құралы болғандықтан, сана тіл арқылы көрініс табады. Сондықтан тілдік сананың шет-шегі қабылдау, сөйлеу актілерімен тығыз байланысты. Тіл мен сана статикалық сипатымен ұқсайды. И.А.Стернин ғылымда ойлау мен сананың нақты ара-жігі ашылмағандығын тілге тиек етіп, олардың кейде синоним ретінде қолданылатынын, кейде қарама-қайшы қойылатынын айтады. Осы тұста «сана құбылыстың статикалық, ойлау динамикалық аспектісін ерекшелеп көрсетеді. Сана – мидың өзіндік қасиеті, ойлау – сана арқылы берілген мидың әрекеті (яғни ойлау әрекеті)» [1].

Бірақ Т.Н.Ушакова сияқты ғалымдар оның динамикалық сипатының да болатынын айтады. Ол тілдік сананың екі түрін ажыратып, бірін динамикалық, екіншісін құрылымдық деп атайды. «Динамикалық – сананың жай-күйін вербалды түрде білдіру, санаға сөйлеу арқылы әсер ету, құрылымдық – субъектінің менталдық тәжірибесінің, сана әрекетінің нәтижесінде қалыптасатын тілдік құрылымдармен жасалады» [6, 13-23].

Тұрмыстық және ауызекі тілде «санасыз екен», «санасыздық биледі» сияқты жағымсыз мәндегі сөз, сөз тіркестер жиі кездеседі. Соған сәйкес, керісінше, «саналы ұрпақ», «саналы адам» сияқты жағымды қолданысы да бар. Бұлар қазақтың «айналайыны» сияқты аударуға келмейтін лакуна болып табылады. Осында сана «ар жағында түгі жоқ» (білімсіз, надан), «ақылсыз» немесе керісінше «ақылды» деген сияқты т.б. мәнде жұмсалған. Демек ауызекі қолданыста сана ақылмен теңестіріледі. Ал ақыл – түрлі білім ақпараттарының жиынтығынан тұрады.

Тіл арқылы санадағы ойдың немесе білімнің жарыққа шығатындығын лингвистер, психологтар, тарихшы ғалымдар т.т. дәлелдеп тастаған. Лингвистикалық тұрғыдан А.Н. Леонтьев сананы «қоғамдық тұрғыдан қалыптасқан тілдік мағына, ұғымдар арқылы санада түсінілетін ақиқаттың көрінісі» деп анықтайды [7, 232]. Е.Ф. Тарасов сана тікелей бақыландығын атап көрсетеді, ал сананы білдіру құралдары, ең алдымен, вербалдық құралдар болып табылады [8]. Е. Ф. Тарасов тілдік сананы тілдік құралдардың көмегімен – сөздердің, еркін және тұрақты сөз тіркестері, сөйлем, мәтіндер және ассоциативтік өрістердің көмегімен құралып, көрініс табатын сана бейнелерінің жиынтығы ретінде анықтайды. Өз сөзінде былай деген: «Тілдік сана – тілдік құралдармен субъектілердің өзі сөйлеу қатынасы барысында туындататын ілім ретінде және заттық іс-әрекетте сезім мүшелерінен алынған перцептивтік деректерді қайта өңдеу нәтижесінде санада пайда болатын сезімдік ілімдер ретінде жекелеген лексемалармен, сөз тіркестерімен, фразеологизмдермен, мәтіндермен, ассоциативтік өрістермен және ассоциативтік тезаурустармен бейнеленетін сана бейнелері» [9, 36]. Сананың тікелей бақыландығына толықтай қосыламыз. Тілдік сана вербалды құралдармен қатар бейвербалды амалдармен де көрінеді. Тілді зерттеуде көп жағдайда қарым-қатынастың бейвербалды түрін тыс қалдырып отырамыз. Адам ойын тілсіз де жеткізе алатындығы жалпыға белгілі.

Адам белгілі бір тілде сөйлейтін ортада өмір сүріп, соның мәдениетімен тәрбиеленіп, соның әдеп нормалары мен ережелерін, стереотиптік мінез-құлқын бойына сіңіреді. Көптеген зерттеушілер санада ұлттық-мәдени ерекшелігінің ізі болатындығы туралы айтады. А.А.Леонтьев ол жайды былай дейді: «...в основе мировидения и миропонимания каждого народа лежит своя система предметных значений, социальных стереотипов, когнитивных схем. Поэтому сознание человека всегда этнически обусловлено...» [7, 20]. В.В.Красных та «сананың (тілдік сананың) феномен ретінде мәдениетпен тығыз байланысты, ұлттық-мәдениетке тәуелді» деп растай түседі [10, 25].

Қ.Жаманбаева «таным мен тілдің ара қатысы, сайып келгенде, адам проблемасының өзегі – дара тұлға тұжырымдамасымен шешіледі» және оның себебі мынада дейді: «таным сыртқы дүние заттарына бағытталған тәрізді көрінгенімен, оны жүзеге асырып отырған адам болмысы тұрғысынан бағдарласақ, айтылған процестің үнемі ішке қарай (адамның ішкі дүниесіне қарай) бағытталғанын көреміз. Таным процесі адамның ішкі дүниесінің күрделі құрылымдарын тудырады және соған сәйкес сипаты да өзгеріп отырады. Осылайша, танымның жүрісін адам баласының ішкі қажеттіліктер дәрежесі (тезаурустың қалыптасуының

уәждік деңгейі (тезаурус – дүниенің тілдік моделі)) белгілейді. Күрделі терең қажеттіліктердің біріне адамның өздігінен жетілуі кіреді. Өздігінен жетілу – ерекше дара қасиет» [11, 6].

Ғалым қазақтың дара тұлғаларының шығармашылығындағы мұң концептісін зерттей отырып, құндылықты қарастырады. Ол үшін «құндылық дегеніміз – ішкі бірлігі, ішкі тұтастығы бір дүниелерден, терең негізді семиотикалық жасалымдардан құралып, сол арқылы жеке адамның сана бітімін айқындайтын жүйе. Жүйені құрап тұрған семиотикалық жасалымдардың терең негіздегі құрылымы бір (айталық, олар – діни, эстетикалық, этикалық түйсік). Үшеуіне ортақ сол құрылым ендігі кезекте бұларды біріктіріп тұрған жүйенің инварианттық құрылымы болып шығады» [11, 104]. Қ.Жаманбаева күрделі құндылыққа тілдік сананы жатқызады. «Тілдік сана – үш метақұндылықтан жасалған форма. Олар: дара тұлғаның түйсік дүниесін жасайтын ішкі интенциясы, діни шығармашылыққа өткен эстетикалық форма және символға айналған атау-сөз (символ – сөздің өзінің ішкі ниетіне, энтелехияға айналуы)» [11, 105].

«Тілдік сана – жүйелі негізде шешілетін проблема. Ол терең құрылымдардан тұрады, күрделі процестерден құралады. Оның құрылымын анықтау – білім фрагменттерін табу, іріктеу, біріктіру секілді сатылардан өткен. ... Процесс барысында білім фрагменттері өздігінен килігіп құрылымға енеді, сұрыпталып, трансформацияланып, форма түзеді (құрылымның бір бөлшегіне айналады). Білім фрагменттері тегі жағынан әр салаға қатысты, өз ішінде де түрлі сипатта ұйымдастырылған. Тілдік сана монадалардың (монада – жекелік болмыс қағидаларының бірі) әрекеттесуінен туатын күрделі болмыс болғандықтан, оның құрылымын түзуге білімнің сыртқы негіздері емес, соған қатысты әрбір саланың (эмоция, дара тұлға, символ, таным) өз ішінде де тосын, күрделі формалардан, терең ішкі процестерден тұратын білім фрагменттері тартылады [11, 105].

Қ. Жаманбаеваның еңбегінде тілдік сана ұғымының құрылымын анықтап, оның негізін эмоция мен символдан іздейді. Өз кезегінде тілдік сананы да символдың шеңберіне кіргізеді. «Өйткені символдың бір қызметі тілдік сана арқылы қолданыс табады немесе символдарды танып білу нәтижесінде тілдік сана қалыптасады. Сөйтіп, екі жақты үдеріс жүреді» [11, 4].

Тілдік сана – сөйлесім әрекетін басқарудың тетігі болып саналады және тіл бірліктерін сақтайды, қайтадан жаңғыртады, қалыптандырады. Тілдік таңбалардың үйлесімді, бірқалыпқа түсіріліп қолданылуын қамтамасыз етеді [4, 25]. Тілдік санаға, сөйлесім әрекеті мен сөйлесім актісіне, сөйлесімнің қарым-қатынас үдерісінің ұйымдасуына ұлттық-мәдени ықпал әсер етіп отырады [4, 73].

Тілдік санадағы бар хабарларды мүмкіншілігімен қалай жұмсалымға түсіру қажеттілігі мәселесі туғанда, аялық білім, оның пайда болуы сияқты күрделі құбылыстың мәнін ашу керек болады. Тіл, тілдік сана, аялық білім, сол сияқты жалпы тілдік құрылымдардың сипатын т.б. анықтау үшін, сол тілде сөйлейтін ұлттың ұлттық ерекшелігін танудың мәні зор [4, 76]. Тілдік сана ұлттық тілдің сөздік қорымен (сөз байлығымен) қалыптасады. Тілдік сана мен тіл байлығы халықтың дүние туралы танымы мен білімінің көрсеткіші. Санада болатын білімнің түрі көптігін жоғарыда айтып өттік. Солардың бірі аялық білім тілдік санада дайын тілдік таңба түрінде көрінбейді, көрінсе де, нақты бейнелі емес. Аялық білім санадағы тілдік емес деңгейге тән. Ол мағыналық бөлшектер мен сөз тіркестері түрінде емес, пресуппозициялар мен логикалық импликациялар түрінде беріледі. Пресуппозиция сөйленімнің шын мәніндегі нағыз компоненті болса, имплицитті дегеніміз «жасырын», «айтылмаған» дегенді білдіреді онда, «логикалық импликация» «логикалық жасырын бөлшектер» болады. Аялық білім – бұл жеке тұлғаның материалдық және рухани байлықтарды игеруінің нәтижесі. Оның шындық өмірге қатысы ой елегінен өткен, қорытылып шығарылған сөйленімдерінен көрініп, оған жан-жақтылық сипатын береді [12, 31]. Осы пайымның Қ.Айтмұхамедованың пікірімен үндестігін көруге болады: «Бұл тілдік емес, пресуппозиционалдық білім, ол – сананың терең деңгейіне тәуелді, бұл сыртқы материалдық дүниенің немесе оның үзіндісінің ішкі, идеалдық моделі, оны санада ұғынып, вербалдау (сөзге айналдыру) белгілі бір дәрежеде күшке түседі» [13, 50-51], – дейді. Тіпті «пресуппозицияның да аялық білімнің құрамына кіретіндігін» айтып, аялық білімнің құрылымын нақтылы дәлелмен кестелеп көрсетеді. Оларды – менталитет,

когнитивтік сана, тілдік сана, дін, салт-дәстүр, тарих, тұрмыс-тіршілік, өнер, әдебиет т.б. – бәрін бір-бірімен байланыстырады. Байқағанымыздай, мұнда тілдік сананың өзі аялық білімді құрап тұр. Аялық білім мен тілдік сана екеуі екі түрлі нәрсе екендігі анық.

Тілдік қор да, аялық білім де жүре келе пайда болған, тілдік санаға жазылған дайын мағыналық бөлшектер [4, 97]. Субъект-тіл ойдың тікелей шындығы ретінде объект-тілге айнала алады, қажет болғанда оны өзгертіп және толықтырып та тұрады. Осылайша адамдардың тәжірибелік әрекеттеріне тәуелсіз адамзат тілінің өзіндік дамуы болып жатады. Адамзат тіліне қызмет жасайтын құрылымдарды талдау тілдік сананың болуын мойындау болып саналады [14, 25].

Танымдық ғылым – адамдардың қоршаған дүниені қабылдау және танымдық қызметтерінің, пайымдау нәтижесінде белгілі бір жүйеге келтіріліп, біздің санамызда белгілі бір жүйеге түсіріліп жазылып, ділдік, яғни танымдық үдерістердің негізін құрайтын білім мен таным туралы ғылым. Көбінесе танымдық ғылым адамның ми қыртыстарына әр түрлі жолдармен келетін білімнің қалай жазылу жолдары мен сол ақпараттардың белгілі бір өңдеуге түсу жүйелерін зерттейді.

Тілдің мазмұндық жағы өзінің қатысымдық мәнін ашып қана қоймай, адамның танымдық әрекетімен тікелей байланысты. Ал тіл бірліктері танымдық мазмұнға ие. Ғалымдар тілді индивидтердің қоғамда білім алмастыру, сөйлесім үшін қызмет ететін когнитивті ақпараттың бір бөлігі ретінде қарастырады. Себебі тілдік білім жалпыланған бірліктерден құрылған, жүйеге келтірілген когнитивті ақпараттың ерекше түрі секілді қаралады. Тілдік ақпарат танымдық ақпаратты таңбалардың жиынтығы ретінде көрсетіледі [4, 8].

Сөйленімді адамның танымдық әрекетінің жемісі ретінде қарастырсақ, танымдық негіз арқылы адамның логикалық ойлауы қалыптасады. Таным сөйлеушінің қоршаған орта, қоғам, қала берді әлем туралы білімінің негізінде сипатталады. Осылай қалыптасқан сананы танымдық сана дейді.

Тілдік сана этнолингвистика, этнопсихоллингвистика, лингвомәдениеттану мен элеуметтік лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны болмақ. Нақты айтқанда, В.Гумбольдттың ізімен, сананың басқа түрлеріне қарағанда тілдік сана ұлт тілімен тікелей байланысты болып табылады. Осы жерде ұлттың тілдік санасы мен жеке адамның тілдік санасының ара-жігін ашып алған дұрыс. Жеке адамның тілдік санасы ұлттың тілдік санасына тәуелді. Алайда белгілі бір уақытта өзгеріске түсіп, жеке сипаттарымен (кәсібі, білімі, рухани ой-пікірі т.т.) ерекшеленуі мүмкін.

Сананың қай түрі болсын, көрсеткіші – тіл. Жүзеге асатын жері – сөйлесім әрекеті. Сондықтан сананы тіл мен сөйлеуден тыс қарастыру мүмкін емес. Жеке адамда энциклопедиялық білім, аялық білім, жаңа білім, қорытынды білімнің негізінде тілдік сана бекиді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Стернин И.А. Коммуникативное и когнитивное сознание / С любовью к языку. – М.– Воронеж: Изд-во ВГУ, 2002. – С. 44-51

2 Гудков Д.В. Теория и практика межкультурной коммуникации. – М.: Гнозис, 2003. – 288 с.

3 Стернин И. А. Структура концепта // Языковое бытие человека и этноса: психоллингвистический и когнитивный аспект. Вып. 10. – Барнаул, 2006. – С. 218-229.

4 Ибраймова Л.Ә. Сөйлесім синтаксисінің лингвистикалық-функционалдық табиғаты: филол. ғылым. канд. ... дисс. Алматы, 2010. – 134 б.

5 Емельянова Е. В. Языковая картина мира и языковое сознание. Международный научный журнал «Инновационная наука» №10/2015 ISSN 2410-6070

6 Ушакова Т. Н. Языковое сознание и принципы его исследования // Языковое сознание и образ мира. – М., 2000. – С. 13-23.

7 Леонтьев А. А. Основы психоллингвистики. – М., 1999. – 287 с.

8 Тарасов Е.Ф. Актуальные проблемы анализа языкового сознания // Языковое сознание и образ мира / Отв. ред. Н.В. Уфимцева. – М., 2000. – С. 24-32.

9 Тарасов Е.Ф. Межкультурное общение – новая онтология анализа языкового сознания // Этнокультурная специфика языкового сознания / Отв. ред. Н.В. Уфимцева. – М., 1996. – С. 7-22.

10 Красных В. В. Этнопсихолингвистика и лингвокультурология: курс лекций. – М.: Гнозис, 2002.

11 Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.

12 Этнопсихолингвистика. Отв. ред. Ю.А.Сорокин. – М.: Наука, 1988. – 192 с.

13 Айтмұхамедова Қ. Институционалды коммуникация: дәрігер-науқас (сөз мәдениеті аспектісі): филол. ғылым. канд. ... дисс.: 10.00.00. – Алматы, 2003.

14 Воркачев С. Г. Концепт счастья: понятийный и образный компоненты// Изв. РАН. Сер. лит-ры и языка. – 2001. – Т. 60. – №6. – С. 47-58.

Л.А Ибраймова, А.Б. Шормакова

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ЯЗЫКОВОГО СОЗНАНИЯ

В статье рассматриваются некоторые противоречия в исследовании языкового сознания, сложившиеся в науке. Наряду с этим, выяснено его научное использование и виды. Проанализированы некоторые взгляды, побуждающие различные вопросы при классификации языкового сознания. Основной опорой языкового сознания является язык. Оно является не только психолингвистическим, но и этнолингвистическим, социолингвистическим феноменом. Каждый из них рассматривает в различных аспектах в соответствии с объектом их исследования. Языковое сознание – сложное явление, рассматриваемое в различных аспектах.

L.A. Ibraymova, A. B. Shormakova

SOME ASPECTS OF THE STUDY OF LINGUISTIC CONSCIOUSNESS

Мақала көркем әдебиетте, оның ішінде қазақ повестерінде актив қолданылатын троптардың бірі – эпитеттің стильдік қызметін қарастыруға арналады. Авторлар эпитеттің жасалу жолдарына, түрлеріне жан-жақты тоқталады. Тіл білімінде және әдебиеттануда эпитетке берілген анықтамалар келтіріледі. Көркем мәтіннен жиналған эпитеттік қолданыстар жүйеленіп талданады. Бұл мысалдар арқылы эпитеттің көркем шығарма тілінде маңызды стильдік қызметімен қатар ана тіліміздің баюына, толысуына өз үлесін қосатыны анықталады.

Кілт сөздер: эпитет, троп, эмоционалды-экспрессивті лексика, полисемия, тілдік категория, ауыспалы мағына, авторлық эпитет, сын есім, анықтауыш.

Сөзді ажарлап қана қоймай, оны мазмұн жағынан да, пішін жағынан да, құбылта құлпыртып, әрқашан «тілге жеңіл, жүрекке жылы тигізудің» тәсілдері көптен-көп. Бұл арада тіліміздегі жай сөз де, көркем сөз де – бәрі бір-бірімен тығыз байланысты екені дау туғызбайды. Құбылта қолданылған тілдік құралдар көркем әдебиет тілінде жұмсалатын ертеден келе жатқан көріктеуіш тәсілдер болып табылады. Олар- тілдің көркемдік құнын көтеруде тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлігі үшін де орасан қажет. Көркем тілдік тәсілдер арқылы сөз қызықты әрі тірі құбылысқа айналады. Шығармалардағы сөздер тізбек, тіркестер болсын, тіпті сөйлемдер болсын өз бетімен өмір сүрмей, кесек ойдың бөлуге келмейтін жарқыншағы болып, көркем тәсілдердің барлығымен де тұтасып кетеді. Қарапайым тілдік элементтердің өзі құлпырып, көркем стильдік өзгеріске ұшырап отырады. Сол арқылы

құбылыстар көбіне тура айтылмай, белгілі көркемдік әдістер арқылы образбен тыңдаушы сезіміне әсер етеді.

Шығарманың көркемдігін кемелдейтін шарттар дәлдік, ықшамдылық, қарапайымдылық, сөз сұлулығы, олар арқылы берілетін мазмұн байлығы, мағына тереңдігі болса, жазушы (ақын) өрісін танытар меже – тіл байлығы, сөз тәркінін, оның барлық қырын терең де нәзік, оның өз шығармашылығында орын тауып қолдана білуі қажет. Әрбір шығарманың тілі- белгілі дәрежеде автордың суреткерлік дәрежесін, стиль ерекшелігін көрсететін фактор.

Суретті бейнелі, көркем ойлау арқылы бір нәрсенің тікелей өзін емес оған ұқсас өзге затқа не құбылысқа балап, мағынасын, мазмұнын тереңдете, әсерін күшейту дейтін болсақ, онда бұл көркемдеу құралы болған эпитетті әр түрлі етіп қиыстыру шығармада үлкен шеберлікті талап етеді.

«Сөздің немесе тілдің көркемдігі» дегенде, ең алдымен, оның әсерлілігін ұғамыз. Әсерлі сөйлеу, яғни көркем тілмен сөйлеу, өз ойын өзгеге шама-шарқынша айқын түсіндіру – тек өнер адамдарына ғана емес, мәдениеттімін деген бар қауымға міндет, әрі қажет.

Эпитеттің құрылымдық, лексика-семантикалық, структуралық ерекшеліктері тіл білімінде зерттелген. Мәселен, орыс тіл білімінде А.Зеленецкийдің, Л.Тимофеевтің, В.Сорокиннің, Д.Розентальдың, ал қазақ тіл білімінде А.Байтұрсыновтың, Қ.Жұмалиевтің, З.Қабдоловтың, Р.Сыздықованың эпитет мәселесін зерттеген еңбектері бар.

Эпитет заттың яки құбылыстың ерекшелігін сыр-сипатын бейнелі түрде танытатын поэтикалық және стилистикалық ұғым, экспрессивті айқындаушы сөз.

З.Ахметов: «Эпитет (сипаттама) – заттың, не құбылыстың айрықша белгісін, қасиетін білдіретін бейнелі сөз. Эпитет ұғымға, нәрсеге бейнелілік, нақтылық сипат береді. Мысалы, *кеш* деген сөз жалпы ұғымды, тәуліктің бір кезін, уақыт мезгілін білдіреді. Ал *қысқы кеш*, *не қоңыр кеш* десек, ол көзге елестетерліктей нақтылы бейне. Көптеген эпитеттерде ұлттық бояу-бедер болады» деген [1, 376].

Ал Зейнолла Қабдолов: « Айқындау, яғни эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Эпитетсіз тіпті айтарыңды анықтау, суреттеп отырған нәрсенді нақтылау қиын. Әрине, бұрын-соңды сан мәртебе қолданылып, ығыр болған эпитеттерді қайталай берудің керегі жоқ», – деген пікір айтады [2, 121].

Эпитет – заттың не құбылыстың айрықша белгісін, қасиетін білдіретін бейнелі сөз. Эпитет ұғымға, нәрсеге бейнелілік, нақтылық сипат береді. Академик М.Серғалиев эпитет туралы: «Эпитет көркем туындыларда эстетикалық қызмет атқарады, сөздің тартымдылығын, сұлулығын, әсерін арттырып, тыңдармандар мен оқырмандардың жылы қабылдануына мүмкіндік жасайды» [3, 228] деп тұжырымдайды. Зерттеуші Г.Мұхаметқалиева эпитетке былай анықтама береді: «Эпитет дегеніміз – екі немесе одан да көп компоненттен тұратын, өзара қабыса байланысқан, көркем, бейнелі, образды сөз тіркесі» [4, 18]. Эпитет көркем шығармада кейіпкерлердің сыртқы бейнесін ашумен бірге, ішкі сезімдерін, кескін-келбетін сипаттауда ерекше қызмет атқарады. Көркем әдебиет ұлттық тілдің сөз байлығы мол қамтитындықтан жазушылардың ұлтты тіл элементтерін қалай қолданғанын қарастыру маңызды. Қаламгер ойдың барынша көрнекті, мәнерлі түрде берілуі көздеп, тілдегі көркемдеу мен әсерлеудің барлық түрін қолданады. Әсіресе образды айқындау үшін қолданылған эпитеттердің молдығы көзге түседі. Эпитеттер бір нәрсенің белгісін, қасиетін, сынын айқындайтын тілдік құрал, яғни: «...Эпитет-слова, оброчно определяющее предмет или действие, подчеркивающее характерное их свойство, так же наиболее употребитель в художественной речи, где оно выполняет эстетическую функцию» [5, 97]. Суреттеліп отырған құбылысты оқырманның көз алдына елестетіп, сезіміне әсер етуші ерекше қызметіне байланысты бағалаушы эпитет жиі қолданысқа түседі. Олар заттар мен құбылыстардың белгілерін анықтап көрсету арқылы бейнелілік, көркемдік қызмет атқарады. Әдетте эпитет жазушының суреттеген құбылысымен, белгілі жағдай, кезеңдермен байланысты болып отырады. Мысалы, С.Мұратбековтің біраз әңгімелеріне сұрапыл соғыстың халыққа әкелген қайғы-қасіреті, соғыстан кейінгі қазақ ауылының ауыр тұрмыс-тіршілігі мен тағдыр ауыртпалықтары арқау болған. Мәселен, «*Жеңеше*», «*Күзгі бұралаң жол*» әңгімелерін

айтуымызға болады. Осы әңгімелерде қаламгер сол күндердің суретін беру үшін ауыр тірлікке лайықты қиын тұрмысты көзге елестететіндей эпитеттерді алады.

Жылауық күздің ызғарынан гөрі қайғы-қасірет қаңтардың аязынан бетер жан-жарасын жұлқылап мұздатқан, тіпті **қара қошқыл** аспан да, **қара жамылып күрсінген** күрең дала да, қарқарадай қасқайып тұратын тәккаппар тау да қайғыдан езіліп, қол-аяғын бауырына алып бүрісіп, қалжырап жатқандай еді ғой (355-б.).

Жесір жүрегі лықси толып **сыздаған мұңмен** сағынып сарғаяды. Осыдан ширек ғасыр бұрын – кешегі **сұрапыл соғыс** кезінде кебенек кигізіп, майданға өз қолынан аттандырған асыл азаматын содан бері бір минут та көңілінен таса қылмай, сарғая күтіп сағынғанын айтады Қамар жеңгей (187-б.).

Сұрапыл соғыс жылдарының ұмытылмас қасіретін оқушы сезімне әсер етерліктей етіп жеткізген эпитеттердің көпшілігі автордікі. Қиын кезеңді көрсететін авторлық эпитеттерге: *сор соғыс, қансыраған көңіл, ыңырысып жатқан қара жер, жүдеген дала* дегендерін де жатқызамыз.

Ал қуанышты, бейбіт ауыл өмірін, замандас келбетін суреттейтін әңгімелерде қолданылған эпитеттер басқаша сипатта болып келеді.

Самал жел, көк майсалы жайлау, айлы кеи, жұмсақ үн, тәтті ой, жақсы арман, маужыраған көктем күні, ерке жел, кербез таң, сұр шөп, қарақат көздер, сұлу сөз, бота көздер т.б. (С.М.). Бұлардың көпшілігі авторлық эпитеттер және құрамы жағынан екі, үш компонентті болып келеді.

Д.Әлкебаеваның еңбегінде эпитет туралы төмендегідей анықтама берілген: «Эпитет сөз алдына келіп анықтауыш болады. Анықтауыш атқаратын мүше көбінесе бейнелі сөздің қызметін атқарады» [6, 92].

Эпитет қай стильде кездесе де екі мақсатта қолданылады. Біріншісі - анықталған мүше ретінде, екіншісі, көркемдік бейнелі мағынада қолданылады. Анықталатын мүше ретінде келетін эпитет ресми құжат тілінде жиі қолданылады. Бұл сын есім немесе сын есім ретінде есімшенің орнына қолданылатын сөздер тобы болып келеді.

Д.Исабеков, О.Бөкей повестеріндегі эпитеттердің қолданысы:

... **Жыртық-жыртық бұлттардың** ойығынан ауық-ауық ай сығалап, **қорғасын бұлттың** ар жағына лып етіп қайта еніп кетеді. Мырзаның заты адам ғой, таңдырынан тек азап пен тәлкек көріп, жаны қиналған сәттерінде бұл пенде құдайына да тілін тигізіп алмаушы ма еді, етекте бөлек отыратын кедей ауылынан келген бір **пұшық әйел** шырқырап тұрған баланы көргенде өзін-өзі ұстай алмай «о, қу құдай, о қу құдай» деп еңіреп жіберді. Көз жастары күректегі топыраққа тамып, іштей тынып жүрген өзге де әйелдер бар екен, «дауыс салуға болмайды» деген қатал үкімді бір сәтке естен шыңарып, әлгі әйелден соң әлешала «қош, пақыр, қош!» деп бір ұн шығарып алды да, опасыз тіршіліктегі **бейшара пендешілік** естеріне түсіп, еріндерін тістеп-тістеп қойды. Қызын көргенде шешесі өзін-өзі ұстай алмай, ботақаным-м» – деп тұрмақ боп ұмтыла беріп еді, күйеуі оған жеп жіберердей оқты көзімен ата қарап: «отыр омалып!» дегенде **зәрлі дауыс** оны төбесінен басып, бөстегіне қайтадан сылқ еткізді. –Тоқтат, **қара бет!** – деді орнынан атып тұрып (Д.И., 363-б.).

...Ендеше әкемнің басы, анау **қысықтау келген өткір көз...** осы көз баяғыда бір... тым ертеректе менің бала кезімде болар, жұмыла жаздап, мәңгіге жарық дүниемен қоштаса жаздап, шиеттей бала-шағасының көз жасасы сақтап қалған еді ғой; **осы көз** ол шақта әлдеқайда **отты**, әлдеқайда **ойлы**, ұшқын атқан жастықтың, өмірге деген іңкәрлікті жалынына толы болатын.

Қысық көзі жылт-жылт етіп, қабағын көтерген сайын ғаламат жарқылды от тұтанып қалғандай болады.

Біз анамның әкеме деген ұлы сүйіспеншілігімен дүниеге келдік, әкеме арқаланып, мәре-сәре ғұмыр кештік, әлемдегі ең **сұмдық сөз** – жетім-жесір деп ешкім табаламады (О.Б., 75-б.).

Бұл үзіндідегі эпитеттер – авторлық эпитеттер. *Жыртық-жыртық* деген эпитетті

қолдануда оқырманның көз алдына аспан аясында бұлттың бір жерде шоғырланбай түйір-түйір болып әр келкі таралуы келеді, ал *қорғасын* деген эпитет арқылы қалың, ауыр деген мағына үстемеленіп тұр. Біздіңше, кейіпкердің ауыр ойға шомылып, ол ойлардың шашыраңқы екендігін, қыздың әкесінің бір шешімге, бір тұжырымға келе алмай қиналған сәтін суреттеу үшін қолданылған.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан эпитеттің көркем шығарма тілінде қаншалықты маңызды рөл атқаратыны анықталды. Ана тіліміздің дамуы, толысуы тіл қорымыздағы сөз санын молайтумен ғана емес, бұрыннан бар сөздердің мағынасын, мәндік иірімдерін кеңейту арқылы да байитыны белгілі. Бұл салада эпитеттің де үлесі зор. Оның өзі тілдің көркемдігін, әсерлілігін арттыра түседі.

Эпитеттің бейнелілік, суреттілік қасиетін ескерген ғалым Х.Кәрімовтің айтуынша, эпитет анықтауыштан экспрессивтік-эмоционалдық функциясы және бағалауыштық қызметімен ерекшеленеді [7, 15]. *Зәрлі дауыс*, авторлық эпитет екі дерексіз ұғым құбылыс атауы болып, семантикалық жағынан үйлеспейтін тіркестер мағыналық үйлесімін тауып тұр. Ащы дауыс, қатты дауыс, қоңыр дауыс деген сөздер өзінің шаблонды стандартты тіркесімен қолданысқа түскен. Автор зәрлі сөзін дауысты бейнелеп сипаттау үшін жұмсаған. Ал *қара бет* эпитеті ауыспалы мәнде қолданылған. Ауызекі сөйлеу стиліне жатады. Эпитетті қолдана отырып адам өмірінде қандай да бір теріс қылық жасап қойғанынан хабардар етіп отыр. Бұл диалогтің осы сөйлемін оқығаннан кейінде оқырманды соңы не болар екен, немен аяқталады деген сауалдар мазалайтыны айдан анық. Ауыспалы мағынада келіп, ерекше экспрессия, бейнелілік үстеп эпитет болып тұр. *Сұмдық сөз* деген эпитетте терең мағына жатыр. *Сұмдық* дегенді біз арамдықпен, жұртты елең еткізетін жамандықпен пара-пар дей аламыз. Сондықтан *сұмдық сөз* деген ұғымның болуы да жай емес. *Сұмдық сөз* сүйектен өтіп, жүрекке тиетін отты да қаһарлы мағынада қолданылады. «Сөз тас жарады, тас жармаса бас жарады» деген мақал бұл сөздің түп мағынасын жұртшылыққа түсінікті етіп ашып береді.

Кейіпкердің мінез ерекшелігін танытуда эпитеттердің қызметі айрықша. *Кететін күні шешем аңырап көп жылады, әкем міз баққан жоқ, тас түйін мінезбен бар байлығын ала сиырға артты да, алға түсті.*

Иә, ол кезде мен әкемнің көзінен қазіргідей әлдеқайда мол қуат көргем; бірақ сол қуаттың өзі бүгінгідей асау мінездің саябыр тапқан, салқын тартқан шағында ұлы ақылға ұласқандай емес, әлдеқайда, әлдеқайда тәкаппар да тәртіпсіз еді...(О.Б., 65-б.). *Тас, асау* – дәстүрлі эпитеттің еркін пайдаланылған түрі, образдылық элемент ретінде жұмсалған. *Тас түйін мінез, асау мінез* адамның жан дүниесі, көркін танытуға қолданылған сөз емес, адамның бойынан табылған жағымсыз қасиеті үшін айтылған сөз. *Өзінің анадан шыр етіп туып, азан шақырып қойған аты Тұңғыш болса да, былайғы жұрт оны ауыз ашпас тұйық мінезіне қарап Үндемес атап кенткен-ді* (Д.И., 227-б.). Жалпы, мінез әр пендеге тән, лайық психикалық қасиеттердің жиынтығы. Яғни, *тұйық мінез* эпитеті арқылы автор кейіпкерінің өзіндік ішкі сезіммен бекінгендігін көрсетеді.

А.Сейдімбеков, Д.Исабеков, О.Бөкей шығармаларында *ақ, қара* түстерді белсенді қолданғанын байқадық. «Ақ» және «қара» атаулары халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүр, танымымен тығыз байланысты екенін білеміз. Халық санасында қалыптасып қалған ақ түс атауының символдық мәні мынадай: ізгі тілек пен жақсылық, қасиетті, әдемілік, махаббат, қайырымдылық. «Өмірдегі заттар мен құбылыстардың сапасы мен қасиеті қандай болса да, олардың бірқатарын ақ деп айқындау ұлттың мол мейірім, іңкәр көңілінің, үлкен үміт, телегей тілегінің, шалқар сезімінің, асыл арманның куәсі [8, 20]. Осы идея төңірегінде О.Бөкейдің «Қар қызы», «Қайдасың, қасқа құлыным» повестері желістерінің арқауында кездестіреміз: «Осы тым-тым *ақ пейілділігі үшін ұлы – Аманжан талай рет ұрысты да, өкпеледі де, бәрібір қол қусырып қарап отыру қайда* (А.С., 287-б.). *Күлгенде шашау шықпай тізілген аппақ шағала тістері көрінеді де, екі бетінен лытып қан жүгіріп, бармақ батырғандай пайда болған шұңқырға ұйи іркіледі* (О.Б., 77-б.). *Ақ пейіл, аппақ шағала тістері* деген эпитеттер арқылы кейіпкерлердің асыл қасиетін, келбетін айшықтай түседі. Көзге қызығарлық, әдемі де күтілген тістер жиі кездеседі. Сол себепті осындай сөздің болуы заңды құбылыс болып

табылады. Сондай-ақ А.Сейдімбековтің «Қыз ұзатқан» туындысында кейіпкердің бет-бейнесін көрсету мақсатында эпитеттік теңеу арқылы **ақ** түстің тағы бір ерекше қасиеті, яғни ақ жүзі аршыған жұмыртқадай үлбіреуі әсем көрініс тапқан: *«Ақ жүзі аршыған жұмыртқадай үлбірен, мұң-сырға толы бота көзі қарақаттай мөлдіре, сыпайы-нәзк қимылмен бір көргенде-ақ ұнайтын»* (А.С., 53-б.). Қазақ мәдениетінде ақтың антиподы ретінде қара түс қолданылып, ақ-қара бинарлық жүйесін құрайды. Сонымен бірге ақ – пәктік пен тазалық, әсемдіктің, адал ниет көңілдің белгісі болса, қара – адамның басына түскен ауыртпашылық, қиындық сәттерінің символдық белгісі. Мысалы: *Басына қандай қара күн туса да ебіл-дебіл еңіреп жылаумен гана тынған, қайғырғанмен қабырғасы қайысып, ой толғауға өресі жетпей өскен Тұңғыш дәл осы сәт өз өмірінің қор өмір екенін, тіпті, ес біліп, етек жапқалы диуанашылықпен ыстықаумет тауып келе жатқан мына диуана кемпірдің өзінен әлдеқайда бақытты екенін алғаш рет ой жіберіп, бордай үгітілді* (Д.И., 260-б.). Оқырман сезімі ә дегеннен-ақ осындай эпитетті тіркестер арқылы шығармадағы мұнды оқиға арқауына байлана түседі.

Бірақ ішкі есебінен жаңылатын Боздақ па, сөйтіп жүріп-ақ, қара бет еткен қызын тама құдасының баласынан тәуір деген жігітке қосуды ойлайды екен зой (А.С., 47-б.). Эпитет сөздер жеке тұрғанда толық мағыналы, тура мағыналы сөздер болып келеді де, олардың эпитеттік қасиеті байқалмауы мүмкін. Эпитеттің троптық қызметі басқа сөздермен тіркесіп келгенде анық ашылады; *қара бет* эпитеті дәстүрлі, әрі еркін пайдаланған түрі. Бұл эпитет адамның бет пішінін, көркін танытуға қолданылған сөз емес, адамның бойынан табылған жағымсыз қылығы үшін қолданылған.

Жазушылар эпитет жасауда қоңыр сын есімін өнімді қолданған.

Үйбей-ау, неғып аңырып қалдың, үйге кір, жарығым, – деген қоңыр үнмен есімді жидым (О.Б., 77-б.). *Балталыдан келе жатқан мырзалар едік, ашыңыз, – деді сырттағы адам жайдары, қоңыр дауыспен* (Д.И., 375-б.). *–Көр нұрлы болсын, – деген қоңыр дауыс естілді* (Д.И., 229-б.). *Тамағын кенеп, біздер естісін дегендей майда қоңыр дауысын көтере сөйлегенімен, қапсағай денесін кең оралыммен қозғап, бетін Нүркей ақсақалға бұрды* (А.С., 40-б.).

Қоңыр үнмен, қоңыр дауыспен, майда қоңыр дауысын деген эпитет күнделікті өмірде жиі кездеседі. Адамның дауысы қарым-қатынас негізі үшін өте маңызды рөл атқарады. Үннің естілуі кейде жылылықты білдірсе, кей жағдайларда кері әсерін көрсетеді. Яғни, ол ашуланған адамның дауысын жеткізеді. Ал *қоңыр үнмен, қоңыр дауыспен, майда қоңыр дауыспен* сөйлеу дегеніміз байсалды да жағымды, жұртшылыққа салмақты естілетін үнмен сөйлеу болып табылады. *Қоңыр үн, қоңыр дауыс* тек қана жалпы тыныштықты ғана емес, рухани дүниедегі әсемдікті білдіреді

Аталмыш жазушылар қолданысындағы эпитеттер экспрессивтік сипатта қолданған және кейіпкердің ішкі жан толғанысын, мінезін, сырт тұлғасын автор эпитеттер арқылы көрсетулері жазушылардың шеберлігін дәлелдей түседі.

О.Бөкей, А.Сейдімбеков табиғат келбетін, әдемілігін эпитеттер арқылы әсерлі күйде суреттейді. *Сонау түтін шыққан тау табанында мың бұралып, бүктетіліп ағар асау өзен арыны біз құлдаған сайын өктем естілсе, сол тентек өзеннің өзі телегейлі Айна көлге тоқырап жатыр* (О.Б., 76-б.). *Әлбетте, менің миымдағы бықыған жүздеген фамилиялар мен шығармалар тізімі, сақалы сала данышпандар бейнесі, өзгенің қайғысы, өзгенің қайыршы халі, өзгенің байлығы мен әлемді әлдилеп тұрған даңқы - бәрі-бәрі де анау сұлап жатқан сұлу табиғат, дүрия жонды көргенде, үрке қашып, өз құрлығына бас сауғалаған секілді* (О.Б., 81-б.). *Асау өзен, тентек өзен* деп сылдырлап аққан өзеннің жиілігін, толқындарының қаттылығын, тездігін анықтап отыр. *Сұлу табиғат* эпитетінің қолданылуы түрлі жағдайларда болады. *Сұлулық* сөзі дүниенің барлық әсемдігін білдіреді. Ал *сұлу табиғат* дегеніміз көрсе көз қызығарлық, барлық адамдарды таңқалдыратын табиғаттың суреттемесі. Оның ауасы да, тау-тастары да, сылдырлап аққан өзен-көлдері де *сұлулыққа* тұнып тұр.

«Жаз ортасының қоңырқай түні. Жер-дүние шырт тыныштыққа бөгіп, мүлгіп тұр. Айдың қорғалап туар мезгілі – түн. Аспан ашық, жұлдызды болғанымен түн түнегінен

жеңілген. *Әлсіз сәуле арқан бойынан арғыны көрсетпейді. Тек төңіректегі жал-жал төбелер, өркеш-өркеш биіктер ғана ирек жасап анабай танытады. Олар да түнек пен тыныштыққа бойсұңғандай, құр сұлдерімен меңірейе қарауытады»* (А.С., 63-б.). Автор жаздың қоңырқай түнін – тыныштыққа, жанға жайлы, жағымды әсерді білдіретін эпитеттер арқылы шынайы көрсетеді және қос сөздер арқылы берілген эпитеттерді де ұтымды пайдалана білген. Міне, осындай терең мағыналы эпитеттер шығарманың мән-мағынасын жан-жақты тануға, ой қорытуға жәрдемдеседі. Сонымен эпитетсіз айтар ойды, құбылысты бейнелі түрде суреттеу мүмкін емес. Шығарманың көркемдігін арттыратын сонылығымен, ерекшелігімен танылатын тың қолданыстар болмақ. Сонда суреткер тілінде жаңа реңк көрінетіні айқын. Қаламгерлердің дәстүрлі және авторлық эпитеттері туындыларға айқын мағына берумен қатар, суретті сөздермен дәлдеп, айтар ойдың ықпалын күшейткен. Айшықты да, бейнелі эпитеттер арқылы айтылар ой оқырман қауымға шеберлікпен жеткізіледі. Авторлар шығармаларында қазақ тілінің мол байлығын жете меңгеріп, оны шығарманың көркемдік сапасын арттырудың мықты құралы еткен.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы, 1998. - т. 2. – 376 б.
- 2 Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 2003. – 2 т. – 121 б.
- 3 Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Алматы, 2006. – 228 б.
- 4 Мұхаметқалиева Г. Тұрақты эпитеттің тілдік табиғаты. Филол. ғыл. канд. дисс.автореф. –Алматы:1995. –24 б.
- 5 Виноградов В. В., Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. Издательство АН СССР, –М., 1983.
- 6 Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастиликасы. – Алматы, 2007. – 243 б.
- 7 Кәрімов Х.Көркем текстті өнер туындысы ретінде зерттеудің өзекті мәселелері. //Көркем шығармалар тексін талдаудың мәселелері. - Алматы, 1993. – 18 б.
- 8 Канафина С. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2006. – 26 б.

Г.С. Хамзина, Б.Е. Акмагамбетова, А.Д. Сактаганова

СТИЛИСТИЧЕСКАЯ ФУНКЦИЯ ЭПИТЕТОВ В КАЗАХСКИХ ПОВЕСТЯХ

Статья посвящена стилистическим функциям одного из тропов – эпитеты, часто используемой в художественной литературе, в том числе в прозаических произведениях. Авторы подробно характеризуют способы образования эпитет и их виды. Приводят различные определения эпитеты в лингвистике и литературоведении. В статье систематизируются и анализируются эпитетические употребления, собранные из художественного текста. На материале художественных произведений авторы доказывают, что эпитеты выполняют важную стилистическую функцию в языке художественного текста.

G.Khamzina, B.Akmagambetova, A.Saktaganova

STYLISTIC FUNCTION OF EPITHETS IN KAZAKH STORIES

Article is devoted to stylistic functions of one of ladders – the epithet which is often used in fiction, including in prosaic works. Authors in detail characterize ways of formation of epithets and their types. Give various definitions of a epithet in linguistics and literary criticism. In article the epithetcal uses collected from the art text are systematized and analyzed. On a material of works of art authors prove that epithetrs carry out important citylistichesky function in language of the art text.

А.А. Шаяхметова
Кокшетауский государственный университет им.Ш.Уалиханова
Кокшетау, Казахстан
aisulu_sh@mail.ru

ПСИХОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

Автор статьи рассматривает вопросы развития общественного сознания с точки зрения их фундаментального и методологического изучения.

Ключевые слова: общественное сознание, национальное самосознание, этническое сознание, этностереотип, языковое сознание, мышление, лингвокреативная деятельность.

В статье лидера нации Н.А.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» говорится, о том, чтобы стать «...единой Нацией сильных и ответственных людей» необходима «...масштабная и фундаментальная работа» [1]. Фундаментальность исследования общественного сознания с точки зрения психолингвистических аспектов заключается в рассмотрении соотношения человека (сознания) и языка, речи и мышления.

Первым условием модернизации общественного сознания как указано в статье является «сохранение своей культуры, собственного национального кода». Так в работе В.фон Гумбольда «О различии строения человеческих языков и его влиянии на духовное развитие человечества» излагаются основные положения, которые отражают особенности взаимодействия языка и культуры, заключающиеся в определении роли языка в познавательной деятельности человека, месте в структуре познания. В наиболее явном виде связь «личность» (человек с его мышлением) – язык – культура обнаруживается в его трудах, например, в высказываниях: «сумма всех слов, язык – это мир, лежащий между миром внешних явлений и внутренним миром человека» [2]; «изучение языка открывает для нас, помимо собственного его использования, еще и аналогию между человеком и миром вообще и каждой нацией, самовыражающейся в языке» [2, 348].

Язык как промежуточный мир между миром вещей и человеком фундаментально рассматривается во-первых, как, осмысленный творческий процесс созидания, выражение духа народа, его национальной культуры; во – вторых, как важнейший механизм познания действительности, в формировании вполне определенной «картины мира» (Weltbild), создающийся под влиянием того или иного языка; в-третьих, как отражение определенного способа представления внеязыковой реальности, то есть национальной внутренней формы языка мировоззрения его народа [2, 348]. Л.Вайсгербер, развивая мысли В. фон Гумбольдта о «промежуточном» положении языка между человеком и миром, построил трехчленную модель языка: 1) звуковая форма; 2) мыслительное построение; 3) предметы и явления внешнего мира, в котором второй элемент - мыслительное содержание включается в язык (слово) как компонент его семантической системы, которая рассматривается как «картина мира» данного языка. Она представляет своеобразный «промежуточный языковой мир»; создаваемый творческим духом нации, отграничивающим человека от природы и одновременно соединяющим его с ней [3, 69]. Рассматривая язык как промежуточный мир, по нашему мнению, необходимо идти не от языка к предметам объективного мира, а от предметного объективного мира к языку (сознанию), поскольку язык на самом деле является промежуточным миром между материальным миром и его отражением в сознании человека (индивида). Язык выполняет роль посредника в соотношении: материальный мир - язык – сознание (отражение), т.е. язык принимает участие в когнитивных процессах объективного мира человека. Как видим, языковое сознание не существует отдельно от общественного сознания. Представляя собой часть общественного сознания, оно (идеальное по природе) реализуется в процессе речемыслительной деятельности индивидов в ходе восприятия,

отображения действительности при помощи когнитивных механизмов мышления или объективации его в ходе обмена информацией между партнерами на основе лингвокреативного мышления (ментальной деятельности, в этой связи условия формирования общественного сознания, которые рассматриваются в статье лидера нации Н.А.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» являются особенно актуальными и основополагающими в фундаментальном и прикладном исследовании. Ментальная или лингвокреативная деятельность – важный компонент языкового сознания, которая, как считает Б.А.Серебренников имеет двоякую направленность, с одной стороны, отражает окружающую человека действительность, с другой - самым тесным образом связана с наличными ресурсами языка [4, 67]. Лингвокреативное мышление – отражательно-гносеологическая деятельность и оперирует ассоциациями, разными у носителей различных языков вследствие когнитивно – обусловленного восприятия мира, определяющегося тем, что, во-первых, каждый этнос воспринимает объективный мир через призму своего национально обусловленного мировоззрения и социального опыта; во- вторых, объективный мир преломляется в национально - обусловленных механизмах познания - когнитивных моделях лингвокреативного мышления. Универсальные когнитивные модели могут совпадать в разных языках вследствие универсальности мыслительных структур народов - обобщенного отражения действительности, единства мира и единства его восприятия разными этносами, что является основанием для формирования общественного сознания в поликультурном государстве.

Второе условие – прагматизм, когда модернизация невозможна без изменения ряда привычек и стереотипов. Прагматизм с точки зрения психолингвистической науки заключается в том, что человек, овладевая социальным опытом партнера – представителя другой культуры погружается в чужую культуру, обрастает фоновыми знаниями, под которыми понимается «социальная история коммуникантов», под которой понимаются те характеристики, которые возникают у человека в результате воспитания в пределах определенной группы или – мира языковой общности: поведение человека, система его мировоззренческих взглядов, этнических оценок эстетических вкусов, большая часть его знаний [5, 13]. Стереотип опирается на понятие ценность, т.е. то самое, что является или становится ценным в жизни человека. Существует огромное количество определений этого термина, которые можно распределить в четыре группы: 1) ценность – это свойство, функция объекта в его отношении к субъекту. Ценность связывается с благом, со значимостью для субъекта, с полезностью [6]; 2) ценность имеет субъективно-оценочную природу, т.е. предмет приобретает значительность через оценку его субъектом. М.С.Качан выдвигает положение о ценностном отношении субъекта к объектам – носителям ценности. Ценностное отношение понимается им как определенный аспект целостно-нерасчлененного описания человека к действительности, к самому себе, которое формируется в историческом процессе антропо-социо-культурогенеза [6, 64]; 3) ценность – особая форма духовного побуждения к деятельности и специфический критерий оценки, ее результатов при помощи ценностных приоритетов. Ценностные приоритеты людей приобретают жесткую дисциплинированность, которая связана с их способностью служить средством коллективного выживания в мире [7, 46]; 4) ценность - это значение объекта действительности для субъекта. На основе ценности и оценки формируется у субъекта ценностная картина мира, издаются ценностные установки и приоритеты. Ценность и оценка – моменты практического взаимодействия объекта и субъекта путем построения ценностной картины мира и ценностной ориентации человека по отношению к предмету, понятию [8]. Прагматизм как условие формирование общественного сознания человека, по нашему мнению, выступает как устойчивое регулятивное образование, которое признается как кодифицированное правило, облаченное в устную или письменную форму, составляющее часть национальной психологии – житейское сознание, утвержденное обществом как единственно верные постулаты общения и установки, контролирующее поведение людей в обществе и передающиеся из поколения в поколение правила выживания людей в коллективе.

Третье условие модернизации общественного сознания - сохранение национальной идентичности. Категориальный аппарат идентификации и идентичности, рассматриваемый в гуманизме имеет объективные и субъективные причины изучения, такие как постоянное изменение понимания «идентификации», связанный с современным состоянием общества, исчезновение многих связей и отношений, разрушение прежде устойчивых структур и возникновение текучих социальных сред приводящие к нестабильности социальных и возникновению новых жизненных систем существования и деятельности человека. Процесс социальных изменений происходит с космической скоростью. Совокупность социальных взаимоотношений выстраиваются самой личностью, исходя из порядка свободы и стремления к эксклюзивным социальным практикам, ускоряющим движение к поставленным целям, отныне личность начинает обладать социальной креативностью, приводящей к гибким взаимоотношениям с группами людей, дающей возможность погружаться в различные культурные миры.

Поливариативное поведение личности и ее активность – норма современной цивилизационной картины. Личность приобретает возможность создавать социальные связи во все более расширяющемся пространстве коммуникации. Фундаментальные исследования феномена «идентификация» нашли отражение в трудах Э.Эриксона («Childhood and Society», 1950, «Identity: Youth and Crisis», 1956; «Identity and the Life Cycle», 1959), работах Дж.Каплана и С.Мади, Е.Якобсона, А.Уотермана, Дж.Марсии. Термин «идентификация», введенный в оборот Зигмундом Фрейдом, означает социокультурную характеристику личности, ее тождественность самой себе. Тождественные характеристики содержания «идентификации» указывают на то, что тождественность совершается через отрицание личностью качеств ей не свойственных т.е. через отношение к самой к себе (В.Хёсле, Э.Фромма, П.Бергер, Т.Лукмана, Л.Гозман, А.Эткинд; С.Хантингтон).

«Идентификация» трактуется в различных словарях и изданиях следующим образом: 1) в психологии познавательных процессов - [это] узнавание, установление тождественности какого-либо объекта; 2) в психоанализе - процесс, в результате которого индивид бессознательно, благодаря эмоциональным связям ведет себя (или воображает себя ведущим) так, как если бы он сам был тем человеком, с которым данная связь существует; 3) в социальной психологии - отождествление индивидом себя с другим человеком, непосредственное переживание субъектом той или иной степени своей тождественности с объектом.

Профессор Чикагского университета, философ, социолог и социальный психолог Дж.Мид разработал теорию, в которой объясняется сущность процесса восприятия индивидом других личностей и развита концепция «обобщенного другого», в известной степени дополняющая и развивающая теорию зеркального «Я». В соответствии с концепцией Дж. Мида «обобщенный другой» представляет собой всеобщие ценности и стандарты поведения некоторой группы, которые формируют у членов этой группы индивидуальный «Я»-образ. Индивид в процессе общения как бы встает на место других индивидов и видит себя другой личностью. Он оценивает свои действия и наружность в соответствии с представляемыми оценками его «обобщенного другого» [9].

В основе формирования феномена идентификации находятся взаимоотношения личности к окружающему социуму, его культуре, среде обитания; социальность индивида и уникальность его личности порождают феномен человеческого вообще, особенности которого открывались на протяжении всей истории так же, как объективно понималась жесткая взаимосвязь личности и общества. И только появление отношения как собственно человеческого качества обеспечивало возможность идентификации и необходимость идентичности, порождающих углубление и расширение отношений человека к себе в мире. В процессе общественного развития дифференцировались и интегрировались системы отношений индивидов в обществе, усложнялись и формы, и типы, углублялись различия уровней идентификации индивидов по отношению к семье, роду, цеху, различного рода социальным группам, этносу, государству и т.д. Интересным на наш взгляд, является

исследование идентификации и идентичности известного казахстанского ученого Н.Садыкова, который считал, «развитие личности в общем виде, если опустить содержательные детали, есть процесс идентификации человека, обретения и укрепления собственной идентичности». Исследователь рассматривает идентичность как внутреннюю самость человека, на которую в процессе жизнедеятельности субъекта накладываются множественные социальные роли. Среди различных уровней идентичности личности основными он называет национальную и государственную идентичность [10, 37]. Большой интерес вызывает исследование Темиргалиева К.А., который на основе анализа современных философских, психологических подходов, высказал мнение о множественной идентичности личности, необходимости различать идентичность персональную от идентичности собственно человеческой, идентичность от индивидуации, призывал отказаться от классической парадигмы исследования идентичности и заменить понятие идентичности на культурную компетенцию. Темиргалиев К.А. считает, что объем понятия культурная идентичность гораздо шире, чем этническая, гражданская, религиозная идентичность [11]. Таким образом, идентификация выступает как социальный по своей природе феномен, как результат, форма и условие развития социальных отношений. Идентификация - необходимая составляющая функционирования личности в обществе. Смысл идентификации - обнаружение себя в социальном мире во всей сложности его структурно-содержательной организации, что является базой формирования общественного сознания, которое рассматривается как этническое самосознание, включающее 4 компонента: 1 -эмоциональный (неосознанное сопереживание своего единства с другими членами этнической группы), 2- рациональный (осознанное сопереживание своего единства с другими членами этнической группы); 3 – ментальный (осознанное отношение к духовным ценностям своего народа); 4 – идентификационный (самосознание как этнический идентификатор и этноопределитель) [12, 195]. Следующее условие модернизации общественного сознания - культ знания. Успешность протекания коммуникативного акта зависит от наличия у партнеров по общению необходимой базы знаний, а именно, языковых знаний и внеязыковых знаний о контексте, знаний о мире и т.д. Но кроме этих знаний учеными выделяются в отдельную категорию знания о правилах или постулатах обучения. Эти правила или конвенции выделяются в связи с тем, что для понимания лексических или грамматических функций достаточно знания языка как системы, но для понимания прагматических функций необходимы неязыковые, социально предопределяемые коммуникативные знания, это такие, как комплекс принципов или постулатов общения или условий успешности речевых актов. Социальный контроль под речевой деятельностью осуществляется вследствие того, что в процессе межкультурной коммуникации необходимым является достижение понимания и взаимопонимания коммуникантами друг друга. Понимание и взаимопонимание достигается не только при общности знаний, наличия социального опыта, фоновых знаний о мире, проявляющихся в результате обмена не только языковыми знаками, но и путем обмена продуктами деятельности, путем демонстрации фрагментов речевого, ролевого или этнического поведения, соблюдения правил речевого и неречевого поведения, но и рассмотрения в широком контексте представлений, ценностей и стереотипов обыденного житейского сознания. На наш взгляд, для достижения процессов понимания и взаимопонимания целесообразным представляется знание не только социальной истории и коммуниканта, но и полное присвоение чужой культуры путем формирования соответствующей психики личности в процессе присвоения культуры не только своего народа, но и чужого. Открытость сознания как еще одно важное условие модернизации общественного сознания опирается на этнический стереотип, который формируется на основе сравнения устойчивых, эмоционально насыщенных, ценностно определенных образов, выработанных у одного народа – стереотипов со стереотипами другого народа. Сформированные в ходе социализации стереотипы этносов отражают в пословицах, поговорках, фразеологизмах основные черты, присущие тому или иному этносу, позволяющие отличить «Мы – от не нас» (сравните пословицы русского и казахского этносов) (таблица 1).

№	черты	Пословицы и их ранговая предпочтительность в этнокультурном сознании русских	Баллы	черты	Пословицы и их ранговая предпочтительность в этнокультурном сознании казахов
1	коллективизм	в одиночку не одолеешь и ночь; в тесноте, не в обиде	1	гостеприимство	Қонақ келсе - құт
2	трудолюбие	У пахаря рука черна, да хлеб бел	2	радушие	Кең пейіл, ақ жүрек
3	гостеприимство	не тем красен пир, что будет, а тем, что люди добры	3	Любовь к родной земле	Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол
4	Удаль, решительность	русский молодец, басурманом конец; русский ни с мечом, ни с калачом не шутит.	4	патернализм	Чтоб не жалеть весь век потом, жену должны мы брать поговорив с ее отцом и поглядев на мать.
5	Отрицание зла	Злого любить, себя губить; во зле жить, по миру ходить.	5	Отрицание зла	телку чужому пожелаешь созла, оно падет на твоего вола.
6	Стремление к добру	Добро поощрай, а зло прощай. Добро творить, себя веселить	6	Стремление к добру	Лишь наше имя доброе – добро ценней, чем золото и серебро
7	Терпимость в межэтнических отношениях	в каком народе живешь, того обычая и держись. На всякий шлык свой салтык	7	Любовь к животным	Төрт түлек, ат шаптырым жер, қозы көш жер, бие сауым уақыт
8	совестливость	в ком стыд, в том и совесть	8	Отвага, решительность	Жүрек жұтқан ат құлағында ойнау
9	Стремление к знаниям	ученье – свет, неученье – тьма	9	Осторожность, уравновешенный характер, степенность	Осторожность никогда не приносит нам вреда
10	Пьянство	Руси есть веселие пити, не может без него быти; лыка не вяжет	10	Доверчивость, простодушие	Ақкөйлек, ақжолтай
11	беспечность	Авось небосю родной брат	11	Стремление к знаниям	Учись у мудреца и сторонись глупца. Нам знание не рождением дается, учением и терпением дается
12	Недальновидность		12	Широта души, щедрость	Ақжарқын. Дал щедрый бы и нам всего немало, жаль руки щедрому нужда связала

13	Ленивость	Живет как птица небесная: не сеет, не жнет. Живет, да небо коптит. Дело от безделья не отличит, бить баклуши	13	трудолюбие	Кто преуспеть в трудах не пытается, от тех и сам аллах отрекается
14	Открытость, широта души		14	ленивость	Какая – никакая работа – враг лентяя

Как показали данные этносоциологического пилотажного опроса участников эксперимента, которым было предложено оценить по пятибалльной системе 14 пословиц (5 – высший балл, 14 пословиц, раскрывающих различные свойства русской и казахской идентичности) ранговая предпочтительность пословиц оказалась следующей: 1) участники эксперимента склонны признать, что русских отличает высокий уровень групповой солидарности, трудолюбие (2), гостеприимство (3), удаль, решительность (4), отрицание зла (5), стремление к добру (6), терпимость в межэтнических отношениях (7), совестливость (8), стремление к знаниям (9), но вместе с тем отмечается респондентами пьянство (10), беспечность русских (11), недалковидность (12), ленивость (13), открытость, дружелюбие, широту души (14).

Казахов отличают следующие основные черты, расположенные по ранговой предпочтительности: гостеприимство (1), радушие (2), любовь к родной земле (3), патернализм (4), отрицание зла (5), стремление к добру (6), любовь к животным (7), отвага и решительность (8), степенность (9), простодушие (10), стремление к знанию (11), широта души (12), трудолюбие (13), ленивость (14) [13].

Таким образом, социально-ценностные и этносоциальные этноценностные ориентации, лежащие в основе национальной культуры казахов и русских, можно классифицировать 1) по структуре, в этом случае выделяются внутренние ценности – этноценности каждого народа (казахов и русских), лежащие в основе национальной культуры; 2) по модальности (неприятие зла, стремление к добру и другие позитивные или негативные характеристики); по содержанию: религиозные, эстетические, экономические, социальные, политические.

Как видим, сохранение культурного наследия в условиях модернизации национального (общественного) сознания, повышение культурной и политической идентичности народа Казахстана как гражданской общности имеют фундаментальную базу исследования.

Список литературы

1. Назарбаева Н.А. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».
2. W. Humboldt, Ueber die Verschiedenheit des menschlichen Sprachbaues und ihren Einfluss auf die geistige Entwicklung des Menschengeschlechts. W. von Humboldt's Gesammelte Werke, 6. Band, Berlin, 1848.
3. Weisqerber J. Die sprachliche Zukunit Europas. – Luneburq, 1953.
4. Серебренников Б.А. К проблеме «язык и мышление» (Всегда ли мышление вербально) // Изв. АН СССР. Серия литературы и языка т.36 № 1, 1977.
5. Верещагин Е.М. Роль и место страноведения в практике преподавания русского языка как иностранного // Роль и место страноведения в практике преподавания русского языка как иностранного. – М., 1969.
6. Качан М.С. Философская теория ценности – СПб: ТОО ТК «Петрополис», 205 с.
7. Хан М.М. Этнорегиональные особенности ценностных ориентаций личности. – Автореферат. дис. кан. социальных наук.- Алматы, 1993, 23 с.
8. Кузнецова Т.Д. Механизм речевого действия, установка // Психолингвистические и лингвистические аспекты проблемы языковых контактов. – Калинин: КГУ, 1978.

9. Мид Дж. Г. Избранное: Сб. переводов / РАН. ИНИОН. Центр социал. научн.-информ. исследований. Отд. социологии и социал. психологии; Сост. и переводчик В. Г. Николаев. Отв. ред. Д. В. Ефременко. — М., 2009. — 290 с. (Сер.: Теория и история социологии).

10. Садыков Н. Казахстан и мир: Социокультурная трансформация. – Астана: Елорда, 2001.

11. Темиргалиев К.А. Культурная идентичность как процесс и константа. Вестник КарГУ, Караганда, 2005.

12. Шаяхметова А.А. Тожественные характеристики понятий «этническое самосознание» и «национальное самосознание». Вестник КГУ им.Ш.Уалиханова, серия филологическая, « 1-2/2013, 334 с.

13. Шаяхметова А.А. автор.диссертации на тему «Языковое сознание и особенности его проявления у представителей русского и казахского этносов в Казахстане (социо и психолингвистический аспекты)». Алматы, 2007 г.

А.А. Шаяхметова

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.

Зерттеудің фундаменталдық базасына ие азаматтық қоғам ретінде мәдени құндылықтарымызды қоғамдық сананы модернизациялау жағдайында сақтай отырып, Қазақстан халқының мәдени және саяси ерекшеліктерін көтеру.

A.A. Shayakhmetova

PSYCHOLINGUISTIC ASPECTS OF THE STUDY OF PUBLIC CONSCIENCE.

Preservation of cultural heritage in the conditions of modernization of the national (public) conscience, enhancement of the cultural and political identity of the people of Kazakhstan as a civil community have a fundamental research base.

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ
СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

ӘОЖ 811.512.1' 364.2

Г.Қ. Абдирасилова, Қ.С. Қалыбаева, Б.О. Сағындық
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан
ab.gulmira@mail.ru, azkal2015@bk.ru, bagzhan.94@mail.ru

**РЕСЕЙ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ**

Мақалада Ресей аумағында өмір сүріп жатқан түркі халықтары: татар, башқұрт, қарайым тілдерінің құрамындағы фразеологизмдерінің құрылымдық өзгерістері сөз болады. Түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы тілдердің фразеологизмдерін зерттеу барысында жоғарыда аталған түркі (татар, башқұрт, қарайым) тілдерінде орыс тілінің әсерінен жалпы түркілік сөзжасамда кездеспейтін құрылымдар пайда болып отырғандығы мысалдар арқылы сараланды.

Тірек сөздер: Тілдің құрылым жүйесі, фразеологизм, фразеологиялық единица, түркі тілдерінің қыпшақ тобы, татар, башқұрт, ногай, қарашай-балқар, құмық, қарайым тілдері.

Тілдің құрылым жүйесінде фразеологизмдердің алатын орны ерекше. Бірақ фразеологиялық бірлікті (единицаны) танып-білуде зерттеушілер арасында бірауызды пікір жоқ. Сондықтан да мағынаға ие тілдік бірлік ретінде фразеологизмдер түрлі сөздіктерде әрқилы беріліп жүр. Зерттеулерде я болмаса лексикографиялық еңбектерде тұрақты сөздердің белгілі бір типтері фразеологиялық бірлікке жатқызылса, қайсы бірі мүлде басқа құбылыс деп танылады. Дегенмен зерттеушілер фразеологизмдерді ұқсас өзге де құбылыстардан ажыратудың ондаған белгісін ұсынды. Бірақ солардың ішінде негізгілері атап айтқанда мыналар: фразеологиялық единицаның мағына тұтастығы (семантическая слитность), тіркес тиянақтылығы (устойчивость), қолдану тиянақтылығы (воспроизводимость) [1].

Осы негізгі белгілеріне сүйене отырып, фразеологизмге мынадай анықтама беруге болады: құрылым құрылысы тұрақты әрі тиянақты, сыңарлары біртұтас мағынаны білдіретін және дара тұлғаланатын, сондай-ақ тұтас күйінде өзге де сөздермен тіркеске түсе алатын, форма жағынан синтаксистік единица (сөз тіркесі, сөйлем), мазмұн жағынан лексикалық единица (сөз) түріндегі тілдің мағыналық бірлігін фразеологизм деп атаймыз.

Фразеологизмдердің құрамы мен құрылысы тұрақты болып келеді

Түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы тілдердің фразеологизмдерін зерттеу барысында қайсыбір түркі тілдерінде жалпы түркілік сөзжасамда кездеспейтін құрылымдар пайда болып отырғандығы анықталды. Әсіресе, бұл қазіргі Ресей аумағында өмір сүріп жатқан татар, башқұрт, қарайым тілдерінде байқалады.

Жалпы, қыпшақ тобына енетін қыпшақ-бұлғар және біршама қыпшақ-половец тобындағы тілдердің сөзжасамы аздап орыс тілінің әсеріне ұшырағандығын зерттеушілер де жоққа шығармайды. Бұл жайында батыс қыпшақ тобындағы тілдерді зерттеген К.Мусаевтің еңбектерінде кездестіреміз [2].

Әдетте, зерттеу еңбектерінде фразеологизмдердің грамматикалық құрылымын тек тірек сөз тұрғысынан (есімді, етістікті т.б.) қарастыру үрдіс алған. Ал, олардың құрылымындағы өзгерістердің сырын жақын туыстас тілдермен тарихи тұрғыдан салыстыра зерттеуге

қатысты еңбектер жоқтың қасы. Оның үстіне, түркі тілдеріндегі күрделі сөздер мен фразеологизмдер проблемасының әлі де басы ашылмаған тұстары да жоқ емес.

Айталық, С.Муратовтың еңбегінде *-лы, -лі* тұлғалы құрылымдардың күрделі сөз, не фразеологизмдердің қатарына қосылатыны жайлы түркологтардың бір пікірде емес екендігі айта келе түркі тілдерінің сөзжасам заңдылығы тұрғысынан қарағанда *-лы* аффиксі бар тіркесімдердің бәрі күрделі сөз бола бермейтіндігін айтады. [3, 56 б.].

Мысалы, қазақ тілінде де осы құрылымдағы фразеологизмдер көбі жай тіркес, яғни күрделі сын есім ретінде кездеседі. Мысалы, *сұлу мұртты, қызыл шырайлы, толық жүзді*, т.б. Ал, татар, башқұрт, ноғай, қарашай-балқар, құмық тілдерінде бұл құрылымдар фразеологиялану дәрежесіне көтерілген. Ойымыз дәлелді болу үшін төмендегі мысалдарға көз жүгіртуге болады.

Қазақ тілінде	Башқұрт тілінде
<i>көңілі ашық</i>	<i>асық күңелле</i>
<i>жүрегі қара</i>	<i>қара йөрәкле</i>
<i>тас жүрек</i>	<i>қаты бәгерле</i>
<i>тілі аңы</i>	<i>әсе телле</i>
	<i>осло колаклы</i>
<i>үлкен жүректі</i>	<i>оло йөрәкле</i>
Қазақ тілінде	Татар тілінде
<i>Үлкен сезімталдық</i>	<i>сизгер табигатле</i>
<i>үлкен ілтипат</i>	<i>қызу табигатле</i>
<i>ыстық көңіл</i>	<i>жиңел табигатле</i>
	<i>жиңел табигатле</i>
	<i>авыр табигатле</i>
<i>жұмсақ көңіл-күй</i>	<i>йомшак табигатле</i>
Қазақ тілінде	Ноғай тілінде:
<i>бай, бақуат, тұрмысты</i>	<i>қалын елкели</i>
<i>қолы тар</i>	<i>тар қуллы</i>
<i>көңілі тар</i>	<i>тар халыклы/күңелле</i>
<i>тар эчле</i>	<i>іші тар</i>
Қазақ тілінде	Қарашай-балқар тілінде:
<i>ақылы онша емес</i>	<i>айыу акъыллы</i>
<i>шебер</i>	<i>алтын къоллу</i>
<i>аузы жаман</i>	<i>аман ауузлу</i>
<i>тілі майда</i>	<i>ариу тилли</i>
<i>бақытты</i>	<i>ачыкъ мангыльйлы</i>
<i>қатігез адам</i>	<i>къара джюрекли</i>
<i>ақ көңіл</i>	<i>ачык жүрекли</i>
<i>уәдеге берік</i>	<i>бир тилли, бир сезлю</i>
Қазақ тілінде	Құмық тілінде
<i>ашық көңіл</i>	<i>ачык генгюлю</i>
<i>қара жүректі</i>	<i>къара юрекли</i>
<i>тас жүрек</i>	<i>къаты юрекли</i>
<i>аңы тілді</i>	<i>аччы тилли</i>
<i>қара жүзді</i>	<i>къара юзлю болмакъ</i>

Аталған фразеологизмдердің барлығы да қазақ тілінде керісінше байланысып, жай тіркестерді құрайды. Мысалы: *көңілі ашық, жүрегі қара, жүрегі қатты, тілі аңы* т.б.

Құмық тілінде де аталған фразеологизмдердің құрылымының өзгеруі оларды жай тіркестерге айналдырады екен: «Изменение структуры данных фразеологизмов приводит к образованию простых предложении с парадигматикой притяжательности числа: *аччы тилли тили аччы; ач гезлю гези ач; таза юрекли юреги таза*» [4, 110 б.].

Башқұрт тілінің фразеологизмдерін зерттеген З.Г. Ураксин башқұрт тілінде де аталған құрылымдағы фразеологизмдердің құрамы ауысып келгенде, олар жай тіркеске айналып кететінін көрсетеді: «Второй компонент таких словосочетаний является производным прилагательным, образованным от существительных. По семантике эти фразеологизмы совпадают с субстантивными единицами модели «прилагательное существительное» по существу многие от них и образуются. Допуская изменение структуры, они могут быть преобразованы в простые предложения и принимать парадигмы притяжательности и числа. «Әсе телле теле эссе (у кого язык злой, колючий) кәкере куллы «нечистый на руку» кулы кәкере (у кого л. рука не чиста)» [5, 59 б.].

Л.Г. Панова дүниенің поэтикалық бейнесі дегеннен ақынға әлем жайында ойлау, әлемді бейнелеу үшін қажет иерархиялық жүйеленген категориялар жиынын ұғынады [3]. Ал Н.А. Кузьмина дүниенің поэтикалық бейнесі ұғымын «ақиқат, физикалық әлемге поэтикалық альтернатива ретінде, суреткердің санасы призмасының көлеңкесі арқылы моделі жасалған ғалам бейнесі, оның (суреткердің) рухани белсенділігінің нәтижесі секілді» қарастырады [4, 227].

Ю.В. Казарин дүниенің поэтикалық бейнесін «поэтикалық мәтіннің формалық, мазмұндық, функционалдық, мәдени, эстетикалық және рухани семантикасының бірліктері арқылы автор және оқырман санасында қалыптасқан мәндер, бейнелер және түсініктер жүйесі» [5, 65] деп түсінуді ұсынады.

Ал қазақ тіл білімінде Р. Сыздық дүниенің поэтикалық бейнесі жайында тікелей пікір айтпаса да, «поэтикалық» терминінің мәнін түсіндіріп өтеді: «Көркем шығарманы, айталық өлеңді, тұтас бір эстетикалық дүние деп қарастыратын болсақ, оның айтпағын (мазмұнын)

білдіретін құрал – поэтикалық тілін білу қажет. Поэтикалық тілдің жақсы көрінетін жері – поэзия, өлең, жыр. Поэтикалық тіл дегеніміз, бір жағынан, сөзбен түскен әсем кестелер болса, екінші жағынан, сол кестелерді төгетін амалдардың көрінісі. «Поэтикалық тіл» мен «өлең тілі» деген ұғымдар бір-бірінен мүлтіксіз пара-пар емес. Поэтикалық тіл тек өлең тектінде емес, қара сөзде де, ауызекі сөйлеу барысында да орын ала алады. «Поэтикалық» деген анықтауыш тіл көркемді-гінің, дәлірек айтсақ, көркемдік үшін қолданыстың биігін, идеалын білдіреді» [6, 11].

М. Мақатаевтың поэзиялық шығармаларын когнитивті тұрғыдан зерттеген А. Әмірбекованың тұжырымдауынша, «дүниенің поэтикалық моделі автордың индивидуалды танымы мен оның санада бейнеленген бейнесі арқылы көрініс табады. Демек, автор танымындағы дүние туралы концептілік жүйе – оның ақиқат болмысқа деген субъективті көзқарасы мен объективтік қатынасын танытатын құндылықтар жүйесінен құралады. Дүниенің көркем бейнесінің (көркем концептілердің) бейнелену шеберлігі, «шарықтау шегі» дүниенің поэтикалық, лирикалық, эпикалық, фольклорлық бейнелері арқылы танылады. Көркем бейнелер концептілік жүйе шеңберінде реттеледі. Концептілік жүйенің құрылымы кеңейген сайын дүниенің концептілік бейнесі де кеңейе түседі» [7, 25]. А. Әмірбекова дүниенің поэтикалық моделін дүниенің көркемдік бейнесінің бір моделі ретінде арақатынаста қарастырады. Шындық болмыс жайында әрбір адамның субъективті көзқарасын танытатын қарапайым, белгілі бір деңгейде көркем түрде бейнеленетін дүние жайындағы тілдік бейнесінің жан-жақты танымдық тұрғыдан ең көрнекті үлгісін бейнелі ойлау жүйесіне ие ақын, жазушылардан табуға болады.

Дүниенің поэтикалық бейнесі термині Ресей әдебиеттануында кеңірек қолданысқа ие болған және индивидуалды-авторлық поэтика аспектілерін зерттеу барысында кең қолданылған. Соңғы кезеңдердегі он жылдықтарда белгілі бір әдеби стильге (мысалы, символисттер, Күміс ғасыр поэзиясы) тән дүниенің поэтикалық бейнесін не ақынның поэтикалық әлемін қайта жасауға арналған зерттеулер пайда болды. Ескере кететін жайт, Ресей лингвистикасында «ақынның поэтикалық әлемі» мен «дүниенің поэтикалық бейнесі» терминдері тең ұғымда қарастырылады.

Л.О. Бутакованың ескертуінше, дүниенің поэтикалық бейнесі ұғымы мен дүниенің көркемдік бейнесі ұғымы синонимдер ретінде қарастыруға болады. Себебі дүниенің көркем бейнесінің спецификасы оны білдіретін терминге тәуелсіз, оны «шығармашылық сана-сезім жалпыхалықтық сана-сезімнің бөлігінің қандай деңгейінде болса, сондай деңгейде жалпы тілдік сана-сезімнің бөлігі болып табылады. Сәйкес келу деңгейі әрбір жағдайда әртүрлі және автордың шығармашылық көркемдік тәсіліне байланысты болады» деп қарастырады [8, 94].

Э.Д. Сүлейменова дүниенің тілдік бейнесі мен дүниенің концептуалды бейнесі арасына теңдік белгісін қоймайды. Оның пікірінше, «дүниенің тілдік бейнесі» терминологиялық тіркес ретінде тілдің шындық болмыспен тікелей бір-бірімен әрекеттесуі (ойлаудан өтіп) арқасында пайда болған. Шындығында, тіл мен шындықтың арасында мұндай тікелей контакты жоқ [9, 125].

Б.И. Нұрдаулетова «поэтикалық тілдің көркем ойлау құрылымында анықталған дүниенің концептуалды бейнесі мен дүниенің тілдік бейнесі қазіргі танымдық тіл білімі аясында бір-бірін толықтыратын тілдік-танымдық категориялар» ретінде қарастырады [10, 22, 8]. Сонымен қатар, ғалымның пайымдауынша: «жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалды бейнесі жыраулардың діни-мифтік, адамзаттық танымына негізделген «дүниенің жаратылу концептісі», «шынайы адам концептісі», «қайғы, мұң, шер», «жалғыздық, жекелік», «өлім» концептілері, «атамекен» концептісі тәрізді басты-басты когнитивтік құрылымдардан тұратыны анықталды» [10, 7].

Енді бір көзқарастар жүйесі дүниенің поэтикалық бейнесі мен дүниенің прозалық бейнесінің айырмашылықтарын ажыратуға көп көңіл бөледі.

Ж.Н. Маслованың ескертуінше, ғалымдардың дүниенің поэтикалық бейнесі мен прозалық бейнесін ажыратуға ұмытылыстары және поэзияны шындық өмірдің ерекше проекциясы ретінде белгілеулері түсінікті құбылыс [11, 53]. Осыған байланысты, дүниенің

поэтикалық бейнесінің когнитивті механизмін түсіну үшін оған қарама-қарсы дүниенің прозалық бейнесі ұғымы жайында да айтып кеткен жөн.

XX ғасыр зерттеушілерінің тікелей категоризация және концептуализация үрдістерімен байланысты дүниенің бейнесін қалыптастырудағы тілдің рөлі жайындағы мәселе басты назарында болды (Weisgerber, 1934). Дүниенің ара қатысы мәселесі, санадағы оның бейнесі, сонымен бірге, тілде орнықтырылған бейнесі дүниенің бейнесінің екі формасын айқындауға алып келеді (концептуалды және тілдік). Мұнда дүниенің тілдік бейнесі дүниенің концептуалды моделінің құрамдық бөлшегі ретінде айқындалады. Әдетте дүниенің ғылыми және қарапайым бейнесі қарама-қарсы қойылып салыстырылады (Бодуэн де Куртенэ, 1963; Щерба, 1974; Потенбня, 1999; Апресян, 1995). Сол секілді дүниенің поэтикалық бейнесі және дүниенің прозалық бейнесі де қарама-қарсы қойылып қарастырылады деп айтуымызға болады.

Алдымен, поэзия және прозаның айырмашылықтарын анықтап алайық. Орыс тіл білімінде поэзия мен прозаны салыстыруда және бір-біріне қарама-қарсы қоюда бірнеше критерийлер ұсынылған. Соның бірі – өлең мен прозаның түрліше ритмикалық табиғатымен байланысты ритмикалық критерийі. Бұл көзқарастың өкілдері В.М. Жирмунский, Б.В.Томашевский, М.М. Гиршман, Ю.Б. Орлицкий және т.б. Ал А.П. Веселовский, Б.М. Эйхенбаум, А.В. Михайлов, М.Л. Гаспаров және т.б. ғалымдар тобы поэзия мен прозаны поэтика және риторикада ғылыми негіздемеге ие болған көркемдік стильдер ретінде қарастырады. Сонымен қатар, ХУІІІ–ХІХ ғасырлардағы батыс-еуропалық және Ресей эстетикасында поэзия термині кең мағынада түсіндірілді. Ол «көркемдік» сөзіне синоним ретінде жұмсалып, өлеңмен де және прозамен де жазылған көркем шығармалар деп түсінілді. Ал проза функционалды әдебиетке қатысты айтылды (шешендік, ғылыми, публицистикалық, философиялық). Құрылымдық-семантикалық критерий поэзия мен прозаны бір мезгілде көркемдік ойлау типтері ретінде және сөйлеу, жанрлық-стильдік категориялар ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

3. Ахметов «поэзия өмір шындығын ойшылдықпен ерекше сезімталдықпен ашып көрсетеді, бейнелеп суреттейді... көркем ой жеткізудің құралы» [12, 11] деген сипаттама бере отырып, мұның (поэзияның) философиялық пен эмоциялық қырын айтып кетеді.

С.Г. Виноградова поэзияның ерекшелігін былайша түсіндіреді: «Лирикада, эпоста, драмада тілдік бірліктері мағынаны жеткізу тұрғыдан өздерін бірдей ұстамайтыны белгілі. Өлеңдегі сөз дыбыстық қайталамалар (рифма, аллитерация), ритм-метрикалық сурет қайталауларының, шығарманың композициялық құрылысының спецификасының әсерін байқап көреді. Себебі поэтикалық мәтін – бұл жабық жүйе, ар жағында автордың санасы, оның элементтері, шектестік (жүйелі тәуелділік арқылы) бойынша да, эквиваленттілік (ассоциативті тәуелділік арқылы) бойынша да бір-бірімен тығыз байланысқан сөздер тұрған бір микрокосм» [13, 161]. Зерттеуші поэзияны семантикалық және құрылымдық тұтастығының мықтылығына баса назар аударады.

В.А. Маслованың пікірінше, «Поэзия (грек. «істеу, жасау») ғаламды тану мен бейнелеудің спецификалық амалдарының бірі болып табылады» [14, 15]. Ғалым поэзияда эстетикалық мәннің басым болуын негізгі шарты ретінде ұсынады: «адам жай-күйі, басынан кешкендерді эстетикалық емес тура мағынамен білдіруге ұмтылса поэзия жоғалады» [14, 18] және «поэтикалық мәтін – бұл әлемді бейнелі түсіну» [14, 19] – деп қорытынды тұжырым ұсынады.

В.А. Маслова поэзия мен проза арасындағы айырмашылықтар жайында айтып кеткен Б.В. Томашевский, Е.Д. Поливанов, Е. Эткинд, Удар де Ла Мотт, Н. Гумилев т.б. пікірлерін саралай келе, тағы да мынадай тұжырымға келеді: поэзия прозадан биік емес, ол тек спецификалық мүмкіндіктер мен спецификалық белгілерге ие: проза – бұл ойды, идеяны білдіру, поэзия – сезім мен көңіл-күйді білдіру («құмарлық тілі») [14, 24], егер прозада оқиғалар бейнеленсе, ал поэзияда бұл оқиғаларға деген автордың реакциясы ретінде эмоция мен сезімдерінің динамикасы бейнеленеді [14, 31] дей келе, мұның мәнін былайша түсіндіріп кетеді: «Сөздің мағынасын екіге ажырату зор мәнге ие болады: концептуалды және

эстетикалық. Эстетикалық мағына концептуалды мағынаға орай бейімделеді де, көбінесе оның мағынасын өзгертіп те жібереді» [14, 32-33].

Ал И.В. Вашунина «поэзия біршама төмен ақпараттылығымен және жоғары эмоционалдылығымен және экспрессивтілігімен ерекшеленеді. Поэтикалық мәтіндегі жоғары зорланушылық, шиеленушілік (олардағы вербалды емес мазмұндық-концептуалдық және мазмұндық-мәтінастарлық мәліметтің үлкен көлемінің берілуі) оларды қабылдауда болжамды қиындатады [15, 10] – деп поэзияның фактуалдыдан гөрі концептуалды мәліметті беруге қызмет ететін қырын алға тартады. Б.А. Ларин көркем мәтіндегі сөздің семантикалық күрделілігі жайында айтып, ғылыми айналымға мағыналық призма арқылы әлемге индивидуалды-авторлық көзқарасты білдіруші ретіндегі сөздің эстетикалық мағынасын енгізген болатын.

Негізі, толғауларда көбінесе фактуалды және концептуалды мәліметтен гөрі эстетикалық мәлімет басты орынға ие болады. Эстетикалық мәлімет беру поэтикалық мәтіннің басты қызметі екені белгілі. Бұл мәлімет бағаны, қарым-қатынас тәжірибесін беруге бағытталған, ал фактуалды фактілерді беруге ұмтылады. Көркем мәтінде ақын-жыраулардың ой-пікірлерінің түпкі ойы ерекше көркем тілдік формада семантикалық кеңістікте жүзеге асады да, мәтін концептуалды талдаудың нысанына айналып, мұның өзі мәтінде қандай дүние бейнесі бейнеленгенін, қандай білім және бағалау фрагменттері онда баяндалғанын анықтауға мүмкіндік береді. Дегенмен әлеуметтік бағдарлы және коммуникативті қызметтің әлеуметтік шарттанған мәтіндер де жоқ емес. Ақын-жыраулар поэзиясының мәтіні жайында осылай деуге болады. Демек, көркемдік формада нақты тілдік құралдар жүйесі негізінде және олардың ерекше ұйымдасуымен поэтикалық мәтін мазмұны ақын-жыраулардың дүниенің поэтикалық бейнесінің фрагменттерінің жүйелі жиынтығы ретінде берілген.

М.М. Бахтиннің байымдауынша, поэзия мен проза архитектуралық көркемдік формалар ретінде екі түрлі дүние бейнесін жасайды. Поэзияда өзіндік дүниенің автороцентрлік (мифоцентрлік) көркемдік моделі жасалады. Бұл модельдің қалыптасуында көркемдік бейненің құрылымына маңызды роль беріледі. Поэзияда көркемдік бейне авторлық интенция, затқа деген авторлық эмоционалды-мәндік бағыттылықпен максималды түрде берілген, сондықтан да, М.М. Бахтин бойынша, поэтикалық бейне – бұл автордың зат жайындағы пікірі арқылы және бұл заттың экспрессивті, құндылықты және мәндік сипаттамасы арқылы қалыптасатын интенционалды бейне [16, 34]. «Дүниенің поэтикалық моделінде адам бейнесі өздік идентификация принципі бойынша, басқа біреуді, өзі секілді: басқа біреу мен секілді деп қабылдау принципі бойынша бейнеленеді. Дүниенің прозалық көркем моделі, ең алдымен, логоцентрлік модель ретінде қалыптасады. Оның негізінде екі дауыстық сөз, зат жайында бөтен сөзбен диалогқа түсетін автор сөзі жатыр. Прозадағы көркемдік бейненің өзіндік ерекшелігінің мәні оның диалогтылығында жатыр, прозалық көркем бейне, М.М. Бахтин көзқарасы бойынша, «диалогтанған» бейне. ... Дүниенің прозалық моделінде адам оны басқа біреу секілді, мен басқа біреу секілді деген принцип бойынша әсерлену, қабылдау арқылы бейнеленеді [16, 34].

Л.О. Бутакова көркем мәтіндегі автор санасының мәнін қызметін зерттеу барысында поэзия мен прозадағы дүниенің моделінің ерекшеліктерін былайша түсіндіреді: «проза және поэзия эстетикалық қызметтің түрлі принциптерін бейнелейді. Бұл индивидуалды сананың айырмашылығымен ғана байланысты емес, сонымен бірге, мәтіндік презумпцияның сәйкес келуімен де байланысты болған ұқсас ғалам бейнесінің вербалды түрінің түрлі әдісін, жолын көруге мүмкіндік береді. Зерттелетін прозалық және поэтикалық мәтіндер біркелкі бір сарынды, көлемдік, тақырыптық және жанрлық ұқсастығымен сипатталады, бірақ когнитивті, семиотикалық, коммуникативті, ритмо-метро-мелодиялық доминантарымен ерекшеленеді [17, 4]. Ғалым дүниенің көркемдік бейнесін – белгілі бір жолмен ұйымдастырылған құрылымдық элементтер автордың санасында бар когнитивті модельдер мен концептуалды аумақтармен динамикалық түрде ара қатынасын белгіленген түрлі деңгейде күрделі құрылған, біршама шындық болмыстың стабильді эстетикалық бейнесі (когнитивті-ментальді, эмотивті, коммуникативті) [18, 6] дей келіп, дүниенің поэтикалық және прозалық бейнесінің

анықтамасын былайша тұжырымдайды: «Дүниенің поэтикалық моделі – репрезентацияның арнайы формаларына ие, поэтикалық текстуальдылықтың презумпциясын біріктіре отырып мәтінде анықталатын когнитивті модельдер жиынтығы». «Дүниенің прозалық моделі – репрезентацияның арнайы формаларына ие, прозалық текстуальдылықтың презумпциясын біріктіре отырып мәтінде анықталатын когнитивті модельдер жиынтығы» [18, 6]. Л.О. Бутакова проза мен поэзия көркем әдебиеттің бір-біріне қарама-қарсы тектің түрлері болғанымен, дүниенің бейнесі ретінде бұл әдеби жанр түрлерінің мәтіндегі реализациясын ажыратып көрсетуде тек ойды білдіру тәсілі: өлең мен қара сөзді ғана айырмашылық етіп алып ұсынады.

Н.С. Болотнованың пікірінше, дүниенің поэтикалық бейнесін белгілі бір интенциялармен сәйкес бейнелі формада іске асырылған, оқырманның танымдық белсенділігінің нысаны болып табылатын автордың шығармашылық қиял, елесімен жасалған көркемдік әлем деп ұғынамыз [19, 21]. Ғалым дүниенің поэтикалық бейнесінің мынадай ерекшеліктерін атап көрсетеді: «антропоцентризм, эстетикалық дүниені модельдеудің субъективті шығармашылық сипаты, автордың «тілдік ойлау» қызметі үрдісіндегі дүние жайындағы білімнің көркем образдарда екіншілік бейнелеуі, тұтастық, жүйелілік, шындық болмыспен жанама түрде байланысы, өзгермелілік» [19, 21].

Дүниенің поэтикалық бейнесінің реконструкциясы үшін материал ретінде автордың қабылдауының ерекшеліктеріне сай шындық өмірді бейнелейтін шығармаларының жиынтығы қызмет етеді. Осылайша, дүниенің поэтикалық бейнесі түсінігі көркемдік шындықтың ерекше жоғары статусын бейнелейді. Сонымен қатар, дүниенің поэтикалық бейнесін қалыптастыруда автордың индивидуалды бейнелі жүйесі маңызды рөл атқарады.

Сонымен, поэзия мен прозаның арасындағы мәнді ерекшеліктерді және ғалымдардың пікірлерін есепке ала отырып, «дүниенің поэтикалық бейнесі дегеніміз шындық болмыста ақын үшін өзекті болып табылатын құбылыстардың жүйелі түрдегі концептілерінің жиынтығы ретінде ұсынылып, олар жайында концептуалды және фактуалды мәліметтің эстетикалық мәнмен көмкеріліп, поэтикалық мәтінде семантикалық, құрылымдық, интонациялық тұтастық түрінде адамның жан дүниесіне әсер ететіндей түрде көркем бейнелер арқылы берілуі» болса, ал «дүниенің прозалық бейнесі дегеніміз шындық болмыста жазушы үшін өзекті болып табылатын құбылыстардың жүйелі түрдегі концептілердің жиынтығы ретінде ұсынылып, олар жайында фактуалды және концептуалды мәліметтің эстетикалық мәнмен көмкеріліп, прозалық мәтінде семантикалық, құрылымдық тұтастық түрінде белгілі бір идеялық мақсатта бейнеленуі» деген қорытындыға келеміз.

XV–XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулар поэтикасын тудырған сол кезеңдердегі тарихи, мәдени, саяси оқиғалар (фактуалды мәлімет) ішінен ақын-жырау үшін өзектірек мәнге ие зат, құбылыстар тіліне тиек болып, шығармашылық үрдісте көркем бейнеде ұсынылған туындылар болып табылады. Негізі, ақын-жыраулар поэтикасында бейнеленген дүниенің поэтикалық бейнесі заман тудырған шындық болмыстың көркем бейнесі ретінде ұсынылады. Бұл жерде ескере кететін жайт, «когнитивті тұрғыдан қарағанда, поэзияны туынды индивидуалды сана ретінде және дамудың жалпы мәдени деңгейінің бейнесі ретінде қарастырған жөн, себебі ақын социум мен этностың өкілі болып табылады» [11, 54] дегенді де есепке алу қажет.

Поэтикалық мәтін бір жағынан, дүниені авторлық интерпретациясының ерекшеліктерін бере алады, екінші жағынан, авторлық сананың спецификалық мәндік (когнитивтік) құрылымдардың индивидуалдығын білдіреді.

Ж.Н. Маслова «Дүниенің поэтикалық бейнесі когнитивті аспектіде зерттелуі» деген мақаласында: «Дүниенің поэтикалық бейнесі дүниенің тілдік бейнесі болып табылады, поэтикалық мәтінді когнитивті аспектіде зерттеу – адам концептосферасын түсінудің тағы бір мүмкіндігі. Поэтикалық мәтіндердің жиынтығында дүниенің поэтикалық бейнесі бейнеленеді. Дүниенің поэтикалық бейнесі когнитивті аспектіде зерттеу, поэтикалық мәтінді когнитивті зерттеудің нысаны ретінде қарастыруға берілген лингвомәдени бірлестік шегінде іске асатын базалық мәдени модельдердің бар болуын және трансформациясын бақылап отыруға

мүмкіндік береді. Поэтикалық мәтіндегі мәннің қалыптасу механизмін зерттеу белгілі бір ұрпақтың когнитивті механизм жинағындағы, қоғамдық сана трансформациясындағы өзгерістерді айқындауға мүмкіндік береді» [11, 34] – деген пікіріне сүйенсек, ақын-жыраулар поэтикасындағы дүниенің поэтикалық бейнесінің когнитивті аспектіде қарастырудың өзектілігімен қатар, ХҮ–ХҮІІІ ғасырлардағы туындылардағы тілдік, танымдық, психологиялық, мәдени, әлеуметтік, тіпті тарихи тұрғыдан жанаша қарастырудың тиімді жолын ұсынып, қазақ тіл біліміндегі поэтикалық көркемдік тілдегі базалық концептілер жүйесінің қалыптасу механизмінің интерпретациясын бере алады.

Демек, ХҮ–ХҮІІІ ғасырлардағы ақын-жыраулар толғауларында орын алған дүниенің поэтикалық бейнесі – индивидуальды поэтикалық тілдің құралдары арқылы айтылған және мәтінде объективтендірілген автордың дүниетанымы, көзқарасы.

Ақын-жыраулар поэтикасындағы дүниенің поэтикалық бейнесі ХҮ–ХҮІІІ ғасырлардағы тарихи, мәдени, саяси т.б. оқиғалардың әсерінен қазақ қоғамының басынан кешірген түрлі жағдайларға орай ақын-жыраулардың рухани-сезімдік тәжірибесі вербалдануынан қалыптасқан, алайда сол кезеңдерді бейнелейтін нақты фактілердің сенімділігі емес, оның адам тәжірибесіне орай сезімі, көңіл-күйі, түйген ойлары, шынайылығы маңызды орын алады.

Дүниенің поэтикалық бейнесін зерттеудегі бағыттардың жүйеленуіне арналған еңбектерге шолу жасау дүниенің поэтикалық бейнесі автордың ішкі жан дүниесімен байланысты бейнелеу арқылы анықталатын бұл салада қолданылатын ұғымдардың, түсініктердің санының көптігін және әр тектілігін көрсетеді. Дүниенің поэтикалық бейнесін жасауға қатысатын концептілер жүйесі, оның психологиялық, әлеуметтік мәні мен қасиеттері, концептінің субъективті семантикасы жайында түсініктерді, мәселелерді зерттеудің әдістемелік шешімі келтірілген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М., 1979. – 320 с.
- 2 Лотман Ю. Об искусстве. – СПб.: Искусство, 1998. – С. 423-436.
- 3 Панова Л.Г. Пространство и время в поэтическом языке О. Мандельштама: автореф. дис. ...канд. филол. наук. – М., 1998. – 22 с.
- 4 Кузьмина Н.А. Интертекст и его роль в процессах эволюции поэтического языка. – Екатеринбург: Изд-во урал. ун-та, 1999. – 268 с.
- 5 Казарин Ю.В. Поэтический текст как система / Ю.В.Казарин; Науч.ред. Л.Г.Бабенко. – Екатеринбург: Урал.гос.ун-т, 1999. – 259 с.
- 6 Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2004. – 616 б.
- 7 Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М. Мақатаев поэзиясы бойынша): Филол.ғыл.канд. ...дисс. – Алматы, 2006. – 122 б.
- 8 Бутакова Л.О. Человек – мир – речь: Индивидуально-авторская картина мира в творчестве омского поэта Тимофея Белозерова // Язык. Человек. Картина мира: Лингвоантрополи филос.очерки. – Омск, 2000. – Ч. 1. – С. 94-118.
- 9 Сулейменова Э.Д. Понятие смысла в современной лингвистике. – Алма-Ата, 1989. – 160 с.
- 10 Нұрдаулетова Б.И. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі: филол. ғыл. докт... автореф. – Алматы, 2008. – 49 б.
- 11 Маслова Ж.Н. Жанр лирического стихотворения в контексте когнитивной поэтики // Весы – Балашов, 2008. – № 38. – С. 53-60.
- 12 Ахметов З. О языке казахский поэзии. – Алматы: Наука, 1975. – 210 с.
- 13 Виноградова С.Г. Текстовые факторы функциональной категоризации английских экзистенциальных глаголов в поэтическом тексте. // Методологические проблемы когнитивный лингвистики. – Воронеж, 2001. – С. 160-162.

- 14 Маслова В.А. Русская поэзия XX века. Лингвокультурологический взгляд: учеб. пособие. – М.: Высш. шк., 2006. – 256 с.
- 15 Вашунина И.В. Взаимовлияние вербальных и невербальных (иконических) составляющих при восприятии креолизованного текста: автореф. ...доктора филол. наук. – М., 2009. – 42 с.
- 16 Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. – М., 1975. – 502 с.
- 17 Бугакова Л.О. Авторская сознание как базовая категория текста: когнитивный аспект: автореф. ...доктора. филол. наук. – Барнаул, 2001. – 26 с.
- 18 Болотнова Н.С. Ассоциативное поле художественного текста как отражение поэтической картины мира автора // Вестник ТГПУ. – Томск, 2004. – Вып.1 (38). – Сер. Гуманитарные науки, – С. 20-25.
- 19 Маслова Ж.Н. Поэтическая картина мира в когнитивном аспекте // Вопросы когнитивной лингвистики. – М., 2008. – №3. – С. 33-39.

Г.Е. Абылова

ПОЭТИЧЕСКАЯ И ПРОЗАИЧЕСКАЯ КАРТИНЫ МИРА: СХОДСТВО И РАЗЛИЧИЯ

В данной статье представлен анализ толкований понятия «поэтическая картина мира» в общем языкознании и казахском языкознании. По мнению автора статьи, поэтическая картина мира в произведениях акынов-жырау сформировалась в процессе вербализации их духовно-чувственного опыта, сложившегося под влиянием исторических, культурных, политических событий в казахском обществе XV-XVIII веков. Однако, важное место при этом занимает не столько достоверность исторических фактов, а связь жизненного опыта с чувствами, настроением, мыслями акына. В поэтике акынов-жырау XV-XVIII веков эстетические представления занимают основное место, в отличие от фактов и конкретики. Дать эстетические сведения – это главная функция поэтического текста.

В статье выявляются общие и различные особенности поэтической и прозаической картины мира, дается определение. Автор статьи, основываясь на трудах и взглядах ученых, рассматривает поэтическую картину мира как объективную действительность, которая представляется поэтом в виде совокупности концептов, содержащих наряду с эстетическим значением концептуальные и фактические сведения, и репрезентирующих особо значимые образы духовного мира человека посредством художественных образов. А прозаическая картина мира понимается как объективная действительность, которая представляется писателем в виде совокупности концептов, содержащих наряду с эстетическим значением концептуальные и фактические сведения, имеет семантическую и структурную целостность.

G.E. Abylova

POETIC AND PROSAIC PICTURES OF THE WORLD: SIMILARITIES AND DIFFERENCES

This article presents an analysis of the interpretation of the concept "poetic picture of the world" in general linguistics and Kazakh linguistics. According to the author of the article, the poetic picture of the world in the works of akyns-zhyrau was formed in the process of verbalization of their spiritual and sensual experience, formed under the influence of historical, cultural and political events in the Kazakh society of the 15th-13th centuries. However, an important place here is not so much the reliability of historical facts, but the connection of life experience with the feelings, mood, and thoughts of the akyn. In the poetics of akyn-zhyrau of the 10th-10th centuries, aesthetic representations occupy the main place, in contrast to facts and specifics. To give aesthetic information is the main function of the poetic text.

The article reveals common and various features of the poetic and prosaic picture of the world, a definition is given. The author of the article, basing himself on the works and views of scientists, considers the poetic picture of the world as an objective reality, which is represented by the poet in

the form of a set of concepts containing conceptual and factual information along with aesthetic significance, and representing particularly significant images of the spiritual world of man through artistic images. And the prosaic picture of the world is understood as an objective reality, which is represented by the writer in the form of a set of concepts containing conceptual and factual information along with aesthetic value, has a semantic and structural integrity.

УДК 82.0:398.21

О.А. Анищенко, Н.Г. Омарова
Кокшетауский государственный университет им. Ш.Уалиханова
Кокшетау, Казахстан
olga_alex62@mail.ru, nurlugul@list.ru

МИФОЛОГИЧЕСКАЯ ОСНОВА ФИЛОСОФСКИХ СКАЗОК

Статья посвящена исследованию фольклорно-мифологических основ философских сказок, выявлению их роли в создании художественной картины мира автора. При анализе философских сказок выявляются основные нравственные и моральные ориентиры, актуальные для будущего поколения. Рассматриваются основные черты национального художественного стиля, определяемые преемственностью фольклорных традиций казахского народа. Авторы прослеживают связь философских сказок Н.Ж. Шаймерденовой с мифологией, раскрывают отражение в них жизненной философии, изложенной в мифических образах и в художественной форме.

Ключевые слова: миф, сказка, философия, мифические образы, символические образы, национальная культура.

Сказка как жанр фольклора и литературы является актуальной областью исследования современного литературоведения: несмотря на достаточно длительную историю жанра, а также историю его исследования, остаются вопросы, требующие углубленного изучения [1; 3]. Так, при наличии активного аналитического внимания к поэтике, видовому разнообразию, эволюции, жанрово-стилевым, языковым особенностям сказки, недостаточно раскрывается ее философская смысловая емкость. Иносказательность и философичность, присущие сказке, создают условия раскрытия «вечной», глобальной не теряющей своей значимости на протяжении длительного исторического времени проблематики. Популярность жанра сказки свидетельствует о том, что читатель стремится окунуться в вымышленный, чудесный мир, где можно отвлечься от насущных проблем и взглянуть по-другому на изображаемую действительность. Как известно, само слово «сказка» происходит от русского слова «сказывать», «говорить», что напоминает о фольклорных истоках жанра, о его «устности».

Философская сказка – разновидность литературной сказки, в которой ставятся наиболее важные для человека вопросы жизни и смерти, чести и бесчестия, добра и зла, любви и ненависти. В философской сказке доминирует стремление автора через объединение сказочно-фантастического и реального понятий смысл действительности, объяснить устройство мира, возможности его развития и место человека в нем.

Сказка как повествовательный жанр имеет мифологическую природу. Возникшие в незапамятные времена, сказки раскрывают гармоничный образ мира, передавая все сущее – небо и землю, человека и природу, жизнь и смерть [2; 86].

Выдающийся классик русской филологической науки, исследователь русского народного творчества академик Федор Иванович Буслаев (1818—1897) в свое время писал: «как обломок доисторической старины сказка содержит в себе древнейшие мифы, общие всем

языкам индоевропейским...» [3; 11]. Генезис сказки любого народа непосредственно восходит к «историческим» и философским представлениям первобытного человека.

Связь мифологии и сказки с философией сегодня не отрицается в противовес полному отрицанию всякой преемственности форм мифологического и философского мышления. Так, И.А. Ильин полагает, что «... сказка не выдумка и не «небылица», а поэтическое прозрение, сущая реальность и начальная философия... Сказка есть первая, дорелигиозная философия народа, его жизненная философия, изложенная в свободных мифических образах и в художественной форме» [4; 52]. По Е.М. Мелетинскому, мифология «будучи нерасчлененным синтетическим единством, включала в себя зачатки не только религии, но и философии, политических теорий, различных форм искусства» [5; 58].

Мифологическое сознание является общей характерной чертой всех народов, имеющих древнюю историю. Казахские мифы имеют ярко выраженное типологическое сходство с мифами других народов, в особенности с тюркскими.

Исследованию жанра казахской сказки посвящено фундаментальное исследование академика С.А. Каскабасова «Казахская волшебная сказка» [6], традиции которого восходят к В.Я. Проппу и его «Морфологии волшебной сказки» [7]. Наряду с тем, что оба ученых рассматривают сказки двух национальных культур в структурном аспекте, С.А. Каскабасов обращается и к освещению жанра сказки в диахроническом аспекте. Исследуя жанрово-стилевые особенности волшебных сказок, ученый обращается к их социальной организации и изображению в них системы родства казахского общества.

У казахов сохранилась целостность восприятия мира. В связи с этим исследователи писали, что для казаха не было разделения философии мира и быта, они были для него взаимосвязаны. Каждая вещь многозначна, одним из ее обязательных свойств было философское осмысление [8].

Часто при рассмотрении казахской волшебной сказки указывают ее мифологичность, другими словами, мифологические корни сказки. Генетическую связь сказки и мифа отмечал К. Леви-Строс в своей работе «Структурная антропология». Сказка, по его мнению, – это состарившийся миф. Миф, который когда-то являлся для людей реальностью высшего порядка, и в который они верили, со временем утратил данную социальную функцию. Люди перестали верить в миф, и он трансформировался в сказку. Подтверждает точку зрения Леви-Строса В.Я. Пропп. В своей работе «Русская сказка» он придерживается следующих положений: 1) миф является более ранним образованием, чем сказка; 2) миф имеет сакральное значение, сказка – развлекательное; 3) мифами он называет такие рассказы первобытных народов, которые признаются реальностью высшего порядка и обладают священным характером [9]. В мифы люди верят, а в сказки уже нет. В.Я. Пропп отмечает следующие социальные отношения и религиозные верования, циклы которых встречаются в сказках: обряд посвящения и представления о загробном мире. Он утверждал, что цикл инициаций является древнейшей основой сказки. Инициации тесно связаны с представлениями о смерти: посвященный часто спускается в подземный мир и проходит там трудные испытания, он может проводить там достаточно долгое время и особенные трудности герой испытывает на обратном пути, когда он возвращается на поверхность. Эти циклы дают большое разнообразие сказочных сюжетов.

В исследованиях известного казахского мифолога лингвиста, этнографа, историка и краеведа С. Кондыбая говорится: «Сакральная Вечная Родина казахов не имеет отношения к реальной географии, путь в эту забытую неизвестную страну ведет в глубины нашего сознания, внутреннего «Я» каждого казаха. Мифология – это главный из ключей, отворяющий дверь в заветный мир для вернувшегося домой странника. Мифология – это возможность прочесть утраченные страницы прошлого, вспомнить былой Дух, Сакральность, Нравственную сущность, Мировосприятие ...» [10; 9-10].

Значимость сказки для описания и понимания прошлого, отражения многовековых народных идеалов, формирования и поддержания традиций, воспитания поколений понимают и современные казахстанские авторы, пишущие сказочную прозу для детей. Так, философские

сказки «Принцесса цветов» и «Сказка о прекрасных птицах Фламинго» Н. Шаймерденовой наиболее ярко выражают фантастические и мифические понятия казахского народа. Г.И. Власова в статье «Детская проза в новейшей литературе России и Казахстана» отмечает, что сказки Н.Ж. Шаймерденовой трудно отнести к определенному жанру. «Это мифопоэтические повествования с ярко выраженной дидактической и нравственной доминантой».

Мифологическую окраску придают мотивы превращения героев в птиц Фламинго, появления соленого озера из слез героини. Так, в «Сказке о прекрасных птицах Фламинго» предлагается этиологическое объяснение появления розовых фламинго «кызыл қаз», хранителей домашнего очага. Сказка «Принцесса цветов» – о любви, об обычаях и культуре казахского народа, о легенде появления тюльпанов в мире [11].

Космогонические мифы казахов сложены на основе мифологических представлений древних предков о мироздании и опыта их повседневной жизни. Древние кочевники – обитатели Великой степи – веровали в бога неба Тенгри. Небо имело практическое значение не только как ориентир в бескрайних степных просторах, в кочевом пути, но и как свидетель и судья, как помощник и спаситель. Люди переносили на небо важнейшие реалии своей жизни, тем самым фиксируя в памяти народа свою историю. В «Сказке о прекрасных птицах Фламинго» действуют боги – Аллах, Тенгри и Умай. Эти персонажи являются сакральными именами тюркского поклонения. Тенгри – вечное небо, божественное мужское начало, распоряжающееся судьбами человека, народа и государства. Божественная пара Тенгри – Умай – богиня плодородия, дарует богатый урожай, высокопочтимое земное женское божество, покровительница детей и рожениц. После принятия казахами ислама слово Тенгри стало обозначать бога вообще, стало синонимом слов Кудай и Аллах.

Сказки – путь постижения семейных отношений в прошлом. Так, в «Сказке о прекрасных птицах Фламинго» читатель знакомится с национальной спецификой родства в казахском обществе: *байбеше, токал*. Байбеше определяет семейный и возрастной статус женщины, она имеет значительные права в семье. Основная ее функция – управление общественной и хозяйственной жизнью семьи, воспитание и присмотр за младшими женами (токал) и детьми.

Тема семьи, женщины, детства, взаимоотношений поколений занимает важное место в казахском фольклоре. Чувство беспредельной материнской любви к ребенку, желание иметь детей, воспитывать их находят отражение в сказках Н. Шаймерденовой: «*Родители безумно любили свою дочь и не стали ей перечить*» [12; 17], «*Долгие годы женщина проливала слёзы, моля Аллаха послать ей дитя*» [13; 5]. Мотив чудесного рождения детей имеет широкое распространение в мифах, эпосах и сказках народов мира. Представления о необычайной плодovitости растений легли в основу культа растений, ставшего одной из ярких особенностей мифологического сознания. В сказке «Принцесса цветов» после долгих лет бездетная пара получает вымоленного у Всевышнего чудо-ребенка из луковицы тюльпана – прекрасную Кызгалдак. Трогает своей чистотой, искренностью и драматизмом в «Сказке о прекрасных птицах Фламинго» молитва матери к Всевышним: «*О, Тенгри и Умай, помогите! Если уж не сохраните Вы жизнь моей дочери и ее возлюбленному, то не дайте их душам сгореть на костре, подарите еще одну жизнь*» [14; 12]. Смысл жизни для жителей великой степи заключался в продолжении рода.

Так как для казахского народа было важно вырастить из мальчика настоящего мужчину, то большой популярностью пользовались сказки, воспевающие труд и героические поступки. Так, сказка «Принцесса цветов» повествует о двух храбрых братьях-близнецах Кунжана и Тунжана, которые смело сражаются с недругами, героически защищают родную землю от врагов и не боятся никакого физического труда.

Мотив поиска молодым человеком спутницы жизни в казахских сказках является традиционным, но герой должен пройти испытания, преодолеть трудности. Герой сказки «Принцесса цветов» Кунжан проделывает долгий путь в поисках своей невесты, ездит по странам Европы и возвращается из далекой Голландии со своей красавицей-невестой и необычной принцессой цветов Тюлпен. По законам жанра сказки повествование в «Принцессе цветов» завершается свадьбой Тунжана и Кунжана.

В «Сказке о прекрасных птицах Фламинго» влюбленная пара *Асылжан* и *Махаббат* превращаются в птиц Фламинго, символизирующих прочность уз, долгую и счастливую семейную жизнь. Птицы в сказке являются олицетворением полета человеческой души, преданной любви, счастья, духовной чистоты и красоты.

Особенностью сказок Н. Шаймерденовой является то, что созданные ею художественные образы, кроме прямого значения, имеют и символическое, отражают национальную картину мира, духовный, нравственный, эстетический опыт народа. Внутреннее содержание сказок основано на противостоянии добра и зла, любви и коварства, жестокости и милосердия.

На примере художественных символов автор дает толкование специфики национального сознания. Используемые символы отражают философскую концепцию жизни и любви. Важнейшие нравственные, философские проблемы, волнующие автора, получают в сказках обобщающее, символическое выражение.

Нередко сказки, особенно волшебные, начинаются с так называемых присказок, которые не связаны с основным сюжетом. В сказке «Дельфин и солнышко» присказкой является предисловие к основному сюжету сказки, которое подготавливает слушателя к восприятию сказки, настраивает его на соответствующий лад. *«В мире случаются чудеса, и чудеса порой кажутся необъяснимыми. Чудо оно на то и чудо, чтобы увидев однажды, можно было вскрикнуть от восхищения и понять: вот оно счастье, вот она радость, вот она любовь! Это и есть чудо из чудес...»* [12; 13].

Традиционным элементом сказки является зачин. Зачин, как и присказка, кладет четкую грань между нашей обыденной речью и сказочным повествованием. В сказках «Дельфин и солнышко» и «Сказка о прекрасных птицах Фламинго» зачин начинается с традиционных фольклорных слов: *«В те давние времена, когда еще люди верили в чудеса и в божественную силу, жила-была прекрасная лучистая красавица, дочь Неба и Солнца – Лучик»* [12; 17], *«В давние времена, когда казахи поклонялись божествам неба Тенгри и Умай, жили-были хан и его мудрая жена-ханша»* [14; 3]. Сказки Н.Ж. Шаймерденовой имеют и своеобразные концовки, которые, как это следует из их названия, подводят итог развитию сказочного действия. Так, в сказке «Дельфин и солнышко» в заключительных строчках приводится афоризм, в котором отражается главная идея произведения: *«Солнышко вспомнила фразу, которую прочитала в этом саду на именной скамеечке: «Never give up», и уверенно крикнула юноше, который стоял вдали на берегу: «Никогда не сдавайся», «Юноше даже показалось, что кто-то произнёс: Никогда не сдавайся! Что-то яркое вспыхнуло и надолго оставило в памяти это видение. Юноша воскликнул: – О, какое Чудо! Я вижу этот мир! И как же он прекрасен!»* [12; 41].

«Сказка о прекрасных птицах Фламинго» заканчивается описанием прекрасных птиц фламинго, танцующих на рассвете и наполняющих Степь любовью и песнями: *«Каждый год весной прилетали розовые Фламинго в Кургальджино, поселялись большими стаями, жили все вместе и заботились о своем потомстве. На рассвете они танцевали танго, и всей их любовью наполнялась великая Степь, они пели песни и радовались этой жизни. С каждым годом птиц становилось все больше и больше. Фламинго на своих длинных ногах гуляли по озеру, как будто хотели, чтобы люди с лживыми нашептываниями не могли достичь их, они стремились к небу и солнцу, к Тенгри и Умай. У них недолг век, но они счастливы»* [14; 18].

Сказку «Принцесса цветов» завершает повествование о том, что сегодня на юге Казахстана на полях можно увидеть тюльпаны, в которых «еще жива душа Кызгалдак». *«Возможно, кому-то из них повезёт на рассвете разглядеть тонкий стан Кызгалдак в нежном объятии богатыря Тунжана с хрустальными росинками на лепесточках. И в ночной тиши услышать её нежное пение»* [13; 21].

Мифологическая образность присутствует в нашей современной повседневной жизни в виде обычаев и обрядов, благодаря языку они передавались от поколения к поколению через пословицы и поговорки. Мифы помогают понять историю, лучше усвоить культуру наших далеких предков, природу, жизнь на земле, жизнь человека, особенности тюркского

мировоззрения. Благодаря легендам и сказкам ребенок познает мир не только умом, но и душой. И не только познает, но откликается на события и явления окружающего мира, выражает свое отношение к добру и злу.

Таким образом, в сказках Н.Ж. Шаймерденовой мы наблюдаем основные черты национального художественного стиля, определяемые преемственностью фольклорных традиций казахского народа. Это обращение к мифопоэтическим образам, мотивам, сюжетам, метафоричность, символичность, орнаментальность, созерцательность, сакральность, одухотворение матери-природы, героизация образа человека, использование фольклорной традиции на основе вариативности. В сказках Н.Ж. Шаймерденовой прослеживается связь с мифологией, в них отражается жизненная философия, изложенная в мифических образах и в художественной форме.

Список литературы

- 1 Тихомирова А.В. Жанровые особенности философской сказки в русской литературе второй половины XX - начала XXI в.: дис. ... канд. филол. наук. – Ярославль, 2011. – 181 с.
- 2 Ивушкина Е., Дашкова Е. К вопросу о мифологической природе русских сказок // Философия и сказка: сборник научных трудов / Коллектив авторов. М. – Берлин: Директ – Медиа, 2015. – С. 80-90.
- 3 Буслаев Ф.И. Народный эпос и мифология. М.: Высшая школа, 2003. – 399 с.
- 4 Ильин И.А. Духовный смысл сказки // Культура здоровой жизни. – 2004. – № 1. – С.52-63.
- 5 Мелетинский Е.М. Мифология // Мифы народов мира. Энциклопедия. М. Изд.: Советская энциклопедия. 1980. – Т. 2. – С. 58-65.
- 6 Каскабасов С.А. Казахская волшебная сказка. – Алматы: Наука, 1972. – 260 с.
- 7 Пропп В.Я. Морфология волшебной сказки. – М.: Лабиринт, 2001. – 144 с.
- 8 Юрта и особенности мировосприятия казахов // [Электронный ресурс]: Maam.ru – Режим доступа: <http://www.vainahkgz.kz/e/3122326-yurta-i-osobennosti-mirovospritiya-kazahov>
- 9 Пропп В.Я. Русская сказка. – Л.: ЛГУ, 1984. – 335 с.
- 10 Кондыбай С. Мифология предказахов. Книга 1. Пер. с казахского языка на русский З. Наурызбаевой. – Алматы. СаГа. 2011. – С. 9-10.
- 11 Власова Г.И. Детская проза в новейшей литературе России и Казахстана [Электронный ресурс]: Литературный портал – Режим доступа: <http://adebiportal.kz/detskaya-proza-v-pov...>
- 12 Шаймерденова Н. «Delfi: сказки о Счастье и Любви» / – Алматы: 2010.
- 13 Шаймерденова Н. Принцесса цветов: Сказка. – Астана: «Фабрика Рекламы А», 2012. – 24 с.
- 14 Шаймерденова Н. Сказка о прекрасных птицах Фламинго / – Астана: Фолиант, 2013. – 20 с.

О.А. Анищенко, Н.Г. Омарова

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРДІҢ МИФОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада философиялық ертегілердің фольклорлық-мифологиялық негіздері зерттеліп, олардың автор элементінің көркем бейнесін жасаудағы рөлі анықталады. Философиялық ертегілерді сұрыптау барысында болашақ ұрпақ үшін өзекті адамгершілік және моральдік ұстанымдар айқындалады. Қазақ халқының фольклорлық дәстүрлеріне сай ұлттық көркемдік стильдің негіздері байынталады. Н.Ж. Шаймерденованың философиялық ертегілерін мифологиямен өзара байланыста зерделеген авторлар, ондағы көркемдік түр мен мифологиялық бейнелерде сипатталған өмір философиясын қарастырады.

O. Anischenko, N. Omarova

MYTHOLOGICAL BASIS OF PHILOSOPHICAL FAIRY TALES

The article is devoted to the study of the folklore and mythological foundations of philosophical tales, to the identification of their role in the creation of an artistic picture of the author's world. At

the analysis of philosophical fairy tales the basic moral and moral reference points, actual for the future generation are revealed. The main features of the national artistic style are considered, determined by the continuity of the folklore traditions of the Kazakh people. The authors trace the connection of the philosophical fairy tales of N.Zh. Shaimerdenovoy with mythology, reveal the reflection in them of life philosophy, set out in mythical images and in artistic form.

УДК 80 (091) (574)

Б42

Ж.Т. Бектасова
Қазақ ұлттық өнер университеті
Астана, Қазақстан
Bzhomazhan@mail.ru

ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ - ТАРИХИ ТҰЛҒА

Аталмыш мақалада көрнекті көкшелік ақын, әнші, композитор Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы туралы сөз қозғалады. Ыбырай – шын мәніндегі ұлы өнерпаз. Ол тарихи тұлға. Оның ақындық мектебі мен үлкен өнер жолына тәрбиелеген ұстаздары туралы айтылады. Ақын шығармашылығы екі ғасырдың тоғысында туған. Соныдқтанда оның шығармашылығын зерттеуге деген қызғушылық үлкен. Әншінің өмір сүрген ортасы әрқилы тарихи жағдайға толы болған. Және осы кезеңдерде өмір сүрген басты-басты ақын-қоғам қайраткерлері, тарих, музыка, мәдениет, әдебиет зерттеушілері нысынасынан тыс қалмағандығы мақалада жақсы көрсетілген.

Кілт сөздер: тарихи, мәдениет, тұлға, ұстаз, поэзия, музыка, әмбебап.

Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы – Көкше өңірінің іргесін Орынбай ақын мен Біржан сал қалаған өнер-эстетика мектебінің белді өкілі. «Ел аузындағы аңызда, жасы егде тартқан Біржан, жас Ыбырай қасына еріп, әндерінен үлгі алғаннан кейін, – «Ендігі Біржандарың – Ыбырай, соны тыңдаңдар!» – деп, Ыбырай бар жерде өзі ән айтуды қойған деседі», – деп жазады академик жазушы, Ыбырай шығармашылығының бірден-бір жанашыры С.Мұқанов [1,216].

«Ыбырай – шын мәніндегі ұлы өнерпаз. Ақындығымен халықты тылсым бұғандай бағындырып алу әркімнің қолынан келе бермейтін өнер. Ыбырай ақындығы терең тамырлы да күшті. Ол – Көкшетаудың атақты Орынбай, Арыстан, Шөже, Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Нүркей, Тезекбай сияқты атақты әншілерінің өнер дәстүрін игеріп, дамытып, сақтап, біздің революциялық заманға жеткізуші өнерпаз», – деп жазады Е.Ысмайлов [2,1216]. Сонымен қатар, Ыбырай Біржанды өзіне тікелей ұстаз тұтса, Ақан серінің көзін көріп, өнерінен, адами қасиеттерінен үлгі алған. Ақан шығармашылығы мен өнерін өзінің шығармашылық қадамына ұштастырған ақын.

Ыбырай Біржан салдың тікелей ұстазы екенін өзінің поэзиялық туындысында тамаша айтып кеткен атақты «Шалқымасында»:

Өлеңмен екі өкпемді қалқытайын
Қорғасындай денеңді балқытайын.
Біржаннан алып қалған әнім еді,
Азыр-ақ шалқымамды шалқытайын.

Салайын «Шалқымамады» ырғақтатып,
Үкілі домбырамды бұлғақтатып,
Шығарған әнім еді Көкшетауда,

Оңаша Торшолақпен келе жатып.

Өлеңмен болдым таныс ой мен қырға,
Құлақ салып, халайық, әнімді тыңда.
Біреуге айдай алмас малды беріп,
Мол қылған ән-өлеңмен мені жырға.

Өлеңмен талай жерді тегістедім,
Қадір білмес адаммен келіспедім.
Атығай, Қарауыл мен Керей, Уақ,
Сен алма, мен бір тауық, жеміс тердім [3,55-б.].

Демек, Ыбырай – сонау ықылым заманда ірге тасы қаланған әншілік – жыршылық мектептің тас түлек шәкірті, дәстүр жалғастырушысы ретінде іріктеліп алынған бай мұра. Ыбырай шығармашылығы сол кездегі аумалы-төкпелі заман ағымымен аққан әлеуметтік жағдайларға төтеп беріп, қазақ өнері, соның ішінде музыка мәдениеті мен әдебиеті өнерінде өзіндік орны бар көшелі тарих.

«Төңкерістен бұрынғы қазақ өнерпаздарының бойындағы әмбебаптық сипат – ғасырлар бойы іріктеліп, сұрыпталып, шындалған дәстүрлердің жақсы көрінісі. Әркім әр нәрсені малданып, мүше-мүше етіп бөлшектемеген заманда ән де, күй де, әншілік те, күйшілік те, серілік те, батырлық та – бір адамның басынан табылған. Өзара қабыса бермейтін дара ерекшелікті өнер түрлері – ақындық пен композиторлық сахара жағдайында туысып, табысып, егіз боп кеткен. Қазақтың сері, сал дегені – композитор, ақын, әнші, күйші, палуан, құсбегі. Қатыгез, өгей сұм өмірдің тепкісін көрген қайран ерлердің баршасының тағдыры ұқсас: ел-жұртынан безініп шығып, тау-тасты мекен еткен Ақан анау; қолын арқан бұғау кесіп Біржан жатыр. Еңіреп, абақтыда көңілін құмалақпен жұбатып Мәди отыр, Тобыл түрмесінде торыққан Жаяу Мұса.

Қазақтың сал-серілері туралы жазу ең алдымен азаттық күрескерлері туралы жазу деген сөз, қазақтың әні-күйі, рухани дүниесі, музыкасы, поэзиясы туралы жазу деген сөз», – дейді Р.Нұрғали [4,430-431-б.].

Ыбырай Сандыбайұлы туралы тақырып үлкен және тарихи тақырып. Әнші-ақынның шығармашылығын кімдер зерттеді, қалай зерттеді, олар ақынның тұтас өмірі мен шығармашылығына қандай баға берді? – деген сұрақтарға тоқталуымыз қажет.

Ыбырай Сандыбайұлының шығармашылығын алғаш зерттеп, ақынды көзімен көріп тілдескен адамдар олар: ақын-қайраткер С.Сейфуллин [5], академик-жазушы С.Мұқанов [1], әдебиет зерттеушісі Е.Ысмайлов [2], музыка зерттеушісі А.Жұбановтар [6], драматург Ш.Хұсайынов [7]. Бұл зиялы қауым Ыбырай шығармашылығына толыққанды пікірін білдірген және заман зобалаңына қарамастан әділ ойларын ортаға салған жандар.

Ш.Хұсайынов Біржан, Ақан, Ыбырай өміріне қатысты деректерді Е.Ысмайловқа және А.Жұбановқа өзі берген шығар деген сұрақтар тууы әбден мүмкін. Өйткені, кезінде Ш.Хұсайынов А.Жұбановпен бірге халық музыкасын жинау экспедициясына қатысты деген деректер бар.

Осыған орай, ақын досы, әрі Ш.Хұсайынов лабораториясының даму процестерінің тірі куәсі, шығармашылығының жан ашырларының бірі Ә.Тәжібаевтің автор туралы жазған естелігіндегі мына пікір: “Арқаның әншілері туралы тек Шахаңнан сұрау керек. Ол ән білгірлігінің үстіне, музыка тарихшысы сияқты, – деп А.Жұбановтың айтқаны есімде» [7,5-б].

Ал Есмағамбет Ысмайлов Ыбырай жайлы ғылыми еңбегінің алғашқы жолдарында дерек берушілер тізіміне Ш.Хұсайыновты да кіргізген болатын.

Біз, ең алдымен академик-жазушы С.Мұқановтың еңбектеріне үңілер болсақ: “Сандыбайдың Ыбырайы “лақап” аты “Үкілі Ыбырай” шоқша қара сақалы мен суағарын басып жүретін қалың мұртына аққтаң түсе бастаған ол, денесінің зорына қарамай жеңілтек, ойнақы мінезді екен. Өлеңді ол сол аяғын астына баса, тізерлеген оң аяғына домбырасын қоя, денесін

қойқандата, дауысын елірте айтады екен. Ал дауыс күші маскара, ірі айғайға басқанда, қасында отырған кісінің құлағы тұнып қалады. Өзі бір жоғары, бір төмен өрлейтін деңгейде биікке шырқап шығаруы да, сорғалап төмен құлдырауы да келісімді, ырғақты, сәнді,”– деп, көзімен көргенін қаз-қалпында жазады және Ыбырай шығармашылығына деген жанашырлығын біз енді мына бір жолдарынан танимыз: “Елде оның кейінгі өлеңдері мен Ыбырайдың революцияға дейінгі өлеңдерін, айтыстарын, әндерін білетін кісілер көп. Ендігі міндет, соларды және Ыбырайдың басқа да әндерін жинап баспадан шығару»[1,25-б.].

«Қазақ ауыз әдебиетінде және музыкасында Ыбырайдың орыны үлкен. Ақындығымен қатар, Ыбырай ірі композитор адамның бірі болған” – [2,159-б.] деп көрсетеді эссесінде әдебиет тарихын зерттеуші, белгілі ғалым Е.Ысмайлов.

Ал С.Сейфуллин «Көкшетау» атты поэмасында ақынның сыршылдық күдіретіне және көкшелік поэзия ардагерлерінің рухына тағзым ете отырып, жыр жолдарын арнағаны баршамызға аян. Осы ойымызға орай поэмадан үзінді келтірсек:

Әнші бар Көкшетауда талай ірі,
Ыбырай – топ жарғанның о да бірі.
Қаңбақша қыз-бозбала қағып алып,
Жайылған талай әсем ән мен жыры.
Өзі ақын, ән шығарғыш, домбырашы,
Сауықтың жан думаны, болған пірі.
Ақырып, арыстандай ән салады,
Ыбырай – жүйрік, тарлан әлі тірі.
Кең алқым, кең көмейлі, дауысы керней,
Ақырмай ән салмайды, көкірек кермей.
Астына алты қырдың естіледі,
Шырқаса екіленіп құлаш сермей,
Ән салса, алқымы ісіп құйқылжиды.
Бәйге атша алып қашқан, ырық бермей.
Айнала айдын көлге естіледі,
Жаңғырып керней даусы аспанға өрлей.
Қапсағай, қыр мұрынды, арыстандай
Әуені қалтыратқан, күркір дауыс.
Тіресіп дауылменен қарысқандай.
Әні бар “Гэкку” деген аңқылдаған,
Аққудай айдын көлде қаңқылдаған.

.....

Туса егер, өнерлі елде бақтарына,
Білім ап жүрсе бәрі баптарында.
Біржан сал, Ақан сері, Ыбырайлар,
Туған-ды Шаляпиндей жұрт бағына – деп, [5,102-б.]

Ақын Сәкен Ыбырайдың әншілік, ақындық, домбырашылық өнеріне тәнті болып, өз жырына қосып, ақынның сырт пішінін, портретін поэзия тілімен тамаша жасаған.

Көкшенің көркем табиғатының аясында ақын Сәкен Үкілі Ыбыраймен кездескен. Кездесудің шын мәнінде болғандығына алдымен Ыбырай ақынның өз туындысы куә, ақынның ол өлеңі «Көкшетауда кездесу» деп аталады.

Отырмын Сәкенмен қия таста,
Ыбырай өнеріңді енді баста.
Шырқайын сұлу әнді осы жерде,
Естісін ну қарағай, бұлбұл құс та.

Өнерпаз қара жерге салар қайық,
Жан-жақтан тағлым алар қанат жайып.
Көкшетау өзі сұлу, жері шүйгін,

Жаз болса, семіруге малы лайық.

Оралған Көкшетаудың шөбі балғын,
Балауса балбыраған нағыз шалғын.
Жаз болса Көкшетаудан табылады,
Маржан тас, күміс пенен ылғи алтын. [3,135-б.].

Ал осы кездесу жайлы С.Мұқанов: «1927 жылы, жаздыкүні Сәкен Сейфуллин Қызылордадан Көкшетау еліне, жер бөлу науқанын өткізуге барды. Бурабай тауын айнала отырған елде бұл науқанды жүргізіп жатқан Сәкенді 71 жасқа шыққан Ыбырай іздеп келді. Мен Сәкеннің қасында жүр едім. Ыбырай мен Сәкен бұған дейін жүзі таныс емес екен. Ыбырайдың ірі ақын, ірі әнші екенін бұрын естіген Сәкен: «Оқжетпестің түбінде отырып тыңдау керек», – деді. Сонда, Көкшенің жотасын қоршаған Оқжетпес қасында, Ыбырай «Көкшетаудың биігі-ай» деп бастайтын «Қаракөз» әніне шырқап жібергенде, жантайып жатқан Сәкен орнынан атып тұрып, Ыбырайдың алдына шөге түсіп қатты да қалды. Аса ырғақты және аса биік және көркем дауыс болады екен!», –деп Ыбырайды құшақтап сүйді», – деп жазады өзінің «Өсу жолдарымыз» [1,266] атты шығармасында.

Сәкеннің қазақ ақын, әншілеріне поэма арнағанын, поэзия тілімен Ыбырай, Ақан сері, Балуан Шолақ, Қажымұқан, Біржан сал шығармашылықтарын шабыттана жырлағанын жоғарыда айтқанбыз. Осы кездесудің нәтижесі Сәкен шығармашылығында жаңа поэма «Көкшетау» дастанын туғызса, ал ақын Ыбырай шығармашылығында «Көкшетауда кездесу» деген өлең туған.

Көкше өңірінің ғалым-азаматы Е.Ысмайлов Ыбырай Сандыбайұлын көзімен көрген және ән орындау мақамы, дауыс күші жайлы былай дейді:

«Қолында үкілі домбыра. Жиналған мың сан халық намазға ұйып қалғандай тым-тырыс, Ыбырайдың ауызына телміре қарап қалыпты. Ашық аспанның астында, дүниені жаңғырта шыққан әншінің құдіретті даусы бірде шырқап, биіктеп, қалықтап кетіп жатса, бірде арыстанның ақырғанындай гүрілдеп тегеуірінді күші Көкшенің қия жартасына соғылып жатқандай. Дауыстың әдемілігінен гөрі, сол бір кең ән сарайынан шалқып шыққан зор да пәрменді дауыс өзінің кәнігі емес, ерке арнасына қарай құйылып жарастық тапқандай» [2,120-б.]. Ғалым Ыбырайдың әншілік құдіретіне бас ие және көзімен көргенінің тірі құбылысын көзге елестете, ойын әрі қарай сабақтайды: «Бұл менің он бес жасымда Ыбырайды тұңғыш көруім. Бұдан кейін Көкшетаудағы Биттейұлы Бекжанның үйінде Жұмағалиға еріп барып бірер қабат әңгімесін тыңдағанмын. Қызылжарда педтехникумға келіп өлең айтып, И.В.Коцыхке әнін жаздырып жүргенде тағы бір көргенім бар. Бәрінен де Ыбырайдың дарқан ақындық, әншілік өнері, алғыр шешендігі есімнен кетпейді», – деуі Ыбырай шығармашылығы болашақ ғалым ойынан берік орын алғандығының кепілі сияқты. Тағы бір ескерер жай, осы кезде Ш.Хұсайынов И.В.Коцых басқарған педтехникумның хорында солист болғандығы. Белгілі ақын Ә.Тәжібаев осы кезді былай суреттейді: “Мен Біржан, Ақан, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ әндерін, олардың өздері туралы қызықты әңгімелерді де бірінші рет Ш.Хұсайыновтан естідім. Кейінірек білдім. Шахмет осы қаладағы мықты әншілердің бірі екен. Ол техникумның атақты Коцых басқарған хорымен Москваға барыпты: Сондағы хор бастайтын солист осы Шахмет болыпты”, – деуінде үлкен ой жатқан тәрізді [6,6-б.]. Осы факті жайлы Е.Ысмайлов та Ш.Хұсайыновқа арнап жазған мақаласында былай деген еді: “Өзі өскен ауылда Ақан сері, Балуан Шолақ, Орынбай, Шоқан және басқа ардагер ұлдардың өмірі мен шығармашылығына байланысты көп жайларды жастайынан қызыға тыңдаған Шахмет техникумда оқыған жылдары көркем өнерге икемділігін бірден танытты. Ә.Тәжібаевтің пікірін қуаттай түседі және драматургтің қаршадайынан өнерпаздардың шығармашылығымен етене таныс екенінен хабар береді [9].

Сонымен қатар, бізде Ш.Хұсайынов ақынның әндерін зерделеп, нотаға түсіру немесе қағазға түсіру ниетінде Ыбырайды Коцыхпен өзі жолықтырған шығар деген ой да жоқ емес.

И.В.Коцых (11.06.1891 – Варшава 22.06.1946 ж.) Совет хормейстрі, композитор. Діни семинария және консерваторияда оқыды. 1923 жылдан (Петропавлскі) Қызылжарда

педагогика техникумының жанынан тұңғыш төрт дауысты хор ұйымдастырған. 1928 жылы осы студенттер хоры Москвада өткен ВЦИК сессиясына арналған концертке қатысты [10,640-б.].

Осыдан шығаратын қорытынды кезінде әнші-солист Ш.Хұсайынов Мәскеуде мүмкін Ыбырай әндерін кең жұртшылыққа алғаш орындаушылардың бірі болды ма? Бұл тек сұрау ғана, ол келешек музыка тарихын зерттеушілерінің еншісіндегі ісі.

Шахмет Хұсайыновтың шығармашылық жолы Үкілі Ыбырай өнерімен тағы мына тұста астасады. Академик-жазушы С.Мұқанов: «Қазақтың ауыз әдебиеті өкілдерінен Қазан төңкерісін, совет өкіметін ең алғаш жырлаған ақындардың біреуі – Ыбырай. Оның бір куәсі – Қызылжарда шыққан «Бостандық туы» газетінің 1925 жылы, майда басылған 26 санындағы бір топ жарияланған өлеңінің жолдары»[1,24-б.].

Алдыңғы жолдарда айтылғандай, кезінде осы газетте 1928-1930 жылдар аралығында Ш.Хұсайынов та еңбек еткен. Осы бір фактілер мен деректер тізбегіне қарап, Ш.Хұсайынов қаншама ақпараттық топтаманың бел ортасында жүріп, пьеса жазу үстіндегі дайындығы ретінде ақын Ыбырай жайлы естелік әңгіме немесе әдеби эссе жазбауына қайран қаламыз десекте Ш.Хұсайынов ақын туралы кесек туынды пьеса жазып қалдырған. Ол пьесасы 19.. жылы «Үкілі Ыбрай» деген атпен жарық көрді.

Ал ойымызды жалғастырсақ, Е.Ысмайловтың мынандай сөзін келтіруге де болады: «Біз осы еңбегімізді жазу үстінде Сәбиттің Ыбырай туралы бұрын-соңды жазған ауызекі естелік әңгімелерін де, М.Тырбиев, М.Ержанов, И.Әлібаев т.б. ақын-жазушылардың және Ш.Хұсайынов ... деректерін де еске алып пайдаландық» [2,122-б.].

Әнші Молдахмет Ержанов: «Ыбырайдың жүрген жері думан еді, әні де, әңгімесі де таусылмайтын. Біз қоршап алып, еркіне қоймай сөйлетіп, тыңдаудан жалықпайтын едік. «Өнеге алған ақындарың бар ма?» – деп жастар болып сұрағанымызда, Ыбырай таңданған пішінмен бетімізге қарап алды да: “Үлгісіз тон пішіле ме екен? Нүркей ақынды түсімде де, өңімде де көріп, батасын алдым. Жиырмаға келгенімде Орекенді, Біржанды көріп, өлеңімді сынға салдым. Қалың жиын ішінде Жанқожа отырып: «мынау – Әбіленің інісі жолымызды қуып жүр екен, Ореке», – деді. Орекең: “Қане тыңдайық, дегенде, шекемнен ағыл-тегіл тер саулап қоя берді. Шу дегенде жаттаған қиссаларды жырладым, оны ықылас қойып тыңдап отырды да: «Өз айтатының бар ма?» – деді. Мен сол жерде: «Қалқам шырақты» шырқап салдым. Орекең ықыласпен риза болып батасын берді: «Ауылда, үйде жүріп өнер таппайсың, шырағым, алысқа көз жібер! Ел кез, сонда жақсыларды, әншілерді көп тыңдап, көп көресің, мен алыс елді көп аралағанымнан опық жегенім жоқ», – деді.

Орекең – тақуалығы бар, жүріс-тұрысы бөлек, көп жасаған қария адам, оның қасына еріп, жақын араласып жүре алмадым. Ал Біржан, Ақан, Балуан Шолақ өзімізбен құрбы-құрдас сияқты еді. Өлеңмен әнді күйттеп, жастықтың әуенімен жүрген шағымда, Біржан сал біздің Қарауылды аралады. Бір топ, сал серілер қасына еріп, жүрген-тұрған жерлерімізді шулатып жібердік”– деп Ыбырай ақын жайлы әнші, шәкірті М.Ержанов еске алады.

Осы естелік әңгімелердің бәрін қарастыра отырып біз мынандай тұжырымға келеміз: Ыбырай – кезінде жыр сүлейлерінің көзін көріп, ақылын тыңдап, олармен өнер бәйгесіне түскен, әні, өнері қалың қазақ жұртына мәлім ақын. Ыбырай Сандыбайұлының шығармашылығына байланысты ойымызды Е.Ысмайлов ойымен тұжырымдар болсақ: «Сөз жоқ, Ыбырай өз заманының жүйрік ақыны, асқан өнерпазы...», «Ыбырай-шын мәніндегі ұлы өнерпаз. Ақындығымен халықты тылсым бұғандай бағындырып алу әркімнің қолынан келе бермейтін өнер» [6,125-б.].

Сондай-ақ, Үкілі Ыбырайдың «Қалдырған», «Дүние», «Қарақат көз», «Гәкку», «Желдірме», «Шалқыма» аталатын әндерінің кейбір түрлерін тұңғыш рет А.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» (1925), «Қазақтың 500 ән – күйі» (1931), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының орталық кітапханасының қорында қолжазба қорынан орын алған.

Ыбырай жайлы жазылған музыка зерттеушілерінің тұжырымы мына тәрізді, алғашқысы: А.Затаевичтің «1000 ән» жинағының 34 ескертпесінде былай дейді: «Ыбырай Ақмола

губерниясы Көкшетау уезінің профессионал әншісі, Абдрахман Бекішевтің айтуынша, жасы алпыс бестерге келген, қуақы, қалжыңқой шал көрінді. А.Н. Бөкейхановтың растауынша жас кезінде ерекше күшті тамаша тенор дауысы болыпты, сондықтан да оның өнеріне бас иіп құрметтеушілердің ішінде аukatтылары Ыбырайды музыкадан білім беру үшін Петербургке де алып барыпты, бірақ ол мұндай ниетті жүзеге асыра алмапты» [11,472-б.].

Сондай-ақ, 1959 жылы «Мектеп» баспасынан «Ыбырайдың әндері» деген жинақ жарық көрді. Әндерді нотаға түсіріп, құрастырған, алғы сөзін жазған Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, өнертану ғылымының докторы Б. Ерзакович. Бұл кісі – қазақтың халық музыкасын жинап, зерттеуге көп күш жұмсаған белгілі ғалым. Оның мұрағатында мындаған ән-күйлердің үлгілері бар. Ыбырай туралы жинақ – сол бай қазынаның бір бөлігі ғана. Осы жинақ арқылы біз атақты әншінің өмірі мен музыкалық шығармашылығы туралы көптеген деректермен, тыңдаушысын тамсандырған әдемі әндер мәтінімен танысамыз [12].

Ыбырай өлеңдеріне арналған тағы бір жинақ «Гэкку» деген атпен «Өнер» баспасынан 1995 жылы басылып шықты. Жинақты құрастырған және әндерінің музыкалық редакциясын жүргізген – өнертанушылар Қ.Жүзбасов пен З.Қоспақов. Бұл жинаққа Ыбырайдың белгілі әндері мен ол туралы әр жылдары жазылған естелік әңгімелер кіргізілген [13].

Ал заман, ғасыр жаңарған сайын Ыбырай мұрасы қазақ халқына рухани азық ретінде керектігін өмір өзі дәлелдеп отыр. Осы ойымызға орай, қазақтың ақиық ақындарының бірі – Кәкімбек Салықов ағамыз да Үкілі бабасының шығармашылығын қолына алып, өлеңдерін ұқыптылықпен жинап, бұрын жарық көрмеген туындыларын жиып-теріп, жаңа редакциясын жасап, 2005 жылы «Фолиант» баспасынан «Гэкку» жинағын бастырып шығарды. [14]

Кезіндегі Ыбырай мұрасы драматург ағамыздың жанын қалай тебіrentсе, қазіргі уақытта Ыбырай және оның дәстүрін жалғастырушылары; көкшелік ақын-жазушылармен қатар өнер сүйер қауымның, журналистердің де қиялын әлі күнге дейін тербеуде. Жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жылдарының ауыр зобалаңы ел серісі Ыбырайды да қырындап өтпей, ту сыртынан дүрелей соғып, лай тасқынына ілестіре кеткен. Жетпістен асқан ақынды «халық жауы» деп танып, 1931 жылы қамауға алып, ату жазасына бұйырған, кейінен бұл ауыр жаза қайта қаралып, он жылға бас бостандығынан айырып, ит жеккенге айдатқан. Осылай Ыбырай ақынның өмірінің соңы немен біткені, бейітінің қайда екені әлі күнге дейін беймәлім. Ыбырай ақынның шығармашылығы талан-таражға салынып, тіпті ел ішінде кең тараған «Гэкку» әні де біреудің қанжығасына байланған оңай олжадай болып кете жаздаған. Бұл болған істі келтіруімнің өзіндік себебі бар.

1960 жылы Есім Байболовтың «Әйгілі «Гэккудің» авторы кім?» – деп, «Қазақ әдебиеті» газетіне жазуы немесе кейіннен Амантай Сатаевтың «Парасат» журналының 1997 жылы шыққан №7 номерінде «Гэкку» бар, Ыбырай қайда?» атты мақаласында: «Көкше көлінде аққу иесіз қалды. Қазақ көгінде шырқалған «Гэкку» иесіз қалды. Біреулер иемденбек те болды. Шын иесінің есімі аталмай мұнды дауыс «Гэккуді» үлкен сахналардан шырқады. Отыз жылдан кейін ән нағыз иесін әрең тапты. Үкілі Ыбырайдың есімі ақталды, өнері туған халқына оралды. Есімі оралғанына шүкіршілік дейміз. Қарт ақынды арулап көмген жанды ұшырастырмадық. Қиыр Шығыстың қай сайы, қай ну орманында, қазылған қай орда қалғанын бізге ешкім айтпады. Әлі күнге дейін белгісіз», - деп [15] жазған еді.

Өзіміз жоғырыда айтқанымыздай Амантай Сатаев тәрізді көкшелік қаламгерлердің қазіргі таңдағы ақсақалы Естай Мырзахметовте Ыбырайдың кейінгі тағдырын, мехнат жылдарына ой-толғамын жергілікті «Оқжетпес» газеті арқылы көпшілікке білдіріп еді. Енді сол материалдарға үңілейік: «...Тағдыры осыған ұқсас тағы бір өлеңнің туу тарихы былай баяндалады... Үш шал, ішінде Ыбырай да бар, жауапқа тартылады. Тергеуші прокурор Ыбекең жайын әлбетте біледі, «өздеріңнің жағдайларыңды бір ауыз өлеңге сиғызып табан аузында айта қой. Босатып жіберемін. Өйтпейді екенсіңдер «сотталасыңдар» », дейді. Ыбекең бөгелсін бе:

Прокурор деген сотымыз,
Жүріп тұр ғой қотыңыз.

Осы үш шалды айдатсаң,
Қисайды біздің к...міз – деп салады.

Прокурор риза болады. Сөзіне берік жігіт екен, сертін жұтпай үш шалды босатып жібереді-мыс. Ал енді осы «аңызды» ой елегінен өткізіп байқайық. Ең әуелі, шал ғой, үшеу емес бесеу. Солай ма? Мұны бір деп қояйық. Одан соң, Ыбекеңдерді тергеген прокурор екеу емес, біреу ғана. Ол-Чатыбеков. Ал Чатыбеков шалдардың біреуін де босатпаған, қайта ауыр қылмыскерге балап, жауапқа тартуға келісімін қара қарындашпен өз қолынан мықтап жазып бергенін, ілкім әзірде өз көзімізбен көріп, оқыған едік. Осының бәрін саралай келіп, ой түйсек, аталмыш өлеңнің де Үкілі Ыбырайға үш қайнаса сорпасы қосылмайтынына көзіміз жетіп, көңіліміз сене ме, жоқ па? Менің ойым айтады. Бұл өлеңнің астарында да қалың қыртысты үлкен мән жатыр. Сол кездегі прокурордың жалпы заң қызметкерлерінің әділетсіздігіне, тіпті шал-шауқанға да аяушылығы жоқ без бүйректігіне көкірегі қыжылға толы, бірақ та қолынан келер дәрмені жоқ азаматтардың бірі шығарған өлең бұл. Ойға салып толғайықшы өзіміз: Қисайды біздің к...міз. Қалай-қалай сілтейді, ә?! Қаншалықты зілді ыза, удай ащы мысқыл-мазақ сыйып тұр осынау жалғыз-ақ жолға! Пай-пай-пай! Қай сабаздың тілінен у запырандай төгілді екен, білер ме еді?!» – деп жазған еді. [16].

Ыбырай жайлы жазылған жаңа драманың («Қош бол, қайран Гэкуім») авторы көкшелік белгілі ақын-прозагер Т.Қажыбаевтың мына пікірін тілге тиек етсек: «Шұңғырша елі. Жеке ауыл. Ащылы деген жерде жайлауда отырса керек. Ұлан асыр той. Бұл қыз ұзату рәсімі. Ақан сері бастаған, Үкілі Ыбырай қостаған өнерлі қауым той ажарын арттырып думандатуда. Аттанар қыз бен Ыбекеңнің көңілі жақын болса керек. Қыз аттанар тұста Ыбырай елге бүгінде толық нұсқасы жетпеген атақты «Алтыбасар» әнін салған дейді. «Алтыбасар» аталуының негізгі алты ауыз өлеңінде ғой. Ал қазіргі «Алтыбасарыңыз» екі-үш ауыздан аспайды» [17] – деген пікірді алға тартады. Әннің шығу тарихы хақында айтылған пікірлермен мазмұндас, бұл ойдың ерекшелігі әннің жаңа нұсқасы бар екенін айтып тұр және ән атауы алғашқы пікірлерде жер атауымен байланыстырылса, бұл пікірде өлеңнің шумақ саны немесе алты ауыздан тұратындығына назар аударылғандығымен ерекшеленеді. Барлық алынған фактілерде ақынның әндері мен өлеңдерінің шығу тарихы сөз болады және ақынға әнді тудыру оңай соқпағандығын көрсетеді, ақынның кезкелген әні өзі мен елінің тарихи кезеңдерімен тығыз байланысты.

Сондықтан да, олар Ыбырай мұрасын аса ұқыптылықпен жинап-теріп кезекті баспа бетінен жарыққа шығарып отырғандықтарының куәсі – жергілікті үнжария мен журналдарға шыққан ақынның жаңа әндері, ақын жайлы жаңа табылған естелік әңгімелері мен ән тарихына байланысты хикаяттарын жинақтап бір мақаланың көлеміне сыйғызған болдық дегенмен, артына мол мұра қалдырып кеткен шығармашылық адамының жұмбағын ешкім әлі шешкен жоқ дегім келеді. Және бұл тұтас пікірлерді келтірген себебіміз, жергілікті көкшелік екінші-үшінші толқын «әдебиет» дәнін қаузап жүрген жұртшылық Үкілі Ыбрай шығармашылығын әлі де терең зерттеп, ұлт тарихында және мәдениетінде болып жатқан жағашылдық кезеңінде тың пікірлер мен ойлар туарына шүбә келтірмек емеспіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Мұқанов С. Өсу жолдарымыз. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббасп, 1960. – 689 б.
- 2 Ысмайлов Е. Әдебиет жайлы ойлар. Ақындық өнер мен ақындық туралы. – Алматы: Жазушы, 1968. – 320 б.
- 3 Үкілі Ыбырай. Гэку. /құрас.Салықов./ – Астана: Фолиант, 2005. – 184 б.
- 4 Нұрғалиев Р. Арқау. Қазақ драматургиясының жанр жүйесі. – Алматы: Жазушы, 1991. – 576 б.
- 5 Сейфуллин С.С. Көкшетау. /Жыр – дастандар/. – Алматы: Жазушы, 1994. – 296 б.
- 6 Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 415 б.
- 7 Хұсайынов Ш. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 417 б. – 416 б. – 444 б.

- 8 Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: Жазушы, 1971. – 478 б.
- 9 Ысмайлов Е. Елудің өрінде. // Қазақ әдебиеті. - №2.– 1957.– 11 қаңтар.
- 10 Қазақ совет энциклопедиясы. 2, 5, 8, 11 том. – 645 б. – 655 б. – 663 б. – 631 б.
- 11 Затеевич А. 1000 песен Казахского народа. Институт литературы и искусство академи наук Каз.ССР. Государственный музей издательство. – Москва, 1963. – 605 с.
- 12 Ерзакович Б.Г., Қоспақов З. Қазақ музыка фольклорының тарихнамасы. – Алматы: Ғылым, 1972. – 110 б.
- 13 Қоспақов З. Сыр тартсақ тарихынан әншіліктің тарихынан. – Алматы: Ғылым, 1996. – 168 б.
- 14 Салықов К. «Гәкку» және Үкілі Ыбырай // Жас алаш. – 2000.– 16 наурыз.
- 15 Сатаев А. «Гәкку» бар, Ыбырай қайда?» // «Парасат» журналы.– 1997. – №7.
- 16 Мырзахметов Е. Үкілі Ыбырай. // Оқжетпес. – 1994. – 11 наурыз.
- 17 Қажыбаев Т. Үкілі Ыбырай – әнші, сазгер. // Арқа ажары. – 2003. – 4 қыркүйек.

Ж.Т. Бектасова

УКИЛИ ЫБЫРАЙ – ИСТОРИЧЕСКАЯ ЛИЧНОСТЬ

В данной статье рассматривается творчество композитора, поэта, певца Укили Ыбырая. Ыбырай – великий поэт, импровизатор и историческая личность. Его поэтическая школа была основана поэтами Орынбаем и Биржан сала. Он - ученик и продолжатель их поэтического и артистического наследия. Его творческая деятельность прошла на стыке двух веков. Поэтому изучение его творчества представляло особый интерес для представителей последующих поколений, таких как поэт, общественный деятель С.Сейфуллин, писатель-академик С. Муканов, исследователей народной музыки В.Ерзакович, А. Затаевич, А.К. Жубанов и драматург, его земляк Ш.Хусайынова. По сей день его творческое наследие имеет исследователей в лице Е.Мырзахметова, Т.Кажыбаева и других молодых ученых. В статье приведены высказывания, мнения, критика, обобщения этих исследователей творчества Укили Ыбырая. Но все исследователи его творчества сходятся во мнении, что он является незаурядной личностью и выдающимся поэтом, великим певцом.

Zh.T. Bektassova

UKILI YBRAY - HISTORICAL PERSONALITY

This article is about the creativity of the composer, poet and singer Ukily Ybyray. Ybyray is a great poet, an imbecter, and a historical personality. His poetic school was founded by the poet Orynbay and Birzhan Sal. He is their pupil and continuer of poetic and artistic heritage. His creative activity was at the turn of two centuries.

Therefore, the study of his work was of particular interest to the next generation, for example: the poet, public figure S. Seifullin, writer-academician S. Mukanov, explorers of the music of V. Erzakovich, A. Zataeevich, A. Zhubanov and playwright, fellow countryman Sh. .Husayinov.

Sow the day, his creative heritage is borne by researchers in the person of E.Myrzakhmetov, T.Kazhybayev and other young scientists. In this article the above statements, opinions, criticism, generalizations of these researchers creativity Ukily Ybyray. But all the researchers of creativity Ukili Ybyrayaya agree that he is an outstanding personality, an outstanding poet, a great singer.

Г.С. Бөкен
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан
asya_2309@mail.ru

ҚАЗАҚ-ПОЛЯК ДРАМАЛАРЫНДАҒЫ ОТБАСЫЛЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

Мақалада ХХ ғасырдың 1960-80 жылдардағы поляк драматургтері С.Мрожек, Т.Ружевич және қазақ қаламгерлері С.Адамбеков, Қ.Мұхамеджанов, Ш.Хұсайыновтың драмалары жанрлық, тақырыптық тұрғыдан салғастырылады. Ондағы отбасы және оның мүшелері арасындағы қарым-қатынастарды сипаттайтын жекеленген фрагменттер зерделенеді. Екі ел қаламгерлерінің пьесадағы әрбір кейіпкерінің болмысын мәдени, адами, ұлттық менталитет тұрғысынан бағамдауы сараланады. Мұнымен қоса, нақты тұрмыстық жағдайда белгілі бір кейіпкердің іс-әрекеті, тарихи-саяси көзқарасы, қоршаған әлеуметтік ортаға деген қатынасы моральдік-этикалық, психологиялық тұрғыдан бағаланады.

Кілт сөздер: отбасы, театр, қазақ-поляк әдеби байланысы, образ, драматургия, сана, іс-әрекет.

Әр дәуірдегі кез келген жазушының шығармашылығында отбасы мен отбасыишілік қарым-қатынастар мәселесіне арналған кем дегенде бір шығарма кездеседі. Мәселен, ХІІІ-ХІҮ ғ.ғ. исланд әдебиетінде «отбасылық саға» деген арнайы термин де қолданылған болатын. Бұл орайда, зерттеуші Т.Кильмухаметов: «Мұндай драма реалистік түрде қарапайым адамның күнделікті өмірін сипаттауға мүмкіндік береді»[1],-десе, ғалым Р.Ахмадиев: «Тұрмыстық драманың даму эволюциясы белгілі тарихи оқиғалар мен жағдаяттар кезінде отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасының өрбуі мен бір-бірінің алдында жауапкершілікті сезіну мәселесіне байланысты болып келеді»[2],-деген пайымды тұжырым жасайды.

Ал Л.М.Крупчанованың редакциясымен жазылған «Әдебиеттануға кіріспе» еңбегінде: «Отбасылық мәселелерді көтеретін шығармалардағы басты қаһарман өзі туралы айта отырып, өзінің көзқарасын білдіреді, пікірталасқа түседі. Ең бастысы, әрекеттері оның мінезі мен өмірлік ұстанымдарына сәйкес келеді»[3],-дейді. Яғни аталмыш еңбекте ғалымдар драмалық бейненің спецификасын талдай отырып, ондағы бейненің өзге жанрларға қарағанда эмоционалды түрде сипатталатынын, ал автордың ондағы белгілі бір кейіпкерін айрықша салқынқанды етіп, айналасындағы қауымды басқара алу қабілетіне ие болатынын дәп басып көрсетеді. Мұны қазақ-поляк отбасылық-тұрмыстық драмаларында көп кездесетін әлеуметтік орта, тұрмыстық жағдай, моральдық-этикалық мәселелер, отбасыдағы ұлттық және менталдық белгілер, жанұядағы жас және өзіндік ерекшеліктер, отбасы мүшелері арасындағы және адам мен қоғамның қарым-қатынастар және т.б. негізінде талдауға болады. Ендеше, біз, 1960-80 жылдары қазақ-поляк әдебиетінде де отбасылық-тұрмыстық тақырыпты қаузайттын біршама драмалық шығармалардың жарық көргенін ескеріп, мұны С.Адамбековтың, Қ.Мұхамеджановтың, Ш.Хұсайыновтың және поляк драматургтері С.Мрожек пен Т.Ружевичтің пьесалары негізінде зерделеуді жөн көрдік.

Поляк драматургі С.Мрожектің «Тангосы» тарихи-философиялық гротеск үлгісімен жазылған туынды десек, пьесаның формасына қарап, ондағы отбасылық драма жанрына тән дәстүрді де байқаймыз. Алайда бұл сырттай қабылдаған әсер болуы керек. «Танго» отбасылық драмаға жасалған пародия іспетті. Себебі, бір отбасыдағы үш ұрпақтың тыныс-тіршілігі гротеск шынысынан қаралады. Пьесаның мазмұны тұрмыстық драманың формасын бұзып, оны тарихи-философиялық трагедияға толы жиынтыққа айналдырады. Бір әулет негізінде көрсетілген адамгершілік ұстанымның құлдырауы мен зиялы ойдың таяздануы – күллі

әлемдегі адами құндылықтардың жойылуын танытады. Кешегі аға буынның дәстүр, ереже мен әдет-ғұрыптарға қарсылық көрсетуінің соңы – хаос пен мәнсіз тіршілікке әкеледі. Яғни барлық ережелердің жоққа шығарылуы, моральдік-этикалық ережелерді ұстанбауы – қарапайым тіршіліктің мәнін жояды. Сондықтан аталған жағдайдан шығудың жолын Артур дәстүрлерді қайтарудан көреді. Бұл жолда ол өзінің үй ішіне ескі әдет-ғұрыптар мен ережелерді (қоқысқа толы қонақ бөлмесіне тазалық жұмыстарын жүргізеді, үйдегілерге нафталинмен иістенген киімдерді сандықтан алуға мәжбүрлейді, Аля қалыңдығымен үйлену тойын жасауды жоспарлайды, ол үшін дәстүрлі түрде әжесінен бата алу рәсімін өткізеді) қайта жаңғыртқысы келеді.

Дегенмен, Артурдың өткенді қалпына келтіру тәжірибесі жүзеге аспай қалады. Өйткені ескі қалыптағы мазмұн мен идея әлемді құтқара алмайды. Ал жаңа мазмұн мен идеяны жасау Артурдың қолынан келмейді. Артурдың өз ұстанымдарына көндіру әрекеті трагедиялық түрде тәмамдалады. Барлық күш пен билік Эдик есімді құлдың жағында болады. Бұл ретте, Эдик Артур туралы: *«Ол жақсы ойлаған, бірақ тым ашушаң еді»*[4],-дейді. Эдик Артурды өлтіріп, оның ғашығына ие болады. Конформист Евгений ағасын өзіне бағындырады. Жігерсіз зиялының орнына арсыздық салтанат құрады. Зорлық пен тұрақсыздық орын алады. Бұл фрагмент арқылы автор замандастарына сарабал ойлы зиялының жігерсіздігін кез келген арсыз біреу басып ала алатынын, тіпті ол оны қорлауы, соққыға жығуы не өлтіруі де ғажап емес дейді. Және қайсыбір уақытта да сол әділетсіздікті қолдайтын адамдар табылып, оның айтқанына көніп, айдағанына жүретіндігін тілге тиек етеді.

«Танго» – Мрожек шығармашылығындағы шекаралық пьеса. Пьесада жекеленген қаһармандармен бірге, марионеткалар, дербес идеялар, психологиялық тұрғыдан тереңдетілген мінезі бар тұлғалар кездеседі. «Тангодағы» отбасы мүшелері суретке түсу үшін бір сәтке өнегелі отбасының кейпін сомдайды. Алайда Евгения әжейдің кенеттен түшкіріп: *«Ештеңе жасай алмаймын. Мұның бәрі нафталиннің кесірі»*[4]деуі барлығының суретке түсуге деген құлшынысын тарқатады. Сол сияқты драманың үшінші актісінде де комизм киім қайшылығынан туындайды. Яғни шығарманың басында классикалық үлгі түгіл, талғаммен киіне алмайтын кейіпкерлер, кульминацияда түбегейлі өзгереді. Аталған пьесадағы Артур әжесіне өзінің абыройын қорғау үшін қолына тапанша беріп, анасының бөлмесіне жұмсайды. Алайда жұбайының ашынасы Эдикті өлтіруден гөрі, Стомилге карта ойнау оңайырақ түсетінін Мрожек комизм тілімен шебер бере білген. Сатирик «отбасы» деген ұғымды моральдік-этикалық және психологиялық тұрғыдан құлдыратып алған жұбайлық өмірді боямасыз бейнелейді.

Әлбетте, Мрожектің «Танго» шығармасындағы әр кейіпкердің «ішкі бостандықты» іздеуі көңіл көншітпейді. Пьесадағы кейіпкерлер идеялардың тоғысуын қоюландыру үшін екі шекке бөлінген. Ересектер: әке, ана, әже жас кездеріндегі идеялармен өмір сүре отырып, суретші-төңкерісшілер болу арқылы «бостандыққа» қол жеткізгілері келеді. Олар тұрмыстық дүниені жеккөріп, ескішілікті әжуа етеді. Ал екінші шектегі Артур – ежелден келе жатқан құндылықтарымызды қайтарып, қоғамда белгілі бір этикалық тәртіптің орнауын қалайды.

Мәселен, Артур мен әжесінің келесі бір диалогында:

Артур. Эдик анаммен ашына. Бұған не айтасыз?

Стомил. Қымбаттым! Сенің айтқаның шындыққа жанаса берсін. Сексуалдық бостандық бұл – адамға берілген алғашқы бостандық[4,13],- делініп үйіндегі надан қызметші Эдик пен жұбайының қатынасына қарсылық білдіріп, намыстанудың орнына, мұны «бостандыққа» балауы – абсурд. Бұл дегеніміз – ар-намыс пен абыройдың тапталып, қоғамның азғындауын танытады. Артур анархия мен тәртіпсіздіктің ортасында өскен тәртіпті идеялары бар жан. Ол ережелер мен заңдардың болуын, дәстүрлердің қалпына келтіруді армандайды. Алайда қалыңдығының да той алдында Эдикпен әуейі болуы, оның еңсесін басып, тәртіпті қоғамды жасайтын ерік-жігерін құлдыратып жібереді.

Пьесада:

Аля. Мен Эдикпен әуейі болдым.

Артур. Қашан?

Аля. Бүгін. Таңертең[4,16]... Сайып келгенде, адамзат құндылықтарының негізі адамға және табиғатқа деген адамдардың құрметі мен махаббаты. Жеке адамның өмірінде кездесетін қандай да бір жағдай болмасын, оның басты себепшісі сол адамның өзі болып табылады. Сондықтан әрбір адам әуелі сол проблеманы шешуден бұрын оның пайда болу себептерін анықтап алуы керек. Адамның сыртқы болмысты қалай түсініп, қабылдауы оның ойына, яғни ішкі жандүниесіне байланысты. Егер де ол өзінің ішкі сана-сезімінде сыртқы болмыстың жақсы жағын қабылдаса, оның ойы да жақсы болады, егер жаман жағын қабылдаса керісінше болуы мүмкін.

Осындай отбасы ішіндегі кішігірім түсініспеушіліктерді қазақ драматургі С.Адамбековтің «Аюбайдың ажалы» комедиясында кездеседі. Пьесада өз жұбайына жеңгетайлық жасап жүрген Кәлменьчтің логикаға теріс дәлелдері ұсынылады:

Зибаш. Қызғансаң кеше неге Аюбайдың көксарайына бармай қалдың? Неге мені өкілге қосып жібердің. Ей, намыссыз, сен менің байымсың ба, жоқ жігіттерден қолұстатар алатын жеңгемсің бе? Тіфу, арсыз, папасы сол...

Кәлменьч(Мүләймсіп). Аюбайға, өзіңнің жездеңе сенбегенде кімге сенем. Екеуміздің арамыздағы дәнекер Аюбай ғой, періштем[5,48]. Яғни мұнда өзінің мансабы жолында қырық жыл отасқан жарын да құрбан етуге бар адамның әрекеті әшкереледі.

Дәл осыған ұқсас жайт аталмыш автордың «Таланған жүрек» пьесасында да кездеседі. Тұрмыстық комедияға жататын шығармада қаламгер орта жастағы Қаражанның отбасына опасыздық жасап, өзінің құдай қосқан жары мен үш ұлын алдап, әйел үстіне әйел алып, азғындауын әшкерелейді. Нәпсісінің құлына айналған Қаражан үшін мораль, ұйыған отбасы, шаңырақтың ырыс-берекесі мәселесі мазаламайды. Оны Саржанның келесі сөзінен аңғарамыз: *«Жаныңдағы жарыңа жала жапқан сенен не үміт, не қайыр. Жас нәресте баладан безген әкеден мен не күтем. Сенің бетіңе халық түкірсін. Мен қазір сотқа барамын»*[6,86],-дейді. Кейінгі жылдары қоғамда орын алған осынау деградациялау үдерісін сынаған сатирик отбасына тұрақсыз, ез, әйелден қорқатын, шаңырақтың киесін түсінбейтін желөкпелердің ақыры не болатынын пьесаның соңында Қаражанның монологымен аяқтайды: *«А, құтырған махаббат, иттей таладың-ау ақыры. Далада қалдым-ау қаңғырып. Ал, таланған жүрек, мені молаға қарай сүйре енді»*[6,87]. Мұндай сюжетті Ш.Хұсайыновтың «Құлпырма тон» пьесасынан да көреміз. Заңсыз түрде саудамен айналысатын алыпсатардан құндыз тонды сатып алған Айнашқа күйеуі Қайрақбай милицияның келе жатқанын алдын-ала хабарлайды. Мұны ести сала, Айнаш өзінің бас бостандығы үшін он бес жыл отасқан жұбайынан бас тарта салады:

Несібелді. Саудагерлердікі ұрлық, біле тұра неге алдыңыз.

Айнаш. Ибай-ау, ол иттердің қолға түсіп қалатынын мен білдім бе? Прокурор ұрланған товарларды үй қыдыртып өткізуіне жәрдем бергенсіз деп мені кінәлайды, одан да складтан жасырып сататындарға жол бермесейші(Телефон шылдырлайды. Айнаш сәл кідіріп тына қалады). Тыңдашы, мені сұраса жоқ де.

Несібелді. Тергеуші сұраса не деп өтірік айтам?

Айнаш. Үйде жоқ. Қайрақбай Әуеновтен айрылып төркініне кетіп қалған де [7,45].

Сол сияқты Қ.Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында» пьесасында мансап қуған қалақұмар білімді де мәдениетті жас жігіт Сапардың ауылда айы-күні жетіп отырған жары Раушанды жасырып, Алматының ару бойжеткені – адал да сенгіш, ақылды да сұлу қыз Жәмиләға үйленбек болған әрекеті – арсыздық, адамдық болмыстың құлдырауы. Мұны ауылдан хатты оқып отырған, Сапардың ойынан танымыз: *«...Жоқ, Сапар, өзің мықты бол!... Шынтуайтқа келгенде, сен түгіл, ортан қолдай жазушы да, артис те, айта берсең академиктердің де әйелінен ажырасып жатқандары, тіпті екі-үш қайтара үйленгендері де бар. Бақсақ ол да өмірдің заңы. Ертең аспирантура!.. Кандидат, доктор! Кім боп кетейін деп жүрмін, жаным-ау! Раушан екіқабат болмақ түгіл, төрт қабат болса да, менің қазіргі рухани дүниеме нәр бере ала ма? Мен үйленгенде колхоздың есепшісі еді ол, әлі сол күйі. Ал Сапар ше? Қой...Ендігі жерде Сапарға керегі Жәмиләдай оқыған, мәдениетті адам. Әкесі де Алматының мықтысы, тым болмаса сол мықтының көмегімен де біраз жерге барамын ғой»*

[8,121]. Бұл жерде ерлі-зайыптылар арасындағы сыйластықтың жоқтығын, отбасы қарым-қатынасының әлсіздігін, тіпті отбасы түсінігінің Сапардың ойында қалыптаспағанын көреміз.

Себебі, С.И.Ожеговтың «Орыс тілі сөздігінде»: «*Отбасы бұл – бір-біріне қамқорлық жасап, топтасып тұратын туыстар*»[9],-деген анықтама берілсе, В. Дальдің «Түсіндірме сөздігінде»: «*Отбасы дегеніміз – өзара моральдік жауапкершілік пен қамқорлықты ұстанған шағын топ*»[10],-делінеді. Яғни, Сапардың өз мансабы үшін әйеліне опасыздық жасауы, олардың өзара отбасыны құраушы топтың қатарына жатпайтынын көрсетеді. Сондықтан болар, автор пьеса барысында Сапардың жұбайы түгіл, туылмаған сәбиіне жасаған әрекетін әшкерелеп, Жамалға қатысты ұйымдастырған китұрқы жоспарын аяқсыз қалдырады.

Ақындығымен қатар, драмалық шығарма жазу шеберлігі жоғары Т.Ружевич драмаларында саяси-қоғамдық өмір, адам болмысы мен оның эмоциялық сезімдері, шындықтың берілуі терең философиямен ұштасады. Әсіресе, автордың тілдік қолданысы, сөз иірімдері философиялық тұрғыда беріледі. Сондықтан Ружевич туындыларының барлығы дерлік өмірдің мәнін түсініп, құндылығы жоқ әлемнен құндылықты іздеуге арналады. Шындықты құрайтын құндылықтардың жойылуы оның мәнін жоғалтады. Ружевич әлемінде барлық дүние өз болмысын жоғалтады. Генеология деңгейінде фрагмент, философияда – кемеліне жетпеу идеясын танытады. Уақыт пен кеңістікті қысқарта келе, поляк драматургі қайсыбір мәселені фрагмент ретінде қысқартып көрсетеді.

Славомир Мрожек айтқандай, өмірде қабылдаған шешімдердің нәтижелерін алдын-ала көрмегенімізбен, театр қойылымының немен аяқталатынын білеміз деген-ді. Театр әлемінде белгілі мәселенің салдары болмайды. Яғни жақсылық марапатталмайды, ал күнә жазаланбайды. Ешбір салдар тудырмайтын әрекет шынайы өмір болып танылмайды. Мрожекше, ол сыртқы жасанды ермек, ойын тәрізді. Алайда, Ружевичте, жағдайдың басы мен соңы бір мәндес бола бермейді. Мәселен, «Картотекада» шымылдық жабылмайды. Пьесадағы әрекет сыртқы жағдайға тәуелсіз тіршілік етеді. Олардың барлығы – бүтіннің фрагменттері. Драма эссеге, трактатқа, басы мен соңы, ортасы жоқ ашық түрге айналады.

Қаламгер «Картотека» пьесасында соғыстан кейінгі кезде өмір сүрген адамның өмірін суреттейді. Рухани өмірі мен ішкі жан дүниенің тоқырауы – қаһарманның сөзі мен іс-әрекетінің сәйкессіздігіне әкелген. «Картотеканың» бас қаһарманы кейде бас қаһарман да болмай қалады. Оның өмірі фрагменттерден, картотекалардан жасалған сияқты. Үнсіздік пен әрекетсіздікте жеке және адамзаттық трагедиялық әрі комедиялық астар бар. Тіпті басындағы трагизмді оның сөзінен емес, іс-әрекетінен көреміз. Қаһарманның соғыстан аман қалғанын сипаттағанда Ружевичтің «Аман қалған» өлеңін оқып тұрғандай әсер аламыз. Ружевич пен қаһарманы үшін қалыпты өмір мен логикаға сияқты жағдайлар екінші әлемдік соғыста аяқталғандай, олар үшін құндылықтар тарихпен басылған. Осыдан қаһарманның ішкі жан дүниесі өзгерген. Қаһарман өз әлемін санасында сақталған естеліктерден құрайды. Қаһарман айналасындағы адамдармен қарым-қатынасқа енжар араласады. Өзінің үнемі аноним болып қалуын қалайды. Алайда аталмыш пьесала автор отбасылық қарым-қатынасты, әке мен бала, нағашы мен жиен арасындағы қарым-қатынасты көрсетуді де ұмытпаған.

Мәселен, пьеса барысында әртүрлі есіммен аталған қаһарманның (бұл фрагментте Стась есімінде) нағашысы келгенде әуре-сарсаңға түсіп, барынша қызмет көрсетуі – оның үлкенге сыйластығы мен нағашысына деген туыстық қарым-қатынасын көрсетеді:

Қаһарман: Нағашы!

Нағашысы: Мен шіркеуге барғам. Жолай саған соға кеткем. Қалың қалай, Стась?

Қаһарман: Қанша жыл өтті, нағашы! Аяғыңыз ауырған шығар. Аяғыңызға су дайындап, шәй қояйын (қаһарман кереуеттің астынан леген алып, оған су құяды).

Нағашысы: Қандай бауырмал едің, құлыным! Осындай құрметпен күткеніңе ризамын! [11,67].

Немесе, қаһарманның (бұл фрагментте Тадек есімінде) бөлмесіне кірген ата-анасының баласына кеңес айтуы:

Әке: Білесің бе, Тадек, мен сенімен тұлға мен тұлға ретінде сөйлескім келеді. Уақыт зымырап барады. Сенің тебіндеп мұртың да өсе бастады. Қысқасы, бізді қуанышқа бөлеп,

өзің де бақытты болуың үшін үйленуің керек[11,68],-десе, анасы: Өмірдің мәні – өмірді сақтап қалу, ол үшін оны жалғастыру керек, Тадек[11],-дейді.

Ал отбасы қарым-қатынасындағы аз-кем түсініспеушілікті Қалтай Мұхамеджановтың «Өзіме де сол керек» пьесасындағы туысқан ағасы, әкесі және Алмастың арасындағы мамандық таңдау кезіндегі диалогтан аңғарамыз:

...Алмас. ...Мен папама айтып едім, осы институт дегенді қояйық, мал бағу қолынан келген адамға аспан бағу келмей ме, ұшқыштардың мектебіне барайын деп едім ғой.

Хайдарбек (қыза шалқып). Бұл әрине, жастық, романтика. Бұлтты бауырдай тіліп, көк аспанның төсінде көсілте серуен салған жақсы. Бірақ мен өзім ұнатпаймын. Алматыға осы жерден екі жарым сағат ұшамыз, соның өзінде зерігіп, шыдамым таусылады.

Сардар (сынай). Мұныкі балалық. Ата-бабаң самолет айдамай-ақ өткен бұл дүниеден[6,23]. Дейтұрғанмен, жақсы мен жаманды айыра алатын Алмастың ащы сынынан тыс қалмаймыз:

Алмас (рюмкаларға нұсқап): Сол кісілер арақ та ішпей кетті деген қауесет бар, бірақ сіздер...(күлкі) [6,23].

Әлбетте, қайсыбір отбасыда болмасын, ата-ана әрдайым ет бауыры баласының бетінен қақпаған. Мұны автор да өз шығармасында ұстанып, кейін пьеса соңында Алмастың өзі армандаған ұшқыштар мектебіне оқуға түскенінен білеміз.

Сол сияқты С.Мрожектің «Жаяу» пьесасында соғысты көрген, әлі де санасында соғыс жүріп атқан әр түрлі әлеуметтік топтың әр жастағы кейіпкерлерінің тағдыр тартысы баяндалатын шығармасында да «қиындықтарын» арақпен бір сәт ұмытатын кейіпкердің әрекеті әшкереленеді:

Ұлы. Әке, сен енді ішпеңіз.

Әкесі. Жүр, жүр. Ұлым, әкеңнің қамқорлығын мына жұрттың бәріне айт. Сендер аш болдыңдар ма? Мектепке бардың ба?

Ұлы. Жоқ, әке. Аш болғам жоқ. Мектепке де барып жүрмін.

Әкесі (маңғазданып). Әне, ұлымды мектепке де жібердім. Сенің аш-жалаңаш жүрген күнің болды ма?

Ұлы. Әке, жетер енді!

Әкесі. Көрдіңдер ме? Міне, ұлымның жақсылығым үшін жасап жатқан қайтарымы... Міне, мені сыйлағаны... Мен отбасы үшін аяндым ба?[12,71],-деп, өмір бойы балаларын жеткізу үшін еңбектенгенін айтып мақтанады. Әлбетте, өсіріп жеткізген ата-ананың еңбегі зор, оны жетелі, өнегелі ұрпағы ғана түсініп, болашақта өзі де ата-ана алдындағы парызын ұмытпайтыны анық. Алғашқыда қаламгер әкенің өз еңбегін «сатуын» сынай ма деп қаламыз, әрине, қоғамға «дерттей» енген арақтың әсерін де ұмытпаймыз. Кейінірек, келесі диалогта:

Әкесі. Кеше менде тұмау болды. Басым зеңгіп тұр. Мені қоя берші, сенің жағдайың қалай?

Ұлы. Жақсы, әке!

Әкесі. Еш жерің ауырып тұрған жоқ па? (ұлының алдында кешегі әрекеті үшін қысылып).

Ұлы. Ештеңе етпейді, әке. Бәрі жақсы[12,72]. Бұл шағын фрагменттің өзінен әке жүрегінің шексіз мейірімін көреміз. Немесе, ұлының аяқ киімі қысып, ақсағанын көрген әкесі өзінікін беруі – әке қамқорлығы емес пе?

Пьесада:

Әкесі. Балам, қарашы, құйып қойғандай (ұлының тар аяқ киімін өз аяғына күшіпен киеді). Аяғыма дәл келді.

Ұлы. Әке, дегенмен, сізге тар сияқты.

Әкесі. Жоға. Дәл, жап-жаңа өзі. Аяғымды қысып тұрған жоқ, тек, сәл үлкен демесең... (аяқ киім қысып тұрғанымен). Әкесі ыңғайсыз болса да, қиралаңдап, аяқ киімнің бауларын байлай бастайды[12],-дейді.

С.Адамбеков пен С.Мрожек драмаларындағы ата-ана мен бала арасындағы отбасылық қарым-қатынастарды көрсету Т.Ружевицтің «Лаокоона тобы» пьесасында да кездеседі. Ружевицтің аталмыш пьесасына Лессингтің «Лаокоон, немесе оның поэзия мен кескіндеме шекарасы» трактатынан алынған атау негіз болған. Ондағы отбасылық өмір, вазадағы тірі гүлге ұқсас жасанды гүлдердің қайта-қайта ауыстырылып отыруы – ащы сатира, әжуа. Пьесадағы анасы өнердегі «күлдырауға» налыған, әкесі өнердің мәнін ұғуға ұмтылған, атасы сұлулыққа, гармония мен ақиқатқа сенімін жоғалтқан, ал жасөспірім ұлдың өмірдің мәнін ұға алмауы баяндалады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, отбасышілік дау жасөспірім ұлдарының мамандық таңдау мәселесінен туындайды:

Ұлы: Мен шекаралық немесе дипломатиялық сауданың қыр-сырын меңгеру үшін жоғары мектепке оқуға түсемін. Саяхаттауды жақсы көремін.

Атасы: Бәлкім, гуманитарлық ғылымдарды оқуға бет аларсың?

Анасы: Меніңше, балам, саған медицинаға бару керек. Бәлкім, гинекологияны таңдарсың?[11],-десе, атасы келінінің сөзіне қарсы пікір білдіріп: *«Балам, медицинаға барсаң, тіс дәрігері бол! Гинеколог болу саған жараспайды. Басқасын білмеймін, меніңше, біреудің аузына үңілгенің тиімдірек*[11,75],-дейді. Кейін барлық отбасы мүшелері өзара кеңесе отырып, соңғы шешімді баланың өзіне қалдырады.

Ендігі бір жанұялық фрагмент Қ.Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астындағы» Марфуға мен Сұңғат арасындағы конфликтіден көрінеді:

«Марфуға...Сен әуелі сондай постыларды занимать ет, потом можешь задирать нос.

Сұңғат. Маған дәреженің керегі жоқ. Адал арыммен өз мамандығымда еңбек етсем болды.

Марфуға. Ах, так. Теперь все. Женой учителя-колхозника я не буду!

Сұңғат. Солай де!

Марфуға. Подумаешь, учитель, алатының алты жүз сом, менің бір платьемнің бағасы»[8]. Эпизодтағы ерлі-зайыпты жандардың арасындағы конфликт лауазым мен ақша мәселесінен туындайды. Бұл олардың психологиялық көңіл-күйі мен құндылықтарды бағалау ұстанымдарына байланысты болып келеді. Мұнымен қоса, драмадағы тартыс шектен тыс қамқорлықтан да өрбуі мүмкін. Мрожектің «Бойня» пьесасында анасының ұлына деген қамқорлығы фанатизмге айналып, «ана» мен «ұлы» арасындағы тартысқа жалғасқан болатын.

Шығармада: Анасы. Менен артық сенің өнеріңді бағалап, тыңдайтын кім бар дейсің? Қоғам тым қатыгез. Сенің өнеріңді дәл мендей ешкім бағалай алмайды. Басқалар сені күндеп, дарыныңды жоққа шығарып, қорлайды

Скрипкашы. Мейлі... Түкіргенім бар! Мен үшін атақ пен даңқ керек! Қалғаны бос далбаса...

Анасы. Сенің дарының жоқ. Сен одан мақұрымсың.

Скрипкашы. Жоқ! Мен гениймін! Гений[8]! Мұнда жалғыз басты ананың қасіреті жатыр. Жалғыздықтан үрейленген анасы, ұлының ер жеткенін мойындамайды. Оған балаша қамқорлық жасайды. Өнерін өзі көріп, өзі бағалауды жөн көреді. Бұған ұлы наразылық білдіреді. Сондықтан ана мен бала арасында түсініспеушілік пайда болып, ол өз алдына тартысқа ұласқан.

Әдебиетші ғалым Р.Нұрғали: «Бір семьядағы мінез-піғыл – арман-тілек, білім-өре, характер-сипат айырмашылықтары – ерекше шиеленіскен түйін ретінде, әсіресе драмалық шығармаға өмірлік материал» [13,21],-деген болатын. Сондықтан драмадағы отбасы және оның мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастар да нақты бір жағдайда, әрекет үстінде өрбиді. Аталмыш дүние С.Мрожек, Т.Ружевиц, Қ.Мұхамеджанов, С.Адамбеков және Ш.Хұсайыновтың кейбір сатиралық драмаларында кездесетін жекеленген фрагменттерді талдау барысында зерделенді. Сонымен қатар, әрбір жанұядағы (ерлі-зайыптылар, ата мен немере, әке мен бала, ене мен келін және т.б.) қарым-қатынастар ұлттық менталитет ерекшеліктеріне сай сипатталып, қоғамдық-саяси, әлеуметтік, тұрмыстық жағдайларға байланысты қалыптасып дамитыны айқындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Кильмухаметов Т.А. Поэтика башкирской драматургии. – Уфа: Китап, 2008. – 485 с.
- 2 Ахмадиев Р.Б. Современная башкирская драматургия (природа конфликта и многообразие жанровых форм) . – Уфа: РИО БашГУ, 2003. – 415 с.
- 3 Введение в литературоведение/Под ред.Л.М.Крупчанова.– Москва: ООО Издательство «Оникс», 2005. – 415 с
- 4 S.Mrozek, Utwory sceniczne, t.2, Krakow 1973, s.201
- 5 Адамбеков С. «Аюбайдың ажалы» драмалық шығармалар. – Алматы: Өнер, 1981. – 311 б.
- 6 Адамбеков С. Қожанасыр қақпасы: Әңгімелер, пьесалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 312 б.
- 7 Ш.Хұсайынов Үш томдық шығармалар жинағы. I том. Пьесалар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 215 б.
- 8 Мұхамеджанов Қ. Таңдамалы: Пьесалар. Әдеби сценарийлер. Өнер жайлы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 544 б.
- 9 Ожегов С.И. Словарь русского языка. – Москва, 1991.– 710 с.
- 10 Даль Д. Толковый словарь. – Москва, 1982. Т.IY.С.173
- 11 Różewicz T. Przygotowanie do wieczoru autorskiego. – Poland, 1977.p.342
- 12 Mrozbek S. Testarium: Izbrannye p (Russian) Paperback – 2001.– p.832
- 13 Нұрғали Р. Драма өнері. – Алматы, 2001. – 121 б.

Г.С. Бөкен

СЕМЕЙНО-БЫТОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ В КАЗАХСКО-ПОЛЬСКИХ ДРАМАХ

В статье рассматриваются тематические и жанровые сопоставления в произведениях польских драматургов С.Мрожека, Т.Ружевича и казахских деятелей С.Адамбекова, К.Мухамеджанова, Ш.Хусаинова 1960-80 годы XX века. Исследуются отдельные фрагменты семьи и отношение их членов. При исследовании дифференцируется культурные, человеческие, национальные особенности отдельных героев в пьесах драматургов двух стран. А также, оценивается морально-этические, психологические стороны в действиях, историко-политических взглядах, отношениях к окружающей среде отдельного героя в бытовой ситуации.

G.S. Boken

FAMILY-HOUSEHOLD RELATIONS IN KAZAKH-POLISH DRAMAS

The article considers thematic and genre comparisons in the works of polish playwrights S. Mrozek, T. Ruzhevich and kazakh figures S. Adambekov, K. Mukhamedzhanov, Sh. Khusainov 1960-80 years of the twentieth century. We investigate individual fragments of the family and the attitude of their members. The study differentiates the cultural, human, national characteristics of individual characters in plays by playwrights of the two countries. And also, the moral and ethical, psychological aspects of actions, historical and political views, relations to the environment of the individual hero in everyday situations are assessed.

Ф.А. Гайнуллина¹, Т.Д. Исабаева²
Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет¹
Государственный университет им. Шакарима²
Семей, Республика Казахстан
akhmetovna@mail.ru

ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ И ЛИТЕРАТУРНЫЕ ПАМЯТНИКИ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА КАК СОСТАВЛЯЮЩИЕ КОМПОНЕНТЫ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ КУЛЬТУРЫ

В данной статье рассматриваются проблемы исследования историко-географических и литературных памятников Восточного Казахстана как феномена отечественной культуры. На широком историко – литературном фоне исследуются вопросы сохранения и воспроизводства известных памятников культуры.

Авторами статьи осуществлен анализ деятельности ученых-краеведов, внесших заметный вклад в изучение истории, этнографии, фольклористики, литературы, политического, социального и экономического развития ВКО.

Авторы полагают, что сегодня особенно важно способствовать всемерному сохранению литературы края как части богатейшей сокровищницы казахской литературы и культуры. Литературное краеведение, включенное в стратегический план развития культуры в республике, заполняет духовные пустоты и пробелы в воспитании современной личности.

Формированию познавательной ниши на базе историко-культурных объектов региона может способствовать, по мнению авторов, и развитие туризма в Казахстане.

Данный шаг, по мнению исследователей, соответствует задачам Концепция стратегической национальной программы «Культурное наследие» и является важным в ситуации, когда общество переживает дефицит духовности.

Ключевые слова: памятники, литературное и историческое краеведение, интеграция, духовность

В отечественной гуманитарной науке сегодня особую актуальность приобретают исследования социокультурных процессов (изучение систем ценностных ориентаций различных социальных групп, осмысление роли и места культуры в формировании личности и социума и т.д.). Интегрирующая роль культуры в социальной жизни позволяет ей выступать важнейшим средством регуляции общественных отношений и повседневного поведения. Популярный сегодня деятельностный подход к изучению феномена культуры, при котором она определяется как совокупность форм, способов, средств и результатов человеческой деятельности, может быть дополнен историко-географическими компонентами, позволяющими рассматривать культуру как продукт человеческой деятельности, возникший в определенных исторических условиях на конкретной территории. В качестве важной составляющей исследований культуры в регионе мы рассматриваем краеведение.

Некогда Н.М. Карамзин сказал: «Россия сильна провинцией». Эти же слова можно сказать и о нашей республике – Казахстане. Все регионы нашей страны богаты и интересны своим культурно – историческим прошлым. По определению академика Д.С. Лихачева, «краеведение – самый массовый вид науки».

Литературная история края постоянно привлекает к себе внимание гуманитариев различного профиля, но обобщающих работ, посвященных литературному процессу в Семипалатинском Прииртышье в его исторической динамике, к сожалению, до сих пор нет. На сегодняшний день накоплен большой массив литературно – краеведческих изысканий, но сами они не были еще предметом исследования. В Республике Казахстан сегодня активно идет

литературный процесс, формы и направления которого также требуют комплексного культурологического изучения

Краеведение – это и форма общественной деятельности, и метод познания, и средство творческого общения людей разных поколений и разного уровня образования, и путь воспитания уважения к традициям предков, родной земле, культурному наследию прошлого.

Известно, что Восточно-Казахстанская область (ВКО) богата различными историческими событиями, литературно – культурными памятниками, характеризующими общечеловеческую цивилизацию. Территория Алтая и нынешнего Восточного Казахстана была не только торгово-экономическим, финансовым, культурным центром, здесь возникали каганаты тюркских племен, вошедших позднее в состав казахского народа. Регион всегда имел большую международную значимость на магистрали трансконтинентального Великого Шелкового пути, связывавшего народы и государства континента. На основе межкультурных, социально-экономических связей именно здесь зарождались древнетюркские письмена. На этих письменах созданы древнетюркские памятники. Многие письменные достояния хранятся за пределами региона и республики - в Китае, Монголии, на территории РФ и т.д.

ВКО представляет интерес не только для историков и филологов, но и для востоковедов, алтаистов, археологов памятниками сакской и гунской культуры, древнетюркской письменности, наскальными изображениями. Здесь отмечается высокая концентрация петроглифов, и памятников с изваяниями, вызывающих неподдельный интерес как ученых, так и туристов.

Все вышесказанное говорит о том, что необходим комплексный подход к проблеме *сохранения и воспроизводства* культуры Восточного Казахстана, являющейся частью национальной культуры, научным обоснованием важной роли в этом процессе литературного и исторического краеведения.

Присоединение Казахстана к России привело к тому, что с целью изучения географии, природных ресурсов, экономики, истории, этнографии сюда стали приезжать ученые, путешественники. Еще в XVIII веке, в 1769 году одну из первых экспедиций в край возглавлял П. С. Паллас. Результатом данной экспедиции стал труд "Путешествие по разным провинциям Российской империи" (1773 год).

Крупным этапом изучения Казахстана русскими стал выход в свет в 1832 году книги А. И. Левшина "Описание киргиз-казацких, или киргиз-кайсацких орд и степей".

В XIX веке среди исследователей Казахстана были ученые с мировой известностью, такие как П. П. Семенов-Тянь-Шанский - глава Русского географического общества, исследовавший Центральный Тянь-Шань. Ученый путешествовал по Алтаю, Семиречью, Средней Азии. Под его руководством было составлено и издано многотомное исследование "Россия. Полное географическое описание отечества". Два тома из них: "Киргизский край" и "Туркестанский край" посвящены Казахстану и Средней Азии. В работе были описаны географические условия, природные богатства, история, быт казахов.

Также изучали географию, флору, фауну Казахстана, его природные ископаемые Н. А. Северцев, И. В. Мушкетов и другие.

Большой вклад в изучение края внес востоковед, тюрколог, этнограф, академик Петербургской академии В. В. Радлов (1837-1918 годы), изучавший обычаи, обряды, фольклор народов Алтая, северных областей Казахстана, обследовал Семиречье. Его работа "Образцы народной литературы тюркских племен" содержит большое количество казахских сказок, фрагменты эпических произведений, лирику. Сбором данных по истории, этнографии, географии также занимались военные, чиновники русской администрации, политические ссыльные.

В развитии культуры и общественной мысли в Казахстане во второй половине XIX века важную роль сыграли научные общества и культурно-просветительные учреждения. Отделы Русского географического общества были открыты в Оренбурге (1868 год), в Омске (1877 год), затем - подотдел в Семипалатинске, а в 1897 году - отдел в Туркестане. Члены этих обществ

издавали сборники, где публиковались материалы по истории, этнографии, географии. В них активно сотрудничала казахская интеллигенция.

Открытие Семипалатинского подотдела Западно – Сибирского отдела Русского Географического общества находится в тесной связи с историей Семипалатинского областного статистического комитета, организованного в 1878 году. Это было первое краеведческое учреждение в Семипалатинской области, занимавшееся изучением края. Первым секретарем и фактически руководителем комитета был политический ссыльный, последователь и ученик Н.Г. Чернышевского Е.П. Михаэлис. В Семипалатинске он служил с 1869 по 1882 г. и прекрасно изучил историю и культуру казахского народа.

Активные члены Семипалатинского статистического комитета – фон Герн В.К., Н.Я. Коншин, Г.А. Сопетов, В.И. Маевский – изучали нравы и обычаи казахов, изделия и технику домашних промыслов и ремесел, развитие оседлости и орошаемого земледелия. Преобладание в рядах комитета политических ссыльных, господство традиций Михаэлиса, Абая, Маковецкого обеспечили комитету плодотворные результаты в области изучения жизни и быта казахов и утверждения гуманного отношения к ним. [1, 5]

Во второй половине XIX века в Казахстане были созданы областные статистические комитеты, которые публиковали "обзоры" областей, содержащие материалы по статистике, истории, этнографии, культуре. Например, в работе Семипалатинского областного статистического комитета принимал участие Абай. Изучением Казахстана занимались и другие научные организации: Общество сельского хозяйства, любителей археологии и истории Востока, любителей естествознания, антропологии и востоковедения. В Казахстане стали открываться общественные библиотеки. Одна из первых публичных библиотек была открыта в 1883 году в Семипалатинске.

Позже были открыты учительские семинарии в Актюбинске, Верном, Семипалатинске, Уральске.

В исследованиях краеведческого характера отмечается большая роль Ч. Валиханова. Так, в 1855 году в качестве адъютанта генерал-губернатора Западной Сибири Гасфорта он принял участие в поездке от Омска до Заилийского Алатау, где закладывалось укрепление Верное. Во время этой поездки ученый собрал и обобщил богатый материал по истории, религии, обычаям, фольклору казахов.

В 1856 году Валиханов принял участие в экспедициях от Ала-Куля до Иссык-Куля, а также в Кульджу. По результатам этих путешествий были написаны: "Дневник поездки на Иссык-куль", "Записки о киргизах". Он записал также отрывки из знаменитого киргизского эпоса "Манас" и т.д.

Вклад Ч. Валиханова в науку заключается в том, что он значительно уменьшил белые пятна в русской и мировой науке о практически малоизученных в то время таких регионах Центральной Азии, как Семиречье, Кыргызстан, Восточный Туркестан. Ученый собрал уникальный материал по истории, этнографии, фольклористике, литературе, политическому, социальному и экономическому развитию этих земель.

Ч. Валиханов одним из первых ввел в научный оборот такой пласт исторических источников, как казахский и киргизский эпос, фольклор. Ему принадлежит приоритет в постановке и разрешении ряда узловых проблем истории тюркских народов, таких как этногенез, социальная структура, политическое положение, национально-освободительная борьба, роль ислама в их жизни.

Восточный Казахстан имеет также богатую литературную историю, связанную с именами Абая Кунанбаева, Шакарима Кудайбердиева, Мухтара Ауэзова, Шакира Абенова, Сапаргали Бегалина, Арипа Танирбергенова, Мухтара Магауина, Калихана Алтынбаева, Нурлыбека Баймуратова, Каюма Мухамедханова, Михаила Балыкина, Семена Анисимова и многих других выдающихся казахских и русских писателей, включая великого классика Ф.М. Достоевского, имя которого носят музей и русский театр г. Семей, польского исследователя А. Янушкевича и т.д.

Именно родная земля оказывается той пуповиной, которая связывает человека с другими людьми, определяет его физическое и духовное бытие, способствует формированию художественного мышления.

Казахская степь, как известно, является родиной самого разнообразного богатства видов искусства. Песни и кюи, мелодии и поэмы, созданные на широких просторах страны, имеют свою, неповторимую, манеру исполнения, которая зависит от того, где, в каких краях они были рождены. Слова песен, напевы музыкальных сочинений, другие произведения искусства подпитываются, в первую очередь, красками природы родного края.

Изучая особенности литературы, краеведение способно активизировать в нем моделирующие возможности отечественной культуры, исходя из постулата о том, что, например, Семей издавна и традиционно считается духовным центром страны.

Научные основы историко - литературного краеведения связаны с общественной и культурологической деятельностью И.Я. Коншина, Е.П. Михаэлиса, Г.П. Потанина, Б.Г. Герасимова, братьев В.Н. и А.Н. Белослюдовых и других. Будучи членами Семипалатинского подотдела Западно - Сибирского отдела Русского географического общества, они внесли огромный вклад в дело изучения географии, геологии, этнографии, археологии, животноводства, административного хозяйствования и т.д. Именно они были организаторами проведения ряда мероприятий, посвященных памяти Абая.

К 10 - летию со дня смерти поэта одна из выдающихся казахских женщин того времени, общественный деятель - Назипа Кульжанова, организовала и провела литературный вечер.

Первый вечер прошел в январе 1914 года в Русском географическом обществе. Об этом вечере за подписью «М.М.» свое впечатление оставил выпускник медресе «Галия» г.Уфы, учитель, журналист, автор «Нового казахского букваря» (1912), общественный деятель Мустаким Малдыбаев. Так, в опубликованной им в газете «Айкап» статье автор отмечает большую роль Назипы и Нургали Кульжановых в организации этого благотворительного вечера, упоминает учеников Абая – Турагула, Какитая, Шакарима и других, называя их талантливыми поэтами. Свои мысли автор заключает словами: «Мы надеемся, что такого человека как Абай, никто не забудет». Среди лучших номеров вечера, прошедшего в 1914 году, были отмечены выступления певца Альмагамбета и кобызиста Берикбая, которые относились к окружению Абая. Их выступления обнаружили не только высокий уровень исполнительского мастерств, но и вызвали неподдельный интерес участников и гостей вечера к казахской культуре.

Второй же вечер прошел в клубе приказчиков 13 февраля 1915 г.. Доброжелательные отзывы о первом вечере способствовали тому, что и на второй вечер собралось много народа. Об этих литературных вечерах писали в журналах «Айкап», в газетах «Қазақ», «Семипалатинский телеграф» и другие.

На этом литературном вечере писатель Р. Марсеков, выступивший с докладом, посвященном казахской литературе, представил собравшимся отрывок из поэмы Шакарима «Қалқаман – Мамыр». В заключении своего выступления Р. Марсеков дал высокую оценку роли Абая в казахской литературе: «После смерти Абая начался третий период развития литературы. С тех пор, как молодое поколение начало брать пример с Абая, наша литература стала развиваться в нужном направлении».

Поводом для подробного рассмотрения данных вечеров, организованных и проведенных супругами Н. и Н. Кульжановыми, стало то обстоятельство, что основными участниками этих вечеров стали акыны, певцы, музыканты - ученики Абая. В истории и абаеведении эти литературные вечера навсегда останутся большим культурным явлением.

Спустя 10 лет, в декабре 1924 г., по случаю уже 20 – летия со дня смерти Абая, также прошел литературный вечер, где были прочитаны доклады: «Место Абая в киргизской литературе» М. Ауэзовым, «Биография Абая» - Х. Габбасовым. Выступления известных ученых также вызвали большой интерес и желание знать и изучать культуру края.

Дальнейшее изучение края (история, культура, литература, образование, социальные аспекты) связано с именами Ш. Кудайбердиева, Турагула Кунанбаева, М. Ауэзова, А.

Бокейханова, Ж. Аймаутова, Н. и Н. Кульжановых и др. В работах современных исследователей М.Касымбаева, В.Кашляка, М.Каримова, А.Исина и других наблюдается попытка исследования Восточного Казахстана с позиций историко-политических преобразований, происходящих в стране. [1]

Накоплены также литературоведческие исследования Смагуловой А.Т. (*К.Мухамедханов*) [2], Мухажановой Р.М. (*М.О.Ауэзов*) [3], Мукашева Е.С. (*У.Шондыбаев*) [4], Толебаевой К.Т. (*К.Алтынбаев*) [5], Ердембекова Б.А. (*Поэты – ученики Абая*) [6], Сейсекеновой А.Б. (*Шакарим Кудайбердиев*) [7], Кабышева Т.Б. (*Т.Жомартбаев*) [8], Турысбековой Ж.К. (*Т.Кобдиков*) [9], Аитовой Ж. (*А.Найманбаев*) [10], Аубакира Ж.М. (*К.Жанатайулы*) [11] и других, восстанавливающих культурно-исторический и литературный ландшафт Восточного Казахстана.

Однако целостного представления о литературном и историческом процессе ВКО как части отечественной культуры, на наш взгляд, нет. Поэтому важно способствовать всемерному сохранению литературы края как части богатейшей сокровищницы казахской литературы и культуры, что в свою очередь, соответствует задачам Концепция стратегической национальной программы «Культурное наследие» и является важным шагом в ситуации, когда общество переживает дефицит духовности. [12].

Историческое и литературное наследие области не исчерпывается памятниками, находящимися в его центральной части, а простирается значительно шире, охватывая обширную историко-географическую зону.

Сложившаяся в обществе и сфере образования социокультурная ситуация, процессы гуманитаризации, гуманизации, происходящие в общеобразовательной и высшей школе, попытки создать условия для формирования у учащихся и студентов ценностных отношений к достижениям культуры, потребность в интеллектуальной и духовной деятельности, в самообразовании и саморазвитии необычайно актуализируют проблему использования краеведения в литературном и историческом образовании. Краеведение может сыграть особую роль в актуализации ценностей отечественной культурной традиции и активно влиять на процесс воспроизводства культуры в РК, активизировать интерес к литературе и чтению и тем самым составить альтернативу массово – информационной культуре.

Итак, литературная история восточно – казахстанского края позволяет говорить об уникальности его культурного ландшафта, о его огромном духовном потенциале. Литературное краеведение через соотнесенность литературы и истории края позволяет читательской аудитории осознать себя хранителем и передатчиком отечественных культурных ценностей, что очень важно в условиях засилья массовой культуры. Литературное краеведение, включенное в стратегический план развития культуры в республике, заполняет духовные пустоты и пробелы в воспитании современной личности. Научные основы литературного краеведения в ВКО связаны с культурологической деятельностью исследователей, восстанавливающих культурно – исторический и литературный ландшафт края. Восточный Казахстан сегодня является привлекательной зоной для развития познавательного туризма, доступного внешним и внутренним потребителям. Наиболее востребованным этот вид туризма является для привлечения иностранных инвестиций, для создания благоприятного экономического климата в регионе, так как уникальное расположение в сердце континента дает возможность воссоздать и представить миру неповторимую историческую модель цивилизации кочевников Алтая, а туристический кластер должен стать высокоприбыльным сектором в экономике области и республики в целом, направленный на решение проблем занятости сельского населения, привлечение молодежи в село, развитие малого и среднего бизнеса, укрепление внешнеэкономических связей Восточного Казахстана.

ВКО как географическое пространство сегодня вступает в новый этап консолидации социума, делает большие шаги на пути к конкурентоспособности и международного сотрудничества. В этом направлении представителями приграничных государств осуществляется социально-экономическая и культурная интеграция в рамках маршрута

"Алтай – Золотые Горы". Данный тур является трансграничным, вокруг горной системы Алтай, пролегающий по приграничной территории России, Монголии, Китая и Казахстана.

В 2001 году была принята Концепция развития туризма в РК, согласно которой определены точки роста туристического сектора в Восточном Казахстане – Верхне - Бухтарминский район, включающий отдельные пункты: с. Катон-Карагай, с. Берель, курорт Рахмановские ключи, р-н оз. Маркаколь и т.д.

Практика развития этих пунктов указала на дальнейшие перспективы в укреплении достигнутых экономических результатов, на основе которых были разработаны проекты по реализации Государственной программы развития туризма в РК на 2007-2011 годы. [13]. Важным методологическим видением решения задач по развитию туризма в Казахстане, особенно на этапе его становления, является формирование познавательной ниши на базе историко-культурных объектов региона. Это позволит интегрировать в единую систему разные направления науки: географию, экологию, экономику, историю Казахстана, этнографию, археологию, социологию и др. Историческая и литературная наука XXI века не может находиться в стороне от глобальных процессов внедрения инноваций и новых технологий на практике, она имеет большой потенциал для инкорпорации в мировое научно-технологическое и инновационное пространство.

Одним из таких направлений работы является участие в развитии туристического сектора страны на основе историко-культурного и литературного наследия. Сегодня необходимо: комплексное исследование историко-культурных и литературных памятников региона; проведение комплексного культурологического исследования литературного краеведения на материале произведений поэтов и писателей ВКО; экспедиционное исследование районов ВКО на предмет выявления исторических и литературно – культурных объектов; разработка рекламных проспектов и видеотуров по туристическим (историко – литературным) маршрутам региона; создание программы и определение маршрута экспедиций, туристического маршрута по литературным и историческим местам (Жидебай, Борли, Аягуз, Коныр – аулие, Маканши, Бескарагай и др.); внедрение в учебный процесс средних школ и гуманитарных специальностей вузов элективных курсов по историческому и литературному краеведению; подготовка материалов для энциклопедии «Историко – литературные памятники ВКО» и т.д. Эти и другие насущные задачи стоят сегодня перед отечественными учеными.

Список литературы:

- 1 Избранные труды семипалатинских краеведов: 1903 - 1929 гг./ КГУ «Центр документации новейшей истории» Управление архивов и документации ВКО, научный центр исторических и социально – политических исследований им. М.Козыбаева, СГПИ., – Семей, 2012. – 882 с.
- 2 Смагулова А.Т. Каюм Мухамедханов: Монография, 2009.
- 3 Мухажанова РМ. Мұхтар Әуезов және Семей. – Семей, 2004. – 192 б.
- 4 Мукашев Е.С. . Уәйіс – ақын. – Семей, 2008. – 180 б.
- 5 Толебаева К.Т. Қалихан Алтынбаевтың шығармалар жинағы. – Алматы, 2009.
- 6 Ердембеков Б.А. Ердембеков Б.А. Абайдың әдеби ортасы. – Семей, 2010. – 307 б.
- 7 Сейсекенова А.Б. Шакарим және Гете, Семей. – 2004.
- 8 Кабышев Т.Б. XX ғасыр басындағы қазақ ағартушылығы. Өскемен. С.Аманжолов атындағы мемлекеттік университетіне жыл, 2012.
- 9 Турысбекова Ж. К. Толеу Кобдиқов. – Семей, 2003.
- 10 Аитова Ж. Ж. Асет Найманбаев.: Монография. – Семей, 2006.
- 11 Аубақир Ж.М. Көкбай Жанатайұлы. – Шығармалары: өлендер, айтыс –қағыстар, қисса – дастандар -/ Құрастырған, алғы сөзін және түсініктерің жазған Ж. Әубақир.– Алматы: «Информ – Арна», 2001. – 200 б.
- 12 Концепция стратегической национальной программы «Культурное наследие» на 2009 -2011гг.
- 13 Государственная программа развития туризма.– Астана, 2001.

Ф.А. Гайнуллина¹, Т.Д. Исабаева²

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ - ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДЕБИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ОТАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚҰРАУШЫ КОМПОНЕНТТЕР РЕТІНДЕ

Бұл мақалада Шығыс Қазақстандағы тарихи-географиялық және әдеби ескерткіштерді отандық мәдениеттің құбылысы (феномені) ретінде зерттеу мәселелері қарастырылады. Тарихи-әдебиеттің кең мағынасында танымал мәдениет ескерткіштерін сақтау және көбейту (жаңғырту) мәселелері зерттеледі.

Шығыс Қазақстан облысының тарихи, этнографиялық, фольклорлық, әдеби, саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуын зерттеуде өлкетанушы ғалымдардың қосқан үлестеріне мақала авторлары талдау жасаған.

Бүгінгі таңда қазақ әдебиетінің және мәдениетінің қымбат қазынасының бір бөлшегі ретінде өлкенің әдебиетін сақтап қалу аса маңызды деп болжайды авторлар. Республикада мәдениетті дамыту стратегиялық жоспарына енгізілген әдеби өлкетану заманауи тұлғаны қалыптастыруда (тәрбиелеуде) рухани және кемшіліктердің орнын толтырады

Аталмыш қадам зерттеушілердің ойынша «Мәдени мұра» ұлттық бағдарламасының стратегиялық Концепциялары тапсырмаларына сай келеді және рухани азғындаудың (тапшылықтың) алдында тұрған қоғам үшін маңызды болып табылады.

F. Gainullina, T. Isabayeva

HISTORICAL AND GEOGRAPHICAL AND LITERARY MONUMENTS OF EASTERN KAZAKHSTAN AS COMPONENTS OF NATIONAL CULTURE

This article examines the problems of studying historical and geographical and literary monuments of Eastern Kazakhstan as a phenomenon of national culture. The issues of preservation and reproduction of known cultural monuments are explored on a broad historical and literary background.

The authors of the article carried out the analysis of the activities of local historians, who make a significant contribution into the study of history, ethnography, folklore, literature, political, social and economic development of the East Kazakhstan region.

The authors believe that today it is especially important to promote the preservation of the literature of the region as a part of the richest treasury of Kazakh literature and culture. Literary study of local lore, included in the strategic plan for the development of culture in the republic, fills spiritual emptiness and gaps in education and modern personality.

According to the authors, the formation of a cognitive niche on the basis of historical and cultural objects of the region can contribute to the development of tourism in Kazakhstan.

This step, according to researchers, is consistent with the objectives of the Strategic National Program "Cultural Heritage" concept and is important in a situation where society is experiencing a deficit of spirituality.

ӘОЖ.821.16

Л.Н. Дәуренбекова
Еуразия гуманитарлық институты
Астана, Қазақстан
daurenbekova.laura@mail.ru

М. ӘУЕЗОВТІҢ «ҚИЛЫ ЗАМАН» ПОВЕСІ ҰЙҒЫР ТІЛІНДЕ

Көркем аударма түркі халықтарын рухани, мәдени жағынан байланыстырып қана қоймай, мәдениаралық коммуникацияны жүзеге асыру үшін де қызмет ететінін ұмытпауымыз қажет. Сондықтан да кенжелеп қалған әдеби байланыс, аударматану мәселелері түркі әлемі зерттеулері аясында жаңа бағытта қарастыруды көздейді.

Тірек сөздер: тіл, ұлттық мәдениет, әдеби аударма, қазақ-ұйғыр, әдеби байланыс, образ, повесть.

Әдеби аударма арқылы түркі халықтарының классикалық шығармалары, жазушы-ақындарымен қатар, сол елдің әдебиетінің тарихымен жақынырақ танысуға болады. Біз қарастырғалы отырған жазушы М. Әуезов шығармалары түркі тілдес халықтарына аударма арқылы да танылған. Әрине, бір ұлттың рухани қазынасын өзге ұлттың игілігіне айналдыру кез келген қаламгердің қолынан келе бермейтіні анық. Десек те, қазақ елінде тұрып, қазақ тілін еркін меңгерген белгілі жазушы Ш.Шаваев М.Әуезовтің бірқатар шығармаларын ұйғыр тілінде сөйлетті. Сондай-ақ, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, С.Шәймерденов, Б. Момышұлы, И. Ғайыптың т.б. белгілі қаламгерлердің шығармаларын қазақ тілінен ұйғыр тіліне тікелей аударды.

Ш.Шаваев 1938 жылы 27 сәуірде Алматы облысы ұйғыр ауданы, Диірмен ауылында туған. 1965 жылы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясының театр факультетін бітірген. Алғаш республикалық мемлекеттік ұйғыр театрында актер, кейін режиссер қызмет еткен.

1975 жылы Алматы өнер институтының режиссер даярлайтын бөлімін тамамдаған. 1978-1982 жылдары Қазақстан жазушылар одағына әдеби кеңесші болып, ұйғыр әдебиеті секциясын басқарған.

Ш.Шаваевтың шығармашылық жолы аудармадан басталған екен. Бір әңгімеміз де аудармашы: «Ең алғаш 7 сынып оқып жүргенде Ғ.Мүсіреповтың «Аналар» өлеңін ұйғыршаға аудардым. Сондай бір керемет өлең шумақтарын оқығанда көзіме жас алып, ұйғыр тіліне аударғым келді. Аудардым»- деп есіне алған еді. Тәржіма өнеріне бала кезден қызыққан Ш.Шаваев Құрманғазы атындағы өнер институтының актерлік бөлімінде оқып жүргенде-ақ, Шекспирдің «Ромео-Джулетта» драмасынан үзінді, Островскийдің «Найзағайын», Катеринаның монологын аударады.

1960 жылдың басында ұйғыр музыкалық театры М.Әуезовтың «Айман-Шолпан» драмасын сахнаға қоюға шешім қабылдады. Ұйғыр театр басшылары қазақ тілін жетік білетін, өзі театр маманы Ш.Шаваевқа «Айман-Шолпан» музыкалық драмасын қайта аударуға ұсыныс жасады. Ш.Шаваевтың аудармасымен аталған пьеса сахнаға жол тартады. Жалпы, аударма жұмысы оңай шаруа емес. Аударма саласындағы көптеген мәселелер нақтылы түрде, түпнұсқаның түрлі қасиеттерін толық беру үшін аудармашы қолданған құрал-тәсілдерді зерттеумен анықталады, ол қасиеттерге: интонация, ырғақ, образдылық (синонимдердің, идиомалардың, мақал-мәтелдердің, афоризмдердің түрліше астарларымен бірге) секілді элементтер жатады және бұған ұлттық форманың әрқилы өзгешіліктері, тарихи сипаттары да келіп қосылады» [1,125]-деп, М. Әуезов аударма теориясының ең күрделі проблемаларын нақтылап көрсетеді.

Біздің қарастыратынымыз 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті сипаттайтын «Қилы заман» повесінің ұйғыр тіліндегі аудармасы. Мақсатымыз, М. Әуезов повесінің ұйғыр тіліндегі аудармасын қарастыра отырып, көркем аударма қазақ-ұйғыр әдебиетінің ішкі байланысын жақындастыра түсетін маңызды сала екендігіне назар аудару. Повесть «Қарам заман» деген атаумен 1997 жылы жарық көрді. «Аударма жасамас бұрын мен шығарманы бастан аяғына дейін толық оқып аламын да, сол болған оқиғаны көз алдыма елестетемін. Яғни, түсініп алып аударуға тырысамын. Қазақ тілін жетік білгендіктен, сөздікті пайдаланбаймын. Маған М.Әуезовтың «Қилы заман» романын аудару қиынның қиыны болды. Әуезов тілі керемет. Ол өз ісіне аса ұқыпты қарайтын, өзгелерден де соны талап ететін кісі болған екен. Сондықтан, Әуезов шығармасын аудару үшін үлкен дайындықпен келдім» - деуінен Ш.Шаваевтың аудармаға деген жауапкершілігін айқын аңғаруға болады.

Туынды 1916 жылғы «маусым жарлығына» деген қарапайым халықтың қарсылығынан туындаған тарихи оқиғаны шынайы көрсетуге арналған. Жазушы Жетісудағы Албан елінің өмірі мен тұрмысын баяндай отырып, тоғыз жолдың торабына түйіскен Қарқара жәрмеңкесінің қызған шақтағы көрінісін көз алдымызға келтіреді.

«Жәрмеңке жыл он екі айда бір-ақ рет болады. Болғанда молынан болады. Үш-төрт ай бұл жәрмеңке бойы аспан атып дәурен сүреді. Сол кезде жылдық керегін Албан баласы осы жәрмеңкеден күреп алады»[2,103]- дейді де, жәрмеңке тауарлары: Бұхар, Қашқар, Құлжа, Тәшкен, Самарқан, Хиуадан әкелінетінінен де ақпараттар беріп отырады.

Көтеріліс, бүлікшілдік алдындағы Қарқараның жайма-шуақ кезін: «Киіздей қалың көк шалғынды Қарқара жазығы ерте күннен Албанның құт-берекелі жайлауы еді. Мыңдаған жылқы, сан қора қой, ала жаздай ірге аудармай жабысып, жалмап жатқанда, бұл жазықтың жібектей толқыған өскелең шалғыны сыр білдірмей шыдайтын, әрбір жауын екілендіріп, өршелендіріп түсіргендей құлпыртып, жетілтіп отыратын. Түн асса тыңайып, жетісіп қалатын құт даласы осы жәрмеңкедей мал кезіне әдейі арналып жаралғандай еді» [2,107]- деп, жер, ел тарихына баса назар аудартып отырады.

Қарқара жәрмеңкесінің көрінісі, көркем де сұлу – Үш Мерке, Дөңгелек саз, Үш Қарқара, Сырт, Лабасы, Асы жайлауларын келісті суреттей келе, Қарқара жеріндегі қақтығыстарға ойысады.

Қарқара көтерілісі – қазақ халқының ұлттық санасының, азаматтық-патриоттық рухының биіктігін дәлелдеген саяси-тарихи құбылыс. Бұл көтеріліс патша саясатының да қанды жоспарын айқындап берді. Ол жоспар бойынша, ең әуелі қазақты қазаққа қарсы қойып, іштей ыдырату, араларына от тастау арқылы бір-біріне жау ету, одан кейін онсыз да патшаға тісін қайрап жүрген намысшыл қазақтың шамына тиетін әрекеттер арқылы қақтығыстарға итермелеу, сол қақтығыстарды қарулы көтеріліске ұтымды ұластыру, содан кейін барып көтерілісті басу сылтауымен қырып-жою, қорқыту арқылы қазақтарды өз жерін тастап кетуге мәжбүрлеу, босаған жерді емін-еркін иемдену көзделді [3,125].

Маусым жарлығындағы: «Он тоғыз бен отыз екінің арасындағы азаматтарды қазақ елі әскер үшін жинап, өкімет қолына тапсыру керек» деген тұстары қарапайым халыққа ауыр тиді. Шығармадағы басты кейіпкерлер: Әбубәкір, Ұзақ, Шораяқ, Жәмеңкелер халықты ауызбірлікке шақырып, азаттық-бостандық жолындағы күрес мақсатын түсіндіреді. Халық пен ұлық арасындағы қарсылықтары қақтығыстарға ұласып, елдің дүрлігуі, Жәмеңкенің қоршауға алынуы, қозғалыс басшыларының тұтқындалуы яғни, халықтың ұлттық сана сезімінің оянуы көркемдік нақышпен бейнеленген.

Ленинград Университетінің студенті М.Әуезов қазақ фольклоры нұсқаларын жинау үшін Жетісуға әдейі келіп оның талай жерлерін, заңғар таулары мен жасыл жайлауларын аралап көреді. «Қилы заманға» арқау еткен материалдарды ол осы сапарларында алған [4,64].

Көтеріліске қатысқан тірі көздермен кездесіп, олардың бастан кешкен жәйттерін ауызбауыз естісе керек. Өйткені, М.Әуезовтің іргелі шығарма жазу үшін қолданатын осындай принципі әсіресе «Абай жолы» эпопеясы мен «Өскен өркен» романының жоспарларынан жақсы мәлім. Алатаудың белгілі атақты Қарқара, Асы, Үшмерке, Дөңгелек саз, Сырт Лабас, Талғар сияқты жерлері әсем, сұлу қалпымен тамаша пейзаж болып қағазға түскен. Документті дәлдік, географиялық орта нақтылығы М.Әуезовтің тарихи шығармаға қойылатын талаптардың бірталайын сол кездің өзінде жақсы меңгере бастағанын айғақтайды.

Публицистикалық мақалаларында, әңгімелерінде, повестерінде, пьесаларында революциядан бұрынғы қазақ өмірінің сан алуан сферасын реалистікпен бейнелеп келген М.Әуезовтың тарихи әлеуметтік маңызы бар 1916 жылғы көтеріліс тақырыбына бой ұрып, оны күрделі шығармаға арқау етуі – жазушының творчестволық биографиясындағы жаңа саты еді.

Аудармашы аударатын тілінің ұлттық дәстүрін, мәдениетін, тұрмыс-салтын, рухани құндылықтарынан ақпараты мол болғандықтан, аударатын мәтінін де терең түсініп, түпнұсқаға сәйкес аударма жасай алған. Аудармада патша үкіметінің қарулы қақтығысына ұшыраған қарапайым халықтың тағдыры түпнұсқадағыдай әсерлі суреттелінеді. Аудармашы фразеологиялық тіркестерді, ұлтқа тән реалилерді, кейіпкер образдарын түрлі аударма тәсілдерін қолдана отырып, шұрайлы тілімен көркем бере білген.

Ш.Шаваев ұлы жазушының шығармасының жазылу тарихымен таныса отырып, М.Әуезов суреттеген Қарқара өңіріне табан тіреп, ел мен жерді өз көзімен көруді мақсат етеді. Өз көзімен көргеннен кейін аудару жеңілрек болған сияқты. Себебі, аудармашы бұл туындыда

Жетісу табиғатын ерекше бір ілтипатпен, зор махаббатпен суреттеген. Тәржіма түпнұсқадағыдай әсерлі, бейнелі берілгендіктен, ұйғыр оқырмандары жақсы қабылдады.

Повесть аударманың балама тәсілімен аударылған. Аудармашы адам, су, жер аттарын аудару кезінде өзгертпей, кей жерлерді түсіндірме арқылы беріп отырған. Жалпы алғанда түпнұсқа 158 бет, аударма 158 бет. Екеуінің көлемі бірдей, яғни бұл аудармашының түпнұсқаға жауапкершілікпен қарағанын байқатады.

Мысалы: Семіз қарынды пристав «Ақжелкені» аударғанда аудармашы өзінің қиналғанын айтады. «Желкені» ұйғырларда «Гэдән» дейді. «Ақгэдән» деп берсе ұйғыр оқырмандарына түсініксіз болғандықтан аудармашы түпнұсқаға жақынырақ «Ақйәлкә» деп тәржімалаған. «Жәрмекенің сүйегін бер» - деген түпнұсқаны **«Йәремәнкиннің жәсидини бәр»**[5,52] - деп аударған. Бұнда аударма сапасына келетін болсақ аудармашы түпнұсқаның мағынасын, мазмұнын түгел сақтаған.

«Балдызыма еркелейінші – деп келіп, Әубәкірдің тізесіне басын салып жантая кетті» дегенді, **«Инимға әркиләйчу»** -деп, **Авубәкіркиннің қешига келип бешини тизига қоюп олтарди»**. Түпнұсқадағы балдызымды «иним» деп аударған. Ұйғырларда балдызды «кейин иним» дейді. Демек, аудармашы аударма барысында аударылып отырған ұлт тіліне түсінікті, ұғынықты болу қажеттілігін ескерген.

Түпнұсқадағы:

«Бірақ көздің жөні бір басқа, бәрінен де айтылған сөз құбыжықтай шошытты. Әубәкірдің денесі ұйып талықсып кеткендей болды. Өңі де қуарып, қатты сескеніп, үркіп кеткеннің белгісін көрсетіп тұр еді» [2,16].

Аудармада:

«Бу һаләт камеридикиләрни әймәндүрүп, қандақту әжәл қорқунуши пәйда болди. Авубәкирнин тени шүркүнип, пуг-қоли көвүшүп кәтти. Чирайи там болуп, өзини бир түрлик әжиз һис қилди» [5,81] - деп, Әубәкірдің бір сәттік көңіл-күйін дәл берген.

Түпнұсқадағы:

«Дәулетбақтан басқа Текестің сыртқы тауының тас-тасына ұры қойындарына тығылып жүрмек болып Түнғатар бай қалды. Жұртта қалған бұралқы иттей болып, ұлықтардың обозының артынан ере бермекке тілмаштар қалды. Оспан мен Жебірбаев қалды»[2, 23].

Аудармада: **«Дәвлетбақтин өзгә Текәснин Сиртнин тағ өңкүрлиригә, қоюн-қончиға йошурунуп яшашқа бәл бағлиған Түнғатар бай қалди. Көчүп кәткән авулнин тенәп қалған иштидәк әмәлдарларға әгишип тилмашлар: (здесь нет точки. Тогда до точки должно быть слово қалди) Оспан билән Жебирбаев қалди»**[5,92].

Түпнұсқадағы «тас-тасына» дегенді аудармашы **«өңкүрлиригә»** деп берген. Байқап отырғанымыздай, жазушыға тән қарасөздің ішкі ырғағын сақтап аударған. Шығарманың ұлттық бояуын анық жеткізуге күш салады. М.Әуезовке тән өрнекті, образды көркем тілін барынша сайма-сай беруге тырысады. Автор диалогқа драмалық жүк артатын жазушы стилінің шеберлігін жақсы береді.

Аударма шығарманың деңгейі жоғары болғандықтан түпнұсқаның өзін оқып отырғандай әсер аласыз. Жалпы, аудармашы міндеті аудару барысында түпнұсқаның жазылған кезеңін, қабылдаушы оқырман деңгейін, екі елдің тілдік психологиялық категорияларын ескере отырып, ең бастысы мағыналары бір-бірімен сәйкес келетін туынды жасау. Бұл тұрғыдан келгенде, Ш. Шаваев түпнұсқаның рухын сезіне отырып, автордың бар стилін сақтап, оқуға жеңіл де, тартымды туынды жасап шыққан. Повесть жанрының ерекшеліктерін, құрылымын сақтау аудармашылардың міндеті. Түпнұсқаның әр сөйлемін, сөзін сөзбе-сөз аудармай барынша көркем аударма теориясындағы мағыналық сәйкестік әдісімен аудару Ш. Шаваевтың басты ұстанымы.

Жалпы, «Қилы заман» повесі қазақ әдебиеті тарихында үлкен орны бар, айтулы туынды. Сондықтан да, Ш.Шаваевты қазақ ұлтының рухани қазынасын ұйғыр халқының да игілігіне айналдырып, қазақ-ұйғыр әдеби байланысын дамытуға үлес қосқан қарымды қаламгер деуге болады.

Қазіргі өркениет заманында түркі тілдес халықтардың бай әдебиетін аударма арқылы, әлемдік деңгейге көтеру қажеттілігі барған сайын артып келеді. Сондықтан да, әдеби шығармалар қай тілге тәржімаланса да Ш.Шаваевтай кәсіби аудармашылардың тәжірибесі қашанда назарда болуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Қазмем көркем әдебиет, 1984. – 54 б.
- 2 Әуезов М. Қилы заман. – Алматы: Жазушы, 1989. – 158 б.
- 3 Тұрысбек Р. «Қилы заман: тарихы мен тағдыры //қасым.kz, 2013.
- 4 Нұрғалиев Р. М.Әуезов тағлымы. – Алматы: Жазушы, 1987. – 165 б.
- 5 Шаваев Ш. М.Әуезов. Қарам заман. – Алматы: Жазушы, 1997. – 158 б.

Л.Н. Дауренбекова

ПОВЕСТЬ М.АУЕЗОВА «КИЛЫ ЗАМАН» НА УЙГУРСКОМ ЯЗЫКЕ

В статье «Килы заман» является одним из шедевров, которые занимают особое место в истории казахской литературы. Переводя повесть М. Ауэзова Ш. Шаваев сделала огромный вклад в межкультурную коммуникацию между литературами уйгурской и казахской. При рассмотрении вопроса о переводе рассказа М. Ауэзов уйгурского языке, наша цель состоит в том, чтобы выявить межкультурные коммуникативные моменты между литературами уйгурской и казахской.

L.N. Daurenbekova

TRANSLATION OF THE STORY «KILY ZAMAN» OF M.AUEZOV INTO UIGUR LANGUAGE

The story of "Kily zaman" is one of the masterpieces which takes a special place in the history of the Kazakh literature. By translating M. Auezov's work, Sh. Shavayev made a huge contribution to cross-cultural communication between the Uigur and Kazakh literatures. In considering the translation of the story of M. Auezov in to the uigur language, our purpose is to reveal cross-cultural communicative moments between the Uigur and Kazakh literatures.

ӘОК 801.81 (5К)

С.Н.Жәмбек, Г.У. Жайлауова

Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

Көкшетау, Қазақстан

www.s_jambek@mail.ru, kgu_2701@mail.ru

С. ТАЛЖАНОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛЕСТЕРІ

Мақалада С.Талжановтың шығармашылық белестері қарастырылады. Қазақ әдебиетінде үлкен орны бар, аударма өнерін өрелі белестерге көтерген, көркем аударманың да хас шебері болған жазушының аудармашылық қыры назарға алынады. А.С.Пушкин, Салтыков-Щердин, М.Ф.Достоевский, В.Г.Белинский, М.Горький, Н.Добролюбов, М.Шолохов шығармаларын қазақ тілінде сөйлетті. Ал М.Әуезов, Б.Майлин, С.Сейфуллин шығармаларын орыс тіліне тәржімалаудағы шеберлігі жан-жақты талданады.

Кілт сөздер: аударматану, стиль, көркемдік дәстүр, көркемдік эстетика

Қазақ көркем сөзінің тарихына бажайлап, көз жүгіртсек кейінгілер басшылыққа алар зерделі ойы мен парасат-пайымы, көркемдік тұғыры? Жазғандары оқырмандарын сүйініске бөлейтін толғамды еңбектері бар біртуар таланттардан кенде еместігімізді пайымдаймыз.

Осындай қазақ көркем сөзінің қадыр-қасиетін бір кісідей асқақтатуға елеулі үлесін қосқан саңлақ таланттарымыздың бірі – төл әдебиетімізде өзіндік өрнегі бар танымал қаламгер, ірі ғалым, белгілі аудармашы Сәйділ Омарұлы Талжанов.

Замандастары, өскен ортасы жазушы Сәйділ Талжановты абзал адам, терең ғалым, білгір аудармашы деп білді. Артық – кемі жоқ әділ баға. Ол – қазақ мәдениетінің аса көрнекті қайраткері болды. Әдебиет пен өнердің заманайы мәселелерін әлемдік өркениет биігінен, озық парадигма тұрғысынан танып-бағалаған, жаңаша пайым, зерде көзімен талдап-таразылаған концептуалдық тұлға. Ол сонысыменде ерекшеленеді.

Тағдыр ауырда да азапты құмырды бұйыртқан жазушы оған мойымайтын өр рухтың иесі еді. Зобылаң тағдырдың дегеніне көнбей қайсар мінез танытып, қажырлы қайратпен еңбек етті. Қайран ғұмырының 19 жылын Сібірде жазықсыз жапа шегіп айдаудан өткізсе де орыс әдебиеті классиктерінің еңбегін қазақ оқырмандарына танытты. А.С.Пушкин, Салтыков-Щердин, М.Ф.Достоевский, В.Г.Белинский, М.Горький, Н.Добролюбов, М.Шолохов шығармаларын қазақ тілінде сөйлетті. Ал М.Әуезов, Б.Майлин, С.Сейфуллин шығармаларын орыс тіліне тәржімалаған майталман аудармашы да еді.

С.Талжанов қазақ әдебиетінде үлкен орны бар, аударма өнерін өрелі белестерге көтерген, көркем аударманың да хас шебері болатын. Жазушының көп қырлы талантын сөз еткенде, оның аудармашылық қырына тоқталмай өтпеу мүмкін болмас еді. Оның аудармашылық қыры жөнінде белгілі тілші-ғалым, әдебиет сыншысы, филология ғылымдарының докторы, профессор М.Серғалиев былай деп жазады: «Сәйділ Омарұлының аудармашылық өнерінен біраз жайды аңғаруға болады. Біріншіден, ол – қазақ және орыс тілдерін еркін меңгерген білгір: жастайынан зерек өскен ол бұл екі тілді еш уақытта бір-бірінен бөліп қараған емес, екеуін де екі ананың ақ сүтіндей қадірлеп, қастерлеп, ынтыға үйренумен болды. Екіншіден, аудармашы өте талғампаз; кезеңдік, дәуірлік мәні бар, көркемдік, тәрбиелік қуаты мол классикалық дүниелерді туған халқына тезірек жеткізуге тырысады. Мұның өзі, бір жағынан оның патриоттық сезімінен туындап жатсаң мұндай құбылысты, екінші жағынан, уақыттың күн тәртібіне қойып отырған талабымен санасу деп ойлаған жөн» [1].

Ол – Пушкин шығармаларын жан-тәнімен сүйуші, оны қазақ тіліне бар күш-жігерімен аударушы. Сонау Сібірде жер айдалып жүргенде, ол жергілікті тұрғындарға, оқушы балаларға Пушкинтанудан ағыл-тегіл, дәріс оқуы тегін емес болар. С.Талжанов 1937ж. Пушкиннің 100 жылдығына орай шығарылған ұлы ақынның қазақ тілінде тұңғыш жарық көрген үш томдығын бірінші томын аударуға қатынасты. Ол Пушкиннен басқа да орыс көркем сөз алыптарының шығармаларын қазақшаға тәржімалады. Сонау 30-жылдары-ақ ол орыстың көркем сөз алыптарының бірі Ф.М.Достоевскийдің «Бейшараларын» жоғары көркемдікпен ана тілінде сөйлетті. Терең қаламгерлік қарыммен, шығармашылық қуатпен тән тілімізге қатарды.

Орыс әдебиетінің тарлан өкілдерінің бірі жазушы – ғалым Ю.Тыняновтың «Уәзір Мұхтардың өлімі» деген кесек туындысын да көркем кестелеп, қазақ оқырмандарының көзайымы етті.

Бір кездері САГУ-дің (Орта Азия мемлекеттік университеті) Иран бөлімшесінің түлегі Сәйділ Талжанов шығыс әдебиетінің де ерен білгірі еді. Ол Шығыс әдебиетінің інжу-мәржаны «Кәлилә мен Дишнаны» қазақ тіліне мөлдірете аударды. Осы кітаптың алғысөзінде автор шығыстың осы жауһар туындысының шығу негізі жайында шығыс зерттеушісі Е.Э.Берелос пікірін былай келтіріпті: «Шығыс әдебиетін зерттеушілер бұл кітаптың негізі. Үндістаннан шыққанын анықтайды». «Панчатантраны» («Бес бәйітті – Бес кітапты») осы замананың 300 жылдарында Кашмирде бір брахман жазды деп жобалайды. Онда ши бәрілер: «Каратака мен Даманака болып атаныпты». Пехлеви әліппесінде «Р» мен «Л» дыбыстарының белгілері біреу болғандықтан, Әл-Мұқафұлы бұл есімдерді пехлеви жазбасынан (онда дауысты дыбыстар таңбаланбайды екен) «Калимаг пен Дамнаг» деп оқуы да ғажап емес. Үндістандық түп нұсқада бес-ақ тарау бар. Бурзое үш тарауды әйгілі «Махабхарата» дастанының он екінші кітабынан алып енгізген. Соңғы төрт тарау, осы кезге дейін ескі Үнді әдебиетінен кездеспейді, бірақ мазмұнына қарағанда олардың Үндістаннан шыққаны айқын [2,7].

С.Талжановтың «Кәлилә мен Димнасы» аударма саласындағы оның жеке табысы ғана, қазақ аударма өнерінің тарихына ерекше бет боп қосылатын талайым үлес, елеулі құбылыс деп есептеуіміз керек.

Қарымды талант тек қазақ тілінің ғана емес, орыс әдеби тілінде өте шебер меңгерген, оның әдеби нормаларында көркемөнер иесіне тән талғаммен, нәзіктікпен түсіне алатын аса сұңғыла, білімдар жан еді.

Отызыншы жылдардың өзінде-ақ қазақ тіліндегі төл дүниелерімізді орыс ақырмандарына таныстыра бастаған болатын.

Сол кездегі қазақ қаламгерлерінің ірі өкілдері Сәкеннің «Қызыл ат» поэмасы, Бейімбеттің «Майдан» пьесасын орысша сөйлетті. Бірақ сол кездегі саяси жүйе аудармашының бұл еңбегі үшін оның маңдайынан сипай қойған жоқ болатын. Халық жаулары атанған Сәкен мен Бейімбеттің осы шығармаларын орыс тіліне аударғаны үшін ол жазықсыздан-жарықсыз Сібірге халық жауы болып сотталып кете барған болатын. Ол тарлан ақын Сәкеннің «Тар жол тайғақ кешу» сикьаты дәуірлік сипаттағы мемуарында жазушы Иван Щеголихинмен бірлесе еңбек ете отырып, орыс тіліне аударып шыққан болатын. Жай аударма емес, көркем аударылған, әдемі аударма деуге негіз бар.

Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан 1959 жылы шыққан Сейфулланың Сәкені деген повесін де орысшаға өзі тәржімалады. Орысшадан қазақшаға, қазақшадан орысшаға қиналмай еркін аударма беру С.Талжановтың аударма өнеріндегі төл ерекшелігі болатын. Біздің қазақ аудармашыларының көпшілігі орыс тілінен қазақ тіліне қиналмай аударма береді де, керісінше қазақ тілінен орыс тіліне аударуға келгенде орашолоқтық танытып, кібіртіктей береді. Осы олқылықты кезінде С.Талжанов таланты толтырған болатын. Осындай аудармашылық қарым, сөздің шын мәніндегі биллингвистік қабілет қазіргідей тәуелсіздік алып өз алдымызға ел болып, тіліміз мемлекеттік мәртебе алып, аударма өнеріне деген сұраныс, қажеттілік тексіз ортып отырғанда, аса маңызды қасиетке ие болапы, осы мұқтаждық үлесі еселене түсері шүбәсіз.

С.Талжанов көркем аударманың ғылыми негіздері мен теориялық мәселелерін де арнайы зерттеген дарын. Оған аударманың теориясы мен тарихына қатысты зерттеулері айғақ. «Белгілі аудармашының практикалық мол тәжірибе жинақтауы оның осы саладағы теорияның жаң-жапсарымен шұғылдануына бірден-бір себепші, түрткі болғаны сөзсіз. Оның үстіне, қазақ филологиясында аударма ахуалының кешендеп сөз болғанын, бертінге дейін бұл саладағы жүйесі зерттеулердің көріне қоймағанын ескермеске болмайды. Енедеше, Сәкеннің бұл бағыттағы ізденістерін ғылым мен әдебиеттегі мұқтаждықты өтеу ниетінен туған маңызды іс деп бағалауға хақылымыз» - деп жазады белгілі ғалым [1].

Аударманың ғылыми-теориялық мәселелеріне байланысты көптеген конференциялар мен симпозиумдарда баяндамалар жасады. Мерзімді баспасөз бен ғылыми басылымдарда мақалалар жариялады. Оның қаламынан көркем аударманың күрделі де тұйткілді мәселелеріне, оның кенеулі тұстарына арналған.

«Көркем аударма туралы» (1962), «Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері» (1975), «Об узловых проблемах художественного перевода», «Вопросы перевода» атты бірегей монографиялар туды. Сергек талант аударма өнерінің осындай ғылыми мәселелерін өз жұмысының негізгі бағдары етіп, ұзақ жылдар бойы үздіксіз, үзіліссіз зерттеп, қажырлы еңбек етті.

Сәйділі Талжанов қазақ әдебиетінің ғана тарихын емес, әлем әдебиетінің, оның ішінде орыс әдебиетінің тарихын да тамаша білетін, терең зерделейтін, аса білімдар тұлға болатын. «Әдебиет шежіресінен» деген еңбегінде автор орыс қоғамындағы рухани атмосфераны, әдеби тартыстарды білгірлікпен шынайы баяндайды. Мысалға XIX ғасырдағы әртүрлі әдеби бағыттардың басында тұрған, ортақолды дарындар, «Европа жаршымы» журналының ғалым редакторы, ординарный профессор, стат кеңесшісі және кавалер М.Т.Каченовский мен «Москва телеграфы» журналының редакторы, тарихшы Н.Карамзиннен қалыспаймын деп «Орыс халқының тарихы» атты күйкі кітап жазып, сол еңбегі үшін Россия ғылым академиясының қолдан жасалған корреспондент мүшесі болған Н.А.Полевойдың

арасындағы бәтуасыз егес, күйкі дау-дамайларды тілге тиек ете отырып, шын дарындарды өсірмейтін осындай пасық, қоғамдық-әлеуметтік психологияның да жай-жапсарынан сыр ұшықтап өтеді. Осындай кертартпа мінездердің шамшыл дау-дамайына араласам деп орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкин осы топтардан өзіне жау тауып алады. Бұлардың бұлай өшігуі ұлы ақынның басында біраз шырғалаңға салған сияқты.

А.С.Пушкиннің өайтпас, қайсар принципін өзіне өнеге тұтқан әдебиетші С.Тайжанов былай деп айтып өтеді: «Өзекті ойы бар, соған сай өткір тілі бар, қайтпас қара болаттай қайсар принцип иесін білгің келсе А.С.Пушкинді оқыған жөн шығар.

Александр Сергеевичтің адалдығын айтып жеткізу қиын, оның үстіне ол негізгі принципінен таймайтын жан. Өзіне ұнамаса бетіне тура айтуды А.С.Пушкиннен үйрену керек. Көп адамда кездеспейтін мінез онда бар, ең қызықтыратын қылығы, ұлы адам екендігі, міне осында жатыр» [1,41-42].

Телегей тарихшы, әдебиет, тіл тарихы, оның теориясының аса білгірі С.Талжанов талғамы жоғары әдебиеттің кірпияз жанды сыншысы да болатын. Оның қаламынан туған «Адамның жан жүйесін тебіреткен ақын», «Мұхтар аға туралы», «Ілияс аға туралы», «Ғабиден аға туралы», «Сапар аға туралы» мақалалары белгілі тұлғалардың әдеби портреттерін тамаша самдаған, туған әдебиетіміздің келелі мәселелерін кеңінен толғаған ой-толғамдарға толы болатын.

Ол әдебиеттің теориялық мәселелерінің де жай-жапсарын, оның ұңғыл-шұңғылын да жетіп білетін сұңғыла дарын болатын. Әсіресе әдеби даму, әдеби байланыс, әдеби әсерлер жайлы толғамды ойлары теориялық тереңдігімен, зерделілігімен, байыптылығымен тәнтә етеді. Көркем әдебиеттегі әдеби әсер жайлы айта келіп, оның көршілес әдебиеттен бұрын, алдымен белгілі бір әдебиеттің ұлы тұлғасының ең алдымен өз әдебиетінің ішіндегі әсеріне тоқталады. Мысалға орыс әдебиетіндегі Гогольдік суреткерлік әсері салтыков-Щедринге, Чеховтарға көп әсер еткен. Бұлар Гоголь стиліндегі жазушылар саналады. Ал Ф.М.Достоевский, И.С.Тургенев сияқты одан стилі бөлекше жазушыларға Гоголь әсері, ықпалы зор болғандығын, Гогольдің өзіне А.С.Пушкин сатирасы ерекше рух беретіндігін айтуы оның тұжырым-пайымдауларының биік өресін айқындаса керек. Пушкин мен Байронның бір-біріне өзара ықпалы да қызықты әңгіменің өзегі іспеттес.

Гогольдің «Шинеліндегі» Акакий Акакиевич Башмашкин мен Достоевскийдің «Бишараларындағы» Макар Алексеевич Девушкиндерді салыстыра алуы да ортақ типтердің басындағы жайлар туралы терең толғамнан туған зерделі байлам.

Бұдан кейін қазақ әдебиетіндегі Гоголь әсерін жан-жақты сипаттайды. Қазақ жазушылары М.Әуезовтің стиліндегі Гоголь, Тургенев, Толстой әсері, Ғ.Мүсірепов стиліндегі Гоголь, Горький әсері, Бейімбет стиліндегі Чехов, Гоголь әсерлері теориялық тұрғыдан шынайы талданады.

Көршілес жатқан белгілі бір ұлттық әдебиеттері бір-біріне көркем аударма арқылы да немесе жай әдеби ауыс-түйіс, мәдени байланыстар арқылы да әсер етеді. Өз-ара әсер дегенде көркемдік дәстүр эволюциясын да ұмытпағанымыз жөн.

Көркемдік дәстүр эволюциясы көркем өнердегі көркемдік эстетикалық санадан туындайтын күрделі құбылыстардың қатарынан орын алады. Ол ежелгі әдеби мектептер, ағымдар, бағыттар мен өзектес жатқан арналы құбылыс. Көркемдік дәстүр дегенде өнердің жалғасы, оны бойытушы, жаңғыртушы өнердің құбылысы деп қарастырғанымыз жөн. Дәстүр табиғатын сөз еткенде оны өнердегі көркемдік өз ара әсер категориясымен де байланыстыра қараған жөн бе деп ойлаймын.

Белгілі эстетика теоретигі Ю.Борев көркемдік өз-ара әсерге ғылыми тұрғыдан келіп былайша жүйелепті:

Көркемдік өз-ара әсер – 1) аманат, 2) класс, 3) деңгей, 4) тек, 5) характер, 6) тип, 7) түр [3].

Көркемдік әсер жайындағы аталмыш жайттар нақты шығармалар арқылы алынып, талданады.

Көркемдік арнасы дәстүрлі этикалық үлгіден бастау алатын қазақ жазушыларының шығармаларындағы орыстың классикалық әдебиетінің көркемдік өз-ара әсер ықпалы нақты мысалдар арқылы алынып, қарастырылады.

Мысалға Б.Майлиннің «Шұға» повесі, «Талақ» әңгімесі, А.П.Чеховтың «Қайғы», «Мұң» әңгімелерімен, Гогольдің «Өлі жандары» мен «Ревизор», «Талтаңбайдың тәртібі» мен «Азамат Азаматычымен» Ғ.Мүсірепов пен М.Горькийдің ана туралы әңгімелері, Гогольдің «Ревизоры», Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романындағы персонаждармен стильдік-әдістік тұрғыда аналогиялық тәсілмен талданып өз-ара әсер ықпалдық терең тамырластығына тоқталады. Ғ.Мүсіреповтың «Оянған өлке» романындағы мына бір эпизодға назар аудартады: «Әлденеден аса қуанышты жайын жасыра алмай ойнақтап тұрған Сикорский тез қоштасып, тез шығып кетті. Ұзамай, екі қара көктің Ақбұйрат жолына түсіп алып, құйындатып жөнелгенін терезден көріп:

- Хлестанов! – деді Ушаков ішінен (452 бетте)

Енедеше, Ғабит Гоголь кейіпкерлерін түгел біледі. Сыртқы атын былай қойғанда, ішкі маңызын да терең ұғады. Уралдан Рязанов жіберген ақымақ ревизор Сикорский Хлестановқа айна-қатесіз дәл келеді. Ушаков та оны жиіркеніп айтып тұр. Ғабит те оған әдейі айтқызып тұр».

Және сонымен қатар: «Гоголь, Крылов, Сервантес, Шекспирлерді оқығанын автор өзі тура айтады» - деп қосады [1,57].

Қазақ жазушыларының шығармаларындағы реминисценция, контоминациялық сипаттарды да көрсетіп өтеді. Жоғарыда аталып өткен жайттар С.Талжановтың қарымды қаламгер, шебер аудармашы ғана емес, білім мен білігі мен әдебиеттанушы ғалым екендігін де айғақтайтын мәселелер.

Сәйділі Талжанов білгір ғалым болуымен қатар қазақ көркем сөзін байытып, жаңа белеске көтеруші сөз мойталманы, жазушы да еді. 1957 жылы «Сейфолланың Сәкені», 1961 жылы «Қайп қарттың әңгімесі», 1965 жылы «Адам туралы талғау», 1968 жылы «Бидай кегі» атты прозалық туындыларын жариялады. «Ақкелін» атты романы да болған.

Өз саналы ғұмырын ол көркем аудармаға арнады. Тек аударып қоюмен айналасқан жоқ. Аударма өнерінің ғылыми негіздері мен теориясын да зерттеген ғалым. Бұл оның талант қырының ерекшелігі еді. Өз кезеңінің бірегей білгір зияткері, көп қырлы талант иесі Сәйділі Талжанов қазақ мәдениеті мен руханиятында өшпес терең ізін қалдырған тұлға.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 С.Талжанов Өткен күндер сөйлейді. М., 1979.
- 2 С.Талжанов Кәлилә мен Димнә. Алматы., 1987.
- 3 Боров Юрий, Эстетика. – М., 1975.
- 4 С.Талжанов Сейфулланың Сәкені. – Алматы, 1959.

С.Н.Жәмбек, Г.У. Жайлауова

ТВОРЧЕСКИЕ ВЫСОТЫ С. ТАЛЖАНОВА

В статье рассматривается творчество писателя и переводчика С.Талжанова. Анализируется мастерство в художественном переводе трудов А.С.Пушкина, Салтыков-Щердина, М.Ф.Достоевского, В.Г.Белинского, М.Горького, Н.Добролюбова, М.Шолохова на казахский язык, также переводы произведений С.Сейфуллина, М.Әуезова, Б.Майлина на русский язык.

S. N. Zhambek, G.U. Zhailauova

CREATIVE HEIGHTS S. TALZHANOV

The article discusses the work of the writer and translator S.Talzhanova. We analyze the skill in the art translations of Pushkin, Saltykov-Scherdin, M.F.Dostoevskogo, V.G. Belinsky, Gorky, N.Dobrolyubov, M.Sholokhov the Kazakh language, also translated the works of S. Seifullin, M.Auezov, B.Mailin into Russian.

Ә.Т. Жеткізгенова
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
aliyazhetkizgenova@mail.ru

«ДОСАН БАТЫР» ЖЫРЫ МЕН ТАРИХИ ОҚИҒАЛАР СӘЙКЕСТІГІ

Мотив поиска социальной истины звучит в ряде стихотворений Шакарима, таких как: «Вселенная и жизнь», «Человечность», «Правда и кривда», «Молодость», «О старости», «Любовь и страсть», «Хвала и хула», «Критика и ненависть».

В лирике Ш. Кудайбердиева находит отражение проблема взаимоотношений людей, их непрочность, конфликтность. Поэт ценил в человеке честность, правдивость. Он писал о вечном противостоянии добра и зла, правды и лжи:

Если, думая о людях, ты решишь, какой в том толк: / Этот, как лиса завистлив, этот злобен, словно волк. / Вот каков мир неприятный, мир насилья, мир вражды, / Стало быть, исчезли жалость, сострадание и долг?.. / Может быть, таких понятий вообще нет на земле?

/ То, что есть они на свете, значит, лгали вам и мне? / Внешне выглядит пристойно образованный народ / До тех пор, пока тобою не изучен он вполне...

В размышлениях о ценностях человеческой жизни прослеживается философская переключка с лирикой Востока:

Явился в мир ты голышом, / Уходишь – в рубище одет. / За счастьем ты спешишь бегом, / Как знать: догонишь или нет? / Добра ты сколько б не скопил, / Оставишь все. То сон пустой. / Добро скопив, лишь им ты жил, / Но не возьмешь его с собой. / Друзей не счесть, унижен враг, / Ты все обрел, чего хотел. / Ведь это счастье как-никак, / Завидный, может быть удел. / Не счесть богатства твоего, / О чем тебе еще мечтать? / Но толк какой? Ведь ничего / С собой не сможешь ты забрать. / Коварен мир. Он как поток, / А мы – соломинки. Мы с ним / Летим, куда укажет рок, / И наш полет неудержим... (Явился в мир ты голышом...)

Сравнение *Коварен мир. Он как поток* и метафора *Летим, куда укажет рок* передают философские взгляды поэта на быстротечность человеческого бытия и его фатализм, веру в судьбу, невозможность изменить заданный свыше ход жизни.

Шакарим призывает читателя найти истинный смысл человеческого бытия, который не может быть заключен в материальном богатстве:

Добра ты сколько б не скопил, / Оставишь все. То сон пустой.

Добро скопив, лишь им ты жил, / Но не возьмешь его с собой.

Строка *Добро скопив, лишь им ты жил* можно трактовать как бессмысленность и ничтожность подобной цели, ведь истина жизни не в этом: *Но толк какой? Ведь ничего / С собой не сможешь ты забрать.*

«...добро, истина, красота, нравственность – экзистенциальные константы в духовных исканиях людей, различные способы обретения одного и того же – высшего смысла жизни...» [1, 215]. Духовный поиск прослеживается во всех произведениях Шакарима.

Нравственные и философские вопросы поднимаются им и в романе «Адилъ и Мария», и в автобиографическом произведении «Записки Забытого», и в философском трактате «Три истины».

В «Записках Забытого» Шакарим развивает тему совестливого человека. Совесть вмещает в себя нравственность, красоту и любовь. Именно совесть делает нас людьми, это и есть истинное призвание человека [2].

Форма афоризмов, притч позволяет ему образно и выразительно выразить свою философию жизни, позицию по основным нравственным проблемам. Так, метафорически и философски емко он выражает отношение к важным сторонам человеческой сути и нравственного бытия:

- *«Истинно одержимый и в грош не ценит бесталанного пустослова... Беды сыплются на землю беспрерывно, как белый дождь. А радость сверкнет молнией и исчезнет. Отчего это? А оттого, что в человеке недоброго больше, чем милосердия.*

- *Разве тот, кто говорит обо мне плохо, сумеет сделать меня хуже, чем я есть на самом деле?*

- *Лев появляется открыто. Каракурт и скорпион жалят незаметно, но их укусы смертельны.*

Шакарим считал, что «основой для хорошей жизни должны стать честный труд, совестливый разум, искреннее сердце» [2, 93].

По мнению Шакарима, суть нравственного совершенствования человека состоит в следующем: «Человеческую скромность, справедливость, доброту в их единстве я называю мусульманским словом *уждан*, русским – *совесть*. *Уждан* – *совесть*. Что это такое? Кто ее создает? Некоторые, отвечая, говорят, что это – *человечность*, *честь*. По-моему, это все равно, что говорить о *совести*» [3, 71].

В своих произведениях поэт размышлял как о мироздании и Вселенной, так и о месте и назначении человека на земле.

Шакарим полагал, что сущность человека, его природа и назначение заключаются в знании, прежде всего в знании истины, которую можно увидеть глазами разума:

- Человек похож порою то на волка, то на сыть, / И порой от человека зверя все же не отличить. / Лишь в одном его отличие – в светлом разуме, в уме. Если сил на это хватит – должен ум ты подлечить.

- Если птица разума не заблудится в небе, / Во вселенной не станет тайн неизвестных, / Семь небес станут лестницей в быль и небыль... (Птица разума)

В трудах Шакарима представлена философия высокой духовной любви, ведущая к познанию Бога. Душа, по мнению поэта-философа, идущая по пути духовной любви, озаряется высокими идеалами. Любовь имеет спасительное значение, она открывает человеку сокровенный смысл жизни.

Просветленный человек не боится смерти и людских пересудов:

Меня смерть не пугает, / И бессмертны мои мечты,

И унижить меня не сумеет никто, даже ты! (Прощай, народ!)

Истинная мудрость казахского поэта и философа прослеживается не только в широте его взглядов и глубоких духовных исканиях и запросах, но и в том, что он призывает молодежь, приняв на веру сказанное авторитетной личностью, раскрепостить свой разум и беспристрастно, здравым рассудком изучить и критически оценить суждения [3].

Творчество Шакарима Кудайбердиева, таким образом, демонстрирует его своеобразие: нравственная проблематика в поэзии и философской прозе открывает перед нами мир высокой духовности и художественного мастерства.

В его художественном мировоззрении переплелись гуманизм и просветительство, высокая нравственность и философское мировидение.

Шакарим оставил нам прекрасное творческое наследие, и спустя время его пророческие слова о судьбе поэта, его мудрость дают нам надежду на возрождение нравственности и дальнейшее развитие казахской поэзии и прозы:

Я уйду, / Но придет в эту жизнь такой же другой, / Чтобы выправить мир, Чтоб понять его, дорогой! / И со временем оправдают, / Обелят и имя мое, и дела, / Сколько б истина ни блуждала, / Но придет она в край степной (Прощай, народ!).

Список литературы

1 Куракбаева С.Т., Темиргалиева А.Д., Кажикаримова А.Е. Духовность как продукт и фундаментальное основание культуры // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия филологическая. – №4 (54). – 2015. – С.214 – 217.

2 Кудайбердиев Ш. Записки Забытого // А. Кунанбаев. Книга слов. Ш. Кудайбердиев. Записки Забытого. – Алматы: Ел, 1993.

3 Кудайбердиев Ш. Три истины. – Алматы: Казахстан, 1991.

Ш.А. Тәжібаева

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ КӨРКЕМ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ-ИДЕЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАТИКА

Мақалада Ш. Құдайбердіұлының шығармашылығының өзіндік ерекшелігі, оның рухани-идеялық проблематикасы қарастырылады. Қазақтың философ ақынының шығармаларында көтерген рухани сұрақтарының ауқымы анықталады. Олардың қатарында: адамның жердегі орны, жақсылық пен жамандықтың қарсыласуы, шындық пен өтірік, қазақ қоғамының әділетсіздігі мен артта қалғандығы, адамзаттың бостандығы мен қадір-қасиеті, ақиқат пен сана.

Шәкәрімнің лирикалық өлеңдері, поэма және философиялық трактаттарын саралау арқылы, мақала авторы ақынның қоғамдық-моральдық көзқарасының түйінді қырларын айқындайды. Ақындық сөздің күші арқылы ақиқатты танып білу және адам жан-дүниесіне

деген сенім Шәкәрімнің философиялық гуманизмі мен көркемдік әлем бейнесінің негізі болып табылады.

Ақынның еңбегінде өзін-өзі тануға, адам жан-дүниесінің ашылуына алып келетін жоғары махаббат философиясы көрсетілген.

Сондай-ақ, мақалада Ш. Құдайбердіұлының поэзиясы мен философиялық прозасындағы моральдық проблематика оқырман алдында жоғары рухани әлемді ғана емес, тамаша көркемдік шеберлікті де ашып көрсетеді.

S.A. Tazhibayeva

IDEOLOGICAL AND MORAL ISSUES IN THE ARTISTIC AND PHILOSOPHICAL WORKS OF SHAKARIM KUDAIBERDIEV

In article considered the originality of creativity of Sh. Khudayberdiev, his ideological and moral issues. Here is defined the circle of moral questions which are brought up in works of the Kazakh poet and philosopher. To their number carried: appointment of the person on the earth, opposition of the good and evil, the truth and a lie, injustice and stagnancy of the Kazakh society, human freedom and advantage, the truth and reason.

By means of the analysis of the lyric verses, poems and philosophical treatises of Shakarim the author of article reveals key aspects of his public and moral views. Cognition of the truth and faith in a human soul capable to waken thanks to force of the poetic word are the fundamental provisions reflecting humanity of philosophy and an art picture of the world of Shakarim.

In works of the poet presented the philosophy of high spiritual love leading to self-knowledge, opening of a human soul.

In article, it also noted that the moral perspective in poetry and philosophical prose of Sh. Khudayberdiev opens before the reader not only the world of high spirituality, but also surprising art skill.

ӘОЖ 821 512 122

Н.Қ. Тлебалдина, Ш.А. Доскеева

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Семей, Қазақстан

nurgul6161@mail.ru, shaizaasanovna_68@mail.ru

НҰРЛАН ОРАЗАЛИН ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖҮЙЕСІ

Мақала ақын Нұрлан Оразалиннің поэзиялық туындыларының тақырыптық жүйесін зерделеуге арналады. Мақалада ақын поэзиясындағы түрлі ізденістер жан-жақты зерделенеді. Ақын қаламынан туған жырларының тақырыбы мен ерекшелігі сараланып, әр қырынан қарастырылады. Өлеңдерінің табиғаты, құрылымы, өзіндік болмысы, тіл оралымдылығы туындылары негізінде талданады. Сондай-ақ, ақынның көрікті ойды жеткізу шеберлігі, өзіндік стилі айқындалады.

Кілт сөздер: поэзия, дәстүр, заман келбеті, поэтикалық бояу, тағдыр, ақындық жауапкершілік, ақындық мінез, адамдық болмыс.

Қазақ поэзиясы заман өткен сайын, дәуір ауысқан сайын уақыт тынысына орай түрленіп, жазылу әдіс-тәсілі өзгеріп, құбылып отырды.

Қазіргі қазақ поэзиясының, жалпы дәстүрлі, классикалық қазақ жырының әдебиетке 70-жылдары келген талантты толқындарының ішінде өз үні, өзіндік поэтикалық бояуы, өзіне тән айту машығы мен жеткізу тәсілі бар дарынды ақындарымыздың бірі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығының иегері Нұрлан Оразалин. Ақын:

*Біздер, қалқам, өлең атты елденбіз,
Жауыннанбыз...
Қайғыданбыз...
Желденбіз...
Мәңгіліктің үрлеп мәңгі майданын,
Ғасырлардың қойнауынан келгенбіз.
Кеудемізде – аптап, шілде, май, тамыз,
Жырларымыз от бүркеді, байқаңыз!*

*Қара қылды қақ жаратын қай кезде,
Әділетті байрақ етер тайнамыз.
Арманымыз адалдықтан бас алған,
мінезіміз табиғаттан қашалған,
Отанымыз – ұлы Дала, асқар Тау,
Ұранымыз – ұлы Шындық қашаннан.*

*Жүрегімен күндіз-түні от өрген,
Кермекті артық көретұғын шекерден.
Қалқам, біздер өлең атты елденбіз,
Ақындықтың ауыр жүгін көтерген [1] -дейді.*

Ақын қаламынан туған жырлары заманның келбетін, шындығын жырлаумен ерекшеленеді. Мысалы, «Таңдамалы туындылар» жинағының бірінші томындағы «Тәңірім нұрын төккенде», «Үнім менің алаңдарда адасты», «Түсін мен...», «Жолдан, шаңнан ізедім», «Ақындар», «Аслан туралы жыр», «Жерік түндер», «Жастық одасы», «Мазасыздық», «Республика жыры», «Жігер жыры», «Бінтымақ жыры», екінші томындағы «Күрес жыры», «Бетпе-бет», «Қозғалыс», «Жетінші құрлық», «Жаңа алаңда жарам бар жазылмаған», «Талбесік», «Ашық сөз», «Ақын болу хақтың ісі», «Қызуқандылық», «Тамыз оқиғасы», «Сенім», «Кетті қайда...», «Азаттық жыры», үшінші томындағы Шыңғыс Айтматов «Ғарыш мінезді жырлар»[2, 367]. Нұрлан Оразалиннің еліміздің үлкен ақыны екенін көрсететін туындылар.

Нұрлан Оразалиннің алғашқы жыр кітабына алғысөз жазған ақын Тұманбай Молдағалиев: «Арнасына сыймай алқынған бұлақ өзенге жетпей тоқтамас. Келе жатқан көктемді ешкім тоқтата алмайды. Сол секілді жас ақынның жанып келе жатқан талабы алау боларына сенгің келеді. Сондықтан да Нұрланды ертеңгі күннің жақсы ақындарының ішінен көргім келеді» деп жазса, өлеңнің кәнігі шебері жас толқынның аяқ алысын жаңылмай тап басып, таныған екен. «Өлең өлкесін өңкей бір маржан жырлармен толтырып кеткен, өлеңді Мағжан мен Илияс биігінен де жоғары көтеріп кеткен Мұқағалидан кейін жыр есігін имене ашқан Нұрланның алғашқы екпінінен ағасына тән тынысты, ағасына тән жүрісті байқап ем мен» [3,36] деп жазады.

Нұрлан ағамыз өзінен бұрын ғұмыр кешкен ұлы тұлғаларды жырына қоса отырып, олар кешкен тағдыр мен тауқыметті жырымен бөліседі.

*Апыр-ай,
Ұлылар қайтіп күн кешкен,
Сырласқан, күлген, тілдескен?
Қуанған,
Жанған...
Мұң кешкен?
Шықпайтын болды соңғы кез,
Осы бір сұрақ күнде естен.*

*Таңда да, сұлу ақшамда
Сананы қауып, ақшаңдап,*

*Осы бір сұрақ санада,
Жүрсем де,
Тұрсам,
Жатсам да.*

*Мұнартып таулар шоқтығы,
Құрдымға кетті көп күнім.
Түндерім қанша мазасыз,
Жұлқиды, жанда жоқ тыным.
Жүректе жалын, ах ұрып,
Аспан мен жерді шақырып,*

Тас - талқан болам сондайда

*Ұлылар қалай күлген деп,
Ұлылар қалай жүрген деп.
Махамбет...
Мұхтар...
Абайлар...
Өмірді қалай сүрген деп?!
Шыға алмай шырқап сөремнен,
Көре алмай қызық өлеңнен.*

Сананы санға бөлшектен,

Сарсаңға түсіп келем мен...[4, 101] - деп жазды ақын.

«Түнгі ырғақтар» атты өлеңі сол кезде оқырман көңілінен шығып, құлағын елең еткізіп, өлең сүйер қауымның жүректерін баурап алды:

*Оңымнан соққан жел ме екен,
Солымнан соққан жел ме екен,
Салғырттау жүрген кезімде,
Сабылып қайдан келді екен?
Жалын боп жалап өтті ме,
Өртеніп кетсем, не дермін?!
Жасын боп түнде көк тіле,
Жарқ ете түссе, не етермін?!
Оңымнан соққан жел ме деп,
Солымнен соққан жел ме деп,
Созылып жатқан белдермен,
Қашар ма едім өрмелеп?!
Қуанып, толқып сол шақта,
Көзімнің жасы моншақтап,
Жығылар ма едім кеудеңе,
Тығылар ма едім кеудеңе,
Кеудеңе сенің жан сақтап?!
Оңымнан соққан жел ме деп?!*

Солымнан соққан жел ме деп?! [4, 132]

Ақын өлеңдерінде тау мен даланың, теңіз бен өзендер, жайлау т.б қыр суреттерін көз алдымызға әкеліп, өмір сүріп отырған заманның кескін-келбетін, тыныс-тіршілігін өлеңімен өріп береді.

Ғалым Зейнолла Қабдолов: «Суреткер белгілі бір қоғамда өмір сүреді, белгілі бір қоғамдық коллективтің мүддесіне ортақтасады. Сондықтан оның творчествосында да белгілі қоғамдық мән және мазмұн болады» [5, 45] деп жазғандай, Нұрлан Оразалиннің поэзиясында қоғамдық мүдде мен адамдар арасындағы бірлік пен қайшылық иірімдері астасып көрініп жатады.

Нұрлан Оразалин ақындық жауапкершілікті терең сезініп, адам мұңдары мен сырларын

өз шығармашылығынан іздестіреді.

Бәрі болдым...

Абай болып ауырдым,

Махамбет боп кештім талай ауыр күн.

Ай астында енді Нұрлан болып бір,

Мына тамыз, қараша - күз, сәуірдің,

Сөзін айтсам жарар еді Дәуірдің?![1,36]

Нұрлан Оразалиннің «Талбесік» атты диалог – толғауында ол өз Анасы - Жер туралы былай толғанады:

Ақын: Жер - тіршілік,

Жер - махаббат.

Жер - ана...

Уақыт: Жер - Ананың кеңдігі -

Бойлығы мен ендігі...

Ақын: Түршігуде антенналар айдағы,

Күрсінуде мұхиттар,

Торығуда өзендер -

Теңселуде тыныштықтың қаймағы.

Көзге елестеп көзсіз күндер қайдағы,

Құрлықтарға мұң құшағын, жайды, әні.

Уақыт: Қайғы бұлты торламаса егерде,

Алты құрлық бірін - бірі сөгер ме?

Азулылар азу тісін ақситып,

Азусыздар ойдан азап шегер ме?!

Ақын: Соны ойлаймын...

Ойлаймын да күрсінем,

Көп арманың мүжілер ме, шөгер ме?!

Уақыт: Бұл сөзің...

Дұрыс кімге, естілер теріс кімге?!

Ақын: Қайшылықтар жетеді жер үстінде...

Уақыт: Қасиетті кара Жер!

Миллион жылдар жасаған,

Сенен күлкі,

Айдан шаттық, қашады ән.

Енді мәңгі аңдыспайды адамдар,

Бір-біріне мылтық кезеп тасадан.

Ақын: Дүние - екі бөлек:

Санам - екі бөлек,

Әнім - екі бөлек,

Шамам - екі бөлек...

Жаным - екі бөлек...

Тағдыры Жер - Ананың

Еске түссе,

Тығылады запыран өтіме кеп...[1, 65]

Жер бетіндегі тіршілік пен тұтастық, тыныштық пен бейбітшілік тағдыры Ақын мен Уақыттың сараптауына түседі.

Ақынның «Мінез» деген жырында ақындық мінез бен адамдық болмыс, ниет пен пиғыл, адамгершілік пен адамдық, тазалық пен ар - ұждан ұстанымдары өлеңмен өрнектеліп берілген.

Қиқарлығым жетеді бір басыма,

Сөзім де айтар аз емес сырласыма.

Дос болып кеп есікті қақсаң егер,

Еңсе көтер, ағайын,
Кір!
Жасыма...

Құшақ жайып жаныммен, айқарамын,
(Дос жүрекке көл-көсір айтар әнім.)
Жанарыңда жас болса, құрғатамын,
Шаттандырып, шалқытып қайтарамын.

Аластаймын қайғыңды, көктеп өтем,
Ақпаныңды ақ қарлы көктем етем;
Босағамды аттасаң бөтен оймен,
Байқа, ағайын, Мен қатты өкпелетем..[1, 82] - деп жазды.

Нұрлан Оразалин өлеңдері жайында белгілі жазушы Сайын Мұратбеков: «Нұрлан Оразалин өлеңдерін оқи отырып, өзіміз бастан кешірген жетпісінші, сексенінші жылдарды, одан бергі қазіргі тоқсаныншы жылдарды қаз - қалпымен көз алдымызға келтіреміз. Сол жылдардағы көңіл - күй, сезім оралымдары, туған жерге, елге, ағайын - туғанға деген кіршіксіз махаббат, бейбіт өмірге, бейқуат тірлікке деген қанағат әр өлеңінде жарасымын тауып, әдемі суреттелген, сонысымен көңілге ұялайды»[6], -деп жазды

Нұрлан Оразалиннің заман тақырыбын жырлаған өлеңдерінен мысал келтірейік:

Өрім аман, төрім аман, жыр - қанда,
Өзеуре! Өзектеме! Ұрланба!
Еркіндігім өзімменен мәңгілік,
Елім аман...

Жерім аман тұрғанда[1], - деп туған елдің егемендігі мен өзінің еркіндігін астастырып, сыр толғайды. Енді бір жырында:

Кім ұтылып, ұтар кім,
Құшағында құйынның?
Ғасыр, неден жұқардың,
Заман, неден сұйылдың?

Ішіндемін құйынның...[4,58] - деп заманның кейбір келеңсіз тұстарын уайымдайтындығы көрінеді. Мұндай өлеңдердің қатарына: «Дәуір ұзап барады құйындаған», «Іле ме, Ертіс әлде, Жайық па екен», «Жанның даусы», «Жаға тозды, жыртылды», «Ғасыр жаңа», «Түн. Азаттық алаңы» т.б. өлеңдерін жатқызуға болады.

Ақын Нұрлан Оразалин – халықтық тұлғаға айналған, парасат биігіне көтерілген қайталанбас ақын.

Ақынның «Құралайдың салқыны» туралы жинағымен ашылатын үшінші томы мына өлеңнен басталады:

Ойым осы - өртеңердей алмасатын,
Сырым осы бұлақтай жалғасатын.
Сенем түбі жарайды бір кәдеге,

Қалып қоймай архивте шаң басатын,

Әнім осы асқақтап айтылатын,
Әуезімен аспанда ай тұнатын.
Алатауым сәуірде қайта оянып,
Құралайдың салқыны қайта ұратын.

Мұңым осы - өртеген өзегімді,
Бермеу үшін күрестім кезегімді.
Біреу егер күндесе ту сыртымнан,
Біреу үшін өмірім, сезем үлгі.

Ән-күйімді, сөзімнің асылдарын,
Ой, сырымды Өзіңнен жасырмадым.
Бар болмысым, оқырман, осы менің,

Өрдім жырмен тулаған Ғасыр қанын! [1] – дейді ақын.

Бұл өлең ақынды суреткерлік қырын танытып, жан сырын жайып салады.

Қорыта айтқанда, Н.Оразалин шығармалары адамгершілік, жақсылық, ізгілік, замана тынысы, адамның асыл қасиеттерін жырлауымен ерекшеленеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Оразалин Н. Үш томдық таңдамалы туындылар. – Алматы: Жазушы, 2006.
2. Айтматов Ш. Ғарыш мінездес жырлар / Құралайдың салқыны жыр жинағына алғысөз. – Алматы: Атамұра, 1997 жыл. – 367 б.
3. Молдағалиев Т. Ақындық айдын, азаматтық биік. Мақала-алғысөз. – Алматы, 1997. – 36 б.
4. Оразалин Н. Қоздағы шок. - Алматы: Атамұра, 2008. – 132 б.
5. Қабдолов З. Сөз өнері: монография. - Алматы: Жазушы, 1983. – 456 б.
6. Мұратбеков С. Өресі биік талант // Қазақ әдебиеті. – 1997. – 24 маусым.

Н.К. Тлебалдина, Ш.А. Доскеева

ТЕМАТИЧЕСКАЯ СИСТЕМА ПОЭЗИИ НУРЛАНА ОРАЗАЛИНА

Статья посвящена осмысливанию тематической системы поэтических произведений поэта Нурлана Оразалина. В статье всесторонне осмысливаются разные поиски в поэзии поэта. Анализируются темы и особенности и рассматриваются с разных сторон сказания, написанные поэтом. Природа, строение, собственное бытие, языковая поворотливость стихов разбирается на основе произведений. А также определяется мастерство донесения художественной мысли поэтом и его собственный стиль.

N.K.Tlebaldina, Sh.A.Doskeyeva

THEMATIC SYSTEM OF NURLAN ORAZALIN POETRY

The article is dedicated to the comprehension of the thematic system of poetic works of the poet Nurlan Orazalin. In the article comprehensively conceptualized different search in the poet's poetry. The themes and features are analyzed and the stories written by the poet are examined from different sides. Nature, structure, own being, linguistic versatility of verses are analyzed on the basis of works. And also determined the poet's mastery of the report of artistic thought and his own style.

УДК 398.224 (= 512.1)

П.С. Усипбаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана, Қазақстан

peri_us@mail.ru

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАҺАРМАНДЫҚ ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ ҚАЛЫҢДЫҚТЫҢ БЕЙНЕСІ

Мақалада Түркі халықтарының қаһармандық дастандарындағы қалыңдықтың бейнесі және олардың болмысы туралы жазылады. Халықтың батырлар жырында суреттелетін әйелдер көбінесе батырдың сүйікті жар-жолдасы, сенімді серігі, ақылы досы ретінде суреттелетіні жайлы, әйелдер жөніндегі әділетті, турашыл көзқарасын ауыз әдебиетіне енгізгенде ақылды, білгір, дана адамдар әйелдер арасынан да шығатындығы көрсетіледі.

Осындай әйелдерді ерлермен қатар қойып, жырға қосып, олардың жағымды образдары туралы айтылады.

Кілт сөздер: эпос, түркі халықтары, Алтамыс батыр, қалыңдық, батыр, батырлық жыр, Оғыз қаған

Көпшілігі көшпенді және жартылай көшпенді өмір кешкен түркі тайпалары мен рулары Еуразияның ұлы даласын шарлап жүрген замандарда түбі бірге туыс халықтардың әр өңірде, түрлі өлкелерде қоныстанып, қалып қалғандары мәлім. Бұдан екі жарым мың жыл бұрынғы ғұндар дәуірінде қазіргі түрік халықтарының аталары Орталық Европадағы елдерге дейін өз билігін жүргізген. Түрік қағанатына бірлескен ұлыстар мен тайпалардың да кейіннен жер дүниеге тарап кеткені ақиқат. Қазіргі кезде жалпы саны отызға жуықтайтын түркі ұлттары мен ұлыстары – ұлы даланың төсінде ойдым-ойдым шашырай қоныстанған ежелгі түркілердің ұрпағы.

Эпостық жырлар сандаған ғасырлардан тамыр тартқан оқиғалар іздерінің мифтік, аңыздық, шежірелік әгімелерде сақтала келе, олардың тұтастана шоғырлануы, бас қаһарманның айналасына топтастырылуы нәтижесінде өмірге келеді. Түркі халықтарының мәдени құнды дүниелерінің бірі – эпостық жырлар. Эпостық жырлар – түркі халықтарының ғасырлар қойнауынан ұрпақтан ұрпаққа жеткен рухани, мәдени мұрасы, сөз өнерінің асыл қазынасы болып табылады. Түркі халықтары арасында фольклортану ғылымының тарихында эпос кеңінен қарастырылып, зерттеліп келеді.

Адамның көңіл-күйінен туатын лирика мен қимыл-әрекетіне негізделетін драмадан эпостың айырмасы – мұнда шындық кең көлемдегі баяндалу, әңгімелеу арқылы жинақталады. Сонда эпикалық шығармадағы авторлық суреттеу мен қаһармандардың диалог – монологтары – эпостық баяндауды жүзеге асыру жолдары, амалдары мен тәсілдері ғана.

Қазақ фольклортану ғылымында эпостық туындыларды үш салаға бөліп қарастырып келеді. Олар батырлық эпос, лиро-эпос және тарихи эпос. Қазақ эпосының түрлері фольклортану ғылымының тарихындағы зерттеулер мен теориялық – методологиялық мәселелермен байланысты. Атақты ғалым, ф.ғ.д., профессор Ш.Ибраевтың зерттеулерінде қазақ эпосының зерттелу жолдарын қарастырудың екі түрлі айрықша маңызы бар; біріншіден, ғылымның осы саладағы ізденістерін жинақтау эпостану мәселесін жаңа сатыға көтеруге, жетістіктерін білумен қатар, әлсіз жақтарын анықтауға көмектессе, екіншіден, эпостың теориялық – методологиялық проблемаларымен кеңірек танысуға, сөйтіп, қазіргі көптеген зерттеу әдістерінің ішінен жол табуға септігін тигізеді [1, 10].

Танымал түрік ғалымы Мехмет Каплан өзінің «Қорқыт Ата кітабындағы әйелдер» атты зерттеу жұмысында әйел бейнесін өмір сүрген өркениет кезеңдеріне қарай:

1. Мұсылмандықтан бұрынғы көшпенділік кезеңіндегі ержүрек әйел бейнесі.
2. Отырықшы мәдениетке, Ислами мәдениетке кіргеннен кейін ержүректілік қасиетін жоғалтып, ынтызарлық пен махаббаттың желісіне айналған әйел бейнесі.
3. Батыс өркениетінің әсерімен алдымен әдебиетте, кейіннен тұрмыста адами құқықтары қорғалып, толығымен ер адамдармен тең дәрежеге жеткен әйел бейнесі [2, 40-54] деп үш топқа бөліп қарастырған екен. Мақалада аталған еңбекте осы үш топқа мұсылмандықтан бұрынғы көшпенділік кезеңіндегі ержүрек әйел бейнесі қарастырылады.

Адамның көңіл-күйінен туатын лирика мен қимыл-әрекетіне негізделетін драмадан эпостың айырмасы – мұнда шындық кең көлемдегі баяндалу, әңгімелеу арқылы жинақталады. Сонда эпикалық шығармадағы авторлық суреттеу мен қаһармандардың диалог – монологтары – эпостық баяндауды жүзеге асыру жолдары, амалдары мен тәсілдері ғана. Белинский эпикалық шығарманың тағы бір ерекшелігі ретінде, мәселен, драмадағы басты нәрсе – адам болса, эпостағы басты нәрсе – оқиға екенін ескертеді. Эпикалық шығармада адамның өмір жолы кеңінен баяндалады, оның басынан кешкен тағдыр мен тіршілік толық жинақталады, ол қатысқан оқиғалар молынан суреттеледі, ол жасаған іс-әрекеттер тұтас бейнеленеді, қысқасы адамдар арасындағы қарым-қатынастар әр қырынан айқын көрсетіледі.

Түркі халықтары фольклорының, соның ішінде эпостың типологиясын зерттеу аса маңызды, көкейкесті тақырып. Академик В.М.Жирмунскийдің «Дәде Қорқыт кітабы», «Алпамыс», «Манас», «Едіге батыр» жырларына арнаған монографиясы бірталай мәселелерге анықтық енгізген зерттеу.

Батырлық жырлар байырғы көне эпостың жалғасы ретінде дами отырып, қоғамдық қарым-қатынастың, саяси-әлеуметтік жағдайлардың өзгеруіне, бұрынғы жекелеген рулар мен тайпалардың біртіндеп халық болып құрала бастауына сәйкес қалыптасты. Осыған байланысты бұрынғы мифтік түсініктердің іргетасы сөгілді. Қайшылық, күрес идеясының түпқазығы болып бұрынғы кездегідей дию-перілер емес, енді адамдар дүниесіндегі (басқа діндегі, тілдегі, мемлекеттегі) қайшылықтар тақырыбы алынды. Мифтік дәуірден бері қалыптасып келе жатқан батырға қаһармандық дәуірде жеке отбасы, үй-іші, қалыңдық үшін күреске шығу секілді әрекеттер жеткіліксіз еді. Енді оның ерлігі біртіндеп халықтың бостандығы, елдің бірлігі, көптің тілегі мен мүддесі үшін қызмет етуі керек болды. Мұның бәрі байырғы миф пен көне эпостың жанрлық белгілерін өзгертіп, мүлдем жаңа жанрдың — Батырлық жырлардың қалыптасуына жағдай жасады. Дегенмен, байырғы көне эпостың дәстүрі негізінде пайда болған батырлық жырлар бірқатар архаикалық белгілерін сақтап та қалды. Солардың бірі — батырдың болашақ жарын іздеп шығуы және осы сапарда кейбір қиыншылықтарды жеңуі. Мәселен, «Қобыланды», «Алпамыс» жырларындағы батырдың алғашқы жорықтары осымен байланысты. Алайда, бұл жорықтың мәні біршама бәсеңдеп, жырдың түпқазығы батырдың елі-жұртын азат етуге аттанған сапарларына ауысқан. Мысалы, «Қобыланды» жырындағы Құртқа — батырға ат таңдап, болашақта қандай қиындық боларын алдын ала болжап отыратын көреген адам. Қарлыға Қобыландымен бірдей дәрежеде ерлік көрсетіп, батырлардан асып түспесе, кем түспейді. Әйтсе де, әйелеркі (матриархат) дәуірімен байланысты орын алған белсенді әйел қаһармандардың қызметі кейінгі Батырлық жырларда біршама шектелген. Әйелдер отбасы, үй-ішінің ғана көркі болып қалған. Қолына қару алып, ерлермен бірге жүретін, болмаса аға-інілерін үйлендіріп, олардың орнына өзі кек алатын әйел қаһармандар мұнда жоққа тән. Батырлардың іс-әрекетін, жүріс-тұрысын, тұлғасын әсірелеп, ұлғайтып көрсету батырлық жырларда маңызды орын алады. Аттың сөйлеуі, биік таулар мен камал-қорғандардан ұшып өтуі, қысылғанда батырға ақыл-кеңес беріп, қиындықтан құтқаруы сияқты байырғы түсініктерге тән белгілер Батырлық жырларда үлкен орын алады. Алайда бұл да біртіндеп шындыққа, реалды өмірге жақындай бастаған.

Халықтың батырлар жырында суреттелетін әйелдер көбінесе батырдың сүйікті жар-жолдасы, сенімді серігі, ақылшы досы ретінде алынады. Халық әйелдер жөніндегі әділетті, турашыл көзқарасын ауыз әдебиетіне енгізгенде ақылды, білгір, дана адамдар әйелдер арасынан да шығатындығын көрсетеді. Мұндай әйелдерді ерлермен қатар қойып, жырына қосады, олардың жағымды образдарын жасайды.

Түркі халықтарында кең тараған «Алпамыс батыр» жырын қазақ, өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт, алтай халықтары да жырлайды. Жалпы түркі өркениетінде Көроғлұ дастанынан кейін кеңінен таралған екінші дастан Алпамыс батыр жыры болып табылады. Тұлғамыздың бүгінгі қазақ тіліндегі аты мен атағы – **Алпамыс батыр**. Ал басқа түркі тілдеріндегі аты былай келеді: өзбекше Алпамыш, башқұртша Алпамыша, татарша Алпамша, батыс Сібірде Алып Мәмшән, Алтайда Алып Манас, ал Түркияда Алп Бамсы. Бұл дастанның Түркі әлемінің түкпір-түкпіріне тарағанына қарап, оның ең көне жыр-дастандардың бірі екендігіне көз жеткіземіз. «Жақсы әйел – жігітке біткен бақ, жақсы жер, жайлы қоныс, алтын тақ» – деп жайдан-жай айтылмаса керек. Қайсыбір дастанды алып қарасаңыз да, батырдың ақылшысы, қамқоршысы, қиналғанда демеу болар сүйген жары әрдайым парасат-пайымымен көзге түсіп, ерекше суреттеледі. «Алпамыс батыр» жырының жағымды кейіпкерінің бірі, батырдың сүйген жары – Гүлбаршын. Ондағы көптеген әңгімелер Гүлбаршынға байланысты өрбіп отырады. Байбөрі мен Байсарының құда болысуы, Тайша мен Қаражанның таласы секілді күрделі оқиғалардың негізгі түйіні – Гүлбаршын. Жырдағы сюжет құрылысында осындай айрықша орын алған оның образын жасауға жыршылар үлкен мән берген. Гүлбаршын асқан көркемдік, сұлулықтың бейнесі ғана емес, сонымен қатар ел арқа сүйеген

батырға кіршіксіз таза жар, асқан ақылды, әдіс-айласы мол, жарына сенімді серік, адал ару бейнесінде көзге түседі. Ол досының алдында болсын, мейлі дұшпандарының алдында болсын өзінің де, Алпамыстың да абыройын түсірмей, бойындағы сабырлылық қасиетінің жоғары екенін танытады. Мәселен, жырда Тайша хан мен Қаражан қызға таласа түскен кезде, сөз салмағы, таңдау кезегі Гүлбаршынға берілген еді. Осы бір кезде Байсара мен Алтыншаш қатты сасады. Олар Тайша мен Қаражаннан да қорқады. Бірақ бұл жағдайдан ата-анасын да, өзін де аман алып шыққан Гүлбаршын еді. Қандай қиын жағдайда тұрса да ол Алпамыстан күдер үзбейді, қайта оған деген махаббаты арта береді. Сондықтан ол қалмақтың ханын да, батырын да менсінбей, оларды айламен билейді. Сонымен қатар, басқа жырларда да батырға керекті қару-жарақ пен тұлпарды дайындап беруші – батырдың сүйген жары болатын. Мұндай адамгершілік қасиет Гүлбаршынның бойынан да табылады.

Ноғайлы дәуірінде Қырым хандығын қалмақтардан азат еткен батыр – Ер-Тарғын. Тарихи оқиғаларды кеңінен бейнелейтін бұл жырдағы Ақжүніс Ақшаханның қызы Тарғынға ғашық болады. Осы уақытта Ақжүністі айттырып, Көрші хандықтан жаушы (құда түсуге) келеді. Ақжүніс Тарғынды шақыртып алып: «Мені бір ханның баласына айттыруға жаушы келіп жатыр екен мені сол ханның баласына бермекші болып, рұқсат сұрады, маған кісі жібермекші. Мен ондай хан баласына таңсық емеспін, өзім де хан баласымын, сұлуға тансық емеспін, өзім де сұлумын. Мен кімнің ақылы мен ерлігі озса, соған барамын. Мені әлдекімге қор қылғанша, егерде батыр екенің рас болса, сен мені ал да қаш, мен саған тиемін. Сенен басқа ешкімге тимеймін, көңілім саған ауды. Егерде маған келмесең, мен шыдап тұра алмай, сенің кайғыңнан өлемін!»-дейді. Тарғын Ақжүністі алып кашады. Ақжүніс – тәкәшпар қыз. Ол айттыру салтын мойындамайды, оны жоққа шығарады. Қалыңмал заңына қарсы болады. Үйленудің еріктілігі мен бостандығын іздейді. Махаббат пен сүйіспеншілікті ханның сәнді сарайынан, алтын-күміс байлығынан жоғары қояды.

Атақты Қобыланды жырындағы ақылды, білгір, дана Құртқаның бейнесін айтар болсақ, жырда Құртқаның аса ақылды, білгір адам екендігі оның Қобыландыға көрсеткен қамқор істерімен суреттеледі. Құртқаның осындай ақылды, білгір адам екендігі Қобыландыға керекті тұлпарды, қару-жарақты даярлап беруінен басталады. Мұны ол батырдың даңқын көтеру үшін емес, ел қамын ойлағандықтан жасайды. Ол қысылған жерде жол табатын, ақылға салып іс қылатын, жағдайды шолып, болашақты болжайтын білгір адам бейнесінде жырға қосылады. Қарман келіп Қобыландының Қазанға қарсы аттануын өтінеді. Қобыландының: бұл сапарға барар-бармасымды үйдегі Құртқам біледі, - деген сөзін естіген Қараман оған тіл тигізеді. Қараманның бұл сөзіне қатты ызаланған Қобыланды Құртқаның басын алмақ болып, ауылына шаба жөнеледі. Осы бір қысылшаң шақта Құртқа ақылмен ойлап жол табады; батырдың алдынан бүкіл қару жарағын және Тайбурылды алып шығады. Сөйтіп батырдың ашуын тарқатады.

Қазақтың лиро-эпос жырларына көш басшы болған «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырынан кейінгі тілі көркем, көлемді сюжетті жыры – «Қыз Жібек» жыры болып саналады. Ел арасына ауызша да, жазбаша да кең тараған жыр. Төлеген Базарбайдың еркінен тыс сүйіспеншілік іздейді. Жібекке ғашық болады. Жібек сияқты сұлуға ғашық тек Төлеген ғана емес. Сол елдің атқа мінер азаматтарының біразының қолы жетпей жүрген аруды, сырттан келген Төлегенге жетектетіп жібермейтіні белгілі. Жырдың суреттеуі бойынша батырдың сүйген жары елден асқан сұлу, ұзын бойлы, талдырмаш, сүмбіл қара шаш, қасы қияқтай, оймақ ауыз, күлім көз, айқабақ, алтын кірпік, қызыл ерін, алма мойын, аршын төс болып келеді. Оның өзі түгілі басына таққан үкісін, зерлі бешпентін, алтын жүзігін, қызыл түймесін, әсем қылықтарын жырға қосады. Онымен бірге болған күндер дүниенің бар қызығына татиды. Ғашықтық сезімнің барлығы бірдей ойын-күлкі, назды қылық, қызықты дәуренмен өте бермей, сүюдің азабын да тартады. Кішкенеден бірге өскен ғашық жарынан қапелімде айырылып қалып, зарығып, оның көшіне ілесіп, соңғы рет жолығып, сақинасын алып қоштасады.

Түркі халықтары эпосының идеологиялық негізін Тәңірілік дін құрайтынын байқау қиын емес. Түркі халықтарының ежелгі шежіресін генеалогиялық аңыздар негізінде баяндайтын

эпостық дастан – Оғызнаманы алатын болсақ, ол жердегі Оғыздың дүниеге келуі мен жар таңдап сүюінде де Тәңірілік сипат басым, ғашық болған жарлары да тылсыммен тығыз байланысты.

Оғыздың бірінші әйеліне үйлену тарихы былай беріледі: «Күндерде бір күн Оғуз қаған бір жерде Тәңіріге жалбарынып отыр еді. Қараңғы болды. Көктен бір жарық (сәуле) түсті. Күннен аян, айдан құқылырақ еді. Оған қаған (көк жарыққа қарай) жүрді, көрді. Көрсө әлгі жарықтың арасында бір қыз бар екен, жалғыз отыр екен. Артықша көрікті бір қыз екен. Ол қыздың маңдайында оттай сәуле шашқан бір меңі бар екен. Алтынқазықтай екен. Осы қыз сондай көрікті еді: күлсе Көк Тәңірі (нің) өзі күлетіндей, жыласа Көк Тәңірі (нің) өзі жылайтындай еді» [3, 12].

Сондай-ақ «Оғыз-наме» ескерткішінде Оғыз қағанның өзі ғана емес, оның үйленуі, Ай, Күн, Жұлдыз, Тау, Көк, Теңіз деген балаларының тууында космогониялық мифтердің көркемдік мәні зор. Түркі халықтарының ең көне дүниетанымында ай мен күн культі маңызды рөл атқарған, мысалы кейіпкерлердің күн нұрынан туу мотиві.

Оғыз қағанның алғашқы жарын Тәңіріден тілеуі және екіншісінің ағаш қуысында отырған керемет сұлу қыз болуын сипаттайтын тұстарда түрлі фольклорлық наным-түсініктер тоғысқан. Осындағы ағаш қуысындағы сұлу қыз көзінің көктен де көгірек, шашының теңіз толқынындай (ол да көк) болуы – тәңірілік нанымның көріністері. Оғыз қағанның бірінші әйелі «көктен түскен көк жарық» ішінде отырса, екіншісі «көл арасындағы ағаштың қуысында» отырады: бірі – Көк перзенті де, бірі – Жер перзенті. Оғыз екі қызға да көрісімен ғашық болады, үйленеді бала сүйеді. Екі әйелінен туған ұлдарына ат шешелерінің тегіне байланыты қойылған: Көк қызынан туған ұлдарына Күн, Ай, Жұлдыз деп ат қояды да Жер қызынан туған ұлдарына Көк, Тау, Теңіз деп ат қояды. Мұндағы Оғыз қалындықтарының тылсыммен байланыстылығы, үйлену оқиғаларының ерекшелігі, балаларға қойылатын есімдердің анаға телінуінде де көне ана еркі заманының, Тәңірілік діннің елесі басым екендігі туралы тұжырым жасауға болады.

Қай жырда болмасын, батырға серік болған жұбайы болады. Бірақ олардың табиғаты бірдей емес. Қалмақ торынан құтылған Гүлбаршын көбіне отбасының көлемінде көрінеді. Ақжүніс жеке басының мүддесі үшін әкесесінен безеді. Көп жырлардың негізгі оқиғасы сұлу жар үшін күрестен басталады.

Қазақтың жазба әдебиетіндегі алғашқы поэмалардың ХІХ ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастағанын айта келіп, ғалым Ә.Нарымбетов: «Революцияға дейінгі қазақ әдебиетінде шығыс немесе халықтың аңыз әңгімесі негізінде жазылған поэмалар болды. Қиссашыл ақындардың «Мұңлық-Зарлық», «Шәкір-Шәкірат», «Алтын балық» сияқты дастандарын былай қойғанда, Абайдың немесе оның дәстүріндегі ақындардың жазған «Масфұт», «Ескендір», «Дағыстан», «Еңлік-Кебек» сияқты поэмалар т.б. – бәрі де жаңа европалық поэзияның үлгісіне толық көшіп болмаған еді, негізі шығыстың дастандық поэзияларының үлгісінде жатыр. Демек, шын мәніндегі, яғни орыстың және дүние жүзілік классикалық поэзияның үлгісіндегі сюжетті поэмалар жасау қазақ совет ақындарының творчестволық тәжірибесінде шешілді» - дейді [4, 4-5-б.].

Эпостық жырлардағы қалындық таңдау салтының жоғарыда сөз болғандай тұстары көбіне әйелдер басындағы бас бостандықтың жоқтығының салдарынан және ескішілік салт-дәстүрлердің кейбір көлеңкелік жақтарының басым болғандығының арқасында көптеп кездесіп отырған. Мұндай екі жас арасындағы сүйіспеншілік, махаббат сезімдеріне кері әсерін тигізген жағдайларды жеңіп шыққан жырлардағы басты образдағы кейіпкерлердің мінез-құлықтары, ішкі жан дүниесінің пәктігі арқылы бүгінгі күндегі болашақ ұрпақтың үйлену, отбасын құру жолындағы әрекетіне игі ықпалды тигізу тәрбиенің тірегі болатындығына күмәніміз жоқ. Жалпы эпостық жырлардың өзіне тән ерекшеліктері бүтіндей тәрбиеге негізделген десек те артық айтқан болмаймыз. Ондағы ұнамды кейіпкерлер арқылы өскелең жастардың отанға, туған елге, отбасына, сүйген жарына деген ыстық сезімдерін дұрыс бағытта дамыта аламыз деуімізге болады.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1 Ибраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993.
- 2 Türk Edebiyatı Üzerinde Araştırmalar I. İstanbul: Dergah yayınları, 1976.
- 3 Сарбасов Б.С. «Оғыз-наме» - кітаби эпос есерткіші автореферат. – Алматы, 2010.
- 4 Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. – Алматы, 1994. – 280 б.

П.С. Усипбаева

ОБРАЗ НЕВЕСТЫ В ГЕРОИЧЕСКИХ ЭПОСАХ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ

В статье рассматривается образ невесты в героических эпосах тюркских народов. Образ невесты батыра как бы дополняет его образ: если у батыра по молодости лет мало опыта, то жена его является воплощением опыта и разума; если у батыра недостаточно развито чувство чести и достоинства, жена входит в поэму как воплощение чести. Богатырские поэмы в эпическом наследии тюркских народов занимают центральное место и составляют наибольшую группу. Изображение в основном происходит через описание портрета и через описание ее действий, из которых вырисовывается ее отношение к главному герою-богатырю, который является средоточием идей, выражаемых и декларируемых эпосом.

P.S.Usipbayeva

THE IMAGE OF THE BRIDE IN THE HEROIC EPICS OF THE TURKIC PEOPLES

The article discusses the image of the bride in the heroic epics of the Turkic peoples. The image of the bride of the warrior as it complements his image: if the warrior in my youth, a little experience, his wife is the epitome of experience and reason; if the warrior is not enough developed sense of honor and dignity, the wife enters the poem as the embodiment of honor. Heroic poem in the epic legacy of the Turkic peoples occupy a Central place and make up the largest group. The picture occurs mainly through the description of the portrait and through the description of her actions, of which emerges her relationship to the protagonist-the hero who is the focus of the ideas expressed and declared by the epic.

ТІЛДІҢ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ӘОЖ 378.1.147(5к)
А-91

Б.К. Аубакирова
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Көкшетау, Қазақстан
a.b.k_1967@mail.ru

ТІЛДІ ҚАРЫМ – ҚАТЫНАС АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Мақалада тіл кез келген танымдық іс-әрекеттің құралы, ойлаудың формасы және оны дамытудың негізі болып саналатындығы, тіл – қоғамның ең қажетті қарым-қатынас құралы жайлы айтылған. Тіл кез келген танымдық іс-әрекеттің құралы, ойлаудың формасы және оны дамытудың негізі болып саналатындығы тілге тиек етіледі. Тіл – қоғамның ең қажетті қатынас құралы. Сондықтан қоғамды дамытудың басты ұстанымы – мемлекеттік тілдің қолданыс аясын қарым қатынас арқылы кеңейту. Адам ойының жемісі, тіршілігінің көзі болып табылар бұл ерекшелік бүгінгі тіл білімінің де, әдістеме ілімінің де басты мәселелері болып табылатыны туралы, қазіргі кезеңде халықаралық байланысы күшті барлық елдерде тілдік қатынас мәселесіне ерекше мән беріліп отырғандығы туралы айтылады. Тілдік қатынас – тілдің әлеуметтік қызметін нақтылайтын адамдар қарым-қатынасының ерекше түрі ретінде баяндалады.

Түйін сөздер: тіл қызметі, тағылым, заңдылықтар, түпкі тамыр, этнос, ғасырлар бойғы тарихы, тұрмыс-салт, мәдениет, менталитет, дүниетаным, мәдениетімен, тіл, ой, ұғым. тілдік коммуникация, тілдік қарым-қатынас, қатысым, лексикология, семасиология, грамматика.

Тіл кез келген танымдық іс-әрекеттің құралы, ойлаудың формасы және оны дамытудың негізі болып саналады. Тіл – қоғамның ең қажетті қатынас құралы. Сондықтан қоғамды дамытудың басты ұстанымы – мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту. Адам ойының жемісі, тіршілігінің көзі болып табылар бұл ерекшелік бүгінгі тіл білімінің де, әдістеме ілімінің де басты мәселелері болып табылады.

Тіл тек қоғам бар жерде және оның тікелей ықпал етуімен дамып отыратындықтан, қоғамдық нормалар және қалыптасқан ережелер тілді өркендетуші әрі жүйелеуші қызмет атқарары даусыз. Тіл үйрену мәселесі де қоғамдық қажеттіліктен туындайды. Барлық мемлекеттер бір-бірімен экономикалық, саяси қарым-қатынаста болғандықтан, тіларалық байланыс деңгейі жоғары. Сол себепті де қазақ тілін үйретуде оның жан-жақты тоғысқан байланыстарына да назар аудару керек. Сөйтіп қазақ тілінің функционалды-семантикалық, прагматикалық, әлеуметтік ерекшеліктерін негізге алған дұрыс. Себебі тіл мен қоғам өзара тығыз байланыста қарастырылатын адамзат өмірінде маңызды орын алатын құбылыстар. «Қазіргі кезеңде халықаралық байланысы күшті барлық елдерде тілдік қатынас мәселесіне ерекше мән беріліп отыр. Тілдік қатынастың бүкіләлемдік маңызы ел мен елдің, ұлт пен ұлттың саяси байланысына жан-жақты жол ашудан көрінеді» [1, 8]. Қазіргі қоғамда тіл үйренудің, тіл арқылы түсінісудің ерекше мәні, атқарар қызметі бар. Тіл қарым-қатынастың құралы бола тұра, адамдарың қоғамдық, әлеуметтік қызметін сұрыптауға, психофизиологиялық ерекшеліктерін анықтауға, мәдени нормаларын жүйелеуге мүмкіндік береді. Себебі тіл мен қоғам тығыз байланысты қарастырылатын, адамзат өмірінде маңызды орын алатын құбылыстар. Кез келген тіл қоғамның дамуына, өзгеруіне қалай әсер етсе, қоғам да тілдің сөздік құрамының толығына, кемелдене дамуына немесе, керісінше тілдің

тоқырауына ықпал етері сөзсіз. Оның айғағы ретінде тілдік реформаларды, тіл туралы заңдарды және әр жердегі тілдік жағдайды сөз етуге болады. Барлық тілдерде кездесетін дерлік кірме сөздер де сол қоғамдық жағдайлардың, халықаралық қатынастардың дамып жетілу жемісі. Демек, тілдік қатынас – тілдің әлеуметтік қызметін нақтылайтын адамдар қарым-қатынасының ерекше түрі. Әлемдегі саяси-әлеуметтік мәселелерден тыс қалмаудың бірден бір жолы – ақпарат алмасу. Сондықтан тіл білу арқылы адамдар дүние жүзіндегі қоғамдық, экономикалық, саяси жаңалықтармен, ақпараттармен хабардар болады. Тілді меңгеру оның қоғамдық табиғатын, өмірлік қажеттілігін ескеруден басталады. А.Байтұрсынұлы айтқандай, «тіл – адамның адамдық белгісінің зоры». Тілдің әлеуметтік саралануы, қоғамның тілге саналы түрде әсер етуі, тілдік жағдай тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі қызметін айшықтай түседі. Яғни адамзат баласының болашақ үшін қоғамдық, мәдени-әлеуметтік, экономикалық т.б. күресі, сан ғасырлық тарихы, рухани жаңғырулары ұрпақтан-ұрпаққа сол ұлттың тілінде сақталуы арқылы жетеді [1, 45]. Ана тілінің өміршеңдік қызметінің қуаты мен күдіреті негізінде жаңа ұрпақ ұлтымыздың көне тарихы мәдениетін дұрыс танып білуге бастау алады. Осы бастаулар кешенді тіл ғылымының көкжиегінде ұлттық мәдениеттің көзі ретінде тағылымдық мәні зор ұлттық тілдің өн бойынан табылады. Осымен байланысты тіл табиғатының қыр-сыры өзге ғылым салаларымен (философия, әлеуметтану, мәдениеттану, этнография, т.б.) тығыз қарым-қатынастың негізінде танылып, зерделеніп отыр. Өйткені ұлттық тілдің болмысын шынайы тану үшін тілдің өзіндік заңдылықтарын білу жеткіліксіз, оның түпкі тамыры сол тілде сөйлеуші этностың ғасырлар бойғы тарихымен, тұрмыс-салтымен, мәдениетімен, дәстүрлі менталитетімен тікелей байланысты екені сөзсіз. Сондықтан тілді қарым-қатынас арқылы үйретуде сол этностың дүниетанымымен, мәдениетімен, тарихымен біріктіре қарастыру мәселесі туындайды. Тіл мен ой біртұтас ұғымдар. Тілдің ойды жарыққа шығарып, жеткізу қызметі сол ойдың қабылдаушы тарапынан қабылдану теткітері арқылы жүзеге асады. Мұның негізінде тіл де өзінің қоғамдағы қарым-қатынас құралы ретіндегі негізгі қызметін атқара алады. Демек, тілдік коммуникацияның лингвистикалық негізі қарым-қатынас құралы тілге байланысты екені анық. Лингвистика тіл туралы ілім болса, тілдік қатынас сол тілдің қарым-қатынасқа қатысты ерекшеліктерін қамтиды.

Тілдік қатынас қатысымдық тұлғалар арқылы жүзеге асады. Оның қоғамда алатын орны тілдің атқаратын қызметінен көрінеді. Қатысымдық тұлғалар тіл ғылымының салалары – лексикология, семасиология, грамматиканың зерттеу объектілерімен қатар қолданылады. Қатысымдық тұлғалар мен тілдік тұлғалардың өзіндік ара қатысы, байланысы бар. Сонымен қатар тілдік қатынастың негізі – сөйлеу, адамдардың сөйлесу процесі. Осы сөйлесу, ұғынысу тікелей тілдік бөлшектердің қатысымен іске аса келіп, қатысымдық тұлғалардың қызметі нәтижесінде болады. Сөйлеу процесінде басты орын алатын – сөз бен сөздің байланысы, грамматикалық формалар мен мағыналар, сөздердің тіркесі, сөзжасам – осының бәрі тіл білімінің салаларында қарастырыла келіп, грамматиканың дамуына қанша әсер етсе, тілдік қарым-қатынасқа, сөйлеуге де сонша ықпал етеді. Лингвистикалық заңдылықтар мен грамматикалық ережелерді үйренбей тұрып, адам өз ойын дұрыс жеткізе алмайды, сол тілде сөйлей алмайды. Бір-бірімен байланысқа түспесе, белгілі бір сөздердің тобы қаншама көп болғанымен, ой түсініксіз болады. Айтайын деген ой ұғынықсыз болса, оны екінші адам түсінбесе, тілдік коммуникация да жүзеге аспайды. Адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас сөздік құрам мен сөздік қордың мол болуына қарай еркін жүзеге асады, түсінік тез жүреді. Лексикалық қор тілдің өсуімен бірге тілдік қатынастың мүмкіндігін арттырады. Лингвистиканың қай саласындағы қағидалар мен заңдар болсын тілдік қатынастың қағидаларымен тығыз бірлікте дамиды және оған әсер етеді. Тілдік қатынастың қоғамдық негізі қарым-қатынас құралы тілдің қоғамдағы ролі мен мәніне байланысты. Кез келген тіл, сол сияқты қазақ тілі – “адам қатынасының аса маңызды құралы” бола келіп, адамзаттық бір-бірімен түсінісу, пікір алысу, сөйлесуіне жол ашып қана қоймайды. Сонымен қатар ішкі, сыртқы қоғамдық жағдайларға әсер етеді, халыққа қажетті әлеуметтік, экономикалық істерді аңғаруға мүмкіндік жасайды; бірлесіп еңбек етуге дәнекер болады; қоғамдық-саяси күштердің

